1941 жылдың 22 маусымында өздерінің «Барбаросса» жоспарын іске асыру үшін Германия Кеңес Одағына шабуыл жасады. Осылай тарихқа белгілі Ұлы Отан соғысы басталды [6: 272]. Фашистік Германияның жойқын шабуылы негізінде 1941 жылдың маусым-қараша айларында неміс армиялары: Литва, Латвия, Эстония, Белоруссия, Молдавия, Украина, Солтүстік Кавказды және

РСФСР-дың батыс аймақтарын басып алып, Ленинград мен Мәскеуге қауіп төндірді. Осы кезеңдегі шайқастарда Қызыл Армия көптеген жеңілістерге ұшырап, миллиондаған солдатты мен офицерлерінен айырылды, осының нәтижесінде 23 миллион халық оккупацияланды, ал 3,9 млн. адам тұтқынға түсті [7: 639].

Осындай қиын жағдайда оккупацияланған территорияларда, Германияға айдалып кеткен 5 миллионнан астамдардың ішінен, миллиондаған кеңестік тұтқындардың және эмигранттардың арасында коллаборационизм кең етек алды. Бұл құбылыстың пайда болуына соғыс жағдайында жүргізген КСРО басшыларының көп қателіктері де айтарлықтай көп әсер етті. Мысалы, 1941 жылдың 16 тамызында Мемлекеттік Қорғаныс комитеті № 270 бұйрық шығарып, ол бойынша жаудың қолына тұтқынға түскен кеңес азаматтары «сатқындар» деп жарияланды, сонымен қатар 12 қыркүйекте шыққан бұйрықта оккупацияда қалып қойған азаматтар «жауды қолдаушылар» деп танылды [8: 507]. Осындай бұйрықтармен тығырыққа тірелген миллиондаған кеңес азаматтары жау жағына шығып, олармен тіл табысуға, ынтымақтастыққа баруға мәжбүр болды. Сонымен қатар кеңес азаматтарының коллаборационист болуларына соғыс басталғандағы фашистік Германияның жүргізген үгіт-насихат және ұйымдастырушылық жұмысы көп әсер еткен. Соғыс басталысымен герман басшылары Кеңес Одағын көп ұлттан тұратын «балшық аяқты алпауыт» деп көрсетіп, бұл мемлекет тез арада ыдырап кетуі мүмкін деген мәлімдемелер жасады. Мұндай саясат кеңес халықтарының арасына жік салуға әкеледі деп жарияланды. 1941 жылдың 17 шілдесінде Германияның Шығыс істері жөніндегі министрі А. Розенберг Гитлерге өзінің әйгілі «Шығыс саясатындағы» жоспарын ұсынды. Ол бойынша КСРО талқандалғаннан соң, оның территориясында тәуелсіз Украина, Кавказ Федерациясы және Түркістан мемлекеттері құрылатын болды, тіпті ХІІІ ғасырдағы территориясында үшінші дәрежелі орыс мемлекетін сақтап қалу белгіленді [9: 311]. Сондай-ақ, немістер үгіт-насихат жұмысына көп мән берді, олар орыс, украин, белорус тілдерінде 128 газет шығарып, оларды халықтың арасында таратып тұрды. Мысалы, 1942–1944 жылдары А. Авторханов, кейін Батыста белгілі советолог кавказдағы антибольшевиктік орган «Газават» және т.б. газеттерді шығарып тұрды.

1941–1943 жылдары герман басқыншылары өздері оккупацияланған территорияларда ондаған кәсіпорындарды іске қосып, сондағы жұмысқа бұрынғы кеңес азаматтарын мәжбүрлеп қатыстырды. Сонымен қатар немістердің билігін мойындаған Украина және Белоруссияда 100 астам колхоздар өздерінің жұмыстарын жалғастырып жатты, олар келісім бойынша оккупанттарға салық төлеп тұрғанын атап кету керек. Тағы бір айтатын жай, немістер оккупацияланған территорияларда партизан болмаса, онда өзінше «жұмсақтау» саясат жүргізгені көптеген деректерден белгілі. Оккупанттар шығарған газет-журналдарда, листовкаларда Германия соғысты кеңес халықтарына емес, қайта КСРО-ны билеп отырған большевизм системасына қарсы бағытталып отырғанын даурығып жазатын болды. Неміс баспасөзінде және бірқатар кеңес халықтарының тілінде шығатын газеттерде А. Гитлердің 1941 жылы «Қай заманнан бері неміс халқының ресей халықтарына қарсы жаулық көзқарасы болған жоқ... Ресейге өзінің ұлтшыл идеологиясын таратқысы келген Германия емес, қайта Мәскеудің еврей-большевиктік билеушілері біздің және басқа еуропалық халықтарға өздерінің билігін орнатқысы келді...» деген сөздерін кең түрде насихаттап тұрды [10: 146]. Мұның өзі көптеген кеңес азаматтарында Германияның қол астында да өмір сүруге болады деген алдамшы идеологияны қалыптастырды. Осындай көзқарасты кейбір батысшыл кеңестік интеллигенция өкілдері де қолдап шықты.

Осыдан, жоғары көрсетілгендей 1941 жылдың аяғына дейін Қызыл Армияның ірі жеңілістерінің салдарынан 4 миллионға жуық қызыл әскерлер, офицерлер және генералдар әртүрлі жағдаймен жаудың қолына түсті. Олардың көпшілігі немістердің құрған лагерьлеріне түсіп, неше түрлі қиын жағдайға душар болды. Мыңдаған адам лагерь жағдайына шыдамай, екінші жағынан аштыққа шыдамай қырыла бастады, ол жерлерде кейін тұтқыннан құтылған кейбір адамдардың айтуы бойынша «каннибализм деген сұмдық оқиғалар да болған деседі. Көптеген лагерьдегі тұтқындар тығырыққа тірелді, оларды КСРО басшылары «сатқындар» қатарына қосып қойғаны белгілі болды.

Міне, осындай жағдайға концлагерь ажалынан құтылғысы келген тұтқындар немістердің үгітіне, ақпарат құралдарына сенген, сонымен қатар өздерінің саяси мақсаттары болған бірқатар әскери тұтқындар басқыншылар жағына шығып, олардың қарулы күштерінің қатарына қосылды.

1941 жылдың аяғында Белоруссиядағы Ошторф қалашығында бұрынғы кеңестік кавалерия, әуе-десант корпустарының әскери тұтқындары кіргізіліп, Орыс ұлттық халық армиясы (РНА) құрылды. Сегіз мың адамнан тұратын бұл армияны бұрынғы кеңестік дивизия командирі полковник Боярский басқарды, дәл осы кезде Польша жерінде Бірінші орыс ұлттық СС бригадасы құрылды. Ал,

эмигранттардан қарулы күштер құруды Ресей, Украина және Беларуссияда қызмет атқарған Ұлттық еңбек одағы (НТС) өз қолына алды, бұл одақ өзінің жұмысын немістердің басқаруымен жүргізді.

1942 жылдың басында немістер еріктілерден құрылған әскери құрамаларды ұйымдастыра бастады, олардың ішінде көп Ресей эмигранттары болды. Және олардың басқарушылары бір кезде шетелге кеткен орыс генералдары болды. Олар шетелде Жалпы орыс әскери одағын (РОВС) қалыптастырды, бұл одақтың басқаруымен 1941 жылдың қыркүйек айында Бөлек орыс корпусын (ОРК) құрып, оны басқаруға бұрынғы патша генералы Стародумовты тағайындады. 1941 жылдың аяғында неміс әскерлері Дон Кубань аймақтарына жақындағанда орыс казактары ерекше белсенділік көрсетті, бұлардан шыққан коллаборационистерді басқару үшін эмигрант генералдар Краснов, Шкуро басқарған Казак станы құрылды. Осы ұйымның жұмысы арқылы әрқайсында 11 полкі бар казактар дивизиялары құрылды. Кейін 1943 жылы фон Паннвиц басқарған жақсы қаруланған казак дивизиясы құрылды, осы орыс казактарынан құрылған коллаборационистік әскерлері Қызыл Армияға қарсы соғыстарға қатысты, осылардың бір бөлігі француз, югослав партизандарына қарсы соғыс қимылдарына қатысты [11].

Немістер оккупациялаған Украина жерінде көптеген коллаборационистік әскери құрамалар құрылды. Олар «Украиндық азаттық армия» (УОА), «Украин көтерілісшілер армиясы» (УПА), «Украин ұлт-азаттық армиясы» (УНСО) деп аталды. Осы әскери құрамаларды полковник Мельник және «Украин ұлтшылдар ұйымының» (ОУН) көсемі Степан Бандера басқарды. УПА-ның қатарында 200 мыңдай жауынгер болды, сонымен қатар украиндардан құрылған «Галичина» сияқты бірнеше СС дивизиялары Қызыл Армияға қарсы қарсы бағытталған ұрыстарға қатысты [12]. Украин коллаборационистерінің көпшілігі өздерінің әскери күштері: КСРО-ғы большевистік басшылыққа қарсы бағытталған және тәуелсіз Украин мемлекетін құру үшін жүргізілгенін ресми түрде жариялап тұрды.

Басқыншылардың қол астында қалған Беларуссия жерінде, әсіресе, Новогрудск, Барановичи, Белосток қалаларында әртүрлі ұлттық ұйымдар белсенді қызмет атқарды. Олар немістердің көмегімен «Өзін-өзі қорғау» («Самааховы») ұйымын құрып, соның басқаруымен партизандарға қарсы күресетін әскери күштерді құрды. Осылармен қатар Ф. Кушель басқарған «Беларус өлкелік қорғаны» (БКА) атты белорус коллаборационистерінен тұратын ірі әскери құрамалар пайда болды. Оның ішінде 3 дивизияға кірген «Белорус самааховы корпусы» болды. Басқыншылар осы кезде коллаборационистерден «Белорус» СС бригадасын және «Белорус» СС дивизиясын құрды. 1942 жылы Минскіде партизандарға қарсы күресетін 20 батальон жасақталды. Барлық коллаборационистердің әскери құрамалары ұлттық ұрандарға сүйеніп, Қызыл Армия мен партизандарға қарсы күресті.

Соғыс басталысымен оккупацияланған Литва, Латвия және Эстонияда коллаборационизм кең етек алды. Мысалы, Шығыс Пруссия жерінде «Литван легионы» кейін 25 полицейлік батальондар және «Литван территориялық корпусы» құрылды. Латвияда коллаборационистер қатарына 100 мыңнан астам адам жазылып, оларда 45 полицейлік батальондар «Латвиялық еріктілер корпусына» кірген екі СС дивизиялары жасақталды, сонымен қатар, соғыс кезінде Эстонияда 34 полицейлік және 14 атқыштар батальондары ұйымдастырылыпты. Прибалтикада құрылған СС дивизиялары полицейлік жұмыспен қатар Украина және Беларуссиядағы партизандарға қарсы күрес жүргізді, деректер бойынша олардың қолдарынан мыңдаған кеңестік жауынгерлер, партизандар және кеңестік партия қызметкерлері қаза тапты.

Басқыншылар осы аталған құрамалардан басқа коллаборационистер қатарына КСРО-ның көптеген басқа халықтарының өкілдерін қатыстырды. Мысалы, соғыс кезінде: әзірбайжанда — 10, грузинде — 13, армянда — 12, солтүстік кавказдықтарда — 9, қырым татарларында — 8, Еділ және Орал бойындағы халықтарда — 7 батальон құрылды. Осылармен қатар, немістер Орта Азия халықтарынан құрылған 26 батальондарды жасақтады, бұл құраманы тарихта «Түркістан легионы» деп атап кетті [13: 165]. Осы легион туралы тақырыпқа келсек, ол тарихта әртүрлі пікірде көрсетіледі. КСРО басшылары және идеологтары «Түркістан легионын» құрған адамдардың көсемі ретінде әйгілі ортаазиялық қайраткер Мұстапа Шоқайды көрсетіп, оны КСРО ыдырағанша сатқын деп, дәлелдеп келді. Әрине, Кеңес мемлекетінен қуылып эмиграцияда Түркістан проблемасын көтеріп жүрген М. Шоқай КСРО-ны басқарып отырған большевиктердің саясатына қарсылығын ашық көрсеткен. Ол 1930 жылдары шетелде құрылған «Түркістан ұлттық бірлігі (ТУБ) ұйымының жетекшісі ретінде алда тұрған ең маңызды міндетті былай айқындап еді: 1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын

ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру» деп ашық көрсетіп, осы идеяларын халықаралық аренада кең түрде насихаттап жүрді [14]. Осылай, соғыс басталып, немістердің жеңісінен кейін Украина, Кавказбен қатар Түркістан мемлекетін құру туралы жоспарымен белгілі қайраткер жақсы таныс болғанына ешкімнің күмәні жоқ. Сонымен қатар соғысты сәтті бастаған Гитлер және оның сыбайластары атақты қайраткер М. Шоқайды өз мақсаттарына пайдаланбақ болғаны тарихи шындық. Осыған байланысты, немістер М. Шоқайға лагерьлердегі түркістандық әскери тұтқындармен кездесуге мүмкіншілік жасағаны белгілі. Осы кездесулерде лагерьлерде неше түрлі қиыншылықтарды көріп, аурудан аштан қырылып жатқан жерлестерін көрген М. Шоқай олардың өмірлерін сақтап қалу үшін жаңа құрылып жатқан түркістандықтардың құрамаларына кіруге ұсыныс жасауы да мүмкін еді. Бұрынғы кеңестік көзқарастан арыла алмай келе жатқан қазіргі қазақ тарихшылары М. Шоқайдың легиондағы түркістандықтарға ешқандай қатысы жоқ деп тырысады. Ақиқатқа сүйенсек М. Шоқай немістер құрып жатқан ортаазиялық халықтардың өкілдерін сатқындар деп есептемей, қайта, ол оларды болашақ тәуелсіз Түркістан мемлекетінің қарулы күштерінің негізі деп есептеген болу керек. Сондықтан, тарихты алдын ала болжай білген ұлы қайраткер М. Шоқайдың немістердің көмегімен болса да тәуелсіздікке жету үшін Түркістан легионының құрылуына ықпал еткенін ашық айтып, дәлелдейтін уақыт жеткен сияқты. Қаралып отырған тақырыпқа байланысты атап кететін бір жай бар — ол, түркістандық құрамаларды немістер Қызыл Армияға қарсы соғыста пайдаланбай, оларды Франция, Голландия, Бельгия Италия және Балқандағы партизандарға қарсы қолданды. Тоталитаризмге қарсы шығып, тәуелсіздікке ұмтылған Түркістан легионының бірқатар жауынгерлерін кеңес басшылығы кейін қатаң жазалады. Бірақ, қазіргі тәуелсіздік уақытта оларды сатқындар деп қаралағанымыз бұрынғы кеңестік және қазіргі Ресей идеологиясын қолдағанымыз деп есептеуге болады.

Соғыс кезіндегі коллаборационистердің көбеюіне сол кездегі КСРО басшылығының кейбір халықтарға жала жабу арқылы қабылданған шешімдер болды. Коллаборационистер өз халықтарының азшылығы болса да 1941–1944 жылдары бірқатар халықтар депортацияға ұшырады, олардың ішінде: Еділ бойындағы немістер, шешендер, ингуштар, қалмақтар, қарашайлар, гректер және армяндар болды. Олар: Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б шығыс аймақтарға жер аударылды. Ресми деректер бойынша, барлығы бір жарым миллионнан асқан, ал батыс деректері бойынша бұл сан екі есе көп болды деп көрсетеді [15: 457].

Ұлы Отан соғысы жылдардағы коллаборационизм туралы мәселені қозғағанда, ондағы ерекше оқиға ретінде қаралып келе жатқан тақырып, ол кеңестік генерал А.А. Власов және «власовшылардың» қозғалысы болды. Шаруа отбасынан шығып, әскери қызметте болған генерал Власов 1939 жылы 99-дивизияны, 1941 жылы 37-армияны басқарды; ал Мәскеу түбіндегі шайқаста ол 20-армияны басқарып, өзінің қабілеттілігімен Сталинның және Ставканың көзіне түседі, осы кезде оған генерал-лейтенант атағы беріліп, Қызыл Ту орденімен марапатталады. 20-армияның Солнечногорск түбіндегі жеңісін бағалап, Ставка «оның тәжірибесін майданда насихаттау туралы» шешім қабылдайды. 1942 жылдың 15 сәуірінде Власов Волхов майданында қоршауда қалған 2-Екпінді армияның қолбасшысы болып тағайындалады, осы ұсынысты кейбір тарихшылардың айтуы бойынша Г. Жуков жасаған дейді, өйткені ол Сталиннің сеніміне кірген генерал Власовты өзінің бәсекелесі ретінде қарай бастаған [16]. Бірақ, сәуір-шілде айларындағы кескілескен шайқастарда 2-Екпінді армия талқандалып, оның көптеген жауынгерлері қаза тауып, қалғандары қоршаудан шығу әрекетіне кіріседі, солардың бірі, армияның әскери кеңестік мүшесі комиссар И. Зуев жараланған түрінде бір станцияға шығады, бірақ оны жергілікті адамдар жауға ұстап беріп, немістер комиссарды атып өлтіреді. Осы келенсіз оқиғаның өзі сол кезде әскерилер тұрмақ, жергілікті халықтың арасында да коллаборационистік пиғылдың аз болмағанын дәлелдейді. Соғыстан кейін, үкіметтің шешімімен армия комиссары атылған станция Зуево деп аталыпты. Бұл оқиғаға байланысты, қосымша дерек ретінде айтатын жайт — 1975 жылы осы мақаланың авторы Новгород қаласына бара жатып, аталған станцияда болып, оның вокзалының сыртқы қабырғасында: «Осы жерде фашистер комиссар И. Зуевты атып өлтірді» деген мемориалдық жазуды көргенін атап кеткен жөн сияқты.

Ал, талқандалған 2-Екпінді армияның қолбасшысы генерал А. Власовтың тағдыры басқаша болды, 1942 жылдың 12 шілдесінде ол немістерге тұтқынға түсіп, Германияға қызмет етуге келісім береді. Оның осындай қадамға баруында бірнеше себебі де болды, оның пайымдауынша Ставка оны қоршауда қалған армияға қолбасшы ретінде әдейі тағайындады, ал армия талқандалғаннан кейін оны

кінәлі ғып жазалау мүмкін еді және құпия шифровкада майдан қолбасшысы К. Мерецковтың Власовты тұтқындау туралы берген бұйрығы да әсер еткені белгілі.

1942 жылдың тамыз айында генерал Власов арнайы дайындалған өзінің меморандумын ресми түрде жариялады, оны «халыққа соғыс керек емес және оны әрі қарай жүргізуге перспектива жоқ... Сондықтан, кеңес өкіметін құлатып, «Жаңа Ресей» құру үшін оккупациядағы халықтан және әскери тұтқындардан «Орыс армиясын» жасақтау керек және ол қадамдарға сатқындық емес, қайта заңды оппозициялық қозғалыс деп қараған дұрыс болады», – деп көрсетті [17: 299]. Осыдан кейін немістердің көмегімен өз жағына шыққан әскерилермен Власов 1944 жылы «Орыс азаттық армиясын» (РОА) құрды. Бұл армияға, өз еркімен КСРО-ның 300-ден астам жоғарғы және орта дәрежелі әскери адамдары қосылды, солардың ішінде: армия қолбасшысы, екі атқыштар корпусының, 5 атқыштар дивизиясының, төрт дивизиялық артиллерияның, он атқыштар полктарының командирлері, бір майдан штабы басшысының орынбасары, армия және корпус штабтарының, үш дивизия штабының басшылары болды [18].

Немістердің тұтқынында болған кезде генералдар: Понедельник, Артеменко, Егоров, Лизутин, Зыбин және т.б. ашықтан ашық КСРО-ғы коллективизацияға, ВКП (б) мен Кеңес үкіметіне, әскери қайраткерлердің репрессияға ұшырауына қарсы наразылықтарын айқын білдірді. «Орыс азаттық армиясында Власов пен бірге басшылықта генералдар: Ф. Трухин, В. Малышкин, Г. Жиленков, С. Буняченко, Д. Засушный т.б. жоғарғы шенді әскери адамдар болды [19: 206]. Сонымен бірге армияның әскер әуе-күштерін генерал В. Мальцев және Кеңес Одағының батырлары С. Бычков пен Б. Антилевский басқарғандарын атап кету керек [20]. Орыс азаттық армиясының әскерлері 1945 жылдың ақпан-мамыр айларында Шығыс-Пруссия және Чехословакия территорияларында Қызыл Армияға қарсы соғыстарға қатысты.

Қортындылай келгенде, көптеген оқиғалар мен деректерден байқағанымыз, Ұлы Отан соғысы кезіндегі коллаборационистік қозғалысқа кеңес халықтарының миллиондаған адамдары қатысқаны белгілі болып отыр. Ал коллаборационистердің саны аз болды және олардың барлығын сатқындар деп дәлелдеген КСРО басшыларының тұжырымдарын қазіргі көзқараспен қараса, ешқандай сын көтермейтін жағдайға айналды. Соғыстан кейін, коллаборационистердің әскери басшылары: А. Власов, Краснов, Боярский, С. Мельник және тағы басқаларын кеңес үкіметі қолға түсіріп, өлім жазасына кесті. Ал, Түркістан халықтарының көсемі М. Шоқай, украин және белорус халықтарының ұлттық қозғалысының басшылары С. Бандера, Ф. Кушелев т.б. ресми түрде сатқындар және Кеңес Одағының жаулары ретінде көрсетілді.

Қазіргі уақытта, КСРО кезеңінде бір сипатта және бір көзқараста зерттелген коллаборационизм проблемасын тарихи объективизм принципіне сүйене отырып зерттеуге және сараптауға мүмкіншілік туып отыр. Соғыс кезіндегі коллаборационизм қозғалысын терең зерттейтін болсақ, оның әртүрлі жақтары мен бағыттары және басқа да ерекшеліктері болғанын байқаймыз. Атап айтсақ, олар: Қазан төңкерісінен бастап кеңес үкіметіне қарсы болған эмигранттық ұйымдардың адамдары, ең басынан қара басының пайдасын ойлап немістерге әртүрлі қызмет атқарған бірқатар бұрынғы кеңес азаматтары және жаудың қолына түсіп, концлагерьлерде неше түрлі азап көріп, өмірін сақтап қалу үшін коллаборационистер қатарына қосылуға мәжбүр болған адамдарды атауға болады. Осымен бірге, Коммунистік партия мен кеңес өкіметінің билігіне әртүрлі себептермен қарсы болған мыңдаған адамдарды есептеп кетуіміз керек. Ал, герман басшылығының тәуелсіздік береміз деген уәдесіне сеніп, коллаборационизм қозғалысына қатысқан кеңес азаматтарын саяси бағыттағы адамдар деп есептегеніміз дұрыс болады. Тарихта, кейбір халықтардың басқа мемлекеттердің көмегімен тәуелсіздік алғанын көптеп атап кетуге болады, мысалы Ресейдің көмегімен Осман империясынан бөлініп шыққан кейбір балқан халықтары, Батыс елдерінің қолдауымен Ресейдегі азамат соғысы кезінде егемендікке жеткен: Латвия, Эстония және Литва, кеңес мемлекетінің көмегімен тәуелсіздікке жеткен Моңғолия, Иран және т.б. айтуға болады. Сондықтан, немістердің көмегімен болса да тәуелсіздік алуға ұмтылған: Украин, Прибалтика, Кавказ және Түркістан халықтарынан шыққан коллаборационистерді қазіргі көзқараспен қарасақ, тарихи мүмкіншілікті пайдаланып кеңестік тоталитаризм жүйесінен арылғысы келген ұлттық патриоттар деп атауға толық негіз бар.

Әрине, Отан соғысы кезіндегі коллаборационистер қозғалысын терең зерттеу өте күрделі проблема екені белгілі жағдай. Сондықтан, оны көп жылдар бойы қалыптасып қалған көзқарастардан бас тартып, қазіргі тарихи кезеңнің позициясынан көрсетіп, объективтік тұжырымдама жасау саясаткерлер мен тарихшылардың алдарында тұрған мақсат деп есептеуге толық болады.

Қорытынды

Ұлы Отан соғысы жылдары орын алған коллаборационизм қозғалысы өзінің тарихта болған және ерекше сипаты бар құбылыс болғаны анық байқалып отыр. Соғыс кезінде коллаборационизм Кеңес Одағы басшыларына ойламаған жерде пайда болған проблемаға айналды, бұл құбылыс КСРО-ны басқарушы партияның саясатында және идеологиясында жіберілген көптеген қателіктердің нәтижесі деп есептеуге болады. Аталып отырған қозғалыстың пайда болып дамуына, фашистік Германияның идеологиялық және ақпарат органдарының соғыстың алдында және соғыс жүріп жатқан кездегі атқарған белсенді жұмыстарын атап кетуіміз керек. Осыған байланысты, мақаламызда қарастырылып отырған Ұлы Отан соғысы кезіндегі миллиондаған адам қатысқан коллаборационизм қозғалысының басталу себептерін, оның әртүрлі бағыттарын, саяси және идеологиялық негіздерін бұрынғы қалыптасқан концепциялардан бас тартып, дәлелді көрсету және айшықтау алдымыздағы негізгі мақсат болып отырғанын атап кету жөн сияқты. Сондықтан, коллаборационизм қозғалысының пайда болуы және оның бағыттары мынандай факторларға байланысты болды:

1) Коллаборационизмнің идеологиялық негізі Ресейдегі Қазан төңкерісі және Азамат соғысынан кейін қалыптаса бастады деп айтуға болады.

2) КСРО-ғы коллаборационистік идеологияның пайда болуын тездеткен оқиғаларды атасақ, ол кеңес мемлекетіндегі қалыптасқан тоталитарлық жүйе, коллективизация кезіндегі зорлық-зомбылық және қылмыстық саясат, 1920–30 жылдары орын алған жаппай саяси репрессиялар т.б. болды.

3) Соғыстың алдында және басталған кезде фашистік Германияның КСРО халықтарына таратқан үндеулері және әртүрлі жоспарлары кеңес азаматтарының бір бөлігін жаумен тіл табысуға итермелегенін шын мәнінде болған үрдіс ретінде қарау керек.

4) Соғыс басталысымен және КСРО-ның батыс аймақтарының оккупациялануына байланысты бұрыннан бері кеңес өкіметіне қарсы болған кеңес азаматтары, шетелдегі эмиграция өкілдері және қара басының қамын ойлап немістерге өз еркімен қызмет ете бастаған сатқындар басқыншылармен тіл табысып, ынтымақтастық білдіргендерін атаған жөн.

5) Сонымен қатар, Қызыл Армияның соғыстың бастапқы кезеңіндегі ірі жеңілістері миллиондаған кеңес жауынгерлерінің тұтқынға түсіп, лагерьлерде көрген азаптары, КСРО басшылығының тұтқынға түскен кеңес азаматтарын сатқындар деп жариялауы және бірқатар халықтарды депортациялау саясаты соғыс кезіндегі коллаборационизмнің негізгі легін қалыптастырды.

6) Соғыс жылдары немістердің көмегімен: Украинада, Белоруссияда, Прибалтикада, Кавказда және Қырымда мыңдаған адамдар кірген қарулы күштер құрылды және соңғы кезге дейін оларды сатқындар деп көрсетіліп келгені бәрімізге мәлім. Бірақ, қазіргі объективистік позициядан қарасақ, жоғарыда аталған территорияларда құрылған ұлттық құрамаларды фашистердің берген уәделеріне сеніп, болашақта өздерінің ұлттық мемлекеттерін құруға ұмтылған адамдар деп есептеу керек.

7) Сонымен қатар, әйгілі Түркістан легионы мәселесіне тоқталсақ, оның құрамында болған түркітілдес халықтардың азаматтары өздерін сатқын емес, қайта болашақ тәуелсіз Түркістан мемлекетінің сарбаздары ретінде болғысы келгенін атаған жөн сияқты.

Қорытындылай келгенде, Ұлы Отан соғысында орын алған коллаборационизм проблемасы әлі жан-жақты және объективті түрде аз зерттеліп келе жатқан тақырып ретінде қаралуы керек. Сондықтан алдағы уақытта көптеген архив материалдары, басқа да көптеген тың деректер шыққан кезде қарастырылып отырған өте маңызды және күрделі тақырыпты тарихи-объективистік көзқараспен терең зерттеу ғалымдардың алдындағы, яғни күн тәртібінде тұрған мақсаты деп есептеуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1 История Второй мировой войны. — Т.5. — М.: Воениздат, 1975. — 512 с.; История Великой Отечественной войны. Т.3. — М.: Воениздат, 1961. — 652 с.; Советский Союз в годы Великой Отечественной войны. 1941–1945 / Отв. ред. А.М. Самсонов. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Наука, 1985. — 711 с.; Великая Отечественная война. 1941–1945. Военно-исторические очерки. — М.: Наука, 1998. — 544 с.; Реабилитация народов и граждан. 1954–1994 гг.: Документы / отв. ред. И. Алиев. — М.: ИЭИА, 1994. — 304 с.

2 Семиряга М.И. Коллаборационизм: природа, типология и проявления в годы Второй мировой войны / М.И. Семиряга. — М.: РОСПЭН, 2000. — 862 с.; Семенов К. Иностранные формирования Третьего Рейха / К. Семенов, О. Романько, С. Дробязко. — М.: Астрель, 2009. — 844 с.; Романько О. Крым в период оккупации. Национальные

- отношения, коллаборационизм и партизанское движение. 1941–1945 / О. Романько. — М.: Центрполиграф, 2014. — 413 с.; Будницкий О. «Свершилось. Пришли немцы!» Идеиный коллаборационизм в СССР в период Великой Отечественной войны / О. Будницкий. — М.: Российская политическая энциклопедия, 2012. — 324 с.; Мартынов А. По обе стороны правды. Власовское движение и отечественная коллаборция / А. Мартынов. — М.: Вече, 2014. — 382 с.
- 3 Шкаренков Л.К. Агония белой эмиграции / Л.К. Шкаренков. — М.: Мысль, 1986. — 270 с.; Верт Н. История Советского государства 1917–1991 / Н. Верт. — М.: Прогресс-Академия, 1995. — 544 с.; Гофман И. Власов против Сталина / И. Гофман. — М.: Весь мир, 2006. — 544 с.; Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы 1917–1991 / Б.К. Адамбек. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. — 244 б.
- 4 Советский энциклопедический словарь. — М.: Сов. энцикл., 1985. — 1600 с.
- 5 Берхин И.Б. История СССР (1917–1978) / И.Б. Берхин. — М.: Высш. шк., 1979. — 664 с.
- 6 История СССР. Эпоха социализма. — М.: Высш. шк., 1985. — 479 с.
- 7 История России. С начала XIX века до начала XXI века. — М.: Аст-Астрель, 2006. — 863 с.
- 8 Зуев М.Н. История России: учеб. для вузов / М.Н. Зуев. — М.: «Приор-издат», 2005. — 688 с.
- 9 Верт Н. История Советского государства. 1990–1991 / Н. Верт. — М.: Прогресс-Академия, 1995 — 544 с.
- 10 Новейшая отечественная история. XX век. — М.: Владос, 2004. — 463 с.
- 11 Гутионтов П.С. Товарищ походный атаман казачьего корпуса СС / П.С. Гутионтов // Новая газета. — 2020. — № 54(690). — С. 22, 23.
- 12 Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: оқу құралы / Б.К. Адамбеков. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 344 б.
- 13 Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы (1971–1991) / Б.К. Адамбек. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. — 244 б.
- 14 Шоқай М. Түркістан ұлттық бірлігі / М. Шоқай // Егемен Қазақстан. — 2015. — 10 қазан. — 3 б.
- 15 Орлов А.С. История России / А.С. Орлов, В.А. Георгиев, Н.Г. Георгиева, Т.А. Сивохина. — М.: Проспект, 1997. — 544 с.
- 16 Гусейнов Р. Почему любимец Сталина встал под знамена Гитлера / Р. Гусейнов // Комсомольская правда. — 2020. — 20 мая. — 4 с.
- 17 Островский В.П. История России XX век / В.П. Островский, А.И. Уткин. — М.: Дрофа, 1995. — 512 с.
- 18 Александров К. За ложь никто умирать не будет / К. Александров // Новая газета. — 2018. — № 3. — С. 18, 19.
- 19 Новейшая история Отечества. XX век: учеб. для вузов: [В 2-х т.]. — Т. 2. /под. ред. А.Ф. Киселева, Э.М. Щагина. — М.: Владос, 1998. — 448 с.
- 20 Романько О. Крымские власовцы / О. Романько // Совершенно секретно. — 2015. — № 34 (329). — С. 3, 4.

Б.К. Адамбек

О коллаборационизме в годы Великой Отечественной войны

В статье показаны основные события, связанные с мало изученным коллаборационистским движением в период Великой Отечественной войны. Опираясь на новые источники, автор раскрывает причины возникновения коллаборационизма, его основные направления и политические мотивы. В перечне причин, а именно в вопросе: «Почему значительная часть советских граждан пошла на сотрудничество с врагом?» указаны следующие: ошибки Советского руководства во внутренней жизни и национальной политике, крупные поражения Красной Армии в начале войны, а также вражеская политико-идеологическая работа. В годы войны из пленных советских бойцов, расположенных в лагерях, представителей народов Украины, Белоруссии, Прибалтики, Кавказа и Крыма немцами были сформированы значительные вооруженные силы, которые стали служить захватчикам. В рядах этих вооруженных формирований с самого начала были люди, сознательно ставшие предателями, а также немало людей, поставивших цель избавиться от советского тоталитарного режима с помощью немцев, были там и представители разных народов, которые хотели добиться национальной независимости. И по этой причине возникшее в годы Великой Отечественной войны коллаборационистское движение должно рассматриваться как особое явление. Целью этой предлагаемой статьи является объективное освещение событий, связанных с данным движением.

Ключевые слова: война, эмиграция, узник, оккупация, лагерь, дивизия, воин, легион, армия, власть.

About collaborationism in the years of the Great Patriotic War

The article presents the main events regarding the little-studied collaborationist movement during the Great Patriotic War. Based on new sources, the author reveals the reasons for the emergence of collaborationism, its main directions and political motives. The reasons, such as the mistakes of the Soviet leadership in domestic life and national policy, the major defeats of the Red Army at the beginning of the war, as well as the enemy's political and ideological work, indicate the fact that a significant part of the Soviet citizens went to cooperate with the enemy. During the war years, from the captured Soviet soldiers stationed in camps, representatives of the peoples of Ukraine, Belarus, the Baltic states, the Caucasus and Crimea, the Germans formed significant armed forces that served the invaders. In the ranks of these armed formations from the very beginning there were people who were deliberately traitors, as well as many people who set the goal of getting rid of the Soviet totalitarian regime with the help of the Germans, there were also representatives of different peoples who wanted to achieve national independence. Therefore, the collaborationist movement that arose during the Great Patriotic War should be considered as a special phenomenon. Consequently, this article aims to provide an objective coverage of the events associated with this movement.

Keywords: war, emigration, prisoner, occupation, camp, division, warrior, legion, army, power.

References

- 1 Istoriiia Vtoroi mirovoi voiny (1975). [History of the Second World War]. Vol. 5. Moscow: Voenizdat [in Russian]; Istoriiia Velikoi Otechestvennoi voiny [History of the Great Patriotic War]. (Vol. 3). Moscow: Voenizdat [in Russian]; Samsonov, A.M. (Ed.). (1985). Sovetskii Soiuz v gody Velikoi Otechestvennoi voiny. 1941–1945 [The Soviet Union during the Great Patriotic War, 1941–1945]. (2nd ed., rev. and additional). Moscow: Nauka; (1998). Velikaia Otechestvennaia voina. 1941–1945. Voenno-istoricheskie ocherki [The Great Patriotic War. 1941–1945. Military-historical essays]. Moscow: Nauka [in Russian]; Aliev, I. (Ed.). (1994). Reabilitatsiia narodov i grazhdan. 1954–1994 gg.: Dokumenty [Rehabilitation of peoples and citizens. 1954–1994: Documents]. Moscow: IEIA [in Russian].
- 2 Semiriaga, M.I. (2000). Kollaboratsionizm: priroda, tipologii i proiavlennii v gody Vtoroi mirovoi voiny [Collaborationism: nature, typology and manifestations during the Second World War]. Moscow: ROСПEN [in Russian]; Semenov, K., Romanko, O., & Drobiazko, S. (2009). Inostrannye formirovaniia Tretiego Reikha [Foreign formations of the Third Reich]. Moscow: Astrel [in Russian]; Romanko, O. (2014). Krym v period okkupatsii. Natsionalnye otnosheniia, kollaboratsionizm i partizanskoe dvizhenie. 1941–1945 [Crimea during the occupation. National relations, collaborationism and partisan movement. 1941–1945]. Moscow: Tsentrpoligraf [in Russian]; Budnitskii, O. (2012). «Svershilos. Prishli nemtsy!» Ideinyi kollaboratsionizm v SSSR v period Velikoi Otechestvennoi voiny [“It happened. The Germans came!” Ideological collaborationism in the USSR during the Great Patriotic War]. Moscow: Rossiiskaia politicheskaia entsiklopediia [in Russian]; Martynov, A. (2014). Po obe storony pravdy. Vlasovskoe dvizhenie i otechestvennaia kollabortsiiia [On both sides of the truth. The Vlasov movement and domestic collaboration]. Moscow: Veche [in Russian].
- 3 Shkarenkov, L.K. (1986). Agoniia beloi emigratsii [The agony of white emigration]. Moscow: Mysl [in Russian]; Vert, N. (1995). Istoriiia Sovetskogo gosudarstva 1917–1991 [History of the Soviet State 1917–1991]. Moscow: Progress-Akademiia [in Russian]; Gofman, I. (2006). Vlasov protiv Stalina [Vlasov against Stalin]. Moscow: Ves mir [in Russian]; Adambek, B.K. (2018). Kenes Odagynyn tarikhy 1917–1991 [History of the Soviet Union 1917–1991]. Qaragandy: Qaragandy memlekettik universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 4 Sovetskii entsiklopedicheskii slovar (1985). [Soviet encyclopedic dictionary]. Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 5 Berkhin, I.B. (1979). Istoriiia SSSR (1917–1978) [History of the USSR (1917–1978)]. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 6 Istoriiia SSSR. Epokha sotsializma (1985). [History of the USSR. The era of socialism]. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 7 Istoriiia Rossii. S nachala XIX veka do nachala XXI veka (2006). [History of Russia. From the beginning of the 19th century to the beginning of the 21st century]. Moscow: Ast-Astrel [in Russian].
- 8 Zuev, M.N. (2005). Istoriiia Rossii. Uchebnik dlia vuzov [Russian history. Textbook for universities]. Moscow: Prior-izdat [in Russian].
- 9 Vert, N. (1995). Istoriiia Sovetskogo gosudarstva. 1990–1991 [History of the Soviet State. 1990–1991]. Moscow: Progress-Akademiia [in Russian].
- 10 Noveishaia otechestvennaia istoriia. XX vek (2004). [Recent domestic history. XX century]. Moscow: Vlados [in Russian].
- 11 Gutiontov, P.S. (2020). Tovarishch pokhodnyi ataman kazachego korpusa SS [Comrade marching ataman of the Cossack corps of the SS]. *Novaia gazeta — New Newspaper*, 54 (690), 22, 23 [in Russian].

- 12 Adambekov, B.K. (2005). XX gasyrdagy Resei imperiiasy, Kenes memleketi zhane TMD tarikhy [History of the Russian Empire, the Soviet State and the CIS in the twentieth century]. Qaragandy: Qaragandy memlekettik universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 13 Adambek, B.K. (2018). Kenes Odagynyng tarikhy (1971–1991) [History of the Soviet Union. (1971–1991)]. Qaragandy: Qaragandy memlekettik universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 14 Shoqai, M. (2015). Turkistan ulttyq birligi [Turkestan national unity]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*, 10, 3 [in Kazakh].
- 15 Orlov, A.S., Georgiev, V.A., Georgieva, N.G., & Sivokhina, T.A. (1997). Istoriiia Rossii [History of Russia]. Moscow: Prospekt [in Russian].
- 16 Guseinov, R. (2020). Pochemu liubimets Stalina vstal pod znamenam Gitlera [Why Stalin's favorite fell under the banner of Hitler]. *Komsomolskaia Pravda — Komsomol truth*, 20 [in Russian].
- 17 Ostrovskii, V.P., & Utkin, A.I. (1995). Istoriiia Rossii. XX vek [History of Russia in the 20th century]. Moscow: Drofa [in Russian].
- 18 Aleksandrov, K. (2018). Za lozh nikto umirat ne budet [No one will die for a lie]. *Novaia gazeta — New Newspaper*, 3, 18, 19 [in Russian].
- 19 Noveishaia istoriia Otechestva. XX vek: uchebnik dlia vuzov (1998). [The latest history of the Fatherland. XX century: Textbook for universities]. Moscow: Vldos [in Russian].
- 20 Romanko, O. (2015). Krymskie vlasovtsy [Crimean Vlasovites]. *Sovershenno sekretno — Top secret*, 34(329), 3,4 [in Russian].

M.B. Assyl^{1*}, D.B. Dauyen², A.A. Turgenbay¹

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan*
(E-mail: monikaassyl@gmail.com; dinara_dauren@mail.ru; ainur.turgenbay@gmail.com)

Xiaokang — the Chinese Model of Development

The beginning of the reform and opening up policy, which began in the 1980s, brought into the Chinese political lexicon a word made up of two simple characters, like “小康” (xiaokang). In this word, the character “小” (xiao) means “little” and “康” (kang) means “goodness, tranquility”. In foreign literature, this combination is translated as “low prosperity”, “average prosperity”, “small tranquility”, but the commonly accepted translation used in official Chinese documents is “moderately prosperous”. In Chinese political discourse, “Xiaokang” is related to such notions as social development, social policy, and people’s well-being. To date, achieving the level of “Xiaokang” and the comprehensive construction of “Xiaokang society” is the main practical activity of China’s modernization carried out by the Communist Party of China over the past 40 years of reform and opening up. This article examines the use of the concept of “xiaokang” (moderately prosperous) in the process of China’s modernization and socio-economic development during the reform period. Using historical and philosophical analysis, it traces the trend of transformation of the concept “Xiaokang” from antiquity to the present day. The expected achievement of the goal of “comprehensive Xiaokang society” and China’s proclamation of complete eradication of poverty by the 100th anniversary of the founding of the Communist Party of China (2021) is a topic of great relevance for the study.

Keywords: China, modernization, reforms, concept of “xiaokang”, policy, social development, Confucianism, poverty alleviation, Communist Party of China, goal.

Introduction

The significant successes achieved as a result of modernization in all spheres of social life allowed China to become one of the most important poles of the system of international relations. Having reached the level of average developed states and noticeably increased the level of well-being of its citizens, the Chinese leadership has practically fulfilled the task of building a “moderately prosperous society” (“xiaokang shehui”), which it set for itself at the end of the last century. The relevance of the study lies in the historical and philosophical analysis of the role of the concept “xiaokang” in the modernization and development of China. The concept of “xiaokang” in the history of socialism with Chinese specificity today holds a strong position and became the main goal towards which all the efforts of the so-called “socialist” modernization of the country are directed — to build a “rich socialism”. As our country on the modern stage also stands on a way of performance of a task of economic and political modernization, studying of experience of the Chinese model of modernization and a problem of mastering of the Chinese experience for Kazakhstan are rather actual.

The purpose of this article is to explore the centuries-long evolution of the ancient Chinese concept of Xiaokang and its modern interpretation; to identify the role of this concept in the process of socialist modernization in China; and to analyze the level of implementation of the program of building a “comprehensive Xiaokang society” as of today. After all, in 2021 China plans to achieve the goal of building a Xiaokang society by eliminating absolute poverty in the country.

The concept of “Xiaokang” is widely and deeply researched in China itself. In the study of this topic, researchers rely primarily on such primary sources as the Confucian treatises, “Shijing” and “Liji”, and on the collection of the works of Deng Xiaoping published in 1994. In most of the Chinese articles, the authors considered the concept of “xiaokang” as part of the historical changes in the development of the model of socialism in China. A more detailed and comprehensive study of the concept “xiaokang” has been made in the Russian academic community. Doctor of Economics, Professor of the Institute of Far Eastern Studies A.V. Ostrovsky in his numerous works considers the concept of “Xiaokang” as the main component of eco-

*Corresponding author email: monikaassyl@gmail.com

conomic reforms in China. In the article “The 13th five-year plan: how to build a “xiaokang” society in China by 2020” (2016), Ostrovsky expressed his positive assessment of China’s economic development and did not rule out that the country would be able to realize its goal of building the Xiaokang within the planned time frame. Many academics agree that the formation of xiaokang as a key Communist Party’s concept carries with it the discursive, practical, and theoretical foundations that the Party uses to dialogue with domestic audiences [1].

There are few studies in domestic Chinese studies devoted directly to the concept of “xiaokang”. Basically, “xiaokang” is more considered in linguistic and cultural aspects in the study of the canons of Confucianism. As part of the study of the foundations of China’s modernization, the concept was briefly discussed in the collective monograph “Modernization of China and Kazakhstan” (2014), led by Professor N.A. Aldabek. Renown Professor Mukametkhanuly N., in the article “On the Future Goals and Tasks of China’s Development (Based on the XVIII Congress of the CCP)” (2014), gave his understanding of the role of the concept “Xiaokang” in Chinese political life. However, in the domestic literature there are no works based on a systematic analysis of the concept from different aspects. This fact increases the relevance of the work in domestic Chinese studies.

Experimental

This research is based on a desk review, the works of Deng Xiaoping and other Chinese leaders of the Party and state, materials from CPC congresses and plenums, and works of Chinese, Russian, and Western economists, sociologists, political scientists, historians, and cultural scientists form the theoretical and methodological basis of the paper. Because of the nature of our subject, the documents of the Communist Party of China were crucial, as they examined several important aspects of building “xiaokang” society. The methodological basis of the article was based on such methods of cognition as the dialectical method used to understand the dichotomy “traditional — modern” as a kind of unity. The main method is the method of historicism, which considers historical phenomena in their formation, development and interdependence, inextricable connection with the past. The comparative-historical method made it possible to trace the formation of xiaokang concepts in its historical development. This approach provided an overview of the transformation of the very notion of building a xiaokang society in historical context by analyzing the idea of xiaokang in depth in ancient China and at the present stage. Also, the study on the trend of development of the concept “Xiaokang” provides historical and philosophical analysis, which shows well the continuity of history with the present. In addition, the article used a combination of literary and realist methods. The study of relevant domestic and foreign theoretical literature allowed us to summarize experiences and lessons learned while studying China’s way of building a Xiaokang society.

Discussion

The “xiaokang” concept is not only a program for the comprehensive development of all Chinese society, but also the basis of the long-term development strategy as the “Chinese dream”, proclaimed by Xi Jinping, President of the PRC. “The Chinese people have pursued the “xiaokang” dream since ancient times”, said Wang Gonglong, a professor at the Shanghai Party Institute of the Communist Party of China. “Its meaning has evolved with the modernization of the country under the leadership of the CCP” [2]. According to PRC political media content, the Chinese dream, as the embodiment of the Chinese people’s national idea, began to take shape long before the establishment of CCP power in China. More than 2,000 years ago, it was embodied in the “Book of Songs” (Shijing) in the form of the “small welfare society” (“xiaokang”). It is likely that the “Book of Songs” was created by Confucius, so he is also sometimes attributed the authorship of the concept of the “Xiaokang”. The principle of “xiaokang”, a philosophical category of Confucianism, partly reflects issues of equitable government. Confucius himself interpreted this definition as follows: “Xiaokang is a society in which duty (yi) and ritual (li) are decisive in appointing positions in government, in choosing the mode of government, in family and economic matters”. “The Chinese Dream” is also sometimes referred to as an outgrowth of ancient social dreams of a just society where everyone finds their happiness [3; 395]. Although the term was historically vague, since the late 1970s the concept has gradually evolved and become clearer as an important step in the country’s development. Over time, the concept became more concrete and practical. Deng Xiaoping, as applied to modern China, presented a term “xiaokang” as a “middle-income society”. What prompted the great “architect” of Chinese reforms to turn to antiquity? As Alexander Lomanov, doctor of historical sciences, professor of the Institute of World Economy and International Relations of the Russian Academy of Sciences, puts it: “Xiaokang has become a foun-

dition of China's reform policy, because it was based on ancient culture. At the same time, it was secular and rationalistic, although it was colored by Confucian moral philosophy" [2].

By 1956 China had largely completed its socialist transformation and was entering the initial stage of socialism. Before the reforms that began in 1978, China was in a constant state of poverty. At that time the country was 90 % agrarian and for a long time, it could not find a solution to the problem of food and clothing for the people. The country was in need of modernization. When Deng Xiaoping served as a paramount leader of China, he began to implement the "four modernizations" that had been set in motion by Zhou Enlai during Mao's reign. This course included radical changes in four areas — agriculture, industry, military, science and technology. At the initial stage of the proclamation of "modernization", specific goals had not yet been formulated. China was far from the level of developed countries, which were the benchmark for modernization, and the country could not achieve this level in the short term. If Chinese leaders took a long period to achieve the goal, it would deprive the people's motivation in the struggle for development. Under the prevailing historical conditions, the second generation of China's leadership, represented by Deng Xiaoping decided to develop a special way of development, which would correspond to the Chinese mentality.

"Modernization in Chinese way", as Deng Xiaoping called it, was not supposed to be a second "Great leap forward" and had a specific social and economic goal. The initial task was to solve the problem of motivating workers and peasants, who are the backbone of the country's economy, to consolidate their forces to achieve the goals of modernization. Here it was necessary to act carefully, because the "Great leap" and the "Cultural revolution" significantly undermined the level of trust of the people in the leaders of the country. Only tradition and the cult of antiquity could help the country get back on its feet. After all, as China's history shows, the country has more than once turned to antiquity for its new rise in times of decline. As the researchers point out, an important feature of the Chinese mentality was a relatively high level of historical consciousness. During his political repression, Deng Xiaoping began to study the experience of Singapore, whose government was able to turn a country without any natural resources into a strong economic power. Lee Kuan Yew played a special role in this process, drawing on Confucian principles in his reforms in the country. Deng Xiaoping also studied the social and economic program of Taiwan, the drafting of which was greatly influenced by the Confucian Chen Lifu. The "Xiaokang", or "Poverty Elimination Program in Taiwan Province" promulgated by members of the Kuomintang in November 1972, whose main provisions were aimed at the social and economic development of the island, was something of a sign for the "father of reform" in turning to Confucianism [4; 23]. This undoubtedly had an impact on Deng Xiaoping's subsequent views and his adoption of a development program for mainland China. Realizing that blindly following tradition would not lead to the country's development, but that abandoning tradition would not produce results either, Deng Xiaoping planned to build a "Confucian socialism", where modernity and antiquity would lead the country to progress. The main focus of economic reform was to create a "middle level of prosperity (xiaokang)" as a Chinese response to the Western theory of national economic construction.

It is believed that Deng Xiaoping first mentioned the "xiaokang" in 1979 in a conversation with the Japanese prime minister. He called the "xiaokang" the dream of educated Chinese for more than a thousand years. On December 6, 1979, when Deng Xiaoping met with Japanese Prime Minister Masahiro Ohira, he first proposed an entirely new concept of "Four Chinese-style modernizations" — the "xiaokang family" (middle-income family) [5]. The "xiaokang family" concept was a major adjustment and modification of the country's modernization that Deng Xiaoping envisioned to be used to achieve global excellence by the end of the 20th century. According to Lomanoff, Deng Xiaoping's use of the term "Xiaokang" "was intended to help China to restore civilizational dialogue and understanding with more economically developed countries and territories of East Asia of that time" [2]. Deng Xiaoping later fleshed out the content of the concept of "xiaokang", indicating that the Chinese people would fundamentally change their country's backwardness and make it an advanced state in the world. To realize the goals of reform and opening up, Deng found an appropriate formulation that helped rally Chinese society around the objectives of economic development and modernization. Since then, he has repeatedly demonstrated in his practice the leading modernization of socialism with Chinese characteristics, gradually enriched and developed this idea, formed his theory of prosperous society and on this basis proposed a "three-stage" development strategy.

In April 1987, Deng Xiaoping linked "xiaokang" with the political goal of the country's development and presented the steps he had devised to achieve this strategic goal. The first step comprised doubling GNP of 1980 (\$200) by the year 1990. The second step involved doubling GNP of the 1990 year by the year 2000 (\$800) [6; 247]. Deng Xiaoping noted that the essence of socialism is general prosperity. "If we reach four thousand dollars per capita gross national product (GNP) (the third step), and general prosperity, it will best

show that the socialist system has an advantage over the capitalist system” [6, 248]. In October 1987, at the XIII Congress of the CPC, “Xiaokang” was officially formulated as the “second step” of the socialist modernization strategy [7]. Although the concept of the “xiaokang” is a social ideal, in contrast to traditional Confucian notions of the “xiaokang” and Kang Yuwei’s interpretation, in Deng Xiaoping’s theory it is based on the concrete realities of the country. In this sense, it reflects the general aspiration of the Chinese people and is related to the practice of building socialism with Chinese characteristics. He was able to unite Chinese society and motivate people to participate in the process of modernization. At the same time, the commitment to China’s socialist path of development was not lost. Deng Xiaoping began to implement real steps towards the practical implementation of this ideal [4; 24].

In 40 years since Deng Xiaoping set the goal of a “moderately prosperous society”, China has made a historic leap from poverty to a “wenbao” (food and clothing) and then to a welfare society. The great practice of building a higher level of “xiaokang society” that would benefit more than a billion people is now being comprehensively developed. To achieve this goal, the country’s leadership undertook a series of economic transformations and embarked on a market economy without departing from socialist ideals. Thus, in October 1992, the 14th Party Congress officially adopted a decision to establish a socialist market economy to achieve the goal of development and prosperity in the lives of the people throughout the country.

“Xiaokang” was often referred to as a central element of the development program of Chinese society and during the period of Jiang Zemin and Hu Jintao’s leadership. In 1997, at the 15th General Congress of the CPC, Xiaokang was called the new historical mission of the Party and has since been used in the political planning of the country’s development course.

In November 2000, the National Bureau of Statistics published the report “Comprehensive Analysis of China’s Xiaokang Achievement Process”, which indicated that 74.84 % of the country’s population had reached the middle-income level, 12.82 % were close to the xiaokang level, and 12.34 % were far from xiaokang. The level of well-being on which the analysis report was based included 5 aspects, such as economic level, material life, quality of population, spiritual life, and living environment, consisting of 16 indicators [2].

In 2002, the 16th Congress of the Communist Party of China set itself the grand goal of building a “comprehensive moderately prosperous society” by 2020. Jiang Zemin made a contribution to Deng Xiaoping’s theory and he divided the process of creating a “xiaokang” society into many stages that progressed in order. The content of “xiaokang society” took on a wider meaning in Jiang Zemin’s study than that of Deng Xiaoping. Jiang Zemin’s report to the 16th CPC Congress stated that “xiaokang” has so far been built only on a limited area of free economic zones, major cities and coastal provinces; in the next twenty years, the main task of the Chinese people will be to establish “xiaokang” in the entire mandated territory. In 2007, the 17th Party Congress put forward new demands on the goal of comprehensively building a “comprehensive moderately prosperous society”, giving new connotations to Deng Xiaoping’s theory of a prosperous society. It involves a continuum of political, social, and cultural-spiritual problems of building explicitly Chinese socialism, in addition to strictly economic characteristics. As a result, “xiaokang” society tends to be a stage in the realization of the CPC’s social ideal [8; 13].

Building a “comprehensive xiaokang society” is a step toward qualitative changes in such key areas as the economy, political culture, spiritual culture, science and education, the social sphere, and the environment. By 2020, the economy was supposed to increase GDP by several times, complete the process of industrialization, increase the level of urbanization, narrow the gap between regional, urban and rural areas, farmers and workers, and improve living standards, including income, employment, and social security. In the field of spiritual culture, science and education, the task was to create a complete health care system, an innovative culture, and a national education system that encompasses the entire population of China. The CCP sought to create a socialist spiritual civilization and achieve social harmony in the public sphere. In the field of ecology, the sustainable development of the environment and the achievement of harmony between man and nature are the main indicators of the creation of a comprehensive Xiaokang society.

According to Russian scholar Y.M. Berger, the grandiosity of Chinese long-term goals is adequate to China’s great history and culture. The dream of China’s revival has left no generation of the country’s leaders alone. As Berger writes, today the way to realize this goal in the short term is through the “comprehensive construction of the xiaokang society”. According to the scholar, the program of “building the Xiaokang society” is aimed not only at improving the standard of living and quality of life in all aspects, but also to strengthen the “power of the state”. China, from a regional power, is gradually increasing its influence on the world, thereby claiming the role of a global power [9; 4]. The idea of “xiaokang” is becoming a symbol of

the country's modernization reforms. It can be noted the fact and scale of "xiaokang's" integration into the China's ideological, social, and political life.

President Xi Jinping has made "comprehensively building a moderately prosperous society" the first of his "Four Comprehensives," a list of key political goals [10]. In 2017, at the 19th CPC Congress, Xi Jinping emphasized in his report the goals of realizing a "comprehensive moderately prosperous society" and ensuring the victory of socialism with Chinese characteristics in the new era, indicating that China has entered the final phase on the road to achieving Xiaokang. In his lengthy speech at the opening of the Congress, Chairman Xi mentioned the term "Xiaokang shehui — moderately prosperous society" 18 times. From this we can conclude that the country's leaders use the term "Xiaokang society" as a synonym for the rise of China [1].

Despite the fact that the COVID-19 pandemic hit the country's economy hard, China still managed to maintain a positive level of development. Even during this difficult period, the country pursued the goal of "xiaokang" and fought hard against poverty. On November 3, 2020, the CPC released the party leadership's recommendations for the formulation of the country's 14th Five-Year Development Plan (2021–2025). The formation of a new development architectonics in which domestic and foreign markets stimulate mutual development, provided that the domestic market is given priority, is a strategic choice in favor of raising China's economic development to a new level. This, in turn, as Xi Jinping emphasized, will create new advantages for China in global economic cooperation and competition. Xi said it is "quite possible" for China to reach the current standards of high-income countries by the end of the 14th Five-Year Plan period, and to double the total economy or average per capita income by 2035. Chairman also said that China will be able to achieve the goal of building a comprehensive "xiaokang" society on time. The comprehensive building of a moderately prosperous society for the benefit of over one billion people by the time the CPC celebrates its centennial anniversary is a solemn promise the Party makes to the people, Xi Jinping recalled. Xi Jinping also noted that in the first half of 2021, the CPC Central Committee will conduct a systematic evaluation and debriefing on comprehensively building a moderately prosperous society (Xiaokang shehui) before officially announcing the achievement of this goal [11].

Conclusions

The philosophical and ethical component of China's modernization plays the role of solidarizing social relations and is the basis in the state development program. Today, reaching the level of development of society up to xiaokang is not only the goal of the historical development of the Chinese people, but also the goal of the CCP's 100 years of activity, as well as the goal of one leader who intends to hold office for another term. Xiaokang is a point of convergence of Confucianism, Marxism and socialism ideas with Chinese specificity. The construction of Xiaokang society in China is included in the main provisions of the leading Party and state documents. The main source of legitimacy for the CCP is undoubtedly economic development. For decades, while the party controlled rapid economic growth and a massive fall in poverty, the Chinese people accepted severe restrictions on political freedom. Grandiose goals and campaigns, such as the achievement of the level xiaokang, were precisely the way the CCP communicated these developmental successes to the people. On the other hand, by linking its legitimacy to socio-economic development and the building of a "xiaokang" society, the party now has no choice but to find ways to improve the standard of living of the Chinese people and take the next step toward the already more grandiose goal called Datong.

According to the party's goal, the central government has set ambitious new long-term goals of "basically achieving socialist modernization" by 2035 and becoming a "great modern socialist nation" that will be prosperous, strong, democratic, culturally advanced, harmonious and beautiful by 2050. How feasible this next goal of the Chinese government will only be shown by the result of the complete construction of the Xiaokang society. According to the country's leaders, this process should be completed as early as this year, 2021.

References

- 1 Craig A. Smith. Datong and Xiaokang / Smith A. Craig // In: C. Sorace, I. Franceschini, and N. Louberea (Eds.). *Afterlives of Chinese Communism: Political Concepts from Mao to Xi*. — Australia, ANU Press, 2019. — P. 63–67.
- 2 Wang Qian. Defining and delivering xiaokang / Wang Qian, Xing Yi. *China Daily Global*. Retrieved from <https://www.chinadaily.com.cn/a/202009/29/WS5f729aeba31024ad0ba7c8b7.html>
- 3 Скрипкарь М.В. Формирование концепции «китайская мечта»: от Сунь Ятсена до Си Цзиньпина / М.В. Скрипкарь // *Междунар. журн. прикл. и фунд. исслед.* — 2015. — № 8. — С. 394–397.

- 4 Никитюк В.А. Принцип «сяокан» в деятельности Дэн Сяопина: построение социализма с китайской спецификой / В.А. Никитюк // Междунар. журн. гуманитар. и естеств. наук. — 2019. — № 4. — С. 22–25.
- 5 张爱茹. 从“小康”到“全面小康”——邓小平小康社会理论形成和发展述论. Retrieved from <http://cpc.people.com.cn/n/2014/0714/c69113-25279758.html>.
- 6 Deng Xiaoping. Selected Works. Volume III (1982–1992). / Deng Xiaoping. — Beijing: Foreign Languages Press, 1994. — 520 p.
- 7 人民日报网 (2002) 全面建设小康社会--中国本世纪头二十年的任务 [The Comprehensive Construction of the Xiaokang Society - China's Task for the First Twenty Years of this Century]. Retrieved from: <http://people.com.cn/200211/12/68162.html> (viewed 18.11.2020)
- 8 Сизикова В.А. «Конфуцианский капитализм» или «Конфуцианский социализм»? Исторические и политико-философские истоки формирования современной политической модели КНР / В.А. Сизикова // Вестн. РУДН. Сер. Всеобщая история. — 2013. — № 2. — С. 8–17.
- 9 Бергер Я.М. Экономическая стратегия Китая / Я.М.Бергер. — М., 2009. — 560 с.
- 10 Hiusman M. After COVID-19, Can China Still Become ‘Moderately Prosperous’? / M. Hiusman // Diplomat Brief, 2020. Retrieved from <https://thediplomat.com/2020/06/after-covid-19-can-china-still-become-moderately-prosperous/>
- 11 Обобщение: Си Цзиньпин разъяснил рекомендации ЦК КПК относительно разработки нового пятилетнего плана [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://russian.news.cn/2020-11/04/c_139488943.htm

М.Б. Асыл, Д.Б. Дауен, А.А. Түргенбай

Сяокан — дамудың қытайлық үлгісі

XX ғасырдың 80-ші жылдарында басталған реформа мен ашық есік саясатының басталуы Қытайдың саяси сөздік қорына «小康» (Сяокан) сияқты екі қарапайым иероглифтен тұратын сөз енгізді. Бұл сөзде «小» (Сяо) иероглифі «кішкентай», ал «康» (кан) «байлық, өркендеу, тыныштық» дегенді білдіреді. Шетел әдебиетінде бұл тіркес «кішігірім гүлдену», «орташа табыс», «орта жетістік» деп аударылады. Қытайдың саяси дискурсында «Сяокан» әлеуметтік даму, әлеуметтік саясат, халықтың әл-ауқаты сияқты ұғымдармен байланыстырылады. Бүгінгі күні «сяокан» деңгейіне жету және «жан-жақты сяокан қоғамын» құру — бұл Қытай Коммунистік партиясының реформалар мен ашық есік саясатын жүргізу барысының соңғы 40 жылында жүзеге асырып отырған Қытайды модернизациялаудың негізгі практикалық қызметі болып табылады. Мақалада Қытай Халық Республикасын модернизациялау және реформалар кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық даму үрдісінде «сяокан» (орта жетістік) тұжырымдамасының қолданылуы талданған. Тарихи-философиялық талдауды қолдану арқылы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі «сяокан» ұғымының өзгеру тенденциясы қарастырылған. «Сяокан жан-жақты қоғамының» мақсатқа жетуі және Қытай Коммунистік партиясының құрылуының 100 жылдығына орай (2021 жыл) Қытайдың кедейлікті толық жоюды жариялауы зерттеу үшін өте өзекті тақырып болып табылады.

Кілт сөздер: Қытай, модернизация, реформалар, «сяокан» тұжырымдамасы, қоғамдық даму, конфуцийшілдік, саясат, кедейшілікпен күрес, Қытай коммунистік партиясы, мақсат.

М.Б. Асыл, Д.Б. Дауен, А.А. Түргенбай

Сяокан — китайская модель развития

Начало политики реформ и открытости, получившее свое развитие в 80-х гг. XX века, привнесло в политический лексикон Китая слово, состоящее из простых двух иероглифов, как “小康”(сяокан). В данном слове иероглиф “小” (сяо) имеет значение «маленький», а “康” (кан) — «достаток, благоденствие, спокойствие». В зарубежной литературе данное сочетание переводят как «малое благоденствие», «средний достаток», «средняя зажиточность». «Сяокан» в политическом дискурсе Китая соотносится с такими понятиями, как социальное развитие, социальная политика, народное благосостояние. На сегодняшний день достижение уровня «сяокан» и всестороннее построение общества «сяокан» — это основная практическая деятельность по модернизации Китая, проводимая Коммунистической партией Китая за последние 40 лет реформ и открытости. Настоящая статья посвящена рассмотрению использования концепта «сяокан» (средней зажиточности) в процессе модернизации Китайской Народной Республики и социально-экономического развития в период реформ. С помощью использования историко-философского анализа прослеживается тенденция трансформации концепта «сяокан» от древности до сегодняшнего дня. Ожидаемое достижение цели «всестороннего общества сяокан» и провозглашение Китаем полного искоренения бедности к 100-

летию основания Коммунистической партии Китая (2021 г.) представляют тему весьма актуальной для исследования.

Ключевые слова: Китай, модернизация, реформы, концепт «сяокан», общественное развитие, политика, конфуцианство, борьба с бедностью, Коммунистическая партия Китая, цель.

References

- 1 Craig, A. Smith. (2019). Datong and Xiaokang. In: C. Sorace, I. Franceschini, and N. Louberea. (Eds). *Afterlives of Chinese Communism: Political Concepts from Mao to Xi*. Australia, ANU Press, P. 63–67.
- 2 Wang Qian, & Xing Yi. (2020). Defining and delivering xiaokang. *China Daily Global*. Retrieved from <https://www.chinadaily.com.cn/a/202009/29/WS5f729aeba31024ad0ba7c8b7.html>
- 3 Skripkar, M.V. (2015). Formirovanie kontseptsii «kitaiskaia mechta»: ot Sun Yatsena do Si Tszinpina [Formation of the “Chinese dream” concept: from Sun Yatsen to Xi Jinping]. *Mezhdunarodnyi zhurnal prikladnykh i fundamentalnykh issledovaniy — International Journal of Applied and Fundamental Research*, 8 [in Russian].
- 4 Nikitiuk, V.A. (2019). Printsip «siaokan» v deiatelnosti Den Siaopina: postroenie sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi [Principle “xiaokang” in Deng Xiaoping’s practice: creating socialism with Chinese characteristics]. *Mezhdunarodnyi zhurnal gumanitarnykh i estestvennykh nauk — International Journal of Humanities and Natural Sciences*, 4–1 [in Russian].
- 5 张爱茹. (2014). 从“小康”到“全面小康”——邓小平小康社会理论形成和发展述论. Retrieved from <http://cpc.people.com.cn/n/2014/0714/c69113-25279758.html>.
- 6 Deng Xiaoping (1994). *Selected Works of Deng Xiaoping, Volume III (1982–1992)*. Beijing: Foreign Languages Press
- 7 人民日报网 (2002) 全面建设小康社会--中国本世纪头二十年的任务 [The Comprehensive Construction of the Xiaokang Society - China's Task for the First Twenty Years of this Century]. Retrieved from: <http://people.com.cn/200211/12/68162.html> (viewed 18.11.2020)
- 8 Sizikova, V.A. (2013). «Konfutsianskii kapitalizm» ili «Konfutsianskii sotsializm»? Istoricheskie i politiko-filosofskie istoki formirovaniia sovremennoi politicheskoi modeli KNR [‘Confucian capitalism’ or ‘Confucian socialism’? Roots of the Chinese modern political model formation]. *Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Vseobshchaia istoriia — Bulletin of the Peoples’ Friendship University of Russia. General History series*, 2 [in Russian].
- 9 Berger, Ya.M. (2009). *Ekonomicheskaiia strategiiia Kitaia* [Economic Strategy of China]. Moscow: Forum Publisher [in Russian].
- 10 Hiusman, M. (2020). After COVID-19, Can China Still Become ‘Moderately Prosperous’?. *thediplomat.com*. Retrieved from <https://thediplomat.com/2020/06/after-covid-19-can-china-still-become-moderately-prosperous/>
- 11 Obobshchenie: Si Tszinpin raziasnil rekomendatsii TsK KPK otноситelno razrabotki novogo piatiletnego plana (2020). [Summary: Xi Jinping explained the CPC Central Committee’s recommendations for developing a new five-year plan]. Retrieved from http://russian.news.cn/2020-11/04/c_139488943.htm [in Russian].

Ә.М. Ауанасова^{1*}, Ғ.И. Көшенова², А.С. Бижанов², С.Б. Оразаев², Н.Б. Смағұлов³

¹Мемлекет тарихы институты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

³Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

(E-mail: auanasova_a@mail.ru; jamal-i@mail.ru; bizhanov_as@mail.ru;

orazayevsultan@mail.ru; smagulov_ist@mail.ru)

Қазақстанда тарих ғылымының тұжырымдамасын қалыптастыруда Орталық Азиядағы футувва қозғалысы мен ахилік институтының алғышарттарын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері

Ортағасырдағы Орталық Азияның әлеуметтік-мәдени өмірінде күшті ықпалға ие болған футувва қозғалысының және ахилік институтының алғышарттарын зерделеу жұмысы Отан тарихының қомақты мәселелерін көтереді. Ғылыми метрикалық деректер базасында яссауиға мектебінің саяси, экономикалық ықпалы туралы мәселелер көтерген тарихи еңбектер жоқ дерлік аз. Қарапайым адамнан ел билеушілеріне дейін яссауиғаға мүрид болғанын ескерсек, Түркістандағы мектептің саяси-экономикалық, рухани ықпалына тарихи талдау жасау іргелі зерттеулерге негіз болады. Негізгі зерттеу жұмыстары Отан тарихының сол кезеңін толыққанды құрастыруға және мемлекеттер арасындағы білім және ғылым, саяси-экономикалық, рухани бағыттардағы өзара ынтымақтастық салаларын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Ортағасырлық Қазақстанда яссауиға жолы ерекше орынға ие болды. Бауырластықтың тұрақты қызметі үшін ханакалар жұмыс жасап, мүридтері Қожа Ахмет Яссауи сияқты қасық жонтуды кәсіп етті. Мүршид түркі халықтарының «піріне» айналды. Қыпшақ даласының мал шаруашылығымен кәсіби түрде айналысқанын ескерсек, әрбір түліктің де өзіндік «пірі» және ахилік институтында да әр кәсіптің «пірі» болды. Сондай-ақ институттың иерархиялық жүйесінде қолданылатын ұғымдардың көшпелі қазақтардың арасында қолданылғанын көреміз. Яссауиға шайхтары барған территорияларында жергілікті халықпен араласып, түркістандық сопылық мектепті дамытты, жаңа құрылымдар қалыптастырды. Осы мектептердің бірі ретінде пайда болған Анадолыдағы ахилік институты уақыт өте Жошы ұлысында да қызмет ете бастады. Сонымен ортағасырлық Қазақстанда көшпелі түркі халықтарының арасында футувва қозғалысының ықпалы айқындалып, Анадолыдағы ахилік институттың құрылуына түркістандық сопылық мектеп алғышарттар қалыптастырғаны дәйектелді.

Кілт сөздер: футувва, ахилік институты, сопылық бауырластық, Қожа Ахмет Яссауи, яссауиға тариқаты.

Kіріспе

Бүгінгі Орталық Азияның территориясы ортағасырларда әлемнің ислами маңызды орталықтарының бірі болып, басым бөлігінде исламның түркілік жолы қалыптасты.

Ислам діні таралуының алғашқы ғасырларында пайда болған футувва қозғалысы бертін келе бұқаралық деңгейден көтеріліп, билік басындағыларды өз ықпалына алды. Сопылық бауырластықтар футувва қозғалысының дамуына үлес қосты. Бұл Орталық Азия территориясында да көрініс тапты.

Орталық Азияда Қожа Ахмет Яссауи түркі сопылығының негізін қалаушы, түркі халықтарының пірі атанды. Яссауи тариқатына тәуелденген шайхтар жер-жерге сопылықтың түркілік жолын насихаттау үшін таралды. Моңғол шапқыншылығы кезеңінде Түркістаннан көшкен халыққа көптеген яссауиға шайхтары рухани қолдау көрсетті. Олар барған жерлерінде түрліше аталып, түркістандық жаңа сопылық мектептерді қалыптастырды. Кіші Азияда футувва қозғалысы мен ахилік институтының қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосты.

Түркістандық түркі халықтарының арасындағы футувва қозғалысы мен анадолылық ахилік институттың алғышарттарын айқындау нәтижесінде яссауиғаның жергілікті жердегі саяси, экономикалық деңгейдегі орнын анықтауға мүмкіндік туындайды. Бұл халықтың сол кезеңдегі ұйымдасуын, шаруашылық ахуалын көрсетеді. Сондықтан яссауиға тариқатын діни көзқараста ғана емес, тарихи тұрғыда талдау негізінде ортағасырлардағы түркі халықтарының арасындағы саяси, ғылыми, мәдени, діни және экономикалық салалардағы нақты байланыс ашылады.

*Хат-хабарларға арналған автор. Email: auanasova_a@mail.ru

Қазақстандық ғалымдардың «футувва» қозғалысы, «ахилік» институтының алғышарттары және яссауиға тариқатының қазақ тарихымен байланысы туралы жазылған еңбектері ғаламтор желісіндегі ғылыми метрикалық мәліметтер базасында кездеспейді. Сондай-ақ шетелдік ғалымдардың еңбектері де көп емес. Бұған тарихи дереккөздердің тапшылығы да септігін тигізгені анық.

Дегенмен Қазақстанның ортағасырлық кезеңіндегі тарихты тұтастай қалыптастыру үшін бұл тақырыптың өзектілігін түсініп, зерделеу қолға алынды. Бұл мәселенің Отан тарихы ғылымында нақты ғылыми зерттеу жұмысы ретінде көтерілмегенін назарға алсақ, зерттеуіміздің нәтижелері жаңашыл болары сөзсіз деп білеміз.

Сонымен зерттеу жұмысының мақсаты яссауиға сопылық бауырластығының жергілікті жердегі саяси, рухани және экономикалық тұрғыдағы ықпалын айқындауға бағыттталып, Орталық Азиядағы соның ішінде қазіргі Қазақстан территориясындағы «футувва» қозғалысы мен «ахилік» институтының алғышарттарын айқындауды міндет етеді.

Тарихнамасы, зерттеу әдістері.

Жоғарыда атап өткендей, тақырып бойынша жарық көрген еңбектердің басым бөлігі түркиялық ғалымдардың зерттеу жұмыстары болып табылады. Түркияда жыл сайын арнайы симпозиумдар өткізіліп отырады. Алайда олардың барлығының тақырыбымызға тікелей қатысы жоқ.

Тақырыпты ашуда ахилік институтының әлеуметтік-мәдени мәселесі бойынша И. Дурак, А. Юджелдің, Осман империясы кезеңіндегі яссауиғаның көрінісі тақырыбында Х. Арсланның жұмыстары пайдаланылды.

Сондай-ақ ресейлік, әзірбайжандық, өзбекстандық тағы өзге елдердің ғалымдарының ғылыми жұмыстары кездеседі. Түркиядағы ахи ұйымының дәруіштері бойынша жазылған алғашқы зерттеулердің бірі ретінде В.А. Гордлевскийдің 1927 жылы жарық көрген еңбегін атап өтуге болады [1: 1171–1194]. Бұл шығарма қазіргі кезеңдегі көптеген зерттеу жұмыстарының құнды дереккөздерінің бірі болып отыр. Еңбекте Ахи Евран және ұйымның қызметі туралы құнды деректер беріледі.

Тақырып аясында Татарстандағы Марджани институтының ғылыми қызметкері М.Р. Шамсимухаметованың «Алтын Орда территориясындағы ахилік ұйымы туралы» еңбегін атап өтуге болады [2: 40–52]. Зерттеуші мақаласын Шихаббандин ас-Сухравардидің еңбегі негізінде зерделеген. Өзбекстандық зерттеуші М.А. Омонованың магистрлік диссертациясында А. Навоидің шығармаларындағы футувва мәселесі туралы жазылған [3: 75]. Футувва, ахилік туралы кейбір құнды деректерді ұсынған. Отандық ғылымда осы тақырып аясында еңбектер өте аз, негізгі зерттеулерді дінтанушы, философ Д. Кенжетайдың «Яссауи түсінігіндегі ахиліктің алғышарты туралы» [4; 47–61] және филолог-ғалым Е. Есбосыновтың қазақтардағы ахилік дәстүрдің көрінісі бойынша жазылған мақаласын атап өтуге болады [5: 173–183]. Зерттеуші Е. Есбосыновтың еңбегінде ахилікте кездесетін ұғымдардың қазақ тілінде қолданылуы қарастырылған. Ғалымның пікірінше, Анадолияда пайда болған ахилік институтының негізі Түркістанда қаланған. Алайда тақырып бойынша тарихи талдау жасалған тарихи зерттеу жұмыстарын жоқ деуге болады.

Зерттеуші Аскер Ахмет өзінің тарихи-этнографиялық монографиясында «футувва», «ахилік» сөздерінің этимологиясын талдайды. Ғалымның еңбегі «XII—XV ғасырлардағы Әзірбайжанның рухани мәдениеті» деп аталып, монографияда ахилікті жеке қарастырады. Орта Азиядан Балқандарға дейінгі кең территорияда жайылған жаңа құрылымдардың бірі ахилік екенін айтып, ахиліктегі шырақ—шәкірт—ұстаз қарым-қатынасы, институттағы түрлі рәсімдер туралы ақпарат ұсынады [6: 368].

Ибрахим Дурак, Атилла Юджелдің «Ахиліктің әлеуметтік экономикалық әсерлері мен қазіргі көрінісі» атты мақаласы өзіндік жаңа ой береді [7: 151–168]. Зерттеушілер ахилік институтын талдай отырып, оны сонау көне түрік кезеңімен, түрік дүниетанымымен байланыстыруға тырысады. Нақтырақ айтқанда, Орхон ескерткіштеріндегідей түркі халықтарында билеуші мен халықтың арасында артық немесе кем сипатында ешбір айырмашылықтың болмауы, қағанның негізгі міндеттерінің бірі халыққа қамқор болып, ашты тойындыру, жалаңашты киіндіру болатыны, соның ішінде халықпен үйлесімде болып, халықтың келешегін ойлауы қажет еді. Ал «Құтты білік» дастанында билеушілердің ұзақ уақыт бойы билеуі үшін заңды дұрыс қолдануы, халыққа мейірімділік танытып әділдікпен басқаруы керек. Бұл ерекшеліктің бәрі ахилік институтындағы иерархиялық жүйеде көрініс тапқан еді.

Ғалым А.Я. Оджак «Футувватнаме» атты мақаласында «футувва» түсінігін алғаш қолданылған Мухаммед ибн Хусайн ас-Суламидің (қ.б. 412/1021 ж.) «Китаб ул Футувва» атты еңбегі екенін, ал футувва ұйымының қағидаларын қамтитын шығармалар — «футувватнамалардың» XIII-XIV ғасырлардан бастап жазылғанына тоқталады [8]. Орыс шығыстанушыларының қатарында Н.С. Лыкошин Түркістан өлкесін соның ішінде, сопылықты зерделейді. Оның еңбегі ғылыми еңбектен көрі мәлімдемеге ұқсайды [9: 412].

Түркістандағы ясауиия сопылығы туралы құнды мәліметтерді Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-нама» атты еңбегінен алуға болады [10: 32]. Сонымен қатар түркі сопылығының қазақ мәдениетіндегі орны туралы зерттеу жұмыстарының нәтижесін З. Жандарбек «Қ.А. Иассауи және қазақ мәдениеті» атты мақаласында қарастырады [11: 3–8]. Түркі тарихындағы алғашқы мутасаууфтар туралы алғаш еңбек жазған түрік ғалымы Ф. Көпрүлү болатын. Ол ясауиия тариқаты туралы деректерді алғаш рет ғылыми айналымға енгізді [12: 415].

Ал өзбекстандық ғалым О. Усмон «Вахдат шаробин ичдим» атты мақаласында Яссауиден қол алған кішігірім тариқаттар туралы мағлұмат береді [13: 133–142]. Орталық Азиядағы сопылық бауырластықтар бойынша ауқымды зерттеу жүргізген америкалық ғалымдардың арасында Д.Ди Уис өзінің тың еңбектерімен ғылыми ортаға танымал. Ол ясауиия мен нақшбандийаны салыстыра зерделейді [14: 210–270]. Түркі сопылығындағы ясауиия мен бекташийаның байланысына туралы түркиялық ғалым А. Пала да өз еңбегінде айтып өтеді [15: 229–237]. Сонымен қатар Х. Арсланның «Анадолыдағы ясауиияның көріністері» атты мақаласында ясауиияның Кіші Азиядағы сопылық мектептері туралы деректер берілген [16: 91–107]. Анадолы жеріндегі түркістандық жаңа мектептер туралы зерттеулер жүргізген М. Услу еңбегін атап өтуге болады [17: 49–55]. Бұған қоса ясауиияның Үндістан жеріндегі мектептері туралы деректерді И. Гүндүздің мақаласынан кездестіреміз [18: 189–196]. Негізгі зерттеу жұмысымызда Ахмет Яссауи және ясауиия жолы туралы сенімді мағлұматтар беретін дереккөздердің бірі сопы шайхы Ахмет Хазинидің шығармалары болатын. Ахмет Хазинидің еңбегін ғылым әлеміне алғаш танытқан М. Көпрүлү болса, «Cevâhiru'l-Ebrâr Min Emvac-ı Bihâr» атты туындысын аударма жасаған түрік ғалымы Дж. Окуюджу болатын [19: 220].

Отандық ғалымдардың қатарында Қожа Ахмет Яссауи мен тариқаты туралы көптеген ғылыми зерттеу еңбектерін жариялаған ясауитанушы, дінтанушы ғалым Д. Кенжетайдың еңбектерімен қатар [20: 341], осы тақырыпта тың мәліметтер ұсынатын түркиялық ғалымның бірі Е.Джебедеджиоглуның да еңбектерін айтуымызға болады [21: 97–142].

Ғалым Г.А. Федоров-Давыдовтың «Алтын Орданың қоғамдық құрылымы» атты еңбегін осы кезеңді ашатын іргелі ғылыми зерттеулердің бірі ретінде айтуға болады. Мұнда, әсіресе, қалалық әкімшілік, билік құрылымы, өмір сүрген әлеуметтік таптар, жалпы қоғамның құрылымы, көшпелілердің шаруашылығы, көшпелі тайпалардың немесе билеушілердің отырықшылыққа және қала өміріне бейімделуі сынды тақырыптар көтерілген болса [22: 178], осындай құнды, ұқсас тақырыптарды зерттеуші Б. Шпулердің «Алтын Орда. Ресейдегі моңғолдар» атты еңбегінен кездестіруге болады [23: 500]. XX ғасырдағы Татарстан мен Орта Азиядағы ислам діні, сопылық қозғалыстар туралы зерттеу жүргізген Т. Зарконенің де еңбегін атап өтуге болады. Ғалым Орта Азия территориясындағы XVIII ғасырдан кейінгі дәуірлердегі сопылық тариқаттар, олардың қызметі туралы маңызды деректер ұсынады [24: 47–61].

Зерттеу тақырыбын ашуда тарихи зерттеу әдістері кешені қолданылды. Соның ішінде дереккөздердегі мағлұматтардың шынайылығы мен сенімділігін зерделеуде сыни талдау жасалды. Салыстырмалы-тарихи талдау арқылы дереккөздердегі мағлұматтар талданды. Футувва қозғалысы мен ахилік институтының алғышарттарын айқындауда Жошы ұлысы, соның ішінде Дешті Қыпшақтағы ясауиия тариқатының мазмұны, таралу аймағы мен ықпалы Анадолыдағы ахилік сопылық бауырластығының шығу төркіні, мазмұны мен тарихы салыстырылды. Шайхтардың өмір сүрген кезеңдері мен тәуелденген салалары зерделенді.

Футувва қозғалысының, ахилік институтының түркістандық территориядағы алғышарттарын ашатын мағлұматтар өте аз. Тақырыпты ашу үшін шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

Ретроспективті әдісті қолдана отырып, ортағасырлық Түркістандағы сопылық бауырластықтың рухани, саяси, экономикалық тұрғыда қызметі зерделенді. Осы тақырыпты ашуда оқиғалар желісінің логикалық сабақтастығын құрастыру үшін жүйелендіру әдісі қолданылады.

Нәтижелері мен талқылау

Зерттеу тақырыбы аясында еңбектердің басым бөлігі шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстары болып табылады. Мақалада футувва, ахилік ұғымдарына, осы құрылымдардың шығу тарихына тоқталып, одан кейін түркістандық түркі сопылық мектебімен арасындағы байланысты ашуға тырысамыз.

Зерттеуші Аскер Ахметтің тарихи-этнографиялық монографиясында қарастырылғандай, «футувва» сөзінің этимологиясы мен тарихы ислам діні таралуымен тығыз байланысты шықты. Автор исламның алғашқы ғасырларында-ақ Сирия, Ирак, Иран, Әзірбайжан, Түркістан, Андалусия, Солтүстік Африка, Египет т.б. жерлерде «жомарттық» пен «ерлікті» сіңірген «футувва» қозғалысы пайда болғанын атап өтеді. Қозғалыс территорияларға қарай әртүрлі атауларға ие болып, халықтың құрметіне бөленген болатын. Автордың пікірінше: «жекелеген халықтарға тән қаһармандық және футувва дәстүрлерінің негізінде жаңа типтегі институттар пайда бола бастады. Жаңадан қалыптаса бастаған институттардың бірі — «ахилік» кейінгі кезеңде Орта Азиядан Балқанға дейінгі территорияда әсіресе, түрік халықтарының арасында кең таралды [6: 151]. Осындай пікірлерді өзге ғалымдардың еңбектерінен де кездестіруге болады. Яғни ислам таралуының алғашқы ғасырларында пайда болған және жас қолөнершілер ұйымдастырған «футувва» қозғалысының жалғасы немесе түрленген түрі ретінде қарастыратын И. Дурак, А. Юджелдің еңбектерінде «футувва исламның ықпалымен тайпалық өмірден отырықшы өмір салтына өту кезеңіндегі араб қоғамында орын алған «қонақ жайлылық», «жомарттық», «ерлік» сияқты түсініктерге сәйкес келеді. Түріктердің отырықшы өмір салтына көшуінде әсіресе, ұсталардың арасында «футувва» ұйым ретінде қабылданып, «ахилік» пайда болды» [7: 152], — дейді.

Сонымен қатар бұл қозғалысты ортағасырлық Шығыстың «рыцарлық» ұйымы ретінде түсіндіруге тырысатындар да жоқ емес. Соның ішінде В.А. Гордлевский: «футуввадағы салт, рәсімдердің кең таралғаны соншалықты, крест жорықшылары Сириядан Еуропаға өзімен алып кеткен болатын. Мәселен, бауырластыққа қабылдау рәсіміндегі иыққа ұру рыцарлыққа қабылдаудағы семсерді иыққа тигізумен байланыстырылды», — дегенді айтады [2: 42].

Өзбекстандық зерттеуші М.А. Омонова өзінің магистрлік диссертациясында бұл қозғалыстың Х ғасырда Хорасан және Мауереннахрда қалыптасқанын айта келіп, бауырластық мүшелері өзара тату, жамағат болып өмір сүріп, қолөнермен айналысқан дейді. «Ахи» — «аға/іні» (яғни туысқаны, бауыры) деген мағына беріп, оның тариқаты, кәсібі — «футувва», — деп жүргізілетін [3: 10], — деп айтса, ресейлік зерттеуші М.Р. Шамсимухаметова «футувва» мен «ахи» сөздерінің синоним екенін жазады [2: 41].

Жалпы «ахи» сөзі, ұғымы парсы немесе араб яки түрік сөзінен шықты деген түрлі жорамалдар бар. Алайда ұйым қызметінің мазмұнына келгенде зерттеушілер бірізді пікір білдіреді.

Жалпы ұғымның шығу тегі бастапқы «футувватнамаларда» хазіреті Адамнан басталып, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды қоса алғанда барлық пайғамбарлардың сипаттарымен түсіндірілетін болса, XIII ғасырдан кейін, әсіресе ахилік институтында «бұл түсінік хазірет Алимен байланыстырылды.

Сонымен ерте ортағасырларда «футувва» — «жомарттық», «ерлік» деген мағына беріп, ислам елдерінде қозғалыс тұрғысында (бауырластық, ұйым ретінде қарастыруға да болады) көрінді. Қозғалыс мүшелері өз ішінде белгілі бір қағидаларға тәуелденіп, халық арасында жомарттығы, кішіпейілдігі, ерлігі және адалдығымен көзге түсті, әртүрлі кәсіп иелерінен құралды. Рухани пірге қол беріп, ұстаздың алдында ант қабылдағаннан соң, мәрттік белдігін таққан қозғалыстың «мүшесі» өмір бойына сол жамағатқа адалдық танытты, жамағат мүддесін әрқашанда жеке өмірінен жоғары қойды. Бауырластыққа жаңадан қабылданған жас жігіт — «бала», оған белдік таққан ұстазы — «ата» делінді [3: 10]. Футувваның мүшелері тек қолөнершілер емес, оның қатарында ел билеушілер, уәзірлер, мемлекеттік қызметтегілер де болды. Уақыт өте аса ірі саяси ықпалды ұйымға айналды.

Ғалым А.Я. Оджак алғашқы «футувватнама» Аббаси халифасы — ан-Насрдың халифаттың беделін көтеру мақсатында Шихаббандин ас-Сухравардиге (қ.б. 632/1234 ж.) тапсырыс бойынша жаздырған «Рисалат ул футувва» екенін айтады. Деректерді негізге алатын болсақ, ас-Сухравардидің жоғарыда аталған еңбегі футувва ұйымының ережелерін қамтитын жазбаша «футувватнамалардың» бастауы болды.

Деректерде «ахилік» институтының негізі Анадолыда Ахи Евран жетекшілігінде қаланғаны баяндалады. Ол жерде шайхтың негізгі есімі — Махмуд болып, «Ахи» деген «бауырластықпен»,

«Евран» деген «жыланға» байланысты берілген лақап екені айтылады. Ахи Евран туралы мынадай оқиға кездеседі: «Сұлтан Ахи Евран Махмуд пайғамбардың немере ағасы Аббастың ұлы болатын. Бір күні Мұхаммед пайғамбар (ғ.а.) сахабаларына жорыққа аттануы туралы бұйырып, Аббасқа қасиетті туды алуды тапсырады. Бірақ ол бас тартып, өз орнына өзінен күштірек баласын ұсынады. Пайғамбар онымен келіседі, Махмудқа туды ұстата отырып: «Сен Ахи Еврансың! Аббастың ұрпақтары өлілерден тірілгенге дейін 32 шеберханаларды басқарып жүргізісін». Бұдан кейін пайғамбар былай деді: «Тұрындар және жорыққа аттанындар». Және бұл бейсенбі күні болды. Ахи және «сахабалар» ерлікпен шайқасты, қайтып оралғанда пайғамбар (ғ.а.) Махмудтың қалай соғысқаны турады Алиден сұрады. Али: «ол бір қолымен туды, екіншісімен қылыш ұстады. Жауын айдаһар сияқты жеңді», — деп жауап берді. Пайғамбар оны Евран деп атады. Мұны естіген сахабалар оған сыйлықтар (жасыл жапырақтар) ұсынды. Мұхаммед пайғамбар (ғ.а.) Алиден не сыйлайтынын сұрады. Аллахтың әмірімен, пайғамбардың сөзімен қызым Рукиені беремін. Үш күн, үш түн той болды. Бірінші күні 33 қой, екінші күні 33 қара ешкі, үшінші күні 33 қара өгіз сойылды. Ахи Евран Махмуд пайғамбардың (ғ.а.) алдына келгенде, пайғамбар оның қолын ұстап имам Алидің асханасына ертіп келіп, сойылған жануарлардың терісін ұстатты. Ахи Евран Аллахтың рахымымен бір тәуліктің ішінде барлық терілерді өңдеп түрлі түстерге бояп (эльван), буып пайғамбарға (ғ.а.) апарды. Ахидың тез арада бұл жұмысты орындағанына барлығы таң қалды. Ал Али бір теріні алып, асасымен жүргізіп өткенде жарқырып тұрды. Одан кейін Али: «О пайғамбар (ғ.а.)! Ол қолөнерді үйренді және бұдан кейін ол белбеу тағуға лайықты емес пе, яғни ұста болуға?» Али оған белбеу тақты және оған «демалыс» берді. Сахабалардың бәрі Ахи Евранға оның табысы үшін дұға оқып, оның жолына, ережелеріне адалдық көрсету туралы ант берді. Бұдан кейін Ахи Евран шайх Махмуд елден елге сапар шегіп, соңында Қыршехирде мекен тапты, өзінің «завиесін» тұрғызды» [1: 1177].

Бұл оқиға «ахилік» институтының қолөнермен тығыз байланысты екенін аңғартады. Дегенмен футувва және ахилік ұйымы тек қолөнершілерден құралмады. Олардың арасында ел билеушілерді, мемлекеттік жоғары лауазымды қызметкерлерді, саудагер, дін қызметкерін т.б. көруге болады. Бұған қоса оның сопылық бауырластықпен астасып жатқанын айту керек.

Орталық Азияда түркілер арасында сопылық дәстүрінің Қожа Ахмед Яссауиден бастау алғанын назарға алатын болсақ, «ахилік» институттың бастаулары яссауийа тариқатынан шықты деген пікіріміз өзге зерттеушілермен бірізділік танытады.

Қожа Ахмед Яссауидің қызметі халыққа ислам дінін уағыздау, насихаттау болатын. Ол түркі халқының саяси, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени, рухани тіршілігін толық меңгергендіктен, тек дінді уағыздаумен ғана шектелмеді. Тарихи, қоғамдық-әлеуметтік, моральдық-этикалық тақырыптарды дінмен сабақтастыра жүргізді. Сондықтан оның ілімі түркі халықтарының рухани өміріне бойлай енді. Оның ислами-түркілік ілімі Түркістанда ғана емес, түрік халықтары өмір сүретін барлық территорияның рухани ортақ мұрасына айналды. Қожа Ахмет Яссауидің ең түпкі атасы Исхақ баб өте дәулетті кісі болады. Канал қаздырып, ханакалар салғызады. Үлкен жер үлесінің иесі болып қаншама мүридтер жетілдірген-ді.

Түрік халықтарының пірі атанған Қожа Ахмед Яссауидің тұлғасы, уағыздаған жолы мен қызметін зерттей келе, орыс шығыстанушыларының бірі — Н.С. Лыкошин: «сопылық насихатта біз тек қана қырғыз (*қазақ* — автордан) көшпелілердің исламдану процесін емес, халықты саяси бірлікке итермелеуші мықты қозғаушы күшті көруіміз керек» [9: 156], — деп Яссауи ілімінің ықпалын жою үшін керекті шараларды қолдануды ұсынған болатын. Бұдан осы аймақтағы тариқаттың беделі мен оның ықпалынан империялық басқыншылардың қаншалықты қорыққанын байқауымыз қиын емес. Кеңес үкіметі дәуірінде болса, бұл пікірге өте мән берілді, түркі сопылығы жабық тақырыптардың біріне айналды. Қожа Ахмед Яссауидің ғибратты дүниелері жайлы бірлі-жарым зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері болғанымен, көп ұзамай ол зерттеушілер саяси қысымға ұшырады.

Ахилік институтының алғышарттарын қарастыру үшін алдымен тарихи деректер бойынша сопылық бауырластықтың таралу аймағын айқындаған жөн. Барлық тариқаттардың өз ережелері, әдептері, халдері мен мақамдары бар болғаны секілді түркілік бағытта қалыптасқан яссауийа дәстүрінің де өзіне тән халдері мен мақамдары қалыптасты. Уақыт өте ислам дініне түркілік ерекшелікті енгізген алғашқы түркістандық сопылық мектепке айналды.

Ахмед Яссауиден иршад алған мүршидтерден тараған ізбасарлар да уақыт өте яссауийа дәстүрін жалғастыру мақсатында жер-жерге таралды. Сафи ад-дин Қойлақы Яссауидің 12 мың мүриді, 40 қылуатханасы болғаны жайлы мәлімет береді. Ол Қожа Ахмет өзінің мүриді болған Мұхаммед

Даньшманд Зарнуқиға 40 жыл қызмет еткеннен соң Отырарда иршадпен айналысуына рұқсат еткеніне тоқталады [10: 29–30].

Моңғол дәуіріне дейін-ақ яссауиға дәстүрі, ең алдымен, Сырдария бассейніне, Ташкент және оның маңына тарап, Мауераннахр, Хорезм, Еділ-Орал аймағына таралған болатын. Яссауиға дәстүрі XVI ғасырға дейін Ферғана, Ош, яғни Өзбекстан жерінде өзінің белсенді қызметімен танылса, XIX ғасырдан XX ғасырдың 70-ші жылдарына дейін, яғни кеңестік дәуірде де аты аталған аймақтарда тіршілігін сақтап қалды [11: 21].

Яссауиға бауырластығының Самарқанд өңірінде Джамал ад-дин ‘Азизан (1507 ж. қайтыс болған) тарапынан ‘Азизийа атты маңызды тармағы құрылған. Дегенмен ‘Азизийа қауымы өзге орталықтанған бауырластықтар секілді тұрақты құрылымға ие болмады. Өйткені олар орталықтанған мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарға тәуелсіз көшпелі тұрмыс-тіршілік сүрген.

Зерттеуші ғалым М.Ф. Көпрүлү өзінің зерттеу жұмысында яссауиға халифаларын Қыпшақ және Анадолы деп екіге бөліп қарастырады. Ғалымның зерттеулеріне қарағанда қыпшақтағы халифалары туралы мәліметтер Хусам ад-дин ибн Шараф ад-диннің 1584–1588 жж. жазған «Рисала-и Тауарих-и Булгари-а» атты шығармасында кездеседі [12: 44]. Сонымен қатар Иқанийа және сол сияқты бірнеше кішкентай бауырластықтар яссауиғадан бастау алды деп айтылғанымен, оның ықпал ету аймағы сол уақыттағы Ташкент уәлаятымен шектеліп қалғаны туралы деректер бар [13: 136].

Яссауиға мен Нақшбандийа тариқаттарының өзара қарым-қатынасы туралы М.Ф. Көпрүлүнің еңбегінде мынадай екі оқиға баяндалады. Бірінші оқиға бойынша: «Қожа Баха’ ад-дин алғашқы уақытта Әмір Сайид Келалдың белгісімен Қасым Шайхтың қасына келді; екі-үш айдан көп сонда болды. Соңында Шайх оған «менің тоғыз ұлым бар еді, сен оныншысың және бәрінен жоғарысың!», – дейді [12: 108–109]. Ал екінші оқиғада Нақшбанд Яссауиға шайхтарының бірі Халил атадан тәлім алады. Бір күні Бұхара базарында түсімде көрген дәруішпен жолықтым, бірақ сөйлескен жоқпын. Кешке үйіме біреу келді. Халил дәруіш деген кісінің менімен жолыққысы келетінін жеткізді. Кездейсоқтық ол дәруішті Мауераннахрдың билеушісі етіп тағайындады; ол Сұлтан Халил атағын алды. Сол уақыттары ол менімен сұхбаттасып, мейірімділік танытты, тариқат әдептерін үйретті. Алты жылдай жанында болдым» делінеді [14: 229].

Кіші Азия территориясына келсек, моңғол дәуірінде мұнда келген түркі бауырластықтардың «негізгі қайнар көзін Ахмед Яссауиден бастау алған Түркістан мектебі құрады» деген пікірлер бар. Шынында да Анадолыдағы сопылық бауырластықтардың ұлттық сипат алғандары Хорасан жолымен келген Түркістан мектебінің өкілдері болатын. Зерттеуші ғалым А. Пала «Яссауиға «бабаларының» XIII ғасырдың басында хорезмшахтар мен қарақытайлар арасындағы соғыстар барысында-ақ Анадолыға кіре бастағанын айтады [15: 233].

Көптеген ғалымдарының зерттеулерінде Бекташийа мен Хайдарийа тариқаттары яссауиға дәстүрінің Анадолыдағы қолы ретінде танылса, сондай-ақ аталмыш дәстүрлердің Яссауиғаға еш қатысы жоқ екенін дәлелдеуге тырысатын еңбектер де бар.

Бекташийаның негізін қалаған Қажы Бекташ Кіші Азияның түріктенуіне және ол жерде исламның таралуына үлкен еңбек сіңірген тұлға. Аңыз бойынша ол Қожа Ахмет Яссауиден тәлім алған дәруіш болып саналады. Ал Сары Салтұқ, Отман баба және Қызыл Дели (Сайид ‘Али Сұлтан) сияқты сопылар Бекташийа тариқатына қызмет еткен. Бұлардың арасында Сары Салтұқ жайлы тарихи деректер өте аз. Зерттеуші ғалым Х. Арсланның пікірінше, Қожа Ахмет Яссауидің Түркістанда қалыптастырған және жүйелендірген ұстанымдары Анадолыда Қажы Бекташ Велидің жол көрсетуімен жаңа құрылым ретінде пайда болды. Автор зерттеуінде М.Ф. Көпрүлүннің «батыс және шығыс түріктері бірдей оның рухани ықпалында еді. Осман мемлекеті халқының басым бөлігін құраған бекташилер, ахилер, ниметуллахилер, нақшбандилер Ахмет Яссауиден қол алған болатын» дегенін негізге алып: «Яссауиға Мауераннахрда нақшбандийа тариқатын қалай тудырса, Анадолыда да бекташийаны туғызды», — деген қорытынды жасайды [16: 95–96].

Кейбір мәліметтерде Анадолыдағы Ахи Еврен де алғашқы сопылық тәрбиені Хорасанда Яссауи халифаларынан алып, 1206 жылы Анадолыға келіп, Кайсериде, кейіннен Кыршехирге орналасып, Ахи бауырластығының негізін құраған болатын. Ал Кудведдин Хайдар — Яссауидің мүридi, жас кезінде Қожаға беріледі. Яссауиден захир, батын ілімдерін толық меңгергеннен кейін ол Хорасанға шенеунік болып тағайындалады. Халық арасында «Қутб-ы алам» деген атақ алып, Кіші Азиядағы Хайдарийаның бастаушысы болды [17: 50–51]. Анталиядағы Хайдар баба Яссауиға дәруіштерінің бірі Абдал Мұсаның атасы болып келеді.

Моңғол шапқыншылығы дәуірінде негізгі үлкен көш 1220 жылы Орталық Азиядан Әзірбайжан жолы арқылы Анадолияға барып тірелсе, екінші бағыттағы көш Үндістан жеріне қоныстанғаны айтылады. Осылайша Яссауиға ілімі ізбасарлары арқылы Үндістанға да жетеді. Аббас Ризвидің «The History of Sufism in India» деп аталатын еңбегінде Бенгалдағы мұсылман еместерге қарсы жихад еткен яссауиға дәруіштері туралы айтылады. Бұл деректі зерттеген түркиялық ғалым И. Гүндүз өз зерттеуі барысында, (Үндістан) Деджанда Баба Палангпуст, Баба Мисафир теккелері яссауиға өкілдері тарапынан құрылғанын дәлелдейді [18: 192].

Халық яссауиға ізбасарларын «баба», «абдал», «алып», «ерендер» немесе «Хорасан ерендері», «газилер» сияқты түрлі рухани лақаптармен атады. «Газилер» соғысқа аттанып жатса, қалғандары бос жатқан Анадолия жерінде егіншілік және мал шаруашылығымен айналысты. Олардың шығындары «вакф» кірістерімен өтелетін «завияларға» ие болды.

Яссауиға түркі сопылық мектебі өкілдерінің таралу географиясына қарай отырып, Анадолиядағы сопылық бауырластықтардың арасындағы байланыстың бар екені дәйектелді деп айта аламыз. Ал ахилік мектептің негізі түркістандық сопылық мектептен бастау алғаны туралы ақпаратты дереккөздерде кездесетін мағлұматтар арқылы талдауға тырысамыз. Дешті Қыпшақ жеріндегі көшпелі түркі халықтарының арасындағы яссауиға сопылық бауырластығының қызметін ашуға мүмкіндік береді.

Түркістандық Қожа Ахмет Яссауи және оның тариқаты туралы сенімді дереккөздердің бірін қалдырған XVI-XVII ғғ. өмір сүрген сопы шайхы Ахмет Хазини болатын. Ол жастайынан яссауиға дәстүрінің халифасы атанып, екі тариқаттың мүршиді болды.

Дегенмен шайх Хазини туралы деректер өте тапшы. Шайхтың өмірі мен шығармалары туралы сенімді деректерді оның өзі жазған туындыларынан ғана көру мүмкін. Шығармаларының бірінде шайх өзін Кубравийа тариқаты жолындағы отбасында өмірге келгенін жазады. Сондай-ақ Хазини он екі жасқа келгенде илахи құштарлыққа тап болып, жезбеге шалдығады. Мәжнүн секілді рақс пен самаға ынтық болады [19: 128], сопылардың қабірлерін зиярат ете бастайды. Хазинидің бұл илахи құштарлық халі Яссауиға шайхы Саййид Мансұрды кездестіргенге дейін жалғасады.

Хазинидің ұстазының лақабы «Қасықшы» болатын. Сондықтан шайхы Саййид Мансұрды кейде Саййид Қасықшы деп те атайды. Деректерге қарағанда Саййид Мансұр күндіз қасық жонумен айналысқан болатын [19: 207]. Сол арқылы күн көру қаражатын қамтамасыз еткен. «Қасықшы» деген лақап осы айналысқан кәсібіне қарай берілген еді. Сондай-ақ бұл кәсіп Ахмет Яссауиден қалған жол болатын.

Демек яссауиға жолындағылардың қолөнер кәсібімен айналысқаны мәлім болып отыр. Бұл дерек яссауиға жолында бауырластық мүшелерінің арасында рухани ғана емес, кәсіби тәуелділіктің де болғанын білдіреді. Сонымен қатар бұл дерек Дешті Қыпшақ жерінде көшпелілер арасында да белгілі бір кәсіби жүйенің жұмыс жасағанына жорамал білдіреді.

Зерттеулеріне қарағанда «ахилікте» әрбір кәсіптің — пірі бар болатын. Анадолия жері отырықшылыққа негізделгендіктен, кәсіп иелерінің осы шарттар аясынан шыққанын пайымдауға болады. Ал Дешті Қыпшақ даласының басым бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқанын ескеретін болсақ, яссауиға жолындағы шайхтардың да кәсібі тұрмыс-тіршілікпен үндесіп жатуы мүмкін. Мұны қазақ арасындағы қойдың пірі — Шопан ата, ірі қара малдың пірі — Зеңгі баба, түйенің пірі — Ойсыл Қара (Уайс Қарани), жылқының пірі — Қамбар ата деген ұғымдар дәйектейді.

Осыған орай зерттеуші Д.Т. Кенжетәев Зеңгі баба мен Ойсыл Қараның түліктің атасы деген түсініктен бұрын, сопылық мәдениеттегі олардың маңызды із қалдырған тарихи тұлғалар екеніне назар аудартады. Сонымен қатар сопылардың қазақ мәдениетінде төрт түлік малдың атасы ретінде танытылуының өзі сопылық дүниетанымның ықпалынан туындағанын айтады [20: 23]. Мәселен, Зеңгі баба туралы қысқаша ақпарат беретін болсақ, ол — Ахмет Яссауидің халифасы Сүлеймен Қожа Хаким атаның ең жақын шәкірттерінің бірі және халифасы болатын.

Арыстан бабтың немересі Абдулмалик Қожаның баласы Тәжі Қожа (Тас Қожа) Зеңгі бабаның әкесі болған. Тас Қожа бір кездері Ахмет Яссауидің қызметінде болып, сопылық ілім, рухани тәлім-тәрбие алған болатын. Тас Қожа 615/1218 жылы қайтыс болды деген деректер де кездеседі.

Ал Зеңгі бабаның туылған жылы нақты белгісіз, шамамен XII ғасырдың соңы — XIII ғасырдың басы делінеді. Ал туған жері — Ташкент қаласында деген жорамалдармен қоса, Шаш уәлаятында, яғни Ташкент пен Қауыншының арасындағы қазіргі Зеңгі ата деп аталатын ауыл делінеді. Деректерге қарағанда оның негізгі аты — Айқожа ибн Тасқожа екен. Ал реңінің (терісі) қара түсті болғанына байланысты Зеңгі деген лақап берілген екен.

Тарихи деректерге қарағанда, Қожа Ахмет Яссауи пір тұтқан билеушілердің бірі — Салжұк мемлекетінің сұлтаны Санжар болған. Сұлтан Санжардың халыққа тарату үшін Яссауиге 50 000 алтынды сыйға бергендігі туралы мәліметтер де кездеседі [21: 100].

Алтын Орда дәуірінде де көшпелі тайпалардың, моңғол билеушілерінің мұсылмандықты қабылдауы жалғасын тапты. Мұсылмандықты ханның қарамағындағы билік басындағылар ғана емес, көшпелі феодалдар мен нояндар да қабылдай бастады. Деректердің бірінде Алтын Орда ханы Беркеге жас кезінде Ходжендтің бір ғалымы Құранды оқып үйреткен болатын. Араб авторларының мәліметтері бойынша Беркеге белгілі сопы, шайх Сайф ад-дин Бахарзи ислам дінін қабылдаған еді. Бұл оқиға Беркенің моңғол құрылтайынан, яғни 1251 жылы Мөңкенің таққа отыруынан Волга бойына қайтар жолында болған. «Джавахир ал-абрарда» Наджм ад-дин Кубра халифаларынан шайх Сайф ад-дин Бахарзи Яссауидің халифасы ретінде аталады [12: 74]. Берке және одан кейінгі исламды қабылдаған хандар ханафи мазхабын ұстанып, ордада шафи, малики мазхабтарының жұмысына кедергі келтірмеді.

Сонымен қатар Ахмет Яссауи қайтыс болып кеткеннен кейін оның қабірінің үстіне Әмір Темірдің бұйрығымен 1396 жылы үлкен кесене тұрғызылды. Бұл яссауи жолының саяси биліктегі ықпалын көрсетеді.

Отандық зерттеуші Е. Есбосынов ахилік институтында кездесетін терминдерді казактардың арасында қолданылатын ұғымдармен салыстырады. Олардың қатарында мазмұны мен мағынасы өте жақын «шырақ», «калфе», «ұста» ұғымдарына сипаттама беріп, ахилік институтының алғышарттары алғаш Түркістанда қалыптасқанын алға тартады [5].

Орыс зерттеушілерінің бірі Г.А. Феодоров-Давыдов өзінің «Алтын Орданың қоғамдық құрылымы» атты еңбегінде Алтын Орда хандарының өзі қала өміріне қызығып, шеберханалар салғыза бастағанын атап өтеді [22: 77]. Бұған қоса қалалардың моңғол дәуіріне дейінгі сияқты қалалық үстем тап өкілдерінің шенеуніктер, улемалар (діни ғылым адамдары), саидтар, шайх дәруіштер және олардың ұрпақтарынан құралғанын және олардың ірі жер иеленушілері болып, саудамен арасындағы тығыз байланысты атап өтеді [22: 82]. Мұнда біздің назарымызды аударатын мәселе, ахилік ұйымдағы сияқты дәруіш шайхтардың билеушілермен қатар, саяси ықпалын және саудагерлермен байланыса отырып, экономикалық белгілі бір салмаққа ие болғанын көру.

Зерттеуші Б. Шпулер өзінің «Алтын Орда. Ресейдегі моңғолдар» атты еңбегінде 1261 жылы Бейбарыс алтынордалық елшілерді осы бауырластыққа қабылдағанын, осы ұйымның негізгі орталығы Кіші Азия екенін айтады [23: 243]. Футувва қабылдағаннан кейін Бейбарыс оларды кері Алтын Ордаға жіберді. Сондай-ақ 1333 жылы Сарайда 12 ханафи, 1 шафи мазхабтары мешіттерінің жұмыс жасағанын атап өтеді [23: 245]. Бұған қоса Берке ханның Изз аддин Кейкауыспен неке-туыстық одағының арқасында ахиліктің Алтын Ордаға енуіне мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек Анадолыдағы жаңа мектептердің алғышарттары Түркістан жерінен басталғанын мына жайт нақтылайды. Нақтырақ айтқанда, яссауи тарихатында мүрид болып тарихаттың мүшелігіне кіру адамның қалауына байланысты жүргізілді. Тарихаттардың ішінде ең алғаш болып яссауида әйелдер мүридтікке қабылданып, шайхқа тәуелденді, зікір мәжілістеріне қатысты. Мәселен, Яссауидің қызы Гаухар ханым әкесінің көзі тірісінде шайхтың хикметтерін үйрену және үйретуді қолға алады. Ол ең алдымен көршілерге, маңайдағы ауылдардың әйелдеріне үйретеді. Арада біраз уақыт өткенде бұл дәстүр бүкіл Түркістанға жайылады. XII ғасырдан қазірге дейін жалғасып келе жатқан бұл дәстүр — «Шілтен» деп аталады. Ол 40 кісіден құралатын әйел-қыздар тобы тарапынан белгілі бір жүйемен жүзеге асырылады. Бұл дәстүрдің түрік халықтарының арасында әлі жалғасып келе жатқанын айтуға болады. Зерттеуші Т. Зарконе Татарстан және Орта Азиядағы сопылық әрекеттерді зерттей отырып: «мұнда «әулиеге тәуелділік» ісі, әсіресе әйелдер тарапынан жалғасып бүгінгі күнге дейін келгенін» айтады [24: 51]. Оның зерттеуіне сүйенетін болсақ, бұл дәстүр күз маусымынан бастап көктем мезгіліне дейін созылады. Қыз-әйелдер тобы ауылдарда, қалаларда жиналып, Ахмет Яссауи хикметтерін оқиды.

Бұл оқиғалар яссауидағы қалыптасқан жүйенің жұмыс жасағанын аңғартады. Зерттеушілердің атап өткеніндей Анадолыға келгеннен соң бұл ұйым тек рухани емес, саяси және экономикалық мықты күшке айналып қайта құрылды. Осы пікірімізді Анадолыдағы «ахилік» ұйымының құрамы ер кісілерден құрылса, әйел қыздардан тұратын «Бажыян-ы Рум», яғни «Анадолы әйелдері» атты ұйымның ахиліктің әйелдер саласы екенін дәйек етуге болады. Бұл түркі халықтарында әйелдердің азаматтық қоғам құрудағы маңызды ролін көрсетеді.

Қорытынды

Ортағасырлық Орталық Азияда футтува қозғалысы сопылық бауырластықтарға тереңдей еніп, бауырластық жүйесін қалыптастырды. Бұл ұстаным бауырластық құрамының өзара ерекше байлануына әкеліп, жомарттығымен халық арасында құрметке ие болды.

Сопылық бауырластықтардың бірі ретінде пайда болған яссауиә әсіресе көшпелі түркі халқының арасында саяси, рухани мықты ықпалды еді. Мұнда ханакалардың жұмыс жасауы сопылық бауырластықтағы футува ұстанымын аңғартады. Бауырластықтағы әйел, қыздардан құрылған ұйымдар түркі халықтарында әйелдердің азаматтық қоғам құрудағы рөлінің маңызды болғандығын көрсетті. Сопылықты насихаттау түркілерді исламдануға ғана емес, саяси бірлікке итермелегендігі анықталды.

Алтын Орда билеушілері Кіші Азиямен, Мамлүк сұлтандығымен тығыз байланыс орнатты. Бұл мемлекеттерде футува кең таралды. Бертін келе футуваның халықтық және сарайлық түрі Жошы ұлысында өмір сүрді.

Түркістандық сопылық бауырластық яссауиәнің жаңа қолы — ахилік уақыт өте жаңа мектеп ретінде Алтын Орда территориясына кірді. Бұл Алтын Орда мен Анадолы арасындағы саяси, рухани, мәдени және экономикалық байланыстарды күшейте түсті. Анадолыда осы мектептің құрылуына алғышарт қалыптастырған Түркістанның сопылық түркі мектебі болды.

Мақала «Қазақстанның қазіргі заманғы тарих ғылымын қалыптастырудың ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу» атты бағдарламалық нысаналы қаржыландыру шеңберінде орындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гордлевский В.А. Дервиши Ахи Эврана и цехи в Турции // Изв. Академии наук СССР. — 1927. — VI сер. — Т. 21. — Вып. 7. — С. 1171–1194.
- 2 Шамсимухаметова М.Р. Религиозные братства Ахи в Золотой Орде // Исламоведение. — 2018. — Т. 9, № 3. — С. 40–52.
- 3 Омонова М.А. «Навоий иждида футувват ғояларининг бадий талкини» («Сабаи сайёр» достони асосида) мавзусидаги магистр академик даражасини олиш учун ёзилган диссертация. / М.А. Омонова. — Тошкент, 2012. — 75 с.
- 4 Kenjetay D. Yesevi Düşüncesinde Ahiliğin Temel İlkesi Ahlaktır / D. Kenjetay // II Uluslararası Ahilik Sempozyumu Bildirileri (19–20 Eylül 2012). — Kırşehir: 2012. — S. 47–61.
- 5 Esbosin E. Orta Asya'da (Kazaklarda) Ahilik Geleneğinin İzleri / E. Esbosin // III. Uluslararası Ahilik Sempozyumu Bildirileri (5–7 Ekim 2017). — Kırşehir: 2017. — S. 173–183.
- 6 Аскер А. XII–XV əsrlərdə Azərbaycanın mənəvi mədəniyyəti (tarixi etnoqrafik araşdırma). / А. Аскер. — Bakı: «Elm» nəşriyyatı, 2012. — 368 s.
- 7 Durak I. Ahiliğin sosyo-ekonomik etkileri ve günümüze yansımaları / I. Durak, A. Yücel // The Journal of Faculty of Economics and Administrative Science. Suleyman Demirel University. — 2010. — Vol. 15, No 2. — P. 151–168.
- 8 Ahmet Yaşar Ocak. Fütüvvetname // <https://islamansiklopedisi.org.tr/futuvvetname>
- 9 Лыкошин Н.С. Пол жизни в Туркестане / Н.С. Лыкошин. — Петроград, 1916. — 412 с.
- 10 Сафи ад-дин Орын Қойлақы. Насаб-нама / Дайындағандар: Ә. Муминов, З. Жандарбек. — Түркістан: Мұра, 1992. — 32 б.
- 11 Жандарбек З. Қ.А. Иассауи және қазақ мәдениеті // Қазақ тарихы. — 2003. — № 5. — Б. 3–8.
- 12 Köprülü F.M. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar / F.M. Köprülü. — Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı, 1991. — 415 s.
- 13 Усмон О. Вахдат шаробин ичдим / О. Усмон // Қожа Ахмад Яссавий (хаёти, ижди, анъаналари). — Ташкент: Ўзбекистон Езувчилар уюшмаси, 2001. — С. 133–142.
- 14 ДиУис Д. Маша-их турк и Хваджаган: переосмысление связей между суфийскими традициями Иасауиә и Накшбандийә / Д. ДиУис // Суфизм в Центральной Азии (зарубежные исследования). — 2001. — С. 210–270.
- 15 Pala A. Yesevilikten Bektaşiliğe Türk Müslümanlığı / A. Pala // Yesevilik Bilgisi. — Ankara: 1998. — S. 229–237.
- 16 Arslan H. Osmanli Anadoluşunda Yesevilik Gorunimleri / H. Arslan // IV Uluslararası Alevilik ve Bektaşilik Sempozyumu Bildiriler Kitabı (18–20 Ekim 2018). — Ankara: 2018. — S. 91–107.
- 17 Uslu M. Pir-i Türkistan Ahmed Yesevi / M. Uslu // Türk Dünyası Tarih Dergisi. — İstanbul: 1989. — Cilt VI. — No 31. — S. 49–55.
- 18 Gündüz İ. Ahmed Yesevi'nin Tarikati ve İrşad Anlayışı / İ. Gündüz // Yesevilik Bilgisi. — Ankara & 1998. — S. 189–196.
- 19 Hazinî. Cevâhîru'l-Ebrâr Min Emvac-ı Bihâr (Yesevi Menâkıbnamesi). / Hazırlayan: Cihan Okuyucu. — Kayseri: Erciyes Üniversitesi Matbaası, 1995. — 220 s.

20 Кенжетай Д. Қожа Ахмед Йасауи дүниетанымы / Д. Кенжетай. — Түркістан: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті баспаханасы, 2004. — 341 б.

21 Sebescioğlu E. Noca Ahmed-i Yesevi (ölüm tar.562/1167 y.) / E. Sebescioğlu // Yesevilik Bilgisi. — Ankara: 1998. — S. 97–142.

22 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды / Г.А. Федоров-Давыдов. — М.: Изд-во Моск. ун-та, 1973. — 178 с.

23 Шпулер Б. Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг. / Б. Шпулер; пер. с нем. яз. и комм. М.С. Гатина. — Казань: Ин-т истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. — 500 с.

24 Zarccone Th. XX yüzyılda Tataristan ve Orta Asya'da Tasavvufi Hareketler / Th. Zarccone, Tercüme eden: E. Keskin // Türkler. — Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002. — Cilt XIX. — S. 47–61.

А.М. Ауанасова, Ғ.И. Кушенова, А.С. Бижанов,
С.Б. Оразаев, Н.Б. Смагулов

Теоретико-методологические основы изучения Центрально-Азиатского движения футувва и предпосылки института Ахилла на становление концепции в исторической науке Казахстана

В отечественной истории изучение предпосылок движения футувва и института Ахи, оказавшего сильное влияние на социокультурную жизнь Центральной Азии в средние века, поднимает важные вопросы. В базе наукометрических данных почти нет исторических трудов, которые поднимают вопросы о политическом и экономическом влиянии школы ясавийа. Принимая во внимание тот факт, последователями Ясави были люди разного статуса, начиная от обычных людей до правителей страны. Исторический анализ политического, экономического и духовного влияния школы в Туркестане является основой фундаментальных исследований. Исследовательская работа позволит полностью обобщить этот период отечественной истории и всесторонне выявить направления сотрудничества между государствами в области образования и науки, в политической, экономической и духовной сферах. В средневековом Казахстане братство ясавийа занимал особое место. Для постоянного служения братству работали ханаки, а их ученики, как Ходжа Ахмед Ясави, занимались изготовлением ложек. Муршид стал «Пиром» (Покровителем) тюркских народов. Принимая во внимание тот факт, что в кипчакских степях животноводство было основной деятельностью, у каждого животного был свой «пир». В Ахилловом институте тоже был «дух» каждой профессии. Мы также видим, что понятия, используемые в иерархической системе института, применялись у кочевых казахов. Шейхи Ясавия взаимодействовали с местным населением посещаемых ими территорий, развивали туркестанскую суфийскую школу и формировали новые структуры. Институт Ахилла в Анатолии, который возник как одна из этих школ, начал функционировать при династии Джучи. Таким образом, можно отметить влияние движения футувва среди кочевого населения тюркских народов в средневековом Казахстане и доказать, что предтечей создания института Ахилла в Анатолии послужила туркестанская суфийская школа.

Ключевые слова: футувва, институт Ахи, суфийское братство, Ходжа Ахмет Ясави, тарикат ясавийа.

A.M. Auanasova, G.I. Kushenova, A.S. Bizhanov,
S.B. Orazayev, N.B. Smagulov

Theoretical and methodological foundations of the study of the Central Asian Futuvwa movement and the prerequisites of the Ahi Institute for the formation of a concept in the historical science of Kazakhstan

The study of the prerequisites of the Futuvwa movement and the institution of Ahi, which had a strong influence on the socio-cultural life of Central Asia in the Middle Ages, raises important issues in the history of the country. There are almost no historical works in the database of scientific indicators that raise questions about the political and economic impact of the Yasawiyya school. Since the followers of Yasawiyya were people of different status ranging from ordinary people to the rulers of the country, the historical analysis of the political, economic, and spiritual influence of the school in Turkestan is the basis of fundamental research. The research work enables to fully generalize this period of the country's history and comprehensively identify the areas of cooperation between states in the field of education and science, political, economic, and spiritual spheres. In medieval Kazakhstan, the Yasawiyya movement occupied a special place. The khanqahs worked for constant service to the brotherhood, and their disciples, such as Khoja Ahmed Yasawi, were engaged in spoon carving. Murshid became the "spirit" of the Turkic peoples. As the animal husbandry was the

main activity in the Kipchak steppes, each animal had its own “spirit”. The Ahi Institute also had the “spirit” of every profession. We also see that the concepts used in the hierarchical system of the institution were applied among the nomadic Kazakhs. Yasawiyya Sheikhs interacted with the local population of the territories they visited, developed the Turkestan Sufi school, and formed new structures. The Ahi Institute in Anatolia, which originated as one of these schools, began to function during the Jochi dynasty. Thus, one can note the influence of the Futuvwa movement among the nomadic population of the Turkic peoples in medieval Kazakhstan and prove that the Turkestan Sufi school served as a prerequisite for the creation of the institute of Ahi in Anatolia.

Keywords: Futuvwa, Ahi Institute, Sufi brotherhood, Khoja Ahmed Yasawi, Yasawiyya tariqat.

References

- 1 Gordlevskii, V.A. (1927). Dervishi Akhi Evrana i tsekhi v Turtsii [Dervishes of Ahi Evran and guilds in Turkey]. *Izvestiia Akademii nauk SSSR — Proceedings of the Academy of Sciences of the USSR*, VI, 21, 7, 1171–1194 [in Russian].
- 2 Shamsimukhametova, M.R. (2018). Religioznye bratstva Akhi v Zolotoi Orde [Ahi religious brotherhoods in the Golden Horde]. *Islamovedenie — Islamic studies*, 9, 3, 40–52 [in Russian].
- 3 Омонова М.А. «Навоий ижодида футувват ғояларининг бадий талқини» («Сабаи сайёр» достони асосида) мавзусидаги магистр академик даражасини олиш учун ёзилган диссертация. / М.А. Омонова. — Тошкент, 2012. — 75 с.
- 4 Kenjetay, D. (2012). Yesevî Düşüncesinde Ahiliğin Temel İlkesi Ahlaktır // II Uluslararası Ahilik Sempozyumu Bildirileri (19–20 Eylül). Kirşehir, S. 47–61.
- 5 Esbosin E. Orta Asya'da (Kazaklarda) Ahilik Geleneğinin İzleri / E. Esbosin // III. Uluslararası Ahilik Sempozyumu Bildirileri (5–7 Ekim 2017). — Kirşehir: 2017. — S. 173–183.
- 6 Asker, A. (2012). XII-XV əsrlərdə Azərbaycanın mənəvi mədəniyyəti (tarixi etnoqrafik araşdırma). — Bakı: «Elm» nəşriyyatı.
- 7 Durak, I., & Yücel, A. (2010). Ahiliğin sosyo-ekonomik etkileri ve günümüze yansımaları // The Journal of Faculty of Economics and Administrative Science. Suleyman Demirel University. Vol. 15, 2, 151–168.
- 8 Ahmet Yaşar Ocak. Fütüvvetname// <https://islamansiklopedisi.org.tr/futuvvetname>).
- 9 Lykoshin, N.S. (1916). Pol zhizni v Turkestane [Half life in Turkestan]. Petrograd [in Russian].
- 10 Muminov, A., & Zhandarbek, Z. (1992). Safi ad-din Oryn Qoilaqy. Nasab-nama [Safi-ad-din Oryn Koilaki. Nasab nama]. Turkistan: Mura [in Kazakh].
- 11 Zhandarbek, Z. (2003). Q.A. Yassauı zhane qazaq madenieti [Kh.A. Yasawi and Kazakh culture]. *Qazaq tarikhy — Kazakh history*, 5, 3–8 [in Kazakh].
- 12 Köprülü, F.M. (1991). Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı.
- 13 Усмон О. Ваҳдат шаробин ичдим / О. Усмон // Қожа Аҳмад Ясавий (хаёти, ижоди, анъаналари). — Ташкент: Ўзбекистон Езувчилар уюшмаси, 2001. — S. 133–142.
- 14 DeeUis, D. (2001). Mash-ikh turk i Khvadhagan: pereosmyslenie svyazei mezhdru sufiiskimi traditsiiami Yasaviia i Nakshbandiia [Masha-ih Turk and Khwajagan: Rethinking the links between the Sufi traditions of Yasawiyya and Naqshbandiyya]. *Sufizm v Tsentralnoi Azii (zarubezhnye issledovaniia) — Sufism in Central Asia (foreign studies)*, 210–270 [in Russian].
- 15 Pala, A. (1998). Yesevilikten Bektaşiliğe Türk Müslümanlığı. Yesevilik Bilgisi. Ankara.
- 16 Arslan, H. (2018). Osmanli Anadolusunda Yesevilik Gorunumleri // IV Uluslararası Alevilik ve Bektasilik Sempozyumu Bildiriler Kitabı (18–20 Ekim). Ankara.
- 17 Uslu, M. (1989). Pir-î Türkistan Ahmed Yesevi. Türk Dünyası Tarih Dergisi. İstanbul, Cilt VI, No 31, 49–55.
- 18 Gündüz, İ. (1998). Ahmed Yesevi'nin Tarikati ve İrşad Anlayışı. Yesevilik Bilgisi. Ankara.
- 19 Hazinî. (1995). Cevâhîrî'l-Ebrâr Min Emvac-ı Bihâr (Yesevi Menâkıbnamesi). Hazırlayan: Cihan Okuyucu. Kayseri: Erciyes Üniversitesi Matbaası.
- 20 Kenzhetai, D. (2004). Qozha Akhmed Yasauı dunietyany [The worldview of Khoja Ahmed Yasawi]. Turkestan: Qozha Akhmed Yasauı atyndagy Khalyqaralyq qazaq-turik universiteti baspakhanasy [in Kazakh].
- 21 Cebecioglu, E. (1998). Hoca Ahmed-i Yesevi (ölüm tar. 562/1167 y.). Yesevilik Bilgisi. Ankara.
- 22 Fedorov-Davydov, G.A. (1973). Obschestvennyi stroi Zolotoi Ordy [Social structure of the Golden Horde]. Moscow: Izdatelstvo Moskovskogo universiteta [in Russian].
- 23 Shpuler, B. (2016). Zolotaia Orda. Mongoly v Rossii. 1223–1502 gg. [Golden Horde. Mongols in Russia. 1223–1502]. (M.S. Gatina, Transl.). Kazan: Institut istorii imeni Sh. Mardzhani Akademii nauk Respubliki Tatarstan [in Russian].
- 24 Zarccone, Th. (2002). XX yüzyılda Tataristan ve Orta Asya'da Tasavvufi Hareketler / Tercüme eden: E. Keskin // Türkler. — Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, Cilt XIX, 47–61.

Н.А. Бейсенбекова*, Л.К. Шотбакова

«Тұлғатану» ғылыми зерттеу орталығы,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: nurapai@mail.ru; shotbakovazz@mail.ru)

Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы қазақ азаттық қозғалысының рухани көсемі

Мақалада XX ғасырдың басындағы Ресей империясының отаршылдық саясатының салдарынан қазақ халқының жерінен, тілінен, дінінен айырылып қалуы күшейген кездегі Алаш зиялыларының тарих сахнасына шығуы туралы айтылған. Қазақстандағы азаттық қозғалыстың жаңа кезеңінің басталуына сәйкес халықтың тарихи санасын оятудағы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінің маңыздылығын көрсету мақсатында оның еңбектерін дерек ретінде талдау арқылы азаттық қозғалыстың рухани көсемі, көшбасшысы болған тарихи тұлға ретіндегі рөлі баяндалған. А. Байтұрсынұлының қазақ халқының тарихи тұлғасы және рухани көшбасшысы ретінде қалыптасуы XX ғасырдың басындағы азаттық қозғалысымен тығыз байланысты, оны төрт кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең — 1905 жылғы Қарқаралы петициясы; екінші кезең — «Қазақ» газетінде атқарған қызметі; үшінші кезең — Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің қалыптасуындағы рөлі; төртінші кезең — кеңес кезеңіндегі қызметі. Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлының практикалық қызметі мен рухани мұрасын талдау оның өмір бойы ұлттық идея үшін күрескені, өз халқының болашағын жақсарту бойынша нақты жоспарларды іске асыруға ұмтылғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: азаттық, рухани мұра, тұлға, Алаш, ынтымақ, бірлік, білім, петиция.

Kipicne

Тарихтың даму үрдісінде азаттық қозғалыстың мақсатын түсіндіру барысында белгілі бір көшбасшылар, тарихи тұлғалар болады. «Тарихты тұлғалар жасайды» деген шындық — жеке тұлғаның рөлі туралы мәселесімен тығыз байланысты. Тұлғаның қасиеттерінің бірі туралы Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы» деген мақаласында «...Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін ұлттық зиялы қатарына қоса беруге болмайды. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі» [1; 174–176] деп өз заманында көрсетсе, бүгінгі күндері шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде шынайы көшбасшы — тұлға болудың өлшемдері — сенімділік, үміт, оптимизм, табандылық, моральдық пайымдау деумен қатар көшбасшылық теориясы туралы ұстанымдарында көшбасшылық — әр түрлі жолмен анықталып негізделеді дей келе, соның бір белгісі ретінде «көшбасшылық бір топ адамның мақсатқа қол жеткізуіне көмектесетін ықпал ету процесі» деп жазады [2; 262–263]. Осындай тұлғалық қасиетті тарихшы ғалым Л.Н. Гумилев өзінің әйгілі пассионарлық идеясында негіздеген. Ахмет Байтұрсынұлының XX ғасырдың басында қазақ қоғамы үшін атқарған қызметі қазақ халқына рухани жаңа идея берді. Сондықтан да ол зиялылық, тұлғалық, көшбасшылық қасиеттері мол пассионарлық тұлға.

Пассионарлық тұлғалар ғана ұлттық элита бола алады. Ұлттық элита дегеніміз зерек ақыл-ойымен, ұтымды іс-әрекетімен, интеллектуалдық көшбасшылығымен халқының алға қарай дамуына көп еңбек сіңірген, оның өркениетіне белгілі үлес қосқан, ұлтқа үлгілі қабілетті тұлғалар, ұлтының өсуіне елеулі үлес қосқан адам. Шәкәрім қажы айтқандай «ең жақсы адам». Ахмет Байтұрсынұлы осындай қазақтың ұлттық элитасының бірегейі болғандығын дәлелдейтін дерек оның ағартушылық қызметі. Сонымен қатар XX ғасырдың басында бүкіл Азия елдерінде метрополия мен езілген халықтардың арасындағы қарама-қайшылықтардың ерекше шиеленісуі ұлт-азаттық қозғалысын күшейтті. Азаттық күрес ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алуға, шетелдік үстемдікті, отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталды. Тарихта бұл уақыт «Азияның оянуы» деп аталды.

*Хат-хабарларға арналған автор. Email: nurapai@mail.ru

Кеңестік дәуірде Алаш зиялылары туралы зерттеуге тыйым салынды. Жаңа заман Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Алаш зиялылары, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының да елінің болашақ тағдыры мен ұлттық мүддесі жолында күрескен тұлға ретінде зерттеліп, бірнеше еңбектер жарыққа шықты. Атап айтсақ, Р. Нұрғалиев «Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол»; «Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары» (бес томдық) 1989 ж.; Қ. Көшербаев, Е. Арын, Е. Дүйсенбай «Адамдық диқаншысы»; К. Нұрпейісов «Алаштың күрескер ұлы»; С. Қирабаев «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері»; Н. Бейсенбекова «Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі — ұлттық мүдде және Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық идеология» және т.б. көптеген арнаулы зерттеулер, мақалалар жазылды.

XVIII—XIX ғасырдағы қазақ халқы отаршылдыққа қарсы қолына қару алып күресті. XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының — отарлау жүйесі күшейді. Сонымен қатар метрополияда ұлттық-либералдық, демократиялық қозғалыс өрістеді. Отаршылдық саясат Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын тежеді. Осындай жағдайда қазақ даласындағы азаттық қозғалыс жаңа сипатқа ие болды. Бұл кезеңдегі азаттық үшін күрес — оқу-білім, рухани ояну арқылы ұлттың өз құқығын қорғауымен сипатталып, азаттық пен демократиялық-ағартушылық идеялар негізгі ұстанымға айналды. Азаттық қозғалыстың жаңа кезеңінде ұлтының болашағын ойлаған қазақ зиялылары тарих сахнасына шықты. Олар күрестің бейбіт жолын тандап, отаршылдықтан құтылу үшін күресті. Қазақ зиялылары оқу-білімді, ағартушылықты бостандыққа жеткізетін жол деп таныды. Солардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылықты ұлт-азаттық қозғалыстың қайнар көзі деп санады. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бірден-бір көсемі Әлихан Бөкейхан болды. Ол қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысты еуропалық демократиялық, конституциялық, парламенттік күрес жолына бағыттады. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат беріп, жаңа демократиялық күрес жолын негіздеді. Себебі оны қазақ қоғамындағы надандық, қараңғылық, кертартпалық, ұлттың рухани ұйқыдан оянабауы, құлдық санадан шыға алмауы, таланған жері толғандырды. Сондықтан ол өзінің іс-әрекетін қазақ азаттық қозғалысының осындай кемшіліктермен күресуге бағыттады.

Зерттеу әдістемесі

Мақаланы жазу барысында зерттеу жұмыс және дереккөздермен жұмыс жасаудың жалпы және жеке ғылыми әдістері қолданылды. Тарихи-хронологиялық әдіс арқылы А. Байтұрсынұлы белсенді қатысқан XX ғасырдың басындағы оқиғалар хроникасын қарастыруға болады. Оқиғаларды түсіну және оларды бағалау үшін ретроспективті әдіс қолданылды, ол XX ғасырдың басындағы оқиғалар мен құбылыстарды қазіргі заманғы түсіну мен қабылдау тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Өткен ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рухани көшбасшысы ретінде А. Байтұрсынұлының тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік берген өмірбаяндық әдісті орталық деп атауға болады. Оның еңбектері мен сөйлеген сөздері негізінде мақалада пайдаланылған дереккөздерді құрайды, олармен жұмыс жасау кезінде талдау, синтездеу, түсіндіру әдістері қолданылды. Түсіндіру әдісі автордың құжаттарды жасау кезінде болған жағдайды, құжаттың жоспарын және жоспарды жүзеге асыру әдісін жақсы түсінуге мүмкіндік жасайды. Талдау әдісі әрбір нақты дереккөздегі ақпараттың нақты тарихи шындыққа сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді. Синтез әдісін қолдану Ахмет Байтұрсынұлы белсенді қатысқан XX ғасырдың басындағы оқиғаларды қайта жаңарту және оның осы оқиғалардағы рөлі мен орнын анықтауға көмектесті.

Талдау

Ахмет Байтұрсынұлының тұлға, көшбасшы, рухани көсем ретіндегі өмір жолы туралы алғашқы зерттеулер 1923 жылы оның 50 жасқа толуына байланысты жазылды. Сондай еңбектің бірі Мұхтар Әуезовтің «Ақаңның елу жылдық тойы» атты мақаласы «Ақ жол» журналында жарияланды. Осы мақаласында А. Байтұрсынұлын оқыған азамат, алғашқы шыққан көсем, «Қазақ» газетінің негізін салушы, мектеп ашып қазақ балаларын оқытқан ұстаз, қазақ жастарының тәрбиешісі болып атқарған қызметі, игі істері өзіне орнатылған мәңгілік ескерткіш деп баға бере келе былай дейді: «... Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қанжылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақта тарих ұмытпайтын істер болатын...», — деген пікірі Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы рөлін жоғары бағалаған алғашқы еңбек болып табылады [3; 20].

Совноркомның төрағасы болып тұрған кезде Сәкен Сейфуллин 1923 жылы 28 қаңтарда Орынбордың Свердлов атындағы театр үйінде Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына арналған жиналыста «... Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады... Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқыбасқан қалың қазақтың ұлт-намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған заманында жалғыз-ақ Ахмет еді», – деп [4; 29], оның ағартушы, ұстаздық, әдебиетші қызметіне үлкен баға беріп, «А. Байтұрсынұлындай ұлт жанашырларын көзі тірісінде бағалай білуіміз керек» деген қорытынды жасайды. Осы мақаласын 1923 жылы 30 қаңтар күні «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған. Сондықтан Сәкен Сейфуллинді ахметтанудың негізін салушылардың бірі деп санаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихи тұлғасы туралы академик, тарихшы Манаш Қозыбаев былай деген: «Қазақ халқы «олжалы жерде үлестен», «ордалы жерде орыннан», «жоралы жерде жолынан» қалмауын ойлаған, «ұлттық құтқару майданының» сардары, XX ғасырдағы ұлттық ренессансының бастауы Ахмет Байтұрсынов планетарлық ойшылдар қатарынан орын алары даусыз» [5; 409].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ азаттық қозғалысының рухани көсемі ретінде ерекше көңіл бөліп, арнайы мақалалар жазған мәселелері мыналар: билік, сот, заң, қазақтың Ресей Мемлекеттік думасына қатысуы, қазақ жерін отарлау және жалдау, шекара, бастауыш мектептер, оқу жайы, білім жарысы, қазақ тарихы, тарихи деректер, қазақтың ата-тегінің жазылуы туралы және тағы басқалар.

Ол ең алдымен XIX ғасырдағы ағартушылар қозғалысын жаңа сатыға көтеріп, ұлтымыздың ерекше болмысын сақтап, оны өркениетті халықтармен жарыстыруға қажет алғышарттар көрсетті. Ал оқу-білімді, ағартушылықты ұлт-азаттық қозғалысының қайнар көзінің бірі деп танып, соны насихаттады. Сонымен қатар, он үш жасар бала Ахмет патша үкіметінің әділетсіздігінен әкесінің зардап шеккен тағдырын көріп, сол әділетсіздікті ұмытпай, азаттық үшін күресетін адам болатындығы туралы ойын «Анама хат» деген өлеңінен көреміз. Осы өлең оның болашақтағы азаттық күрес жолына түсуіне себепші болған.

Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының тарихи тұлға, рухани көсем ретіндегі рөлінің қалыптасуын, XX ғасыр басындағы азаттық үшін күресін шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастыру дұрыс деп санаймыз.

Біздің пікірімізше, қазақ еліндегі 1905 жылы «Қарқаралы петициясын» жазып, дайындалуы азаттық үшін күрестің алғашқы кезеңі болады. Екіншісі, 1913 жылы «Қазақ» газетін шығару арқылы азаттыққа күресудің әр түрлі жолдарын насихаттауы. Үшіншісі, 1917–1920 жылдары Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің құрылу кезіндегі азаттық, егемендік ел болу жолындағы қызметі. Төртіншісі, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми әдеби комиссиясының, қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарған жылдары ұлттық мүдде үшін күресудің жаңаша ұстанымдарын көрсеткен. 1925 жылы жарық көрген «Жаңа мектеп» журналында халық ағарту ісінің ең негізгі және күрделі мәселелерін шешу үшін Әлихан Бөкейхан және тағы да басқа қазақ зиялыларымен бірлесіп ағарту ісін реформалау, мектеп ісін қайта құру, Қазақстанда оқу ісін дамыту сияқты мақалалар жазып ұлттық мүдде үшін қызмет жасады.

Азаттық күрестің біз бөлген шартты түрдегі алғашқы кезеңінде, Алаш зиялылары қазақ халқы азаттыққа қару көтеріп, қантөгіс жолымен емес, билікке, саяси-әлеуметтік, экономикалық-құқықтық талаптар қою арқылы, өркениетті жолмен жетудің тәсілдерін іздестірді. Ол үшін алдымен орыс империясының құрамындағы жұрт ретінде қазақтар өздерінің заңды құқықтарына кепілдік беруді талап етті. Ондай талаптарды қоюға Орталық Қазақстандағы 1905 жылдың желтоқсанындағы әйгілі Нилді мыс қорыту зауытындағы жұмысшылар көтерілісі де себеп болды.

Сондықтан еліміздің тарихында тұңғыш рет отаршыл империяның ең жоғарғы билік орындарына талап — азаттық қозғалыстың алғашқы манифесі «*Қарқаралы петициясы*» арқылы берілді. Бұны азаттық қозғалыстың бірінші кезеңі деуге болады.

Бұл құжатта Алаш зиялыларының қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғаудың бірі сайлау жүйесі туралы былай делінген «...Болыстарды, ауыл старшындарын және олардың хатшыларын тек сауатты қазақтардан ғана тағайындау, бұл қызметтеріне кірісер кезде олардың бәрі де ант қабылдап, ешқашан қызмет бабын пайдаланып, халыққа қиянат жасамауға уәде етуге тиіс. Шаруа бастықтарының орнына бітістіруші судьялар қызметін енгізу. Сайлау науқаны кезінде мүдделі топтардың арасындағы күрес пен алауыздықты болдырмау үшін шектен тыс әділетсіздігі, немесе өзіне қолайлы белгілі бір кандидаттың сайлануына мүдделі екені белгілі болған әкімшілік өкілдері қызметінен босату. Екіншіден, әкімшіліктің ондай босатылған өкілдері уездің мүлде өзге болыстарынан шақырылған адамдармен алмастырылуы тиіс. Үшіншіден, өздерінің жағымсыз

қылықтары әшкереленген адамдарды жаңа сайлауға жібермеу. Қазақ халқы өкілдерінің Ресей империясының заң шығарушы ең жоғары органы Мемлекеттік думаға сайлануы қажет...» [6; 33–39].

Сонымен қатар аталған құжатта ұлттың болашағы үшін көтерілген басты талаптың маңыздысының бірі жер мәселесін шешу болды. Өйткені, XX ғасырдың бас кезінде жер мәселесі одан әрі шиеленіскен еді. Себебі, қазақтардың дәстүрлі көшіп-қонып жүрген қыстаулары мен жазғы жайлаулары тартып алынды. Оларды Ресейден қоныс аударып әкелген орыс шаруаларына берді. Сондай-ақ қазақтардың орман байлығын еркін пайдалану құқығына тыйым салынды, тұзды және балық өсетін көлдерді де тартып алды.

Соған орай Қарқаралы петициясында тартып алынған жерлерді өзінің бұрынғы заңды иелеріне қайтарып беру; қазақ жеріне басшылық жұмысқа келетін қызметкерлердің қазақ тілін білуі және іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу тиіс деген талаптар қойылды.

Азаттық манифесі — Қарқаралы петициясында Алаш зиялылары қазақ халқының саяси сана-сезімінің оянуына ықпал етті және соның негізінде патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Ол талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатты тоқтата қоймасада қазақтар Ресейдің I, II Мемлекеттік думаларына депутат болып сайланды.

Қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін азаттық күресте оның рухани оянуының маңыздылығын терең түсінген Ахмет Байтұрсынұлының 1909 жылы Петербург қаласында жарық көрген «Қырық мысал» атты аударма өлеңдерінің тарихи маңызы жоғары. Соның бірі «Аққу, шортан һәм шаян» өлеңі. Сол мысал арқылы қазақ қоғамындағы алауыздық, бірліктің болмауын сипаттайды және әркім өз пайдасын ойлап, ауызбірліктің жоқтығы, қоғам үшін қаншалықты қауіпті жаман қасиет екенін көрсетіп, олардың игі істің соңына жетуге кедергі болатындығын қарапайым қазақ танымына түсінікті сөздермен жазған:

«Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін» [7; 47].

Бұл мәселелер қазіргі таңда өзекті болып табылады. Осы мысалдың негізі идеясы қазақ елін тұтастық, ынтымақ, бірлікке шақыру арқылы ұлттық мүдде — азаттыққа жетудің жолын айқындайды.

Ал, «Қасқыр мен қозы» аудармасында сол дәуірдегі адамдардың кейіптерін аңдармен салыстырып, жұмбақтай отырып тура жеткізеді. Ресей империялық отаршылдығының зорлық-зомбылығын және ауқатты байлардың халыққа көрсеткен қысымын сынайды:

«...Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын: оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі?» [7; 64].

Бұл салыстырмалы өлеңінен қоғамның әлеуметтік мәселесін, адамдардың мінез-құлқын көруге болады. Сонымен бірге, XX ғасырдың басында қоғамдағы адамның жаман қасиеттерін сынап, көрсететін шығармаларының бірі «Қартайған арыстан» өлеңі. Бұнда автор, кезінде ормандағы аңдардың патшасы болған арыстанның ұсақ аңдарға көрсеткен үстемдігі, оның қартайған кезінде одан кек алуға ұмтылғанын аңдардың іс-әрекетін сипаттау арқылы, бүгінгі біздің қоғамдағы билік басындағы адамдарға — басына бақ қонған кезде жамандық жасамай қамқор болмаса, оның биліктен түскен шағында аңдар секілді қарапайым халықта сыйламайды, кегін алуға ұмтылады деген тұжырымды көруге болады.

Ол өзінің аударма өлеңдері арқылы ұлттық мүддесі бірлік, ынтымақ екенін ерекше көрсеткен тұлға. Соның бір дәлелі «Үлес» деп аталатын өлеңінде елін, жерін жаудан қорғамай, бір-бірін жау көріп, бір-бірімен таласып, өз пайдасын ойлап жүргенде, сырттан елге қауіп-қатер төнетінін білмейді деп, бүгінгі қоғамды сақтандыратын әлеуметтік саяси мәні бар ой қорытады.

Қазақ халқының рухани санасының оянуы — отаршылдықтан құтылудың басты жолдарының бірі деп түсінген А. Байтұрсынұлының 1911 жылы жазылған шығармаларының бірі — «Маса». Бұл шығармасында ол әлеуметтік, қоғамдық ойлар азаматтық идеяларды көтереді. Халықтың мүддесін ойламайтын қызмет үшін абыройын сататын қайырымы жоқ сараң байлар туралы және зорлық-зомбылыққа қарамастан бостандық пен еркіндік жолында күресетін тұлғалар туралы жазған. Оның бұл шығармасы азаттық қозғалысының мазмұнын одан әрі тереңдеткен тарихи маңыздылығы жоғары еңбек.

Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ — азаттық қозғалыстың рухани көсемі ретінде анық таныла бастаған уақыттың бірі 1913 жылғы шыққан «Қазақ» газетімен тығыз байланысты. «Қазақ» газетінің алғашқы санында ол өзінің «Құрметті оқушылар» деп аталатын мақаласында газеттің не үшін керектігі туралы былай дейді: «Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета солай керек... Жұрттың білімді, пікірлі көргені көп, көсемдері оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп — жол көрсетіп, жөн сілтеп басшылық етіп тұрады... Газета халыққа білім таратушы... Газета халықтың даушысы...». Осы мақаласында автор білімді, өнерлі халықтар мерзімді басылымдардың пайдасын жақсы көп біледі, сондықтан оларда газет-журналдары көп екендігін көрсетеді. «...1907 жылғы санаққа қарасақ, Русияда сол жылы екі 2173 есімді газет һәм журнал шыққан екен. Соның 1396-сы орыс тілінде, 867-сі басқа тілде басылыпты. Сол 867-нің ішінде біздің татар қарындастарымыздың 30 шамалы газета, журналдары болды. Бізде біреу де болмады...» [8; 9–10].

Газетті шығарудың тарихи объективтік негіздемесін жасай отырып, патша үкіметінің рұқсатын алғаннан кейін ұлтымыздың бұрмаланып келген (киргизы, киргиз-кайсаки, инородцы) тарихи атауы «Қазақ» деп берумен қатар, газеттің рәміздік-бейне ретінде киіз үй белгілеп, оның түндігін батыстан ашылуын «Қазақ ішіне еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп түсіндіруі, оның ұлтжандылық тарихи тұлғасын көрсетеді.

А. Байтұрсынұлының өмірі, қызметі қазақтың саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайының жақсаруының барлық салаларын қамтитын ой-пікірлері, идеялары оны ХХ ғасырдағы ұлттық ренессанстың басында тұрған, әлемдік ойшылдар қатарынан орын алған, азаттық қозғалыстың рухани көсемі ретінде ел тек бүгінгіні ойласа, менікі ертеңгі үшін өмір сүремін деген пікірде болған. Ол ұлттық мүдде үшін күрескен тұлға. Ұлттық мүдде дегеніміз ұлттың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктер. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінің барлығы осы мағынада жазылған. Тәуелсіз ел болу жолындағы оның ұстанымдары бүгінгі Қазақстан Республикасының жаһандану жағдайындағы жастарға ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру, кәсіби шеберлікті жетілдіру, біліктілікті арттыру, ақпараттық инновациялық технологияны меңгеру, бәсекеге қабілетті ел болып, әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіру сияқты стратегиясымен үндесіп жатыр. Стратегиядағы осы мәселелерді шешудің жолдарын Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбектерінде ХХ ғасырдың басында жазып қалдырған. Оның пікірінше ел болашағы оқу орнындағы үш тіреуге (қаржы, оқу құралы, мұғалім) байланысты «... Оқу құралдардың ішіндегі ең қымбаты — оқу кітаптары... Оқу кітаптары оңды болмаса оқу да оңды болмайды... Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді... Тәртіппен жасалған оқу құралдары мен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек» [3; 261].

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың білімі мен тәрбиесіне мемлекеттік тұрғыдан ерекше көңіл бөлу керектігін айтқан [9]. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы болса ол туралы өз заманында былай дейді: «...Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын! Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой... Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы...» [8; 261].

Қазіргі Қазақстан мемлекетінің даму стратегиясында бәсекеге қабілеттілікті арттыру басты мәселе деп көрсетілсе, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде бұл мәселені тұжырымдап, болашақта жетістіктерге жету үшін ұлттық мүддені сақтау туралы ой-пікірлері «Білім жарысы» атты мақаласында берілген: «...Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар *білімділер, зейінділер* қатыса алады... Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа... Неше түрлі ғылым, өнер — бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарылатын нәрселер... Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әртүрлі істер істейді. Сол істердің бірі — білім жарысы...», — дей келе [3; 258], ол Европадағы «Нобель» сыйлығы туралы айтып, оның жұртқа пайдалы үлгі аларлық жақсы іс екенін қазақ даласына жеткізген.

Еліміздің ұлттық идеологиясының басты бір саласы біліктілікті жетілдіру мәселесі. Осы тұрғыдан алғанда азаттық қозғалысының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде жарияланған, бүгінгі күні де өзектілігін жоймаған «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында былай дейді: «Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білерге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл

сарайын танитын адам боларға керек... Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында... *Мұғалім* мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болуы тиісті...» [8; 139] деген тұжырымынан әр саладағы қызмет жасайтын адамдардың өз мамандығын терең білуі және білікті болуы керектігін нақты көрсеткен.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тарихы және тарихи тұлғалары туралы да көптеген мақалалар жазып, солардың негізінде қазақ халқының рухани оянуына үлес қосты. Осы жолда ол Абайдың рухани мұрасының тарихи маңыздылығын және қазақ мәдениетіндегі орнын жан-жақты талдап, дәлелдеп, «Қазақтың бас ақыны» деген мақала жазған. Онда Абайдың өмірбаяны, өлеңдері және оның жиырма жасында ел ішіндегі дау-дамайларды шешуге қатысып, шешен, би атанғандығын баяндап, оны бүкіл қазақ даласына таныстырады. Абай сияқты тұлғаның өз заманында мұсылманша, орысша оқыған білімінің арқасында қазақ халқының бас ақын болғандығын баяндайды. Әділетті заман болса Абай Алаштың атақты биінің бірі болар еді деп баға берген. Сонымен қатар осы мақаласында қазақ даласына жер аударылып келген Гросс және Михаэлис сияқты тұлғалардың Абайдың ақын болып қалыптасуына рухани ықпал жасағандығын көрсетіп: «...Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек... Абайды қолымыздан келген қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» [10; 161–162.]. Қазақ елінің тәуелсіздігін армандаған, азаттық қозғалыстың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ рухын ояту жолында тарихи жырлардағы батырлардың ерліктері туралы және азаттық жолында күресіп ерлікпен мерт болған батырларды, билерді жоқтау өлеңдер арқылы, олардың ерлігін тағылым ретінде көрсеткен. Жыршылардан тарихи маңызы бар тарихи жырдың бірі «Ер Сайын» жырын жазып алып, өңдеп, кітап етіп бастырған. Сонымен қатар, халық әдебиетінің ерлікті көрсететін мұраларының бірі «23 жоқтау» атты жинақты бастырып шығарған. Сол жинақтың ішінде қазақ елінің батыр ұлдарын жоқтаған жырлар арқылы қазақтың төрт ғасырлық тарихи оқиғаларын көрсетеді. Ел басына түскен ауыртпашылықты жеңе білген ерлердің ерлігін, батырлығын, билердің біліктігін, тарихи тұлғалардың парасаттылығын көрсету арқылы XX ғасырдың басындағы отаршылдықтың және кеңестік биліктің әділетсіздігін көріп отырған қазақ халқына рухани күш бергенін көреміз. Сол жоқтаулардың ішінде Қаз дауысты Қазыбек би, Бопай батыр, Нысанбай жыраудың Кенесары мен Наурызбайды жоқтауы және т.б. жырларды тағылым ретінде насихаттауынан Алаш зиялыларының саяси билікке наразы болғанының дәлелі.

Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың тарихы» деп аталатын мақалалар жазып, онда тарихты шежіре, үйретуші, халықты түзу жолға салушы, келешек күннің қандай болатындығын көрсетуге болатын құрал деп бағалайды. Осы мақалаларында қазақ пен қырғызды айырмайтын тарихи жазушыларды сынайды. Қазақты қырғыз деп атау қателік, қазақ өмір бойы қазақ болып қалады деген пікір білдіре келе былай дейді: «... Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын... келешекте басына қандай күн туашағына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өз тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кем, қор болмайын, рақым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып — білуге тиіс болады...» [8; 22, 32.] деген концептуалдық пікірі бүгінгі күні ұлттық тарихты жазу мен насихаттауда негізге алатын ұстанымдардың бірі екендігі заңды.

Тарихтың дұрыс жазылуын негіздеген, қазақ қоғамы мен мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан ұлт ұстазы — қазақ балаларының білім алуына ерекше көңіл бөліп, көптеген еңбектер жазған. Онда «...Біз әуелі елді түзетуді, бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек... болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі... жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырлар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі — бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс...» [3; 252]. Мақаланың негізгі идеясы қоғамдағы әділетсіздік білімсіздіктен туады, сондықтан оқу ғана қоғамды өзгертуші күш бола алады. Қазақ жастары ана тілінде сауат ашып, ұлттық білім алған жағдайда отаршылдыққа қарсы азаттық күрестің мәнін түсіне алады деген сенімде болып, халықты рухани оятуға бағытталған.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде көтерілген бүгінгі күнде өзектілігі жоғары мәселенің бірі — ел экономикасының негізгі бағыттарын дамыту болған. Оның пікірінше, ел шаруашылығының халыққа қажетті салаларының жеткілікті дамымауы азаттық алуды тежейді дейді. Сол жайында «...Қазақтың осы күні сатып алмайтын нәрсесі жоқ, сол алған нәрселерінің бірінде қазақ өзі істеген емес. Қазақ пайдаланып отырған шөп шабатын, киім тігетін машиналар, соқа сайман, арба шана,

киім-кешек, ыдыс-аяқ — бәрі де завод–фабрикаларда істеліп шыққан. Бұл істеліп шыққан нәрселердің сүйегінен іс ақысы он есе қымбат. Бұлай болғанда қазақ басқа жұрттың өнерін қымбатқа сатып алып отыр...» деумен қатар өзге жұрттан артта қалушылықтың бірі қолдағы малдың көптігіне сеніп, малдың асылын ұстауды және оның тұқымын асылдандырумен айналыспайды, жерді аздырмайтын білімді меңгеруге ұмтылмайды деп кемшіліктерді жоюдың практикалық маңызына ерекше көңіл бөлген [3; 110]. Яғни, ол қазақ халқының басқаларға тәуелді болып отырғандығын айта келе, өз алдымызға жұрт болып тәуелділіктен құтылудың жолы өнер-білімді үйрену, оқу, ғылымды меңгеру деп санайды. Бұндай қорытындыдан тәуелсіз Қазақстанда ғылыммен білімді, технологияны жетілдіру арқылы шикізатқа тәуелділіктен құтылудың жолдарын көруге болады.

Ахмет Байтұрсынұлының азаттық жолындағы күрестің рухани көсемі ретіндегі рөлі «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы № 251 басылымында шыққан «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын дайындаудан көруге болды. Бағдарламаның тоғызыншы бөліміне ерекше назар аударсақ: «білім беру ордаларының есігі барлығына ашық және тегін; барлық адамдарға міндетті білім алу талап етіледі. Бастауыш мектептерінде оқыту тек ана тілінде жүреді, қазақтар орта мектептер мен университеттерді өзінің тілінде оқиды. Білім беру жүйесі дербес түрде тәуелсіз: билік білім беру жұмысына араласпайды, профессорлар мен оқытушылар белгілі конкурс негізімен тағайындалады, жаңадан кітапханалар ашылады» [11]. Осы құжаттың мазмұны қазақ халқының болашағы оқу-біліммен байланысты екенін нақтылайды.

Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлы «Алаш» бағдарламасының таптық емес, ұлттық мүдде тұрғысынан, реформаторлық рухта жазылуына ықпал етті. Сонымен қатар бағдарламаның мазмұны қазақ елінің сол кездегі геосаяси, демографиялық жағдайын ескеріп, дайындалды. Және бұл бағдарлама қырғыз, башқұрт, түрік елдерінде жаңадан құрыла бастаған саяси партияларына үлгі болды. Біздің ойымызша, бағдарламаның барлық тарауларынан Алаш зиялыларының теориялық білім дәрежесінің жоғары екенін көрсетіп, Алашорда үкіметін құрылуына ықпал етті.

Сонымен қатар ұлт мүддесі үшін жұмыс жүргізіп, кеңес үкіметі мен алашордалықтардың арасын жарастырып, ұлттық келісімге жеткізді. Қазақ революциялық комитетінің төрағасының орынбасары қызметін атқара жүріп, Қазақ автономиясының құрамына барлық қазақ жерін жинаудағы еңбегі ерекше. Сол кезеңде Челябинск губерниясына еніп кеткен Қостанай уезін қазақ өлкесіне қайтару үшін М. Сералинмен бірге В.И. Ленинге арнайы хат жазып, Советтердің бүкілодақтық атқару комитетінде, РКП (б) Орталық Комитетінде арнайы талқыланудың нәтижесінде 1920 жылы 26 тамызда Қостанай уезі Қазақ автономиясының Торғай облысының құрамына енгізілді [12; 84–86].

Ахмет Байтұрсынұлы сөздік қорымызға «Ана тілі» деген терминді енгізді. Ол қазақ балаларының ана тілінде оқып білімін жалғастыру үшін оқулықтар жазып, мектептерде, медреселерде оқуға ұсынды. Сонымен қатар осы мақсатқа жету үшін қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын талдап, «Әліппені», «Тіл құралын» жазу арқылы қазақ тілін білім алу, ғылым саласындағы коммуникация құралына айналдырып, қазақ халқын сауаттандырып, оның рухын жаңа бір деңгейге көтерді. Ана тілінде оқулықтар жазып, тіл ұлттың тірегі деген тұжырымға келіп, былай дейді: «...Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек». Бұндай іс-әрекеттерден Ахмет Байтұрсынұлының ұлт мүддесін ойлап, ел болашағына деген жанашырлығын, алыстан болжайтын, көрегендігін байқаймыз. Бұл сөзі қазіргі күні де Тәуелсіз Қазақстанда өзекті мәселелердің бірі.

Қорытынды

Қорыта келгенде Ахмет Байтұрсынұлының ұлы тұлға ретінде және ХХ ғасырдың басындағы азаттық қозғалыстың рухани көсемі болғандығын көруге болады. Бала жасынан әділетсіздік пен отаршылдық саясаттың қатігездігін өз отбасынан көріп, бар өмірін осы әділдікті орнату жолындағы күреске арнайды. Қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, «Әліппені» араб графикасымен жазып, ғылыми түрде латын графикасына қарағанда бізге жақын екенін дәлелдеп берді (Баку, 1926 ж.). Ұлт ұстазы деген атаққа көзінің тірісінде ие болғаны және оның атқарған жұмыстары бүгінге жеткен рухани мұрасы оның азаттық қозғалыстың рухани көсемі болғандығын дәлелдейді. Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы өз халқының ғана емес, әлем халықтарының мұрасының бір бөлігі болып саналады. Сондықтан оның туғанына 150-жыл толу мерекесін ЮНЕСКО-ның халықаралық деңгейде тойлану туралы шешімі қабылданды. Ғалымның еңбегі барлық адам баласына қол жетімді болуы керек деген ойдамыз. Өзге алашордалықтар секілді Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының болашақта үлкен жетістіктерге жетіп, бәсекеге қабілетті болатынына кәміл сенді және осы жолда өмірінің соңына

дейін қызмет қылды. Осы айтылған сөздердің тарихи маңыздылығы ұлттық мүддені ойлаудың айқын көрінісі. Ұлт ұстазының негізгі өсиетінің бірі — рудың намысы емес, ұлттың намысы үшін басқалардан кемшілік көрмей, әлемдік деңгейдегі ұлттық мемлекет болу үшін қызмет жасау.

Дамудың, азаттықтың дәуірі болған XX ғасырда Қазақ елі отаршылдықтан зардап шекті. Одан алып шығады деп бір ұлттың сенгені тек оқыған азаматтар еді. Елдің егемендігін қалпына келтіріп қана қоймай, озық, өркениетті елге айналдыруды көздеген қазақ зиялылары дәл осы заманда «қараңғы қазақ көгіне күн болып өрмелеп шықты».

Ұлт мүддесі үшін және XX ғасырдың басындағы азаттық қозғалысының рухани көсемі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы өзінің серіктерімен қандай уақыт болмасын қазаққа үлгі болды. Бұл тұлғалардың еңбектерін зерттей отырып, олардың мазмұнынан бүгінгі күннің негізгі ұстанымдары — халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ана тілінің құзыретін көтеру, ана тілінде білім алу, жердің үстіндегі, астындағы байлықтары халыққа тиесілі болу мәселелерінің сабақтастығын көруге болады. Сонымен қатар жақсылық пен әділеттілікті, адалдық және парыз, намыс пен ар-ождан, оқу мен еңбектің не екенін осы шығармаларынан көруге болады. Олардың өмірлік ұстанымы — халқының болашағын жақсарту үшін үлкен жоспарлар құру және оны жүзеге асыру мақсат етілді. Тіл — халықтың негізі болып табылады. Бұл ұстанымдар бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеологиясының бастауы болып саналады.

Ұлытау өңіріндегі Жошы Ұлысы уақытының жерлеу ескерткішіндегі зерттеу жұмыстары

Ұлытау өңірінде Жошы Ұлысы уақытына тиесілі материалдық мәдениетті айшықтайтын қала, қоныс, кесене мен жерлеу орындары көптеп кездеседі. Осы қатардағы тарихи мұралардың бірі жерлеу ескерткіштері. Мақаланың зерттеу нысаны болып отырған Жошы хан кешенінің аумағында орналасқан қоршау түріндегі жерлеу орны. Сонымен қатар осы ескерткішке қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының тың нәтижелері берілген. Археологиялық қазба барысында анықталған жерлеу орнының сыртқы құрылысы мен жерлеу дәстүрі бойынша салыстырмалы зерттеу әдістері арқылы мәдени атрибуциясы айқындалды. Табылған монета бойынша нумизимтикалық сараптама жасалып, басылған теңге сарайы мен айналымға енгізілген мерзімі анықталды. Сонымен қоса жерленген адамның қаңқа сүйегі бойынша антропологиялық сипаттамасы жасалып, 20–25 жас шамасындағы әйел адам болғандығы белгілі болды. Радиокөміртектік әдіс арқылы өмір сүрген уақыты нақтыланып, XIV ғ. ортасына жататын ескерткіштер қатарына жатқызылды. Антропологиялық белгілерінде ешқандай патологиялық ерекшеліктердің болмауына және киімімен бірге салтанатты түрдегі жерлеу салтына қарай әлеуметтік мәртебесі жоғары тұлға болуы ықтимал деген пайымдау жасалды. Жерлеу дәстүрінің ерекшеліктерін ескере отырып, жергілікті халықтың рухани құндылықтары мен тұрмыстық салт-жоралғыларына қатысты көзқарастар айтылды. Атап айтқанда қоршау түріндегі жерлеу ескерткіштерінің қалыптасқан уақыты, XIV ғ. ортасы мен XV ғ. аралығында адамды жерлеу дәстүріндегі мұсылмандық белгілердің басымдық ала бастауы және жергілікті халықтың тәңірлік наным-сеніммен сабақтас ескі дәстүрдің сақталуына байланысты негіздемелер жасалды.

Кілт сөздер: Жошы Ұлысы, Алтын Орда, Сарыарқа, Ұлытау, қоршау, жерлеу орны, жерлеу дәстүрі, саз кірпіш, монета, археологиялық қазба.

Kipicne

Әлем тарихында үлкен өзгерістер орын алған XIII ғасырда саяси оқиғалардың алаңы болған тарихи мекеннің бірі Дешті Қыпшақ даласы. Ертістен Жайыққа дейін, оңтүстік Сібірден Сырдың төменгі ағысына дейінгі жерді қамтиытын бұл аумақ Шыңғысхан ұрпақтары билік жүргізген Жошы Ұлысының иелігіне кірді [1; 78]. Тарихи деректерде Алтын Орда деген атаумен қалған мемлекеттің саяси-мәдени орталықтарының бірі Ұлытау өңірі. Тарихи кезеңге қатысты материалдық мәдениет пен рухани құндылықтарды айшықтайтын мәдени мұра нысандары көптеп кездеседі. Осы қатардағы тарихи мұралардың бірі — жерлеу ескерткіштері. Мұндай жекелеген ескерткіш түрлері мен оған тиесілі материалдық байлықты жан-жақты зерттеу, қисынды түрде тәпсірлеу арқылы өңірдің немесе тұтас бір географиялық аумақтың тарихи келбетін қалпына келтіруге мүмкіндіктер ашылады. Сондай-ақ кешенді ғылыми жұмыстары үшін деректік қор қалыптасады. Жаратылыстану ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, пәнаралық байланыстар арқылы ескерткіштің нақты тарихи мерзімін анықтауға және зерттеудің ғылыми құндылығын арттыруға мол мүмкіндіктер ашылды.

Ұлытау даласының ортағасырлық жерлеу ескерткіштері жайлы сөз қозғағанда күйдірілмеген саз кірпіштен тұрғызылған қоршау түріндегі жерлеу орындарын ерекше атауға болады. Бұл санаттағы ескерткіштер осы өңірден жиі кездесетіндігіне қарамастан зерттеу жасалған нысандар өте аз. Оның негізгі себебі XX ғ. қоғамдағы саяси-идеологиялық шектеулерге байланысты болса, екінші жағынан құрылыс материалдарының табиғи жағдайлар салдарынан тез ескеріп, қирап, топырақ үйіндіге айналып қалғандығынан сыртқы көрінісіне қарап дәл анықтап алудың да өзіндік қиындықтары бар. Кездейсоқ табылған немесе кешенді жұмыстар барысында қосымша ақпараттар алу мақсатында зерттелген ескерткіштер жайында ғана қысқаша деректер белгілі. Қазақстанның далалық өңірлерінде

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: syrymesenov@gmail.com

саз кірпіштен мола тұрғызу үрдісінің бастауы мен алғышарттарын анықтау мәселелері ашық күйінде қалып отыр. Сонымен қатар жерлеу дәстүрі мен қосымша кездесетін жәдігерлерге байланысты мұсылмандық немесе одан тыс ескілікті дәстүр ретінде екіге бөліп қарастыру көзқарастары қалыптасқан [2; 95]. Алайда аталған екі бөлек дәстүрдің қосарлана жүретін белгілері мен оның себептері, жергілікті халықтың мұсылмандықты қабылдағанға дейінгі рухани құндылықтар жүйесі мен оның мән-мазмұнын археологиялық материалдар негізінде зерделеу мәселелері ғылымдағы ақтаңдақтардың бірі.

Соңғы 3–4 жыл көлемінде Алтын Орданың 750 жылдығын атап өтілді, Жошы Ұлысының тарихы мен мәдениетін зерттеу, насихаттау жұмыстары қолға алынып, мемлекеттік деңгейде шаралар ұйымдастыру ісі қарқын ала бастады. Осындай игі бастамалардың бірі — Жошы хан кешеніндегі жерлеу орындарының бірінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары. Аталған зерттеу Қарағанды облысы әкімдігінің Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау орталығы» мекемесінің тапсырысы бойынша жүзеге асырылған.

Методология және зерттеу әдістері

Зерттеу нысаны ретінде алынып отырған тақырып методологиялық тұрғыдан бірнеше ауқымды мәселенің шешімін табуға мүмкіндіктер береді. Біріншіден ортағасырлық жерлеу ескерткіштерінің заттай деректері негізінде материалдық мәдениеттің сипаты мен нақты тарихи кезеңін айқындау, екіншіден белгілі бір уақыттағы тұрмыстық салт-жоралғылар мен идеологиялық ахуалды бағамдауға болады. Аталған зерттеу жалпы ғылыми қағидаларға сүйене отырып, тарихи және салыстырмалы талдау негіздерін басшылыққа алады. Нәтижесінде археологиялық зерттеу әдістері мен архитектуралық ерекшеліктеріне сүйене отырып, ескерткіштің тарихи-мәдени атрибуциясы мен кезеңі анықталды. Сонымен қатар бірқатар пәнаралық зерттеу әдістерін қолдану арқылы тың мәліметтерге қол жетті. Жерлеу орнынан табылған адамның сүйек үлгілері бойынша антропологиялық ерекшеліктеріне сипаттама жасалса, радиокөміртектік талдаулар арқылы өмір сүрген жасы нақтыланды.

Археологиялық деректердің сипаттамасы

2020 жылғы археологиялық қазба жұмыстары Жошы хан кесенесінен солтүстік-шығысқа қарай 900 метр жерде орналасқан (географиялық координаттары 48°09'49.0" ШБ 67°49'19.1" СЕ) аласа төбенің үстіндегі жерлеу орнында жүргізілді. Төбенің үстінде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай тізбектеле орналасқан бірнеше жерлеу орнының белгілері байқалады. Жерлеу орындары шағын топырақ үйіндісе ретінде ғана сақталған (1-сурет). Диаметрі 6 м., биіктігі 30–35 см болатын дөңгелек пішінді шағын үйінділердің біріне көлемі 7×7 м қазба салынды.




1-сурет. Зерттелген нысанның қазбаға дейінгі көрінісі

Нысанның беткі шым қабатын тазарту барысында күйдірілген кірпіштің сынықтары, қатты күйген кірпіш пен қож кесектері кездесті. Қазбаны одан әрі жалғастыру кезінде 10 см тереңдіктен бастап саз кірпіштен өрілген, жобасы тік төртбұрыш келген құрылыс қалдығы ашыла бастады. Ашылған құрылыстың көлемі 5×5 м, қабырғаларының қалыңдығы 70 см, сақталған биіктігі 20 см құрайды. Құрылысқа пайдаланылған саз кірпіштердің өлшемі 43,5×21×13 см және тек ең төменгі 1–2 қатар қаландысы ғана сақталған. Бұрыштары әлемнің төрт тарапына бағытталған. Құрылыстың есігі (ені 87 см) солтүстік-батыс қабырғасының тең ортасында орналасқан (2-сурет).



2-сурет. Қазба барысында ашылған құрылыс

Құрылыстың ішін тереңдетіп тазарту барысында, солтүстік бұрышқа жақын жерден ұзындығы 2,4 м, ені 1,2 м қабір шұңқырының ізі байқала бастады. Осы шұңқырды аршу барысында 0,46 м тереңдікте орташа көлемдері 25×25×5 см келетін күйдірілген кірпіш үйіндісі кездесті. Қабірдің үстін жабу үшін арнайы қойылған кірпіштердің ретсіз шашылып жатқанына қарағанда шұңқырдың бұрын ашылғандығын немесе тоналғандығын аңғаруға болады. Одан әрі тазарту барысында 0,8 м тереңдікте қабір шұңқырының ішкі жағын сылаған қалыңдығы 10 см болатын сазды сылақтары мен оның астынан ағаш табыттың қалдықтары ашылды. Ағаш табыт қатты бұзылған, жоғарғы бөліктері әбден шіріген тек астыңғы аз ғана бөліктері сақталған. Шұңқырдан 0,9 м тереңдікте басы солтүстік-батысқа бағытталған жерленген адамның сүйектері аршылды (3-сурет). Адам аяқ-қолдары созылып, қос білегі жамбасының үстіне қойылып, шалқасынан жатқызылған. Адамның оң аяғының тізесінен төмен сүйекке жабысқан былғарының қалдықтары байқалды. Органикалық қалдық қатты шіріп, күлге айналып кеткендіктен сақтап қалу немесе қандайда бір зертханалық талдау жасау мүмкін болмады.



3-сурет. Жерлеу орнының сызба жобасы мен кесіндісі

Қазба алаңын тазарту кезінде, қоршаудың ішінен, оңтүстік-батыс бұрышқа жақын аумақтан, табиғи жердің деңгейінде жатқан мыс монета табылды (4-сурет). Монетаның сақталуы өте жақсы, бетіне түскен таңбалары мен бедерлі өрнектері анық оқылады. Тазартылғаннан кейінгі көлемі 2,4×2,4 мм, салмағы 3,41 гр. болды. Монета бойынша Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, т.ғ.к., нумизмат П. Петровпен бірлесе отырып, салыстырмалы зерттеу қорытындылары жасалды. Монета 785 (1383) жылы айналымға енген. Самарқандтың теңге сарайында соғылып, Әмір Темірдің таңбасы басылған [3; 132]. Бетіндегі бедерлерінің жақсы

сақталуына қарағанда қолданыста ұзақ болмаған. Сондықтан монета соғылған уақытынан бастап 10–15 жыл шамасында ғана пайдаланылған деп қорытынды жасауға болады. Олай болса тиынның қолданыс аясынан шығуы немесе археологиялық жәдігер ретіндегі тарихы XIV ғ. соңғы жылдарына сәйкес келеді.



4-сурет. Қазба барысында табылған мыс монета

Зертханалық талдау нәтижелері

Жерлеу шұңқырынан алынған адамның сүйектері бойынша антропологиялық сараптама Уфа қаласында (Ресей) орналасқан РҒА Уфа ғылыми орталығының Тарих, тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері А. Нечвалода тарапынан жасалды.

Өкінішке қарай адамның негізгі антропологиялық белгілерін айқындайтын бас сүйегі толық сақталмаған. Қабірдің үстіне үйілген ауыр топырақтың салмағынан және кейінгі уақыттардағы тонаушылық әрекеттердің салдарынан басының кей бөліктері (оң жақ самай, желке, үстіңгі жақ және астыңғы жақтың жартысы) сынып, үгітіліп кеткен. Зерттеу барысында бас сүйекті толығымен құрастыру мүмкін болмаса да, нейрокраниумның негізгі бөлігі қалпына келтірілді (5, 6 — суреттер).



5-сурет. Қалпына келтірілген бас сүйек: алдынан және сол жақ қырынан қарағанда. Фотоны түсірген А. Нечвалода.



6-сурет. Астыңғы жақ сүйек. Фотоны түсірген А. Нечвалода.

Қалпына келтіруден кейін бас сүйек өлшенбеді. Тістердің тозуы / сырылуы және эктокран жіктеріне қарай (Lovejoy, 1985 бойынша) бас сүйек шамамен 20–25 жас аралығындағы жас әйел адамға тиесілі. Мұндағы 22 жас төменгі 3-азу тістің шығуына байланысты шамалап беріліп отырған уақыт.

Қаңқа сүйектерінің сақталуы мен ерекшеліктеріне қарағанда ешқандай патологиялық белгілері байқалмайды (1-кесте), өлшемдері қалыпты (2-кесте). Қаңқа сүйектері толық болғанымен бұғана, шынтақ, жамбас және қабырға сүйектерінің кемік бастары шіріп, үгіле бастаған. Антропологиялық

белгілерінде ешқандай патологиялық ерекшеліктердің болмауына қарағанда физиологиялық ауыртпалықтар көрмеген әлеуметтік мәртебесі жоғары тұлға болуы ықтимал.

1 - кесте

Қаңқа сүйектерінің сақталу көрсеткіші ♀

Сүйек атаулары	Сақталуы мен ерекшеліктері
Омыртқалар	мойын — 7, кеуде — 12, бел — 5.
Бұғана	екеуі де бар, ерекшеліктері жоқ (е/ж)
Жауырын	екеуі де бар, е/ж
Тоқпан жілік	екеуі де бар, сынған, е/ж
Шынтақ сүйек	екеуі де бар, сол жағы сынған, е/ж
Шыбық сүйек	екеуі де бар, сынған, е/ж
Қабырғалар	барлығы бар, е/ж
Төс	біткен
Жамбас	екеуі де бар, морт сынған, кемік бастары нашар сақталған
Сегізкөз	біткен
Құйымшак	—
Орган жілік	екеуі де бар, е/ж
Тізе қапшығы	екеуі де бар, е/ж
Жіліншік	екеуі де бар, е/ж
Садақ сүйек	екеуі де бар, е/ж
Алақан сүйектері	барлығы бар, е/ж
Табан сүйектері	барлығы бар, е/ж

2 - кесте

Посткраниалды қаңқа сүйектерінің өлшемдері (белгілердің реттік саны Мартин, 1928 бойынша) ♀

Белгілері	Оң жағы	Сол жағы
Шынтақ сүйек		
1. Барлық ұзындығы	—	239
3. Ең жіңішке жері	—	34
11. Алдыңғы-артқы диаметрі	—	10
12. Көлденең диаметрі	—	13
13. Диафиздің жоғарғы көлденең диаметрі	—	10
14. Диафиздің жоғарғы сагитальді диаметрі	—	21
Бұғана		
1. Барлық ұзындығы	—	—
6. Диафиздің ортасындағы жуандығы	—	—
Орган жілік		
1. Барлық ұзындығы	414	415
2. Табиғи қалпындағы ұзындығы	371	378
21. Эпифиздың төменгі ені	79	78
6. Диафиздің ортасындағы сагитальді диаметрі	25	25
7. Диафиз ортасының көлденең диаметрі	23	23
9. Диафиздің жоғарғы жағының көлденең диаметрі	27.	23
10. Диафиздің жоғарғы сагитальді диаметрі	23	26
8. Диафиздің ортасындағы жуандығы	78	77
Жіліншік сүйектері		
1. Толық ұзындығы	320	314
2. Айдаршық ұзындығы	312	317
1а. Барлық ұзындығы		
5. Жоғарғы эпифиздің ең үлкен ені	70	73
6. Төменгі эпифиздің ең үлкен ені	48	45
8. Диафиздің ортасындағы сагитальді диаметрі	27	27
9. Диафиз ортасының көлденең диаметрі	21	21
8а. Диафиздің ортасындағы сагитальді диаметрі foramen nutricia деңгейінде	27	27
9а. Диафиз ортасының көлденең диаметрі foramen nutricia деңгейінде	21	21
10. Диафиза жуандығы	78	78

Сегізкөз	
2. Алдыңғы түзу ұзындығы	100
5. Алдыңғы түзу ені	103
1. Доғал ені	105

Сонымен остеометриялық көрсеткіштер мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндіктер береді. Посткраниалды қаңқа сүйектері жас әйелге тиесілі. Ұзын сүйектердегі барлық өсу аймақтары бітіп болған. Оң жіліншіктің ұзындығы алты формула бойынша (3-кесте) есептегенде әйел денесінің немесе бойының ұзындығы 156,5 см (М. Троттер — Г. Глезер формуласы бойынша) және 157,34 см (С. Дупертей — Д. Хедден формуласы) болды. Алты формула бойынша орташа көрсеткіш — 155,96 см, яғни қалыпты әйелдер үшін орташа немесе орташадан төменірек болып шықты.

3 - кесте

Оң жақ ортан жіліктің ұзындығы бойынша адамның дене (бой) өлшемі ♀

Сүйек	Ортан жілік
Сүйектің ұзындығы (мм)	414
Троттер и Глезер	156.5
Алексеев	—
Найнис	155.0
Тельккя	156.0
Мануврие	154.95
Дюпертей и Хедден	157.34
Лорке, Мюнцер и Вальтер	—
Денесінің (бойының) орташа ұзындығы	155.96

Зерттеу нысанының абсолюттік жасын анықтау жұмыстары

Литва Республикасының Вильнюс қаласындағы Физика ғылымдары және технологиялар орталығының зертханасында жерленген адамның тіс сүйегі арқылы радиоқөміртегілік әдіспен нақты жасын анықтау мақсатында сараптама жүргізілді (4-кесте).

4 - кесте

¹⁴C талдау нәтижелері

Зертханалық коды	¹⁴ C BP	Калибрленген мерзімі (Сигма 1 / 68,3 %)	Калибрленген мерзімі (Сигма 2 / 95,4 %)
FTMC-RY88-3	619±26BP	1303 (30.7 %) 1327 calAD 1350 (20.4 %) 1368 calAD 1380 (17.1 %) 1395 calAD	1299 (95.4 %) 1399 calAD

Талдау нәтижелері бойынша жерлеу орнындағы адамның сүйек сынамалары негізіндегі мерзімдеу уақыты XIV ғасырдың ортасына жатады. Бұның өзі жерлеу орнының құрылыс ерекшеліктері, жерлеу дәстүрі және табылған монета бойынша анықталған уақытпен сәйкес келеді.

Талқылау

Архитектуралық ерекшеліктері мен жерлеу дәстүрі. Қазақ даласындағы ортағасырлық жерлеу ескерткіштері жайында құнды пікір жазып қалдырған зерттеушілердің бірі Ш.Ш. Уәлиханов өз жазбаларында далалық аймақтардағы кесенелер мен молаларды сипаттай отырып, олардың орналасу жағдайына, құрылысына, сыртқы өрнектеріне ерекше көңіл аударады. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, молалар әрқашанда биік жерлерге, керуен немесе көш жолдарының бойына, өзен, көлдердің маңына салынады. Бұл өтіп бара жатқан жолаушының аруаққа арнап арнайы дұға қылу мақсатында жасалады. Қабір үстіне салынған көне ескерткіштер үлкен қалыпта, әр түрлі үлгідегі материалды қолдана отырып, әсем күмбездерді және ою-өрнекті безендірулеріне қарай бір-бірінен ерекшеленеді. Өтіп бара жатқан саяхатшы бұл ғимараттарды білімді халықтың шығармасы екендігін өз жазбаларына түртіп қояды [4; 193].

Қазба барысында ашылған жерлеу орны мен сыртқы қоршауының архитектуралық ерекшеліктері және құрылыс заттары XIV-XV ғасырларда кең таралған Жошы Ұлысы заманының

ескерткіштеріне тән. Құрылысы ұқсас келетін ескерткіш нысандары дәл осы аумақта жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында анықталған. Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен Жошы хан кесенесінің жанындағы екі жерлеу орны мен Ұлытау ауданының қазіргі Қаракеңгір ауылы маңында орналасқан тағы бір жерлеу орнында қазба жүргізілген. Құрылыстары бір-біріне өте ұқсас, жобасы тік төртбұрышты болып келген, есіктері оңтүстік-батыс жағында, қабір шұңқырының басы солтүстік-батысқа қараған және табыт іспетті тақта кірпіштермен жабылған. Еденіне тегіс етіп кірпіш төселген. Жерлеу орнынан айтарлықтай заттай деректер табылмаған. Барлық ерекшеліктерін ескере отырып, зерттеушілер мұсылман дәстүрмен жерленген Дешті Қыпшақ (XIII-XV ғғ.) заманына тиесілі ескерткіш деген қорытындыға келген [5; 144]. 1949 жылы Нұра өзенінің бойынан, Қарағанды қаласына жақын жердегі Жартас ауылының маңындағы XIV ғасырға жататын қорымға [6; 248] және 1961 жылы Шідерті өзенінің бойындағы Екібастұз қаласының маңындағы Тасмола IV қорымында қазба жұмыстары жүрген [7; 42]. Бұл ескерткіштерден жерленген адамның басын солтүстік-батысқа қарата қоюы және ағаш табытқа салып жерлеу дәстүрі сияқты байланыстарды байқауға болады. Осы типтегі құрылыстар VIII-IX ғасырлардағы Ертіс өзені алқабындағы қимақтардың жерлеу дәстүрінде жиі кездеседі [8; 181]. Бұл үрдіс кейінірек батысқа қарай қыпшақтардың арасында кең таралған [9; 130].

XIV—XV ғасырларға жататын, құрылысы саз кірпіштен тұрғызылған бірқатар жерлеу орындарын Ертіс өзенінің орта ағысына жақын аумақтардан кездестіруге болады. Олардың қатарында Әуликөл қорымындағы 7 обаның [10; 119], Қаратоғай (2011 жылға дейін Комарицино деп аталған) ауылы маңындағы жерлеу орны [11; 124] және Шідерті қорымындағы 2 обаның [12; 160] құрылыс ерекшеліктері зерттеу нысаны болып отырған ескерткішке жақын келеді.

2010 жылы Ұлытау ауданындағы археологиялық зерттеулер барысында Қаракеңгір өзенінің бойында орналасқан Хан Ордасы қалашығының маңындағы екі жерлеу орны зерттеліп, XIII-XV ғасырларға тиесілі екендігі айтылған [13; 10–13]. Ашылған кесенелердің жобасы, құрылыс материалдары мен олардың өлшемдерінде және жерлеу дәстүрінде зерттеу нысаны болып отырған ескерткішпен тікелей ұқсастықтары бар.

Осы сипаттағы ескерткіштердің бірі Қарағанды облысының Шет ауданындағы Талды өзенінің бойында орналасқан «Нұраталды-2» қорымы. Құрылыстарының көлемдері 5×5 м және 5,8×4,7 м, сақталған биіктігі 0,6 м, тік төртбұрышты келген, шикі саз кірпіштен өрілген, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағыттала орналасқан екі жерлеу орны анықталған. Зерттеу қорытындыларына сәйкес XIII-XIV ғғ. жататын дәстүрлі ерекшеліктері бар мұсылмандық жерлеу ескерткіштерінің бірі ретінде сипатталған [14; 218].

Зерттеу нысанына аумақтық тұрғыдан жақын орналасқан ескерткіштердің бірі ретінде Есіл өзені бойындағы Бозоқ қалашығының қорымынан табылған жерлеу орындарын атауға болады. Ескерткіш аумағынан 70 астам жерлеу орны анықталып, олардың бірқатарында қазба жүргізілген. Негізгі нысандар күйдірілмеген кірпіштерден тұрғызылған қоршау түріндегі (көлемдері 4,5×3,7 ден 7,5×5,3 м дейін) жерлеу орындары. Құрылыс қалдықтары мен жерлеу дәстүріне, табылған жәдігерлеріне қарай отырып, XIII ғ. мен XIV ғ. басындағы мұсылмандық жерлеу ескерткіштері деген қорытынды жасалған [2; 95].

Күйдірілмеген саз кірпіштен жерлеу орындарына арналған қоршау тұрғызудың нақты қай уақыттан бастау алғандығы жөнінде ғылыми көзқарастар әртүрлі. Қалыптасқан түсінік бойынша мұндай құрылыстар белгілі бір аймақта қалалық мәдениеттің қалыптасуымен қатар жүретін құбылыстар ретінде белгілі. Бұл типтегі ескерткіштер Қазақстанның батыс өңірлері мен Еділ бойындағы алтынордалық қалалардың маңында орналасқан қорымдарда жиі кездеседі. Тік төртбұрышты саз кірпіштен тұрғызылған жерлеу орындарын ерекше үлгідегі құрылыс нысандары (VII үлгі) ретінде бөліп қарастырған зерттеушілердің бірі Г.А. Федоров-Давыдов болды. Бұл үрдістің қалыптасуын алтынордалық кезеңдегі (XIII ғ. екінші жартысы мен XIV ғ.) мұсылмандық жерлеу дәстүрінің келуімен байланыстырады. Зерттеуші мұндай қорытындыны жерлеу дәстүріндегі қосымша заттардың болмайтындығын негізге ала отырып шығарады [9; 131]. Осы ұстанымдағы зерттеушілер қатарындағы В.А. Иванов пен В.А. Кригердің қорытындысына сәйкес XIV ғ. екінші жартысынан бастап Оңтүстік Орал өңірінде мұсылмандықтың келуімен қатар жергілікті тұрғындардың жерлеу дәстүрінде ақымдап жерлеу, кірпіштен өрілген қоршау түрлері сияқты жаңа элементтер пайда бола бастаған [15; 86]. М.В. Аляев мұндай құрылыстардың географиялық аумақтарға қарай түрленіп отыратындығын басты назарға алады және қоршаулардың исламдық мәдениетпен ешқандай қатысы жоқ, ол көшпелілерден жеткен ұлттық дәстүрінің ерекшеліктері

ретінде бағамдайды [16; 55–56]. Қазақстанның батыс аумағындағы археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, көшпелілердің жерлеу құрылысында XV ғ. бастап исламдық идеологияның келуімен өзгерістердің орын алғандығын аңғаруға болады. Алайда жергілікті халықтың наным-түсініктеріне негізделген ескі салт-жоралғылармен сіңісіп, жаңа да күрделі мәдени дәстүр ерекшеліктері қалыптасқан [17; 207].

Зерттеушілердің көпшілігі саз кірпіштен тұрғызылған қоршауларды архитектуралық құрылыстан гөрі жерлеу дәстүрі ретінде қарастырады. Еділ бойындағы ескерткіштерге зерттеу жүргізген А.И. Ракушин алғашқылардың бірі болып қоршауларды топтарға бөлген. Оның ішінде шеңбер және тік төртбұрышты үлгілерін ажыратып, өзара жекелеген түрлерге бөле отырып, олардың шығу тарихын көшпелілер арасында ислам дінінің таралуымен байланыстырған [18; 170–173]. Зерттеушінің бұл пікірін терістеп, қоршаулар Алтын Орданың отырықшы халқының жерлеу ескерткіштері деген пікірді ұстанушылар да бар [19; 225]. Ескерткіштерді топқа бөлуде анағұрлым кеңірек талдау жасаған Э.Д. Зиливинская жерлеу орындарының жалпы жобасы бойынша шеңбер, шаршы және тік төртбұрышты деп, ал қоршаулардың қабырғасы бойынша шеңбер, сегіз қырлы (немесе көп қырлы), шаршы, тікбұрышты үлгілерін анықтап, олардың ішінде өзара бірнеше түрге бөлінетін айырмашылықтары бар екендігін атап көрсеткен [20; 182].

Жерлеу орындарының архитектурасы жөнінде терең зерттеу жүргізген этнограф ғалымдардың бірі — С. Әжіғали аталған ескерткіш түрлерінің тарихы ерте кезеңдерден басталып, этнографиялық уақытқа (XIX-XX ғғ.) дейін жалғасатынын айта келіп, «төрткұлақ» үлгісіндегі құрылыстармен сабақтастырады. Сонымен қоса құрылысына ерекше атау беріп, бұрыштарын әлемнің төрт тарапына бағыттай орналастырудың мән-мағынасын кеңістікке бойлау, өмір мен өлім, аруаққа құрмет сияқты архаикалық түсініктермен байланыстырады [21; 280–283].

Жоғарыда айтылған әртарапты пікірлердің қайсы болсын өзіндік ғылыми негіздемесі барын мойындауға болады. Алайда көшпелі өмір салтына бейімделген далалық өңірді мекендеген тұрғындардың саз кірпіштен мола тұрғызуын этникалық дәстүрімен байланыстыра отырып қарастырған зерттеушілер пікірінің қисыны жоғары деп санаймыз. Себебі бұл үрдіс ерте кезеңдерден бастау алып, уақыт пен өндірістік жетістіктердің нәтижесінде өзгеріп отырған. Далалық өңірлерде саз кірпішті жерлеу құрылысына пайдалану қыштан кесене тұрғызу дәстүрімен қатарлас дамыды деп пайымдауға болады. Сондай-ақ жерлеу орнына қойылған адамның әлеуметтік мәртебесіне, қоғамдық беделіне, материалдық байлығына да байланысы барын ескерген жөн. Зерттеу нысаны болып отырған жерлеу орны сол заманның жаңа үлгідегі құрылыс материалдарынан тұрғызылған, әлеуметтік мәртебесі жоғары әйел адамның құрметіне арналған ескерткіштердің жарқын үлгісі.

Жоғарыда аталған Жартас, Тасмола IV, Әуликөл сынды жерлеу орындарынан монеталардың кездесуі [22; 167] мен зерттеу нысанын да монетаның табылуын салыстырмалы түрдегі атрибуттық белгілердің ұқсастығы деп қарастыруға болады. Жалпы Ұлытау және оған іргелес Сарыарқаның өзге де аумақтарда Жошы Ұлысы заманына тиесілі жерлеу орындарынан монеталардың кездескен мысалдары аз емес. Ескерткіштің нақты жасын анықтауға мүмкіндік беретін жәдігер ретіндегі құндылығы жоғары. Алайда бұл дәстүрдің нақты қандай таным-түсініктерге байланысты жасалатындығын немесе аумақтық, этникалық ерекшеліктерін айқындайтын деректер өте аз. Мәселен Дж.Г. Фрээрдің өмірден қайтқан адамның қабіріне қандай да бір тағамдарды қою салтының өзгерген түрі, яғни адамның о дүниеде азық сатып алуы үшін аузына немесе уысына тиын салу әдетінің қалыптасқандығы жайлы пікірі қисынға қонымды [23; 19–20]. Ал қазақ қоғамында әлі күнге дейін кей өңірлерде көпшілік әулие тұтатын тұлғалардың бейіті немесе кесенелеріне арнайы сандық, қорапшалар қойылып, зиярат етушілердің өз қалтасынан ақша салып, тәбірік ретінде басқасын алып кететін жоралғылар сақталған. Бұны да дәстүр сабақтастығының үзілмей келе жатқан сипаты ретінде бағамдауға болады.

Жерлеу салтындағы мүрдені қабірге орналастыру, басын құбылаға бағыттау ерекшеліктері мұсылмандық белгілерін айшықтайтын болса, мыс монетаның кездесуі мен адамды киімімен қоса жерлеуі жергілікті халықтың дәстүрлі наным-түсінігімен ұштасып жатқан синкретті бейнесі.

Қорытынды

Ұлытау өңіріндегі саз кірпіштен тұрғызылған ортағасырлық жерлеу орындары санатындағы зерттелген ескерткіштер саны аз болғанымен өзіндік салт-жоралғысы, архитектуралық құрылымы бар, арнайы ғылыми-зерттеулерге негіз болатын кешен ретінде қарастыруға болады. XIII-XIV ғғ. аралығында қоғамда орын алған саяси, идеологиялық өзгерістердің тұрмыстық сипатын

айшықтайтын мұндай материалдық құндылықтарды жүйелі түрде зерттеуді жетілдіре түсудің ғылыми маңызы жоғары.

Тарихи-мәдени салыстырулар мен зертханалық талдау қорытындылардың нәтижесіне сәйкес Жошы хан кешеніндегі жерлеу орыны XIV ғ. орта тұсындағы Жошы Ұлысы заманына тиесілі ескерткіш ретінде қарастыруға толық негіз бар. Осы уақытқа жататын Ұлытау өңірі мен оған жақын аумақтарда зерттеу нысанына іліккен бірқатар ескерткіштер бойынша архитектуралық ерекшеліктері мен жерлеу дәстүрінде ұқсастықтар мен сабақтастықтың бар екендігі байқалады. Адамның басын солтүстік-батысқа қарата, басын оң иығына қарай бұрып, қос білегін кіндіктен төмен айқастыра қойып жерлеу ишараларын мұсылмандық дәстүрдің сипаты деп қарастырылды. Алайда адамның аяқ сүйектеріне жабысқан органикалық қалдықтардың болуы және мыс монетаның кездесуі мұсылмандық емес немесе жергілікті халықтың көп тәңірлік ұстанымдарының атрибуттық белгісі деп пайымдауға болады. Антропологиялық белгілерінде ешқандай патологиялық ерекшеліктердің болмауы және киімімен бірге салтанатты түрде жерленуі, әлеуметтік мәртебесі жоғары тұлға болғандығын айғақтайды. Көшпелілердің тұрмыстық салтында жас әйелге жоғары құрмет көрсету оның жоғары әлеуметтік мәртебесі мен қоғамдық беделіне тікелей байланысты жүретін құбылыстар.

Сонымен XIII—XIV ғасырлардағы Сарыарқа даласының көшпелі халқы саяси, мәдени үрдістерді басынан кешіре отырып, қоғамдық өзгерістерге түскенін аңғарамыз. Әсіресе тұрмыстық салт-жоралғыларында қарқынды өзгерістер байқалады. Рухани құндылықтар жүйесінде мұсылмандық сенім мен дәстүрлер дендеп ене бастаған. Бұл үрдіс жоғарыда айтылған жерлеу орындарындағы ғұрыптық өзгерістерден айқын көрініс береді. Жерлеу құрылыстарындағы ислам мәдениетінің архитектуралық нышандардың берік орныға бастауын және жерлеу дәстүрінде қосымша жабдықтар санының азаюын ереше атап айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Рашид ад-Дин. Джами ат-таварих: Сб. летописей. — Кн. 2. — Т. 1. / Рашид ад-Дин. — М., 1960. — 253 с.
- 2 Хабдулина М.К. Раннемусульманские погребения некрополя городища Бозок / М.К. Хабдулина // Диалог городской и степной культур на Евразийском пространстве. Историческая география Золотой Орды: материалы Седьмой междунар. конф., посвящ. памяти Г.А. Фёдорова-Давыдова; под ред. С.Г. Бочарова и А.Г. Ситдикова. — Казань; Ялта; Кишинёв, 2016. — С. 94–96.
- 3 Петров П.Н. Монетные находки в погребениях XIV в. На территории Сарыарка (Центральный Казахстан) / П.Н. Петров, А.Е. Касеналин, Т.Н. Смагулов, С.Г. Есен // Stratum plus — 2021. — № 6. — С. 127–138.
- 4 Валиханов Ч.Ч. О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще / Ч.Ч. Валиханов // Собрание сочинений : [В 5-и т.]. — Т.1. — Алма-Ата: Гл. ред. Казах. сов. энцикл., 1984. — 432 с.
- 5 Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 год). / А.Х. Маргулан // Изв. АН КазССР. Сер. ист. — 1948. — Вып. 4, № 49. — С. 119–145.
- 6 Маргулан А.Х. Раскопки погребения воина XIV века в долине реки Нуры / А.Х. Маргулан // Тр. Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР: археология. — 1959. — Т. 7. — С. 248–261.
- 7 Кадырбаев М.К. Погребение кыпчака первой половины XIV века из могильника Тасмола / М.К. Кадырбаев, Р.З. Бурнашева // По следам древних культур Казахстана. — Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1970. — С. 42–53.
- 8 Арсланова Ф.Х. Жоғарғы Ертіс өңірінің ортағасырлық археологиясының очерктері / Ф.Х. Арсланова. — Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2013. — 405 б.
- 9 Феодоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов / Г.А. Феодоров-Давыдов. М.: Изд. Моск. ун-та, 1966. — 276 с.
- 10 Смагулов Т.Н. Калбасунская башня / Т.Н. Смагулов. — Алматы, 2012. — 160 с.
- 11 Смагулов Т.Н. Новые материалы к изучению археологических памятников кочевников Золотой Орды в Среднем Прииртышье / Т.Н. Смагулов // Материалы Междунар. науч. конф. «Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы», посвящ. 20-летию Независимости Республики Казахстана и 20-летию Ин-та археологии им. А.Х. Маргулана (12–15 декабря 2011 г.). — Алматы, 2011. — Т. 3. — С. 118–125.
- 12 Мерц В.К. Памятники Шидертинского археологического комплекса / В.К. Мерц, О.Н. Красноперова // Наследие академика А.Х. Маргулана: сб. материалов науч.-практ. конф., посвящ. 100-летию юбилею ученого. — Экибастуз, 2004. — С. 153–163.
- 13 Смаилов Ж. Отчет о научно-исследовательской работе «Проведение реставрационных работ на памятнике археологии — городища Хан Ордасы XIV–XV вв., Улытауский район» / Ж. Смаилов. — Алматы, 2010. — 26 с.
- 14 Ломан В.Г. Золотоординские погребения могильника Нуратаалды-2 / В.Г. Ломан, Е.А. Дмитриев, И.А. Кукушкин, А.И. Кукушкин // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение: сб. науч. ст., посвящ. 70-летию организации Центрально-Казахстанской археологической экспедиции Академии наук Казахстана. — Т. 2. — Алматы: Научно-исследовательский центр истории и археологии «Бөгазы-Тасмола», 2017. — С. 209–218.
- 15 Иванов В.А. Курганы кыпчакского времени на Южном Урале (XII–XIV вв.) / В.А. Иванов, В.А. Кригер. — М.: Наука, 1988. — 89 с.

- 16 Аляев М.В. Погребения золотоордынской эпохи в сырцовых оградках на территории Волгоградской области / М.В. Аляев // Материалы XXX Урало-Поволжской археол. конф. молодых ученых. — Самара, 1999. — С. 55, 56.
- 17 Бисембаев А.А. Археологические памятники кочевников средневековья Западного Казахстана (VIII–XVIII вв.) / А.А. Бисембаев. — Уральск, 2003. — 232 с.
- 18 Ракушин А.И. Подкуранные кирпичные сооружения золотоордынского времени в Нижнем Поволжье / А.И. Ракушин // Археологические вести. — Саратов, 1993. — Вып. 1. — С. 170–175.
- 19 Мыськов Е.П. Погребальные сооружения с кирпичными оградками могильника Маляевка VI у северо-западного пригорода Царевского городища / Е.П. Мыськов // Нижневолж. археол. вестн. — Вып. 6. — Волгоград, 2003. — С. 216–235.
- 20 Зиливинская Э.Д. Архитектура Золотой Орды. Культовое зодчество: моногр. / Э.Д. Зиливинская. — Казань: Отечество, 2014. — Ч. I. — 228 с.
- 21 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников — феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона) / С.Е. Ажигали. — Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. — 654 с.
- 22 Петров П.Н. Нумизматические находки XIV века из некрополя у озера Аулиеколь / П.Н. Петров, Т.Н. Смагулов // Stratum plus — 2018. — № 6. — С. 167–184.
- 23 Frazer I.G. Garnered sheaves. Essays, addresses and reviews. London, 1931.

А.Е. Касенали, С.Г. Есен, А.Ш. Исаков

Исследование погребального памятника эпохи Улуса Джучи в Улытауском районе

На территории Улытауского района расположено множество городов, поселений, мавзолеев и захоронений, отражающих материальную культуру эпохи Улуса Джучи. Одним из таких наследий являются погребальные памятники. Предметом исследования данной статьи является место захоронения в комплексе Джучи хана. Также в работе представлены результаты научно-исследовательских изысканий этого объекта. Культурная принадлежность захоронения, выявленная в ходе археологических раскопок, определялась сравнительными методами исследования внешнего строения и погребальных традиций. Нумизматическая экспертиза найденной монеты позволила установить дату чеканки и дату введения ее в обращение. Кроме того, было составлено антропологическое описание погребенного по скелету и установлено, что это была женщина в возрасте 20–25 лет. Время ее жизни было определено радиоуглеродным методом, датируется серединой XIV в. Отсутствие каких-либо патологических изменений в антропологических чертах и торжественный обряд захоронения с одеждой позволили предположить, что погребенный человек имел высокий социальный статус. Помимо этого, были высказаны мнения, касающиеся духовных ценностей и бытовых обрядов местного населения с учетом особенностей погребальной традиции. В частности, в период с середины XIV по XV век сформировались основы, связанные с преобладанием мусульманских знаков в традиции погребения человека и сохранением традиций, относящихся к тенгрианским верованиям местного населения.

Ключевые слова: Улус Джучи, Золотая Орда, Сарыарка, Улытау, ограда, погребение, обряд захоронения, сырцовый кирпич, монета, археологические раскопки.

A.Ye. Kassenali, S.G. Yessen, A.Sh. Iskakov

Research works on the burial monument of the time of Jochi Ulus in the Ulytau district

On the territory of the Ulytau district there are many cities, settlements, mausoleums and burials reflecting the material culture of the Ulus of Jochi era. Burial monuments are one of such legacies. The subject of this article is the burial place in the Jochi Khan complex. The paper presents the research results of this monument. The cultural identity of the burial, revealed during archaeological excavations, was identified by comparative methods of studying the external structure and burial traditions. Numismatic examination of the found coin allowed to establish the date of minting and the date of its introduction into circulation. At the same time, an anthropological description was made on the skeleton of the buried woman, and it turned out that she was a woman aged 20–25 years. The time of her life was determined by the radiocarbon dating method and included in the list of monuments dating back to the middle of the 14th century. The absence of any pathological changes in anthropological features and the solemn burial ceremony with clothes suggested that the buried person had a high social status. In addition, opinions were expressed concerning the spiritual values and household rituals of the local population, considering the peculiarities of the funeral tradition. In particular, in the period from the middle of the 14th to the 15th centuries, the foundations were formed related to the predominance of Muslim signs in the tradition of human burial and the preservation of traditions associated with the Tengrian beliefs of the local population.

Keywords: ulus of Jochi, Golden Horde, Saryarka, Ulytau, fence, burial place, burial traditions, mud brick, coin, archaeological excavations.

References

- 1 Rashid ad-Din (1960). *Dzhami at-tavarikh: Sbornik letopisei [Jami at-tavarikh: Collection of annals]*. Book 2. Vol. 1. Moscow [in Russian].
- 2 Khabdulina, M.K. (2016). Rannemusulmanskіe pogrebeniia nekropolia gorodishcha Bozok [Early Muslim burials of the necropolis of the Bozok settlement]. *Proceedings from "Dialogue between urban and steppe cultures in the Eurasian space. Historical geography of the Golden Horde: VII Mezhdunarodnaia konferentsiia, posviashchennaia pamiati G.A. Fedorova-Davydova — 7th International Conference dedicated to the memory of G.A. Fedorov-Davydov*. S.G. Bocharov, A.G. Sitdikov (Ed.). Kazan, Yalta, Kishinev, 94–96 [in Russian].
- 3 Petrov, P.N., Kassenalin, A.E., Smagulov, T.N., & Yessen, S.G. (2021). Monetnye nakhodki v pogrebeniakh XIV v. na territorii Saryarka (Tsentralnyi Kazakhstan) [Coin Finds in 14th Century in the territory of Saryarka (Central Kazakhstan)] *Stratum plus*, 6, 127–138 [in Russian].
- 4 Valikhanov, Ch.Ch. (1984). O kirgiz-kaisatskikh mogilakh (molakh) i drevnostiakh voobshche [About Kirghiz-Kaisak graves (mola) and antiquities in general]. *Sobranie sochinenii: [V piati tomakh] — Collected works in five volumes. Vol. 1. Alma-Ata: Glavnaia redaktsiia Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii* [in Russian].
- 5 Margulan, A.Kh. (1948). Arkheologicheskie razvedki v Tsentralnom Kazakhstane (1946 god) [Archaeological reconnaissance in Central Kazakhstan (1946)]. *Izvestiia Akademii nauk Kazakhskoi SSR. Seriya istoricheskaya — Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. History Series*, Issue 4, 49, 119–145 [in Russian].
- 6 Margulan, A.Kh. (1959). Raskopki pogrebeniia voina XIV veka v doline reki Nury [Excavations of the burial of a warrior of the XIV century in the valley of the river Nura]. *Trudy Instituta istorii, arkhologii i etnografii Akademii nauk Kazakhskoi SSR: arkhologiya — Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR: Archeology*. Alma-Ata: Izdatelstvo Akademii nauk KazSSR, 7, 248–261 [in Russian].
- 7 Kadyrbaev, M.K., & Burnasheva, R.Z. (1970). Pogrebenie kypchaka pervoi poloviny XIV veka iz mogilnika Tasmola [Burial of a Kipchak in the first half of the 14th century from the burial ground of Tasmol]. *Po sledam drevnikh kultur Kazakhstana — In the footsteps of the ancient cultures of Kazakhstan*. Alma-Ata: Izdatelstvo «Nauka» Kazakhskoi SSR, 42–53 [in Russian].
- 8 Arslanova, F.Kh. (2013). Zhogargy Ertis onirinin ortagasyrlyq arkhologiyasynyn ocherkteri [Essays on medieval archeology of the Upper Irtysh region]. *Astana: A.Kh. Margulan atyndagy Arkheologiya institutynyn Astana qalasyndagy filialynyn baspa toby* [in Kazakh].
- 9 Fedorov-Davydov, G.A. (1966). Kochevniki Vostochnoi Yevropy pod vlastiu zolotoordynskikh khanov [Nomads of Eastern Europe under the rule of the Golden Horde khans]. Moscow: *Izдание Moskovskogo universiteta* [in Russian].
- 10 Smagulov, T.N. (2012). Kalbasunskaya bashnia [Kalbasun tower]. Almaty [in Russian].
- 11 Smagulov, T.N. (2011). Novye materialy k izucheniiu arkhologicheskikh pamyatnikov kochevnikov Zolotoi Ordy v Srednem Priirtyshe [New materials for the study of archeological monuments of nomads of the Golden Horde in the Middle Priirtysh 12 e]. *Proceeding from Archaeology of Kazakhstan in the era of independence: results, prospects: Mezhdunarodnaia konferentsiia, posviashchennaia 20-letiiu Nezavisimosti Respubliki Kazakhstan i 20-letiiu Instituta arkhologii imeni A.Kh. Margulana (12–15 dekabrya 2011 goda) — International Conference devoted to 20th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan and 20th anniversary of the Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan*. Almaty, 3, 118–125 [in Russian].
- 12 Merts, V.K., & Krasnoperova, O.N. (2004). Pamyatniki Shidertinskogo arkhologicheskogo kompleksa [Monuments of the Shiderty archaeological complex]. *Nasledie akademika A.Kh. Margulana: sbornik materialov nauchno-prakticheskoi konferentsii, posviashchennoi 100-letnemyu yubileiu uchenogo — The legacy of academician A.Kh. Margulan. Collection of materials of the Scientific-Practical Conference dedicated to the 100th anniversary of the scientist*. Ekibastuz, 153–163 [in Russian].
- 13 Smailov, Zh. (2010). Otchet o nauchno-issledovatel'skoi rabote «Provedenie restavratsionnykh rabot na pamyatnike arkhologii — gorodishcha Khan Ordasy XIV–XV vv., Ulytauskii raion» [Report on the research work "Restoration work on the monument of archeology — the settlement of Khan Ordasy XIV–XV centuries, Ulytau region"]. Almaty [in Russian].
- 14 Loman, V.G., Dmitriev, E.A., Kukushkin, I.A., & Kukushkin, A.I. (2017). Zolotoordynskie pogrebeniia mogilnika Nurataldy-2 [Golden Orda burials of the Nurataldy-2 burial ground]. *Arkheologicheskoe nasledie Tsentralnogo Kazakhstana: izuchenie i sokhraneniye: sbornik nauchnykh statei, posviashchennyi 70-letiiu organizatsii Tsentralno-Kazakhstanskoi arkhologicheskoi ekspeditsii Akademii nauk Kazakhstana — Archaeological heritage of Central Kazakhstan: study and preservation. Collection of scientific articles dedicated to the 70th anniversary of the organization of the Central Kazakhstan Archaeological Expedition of the Academy of Sciences of Kazakhstan*. Almaty: Nauchno-issledovatel'skii tsentr istorii i arkhologii «Begazy–Tasmola», 2, 209–218 [in Russian].
- 15 Ivanov, V.A., & Kriger, V.A. (1988). Kurgany kypchakskogo vremeni na Yuzhnom Urale (XII–XIV vv.) [Mounds of the Kipchak period in the Southern Urals (12 – 14 centuries)]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 16 Aliaev, M.V. (1999). Pogrebeniia zolotoordynskoi epokhi v syrtsovykh ogradkakh na territorii Volgogradskoi oblasti [Burials of the Golden Horde era in adobe enclosures on the territory of the Volgograd region]. *Materialy XXX Uralo-Povolzhskoi arkhologicheskoi konferentsii molodykh uchenykh — Proceedings of the XXX Ural-Volga Archaeological Conference of Young Scientists*. Samara, 55, 56 [in Russian].
- 17 Bisembaev, A.A. (2003). Arkheologicheskie pamyatniki kochevnikov srednevekovia Zapadnogo Kazakhstana (VIII–XVIII vv.) [Archaeological monuments of medieval nomads of Western Kazakhstan (8–18th centuries)]. Uralsk [in Russian].
- 18 Rakushin, A.I. (1993). Podkurgannye kirpichnye sooruzheniia zolotoordynskogo vremeni v Nizhnem Povolzhe [Buried brick structures of the Golden Horde time in the Lower Volga region]. *Arkheologicheskie vesti — Archaeological news*. Saratov, Iss. 1, 170–175 [in Russian].

20 Myskov, E.P. (2014). Pogrebalnye sooruzheniia s kirpichnymi ogradami mogilnika Maliaevka VI u severo-zapadnogo prigoroda Tsarevskogo gorodishcha [Burial structures with brick fences of the Malyaevka VI burial ground near the northwestern suburb of the Tsarevsky settlement]. *Nizhnevolzhskii arkhеologicheskii vestnik — Lower Volga archaeological bulletin*. Volgograd, 6, 216–235 [in Russian].

21 Zilivinskaia, E.D. (2014). Arkhitektura Zolotoi Ordy. Kultovoe zodchestvo: monografiia [Architecture of the Golden Horde. Cult architecture: monography]. — Chast 1. — Kazan: Otechestvo[in Russian].

22 Azhigali, S.E. (2002). Arkhitektura kochevnikov — fenomen istorii i kultury Yevrazii (pamiatniki Aralo-Kaspiiskogo regiona) [The architecture of nomads is a phenomenon of the history and culture of Eurasia (monuments of the Aral-Caspian region)]. Almaty: Gylym [in Russian].

23 Petrov, P.N., & Smagulov, T.N. (2018). Numizmaticheskie nakhodki XIV veka iz nekropolia u ozera Auliekol [Numismatic finds of the XIV century from the necropolis near the lake Auliekol]. *Stratum plus*, 6, 167–184 [in Russian].

24 Frazer, I.G. (1931). *Garnered sheaves. Essays, addresses and reviews*. London.

М. Қанатұлы*, А.С. Адильбаева

*Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан
(E-mail: mir77kan@mail.ru; aigulmalika@mail.ru)*

Өлкетану пәнінде тарихи-мәдени туризмнің тарихын оқыту негіздемесі

Қазіргі таңда «тарихи өлкетану» пәні аймақтың ерекше қажеттіліктері мен мүдделерін көрсететін, білім беру стандарттарының негізгі құрамдас бөлігіне айналды. Осы негізде өлкетану пәнін университет деңгейінде оқыту, студенттердің кәсіби деңгейін көтеруде, жастардың туған өлке тарихын терең білуге насихаттауда және туған жерге деген патриоттық негізін қалыптастыруға, тұлға болып қалыптасуында өлкетану пәнінің маңыздылығы жоғары. Мақалада жоғары оқу орындарында патриоттық тәрбие берудің кейбір әдістемелік тәсілдері мен әдістері зерттелген. Соның ішінде оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің қарапайым да тиімді құралдарының бірі — өлкетану пәні арқылы туризм саласын оқыту негіздемесі қарастырылған. Авторлар мәдени-өлкетану тәжірибесін оқу үдерісіне енгізу және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы олардың ролін күшейту шараларын ұсынған. Сонымен қатар өлкетану терминіне анықтама бере отырып, мәдени-тарихи туризмді өлкетану пәні ретінде оқытудың әдіс-тәсілдері туралы айтылған. Туризм мен өлкетанудың өзара ұқсастықтары мен ерекше тұстарына ғылыми түрде талдау жасалынған. Сондай-ақ, өлкетану пәнін жоғары оқу орынында оқыту студент жастардың рухани дамуына оң ықпал тигізетіндігі, аймақтың тарихи, әлеуметтік және мәдени құрылымына әсері туралы нақты ақпарат берілген.

Кілт сөздер: туризм, өлкетану, мәдениет, білім беру, патриоттық тәрбие, студент, тарихи ескерткіш.

Kipicne

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған жылдардан бастап, бүгінгі күнге дейінгі өзекті тақырыптардың бірі — халықтың әл-ауқатын көтеретін, ел экономикасын дамытатын, ішкі-сыртқы байланысты тұрақтандыруға орасан зор үлес қосатын ішкі туризм саласын өркендету болып табылады.

Қазіргі таңда ішкі отандық туризм саласының қарқынды дамып келе жатқанына куә болып отырмыз, оған басты себеп әлемдік жағдайдың күрт өзгеруі. Ішкі туризмді дамыту үшін, ең бірінші жастарды өз елінің тарихи-мәдени мұраларын құрметтеуге үйретуіміз керек. Осы тұрғыдан алғанда мектеп қабырғасынан бастап, жоғары оқу орындарында оқытылатын өлкетану пәнінің алар орны ерекше.

Қазақ тарихындағы мыңжылдық тарихы бар тарихи орындарды, археологиялық зерттеу барысында табылған жәдігерлерді насихаттап, туризм тарихын ғылыми әдіс-тәсілдер арқылы зерттеу, олардың бүгінгі тағдырына қорытынды жасау өте маңызды.

Заманауи білім берудің маңызды стратегиялық міндеті — жас ұрпақты жан-жақты дамыту болып табылады. Соның ішінде, студенттердің өлкетану пәні арқылы тарихи туризмді дамыту жастардың жеке тұлға болып қалыптасуына кешенді әсер етудің тиімді құралдарының бірі.

Өлкетану пәнінде тарихи туризмді оқыту негізінде педагогикалық құрылыммен тәрбиенің барлық негізгі аспектілері қалыптасады: саяси, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, физикалық, студенттердің таным дәрежесі едәуір кенейеді, әрі психикалық дамуына да ерекше әсер ететіні айқын [1; 14].

Туризм өте ауқымды, әрі бұл саланы тарих тұрғысынан зерттелмегенін ескерсек, оның ішінде өлкетану ғылымы арқылы зерттеу тақырыптың өзектілігін аша түседі.

Бүгінде қазақстандық туризм нысандарының тарихы мен қызметі, әлемдік маңызы бар мәдени-тарихи ескерткіштері туралы тың ақпараттар жүйелі түрде жинақталып, тарих тұрғысынан ғылыми айналымға түскен жоқ. Осы негізде туризм тарихы, оның ішінде аймақтық туризм тарихын,

*Хат-хабарларға арналған автор. Email: mir77kan@mail.ru

республикалық және жергілікті мұрағат қорларынан алынған тың деректерді ғылыми айналымға енгізу және осы нәтижелерді өлкетану пәнінде енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Туризм елдің аумағы мен оның жеке аймақтарымен тікелей байланысты. Сондықтан да өлкетану туризммен тығыз байланыстағы ғылым саласы болып табылады. Қазақстан өңіріндегі мәдени-тарихи туризм тарихы — пәнаралық байланысты қамтитын тақырып.

Қазақстандағы аймақ туризмінің дамуы және қалыптасу тарихын зерттеу бүгінгі Отан тарихының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Білім және тәрбие жағына да әсер ететін бұл пәннің мәні зор болғанымен, өлкетану пәнінде туризм бағыты аз қолданылады.

XXI ғасыр ғылым мен технология заманында тек бір жақты теориялық білім беру студент үшін жеткіліксіз екенін көруімізге болады. Студенттің танымдық іс-әрекетін арттыру мақсатында тәжірибелік бағытына да жеткілікті көңіл аударуымыз керек. Көру, қызығушылық таныту арқылы тыңдау, ынта негізінде қабылданған білім ғана жас жеткіншекті тұлғалық дамуға апаратын негізгі бір жол болып табылады. Егер өлкетану пәнін оқытуда алдыға мақсат қоя отырып, жүйелі ұйымдастыра білсе, оның білімдік, танымдық, дамытушылық және тәрбиелік маңызы ерекше. Әсіресе, ішкі туризмді дамытуда тарихи мәдени орындарға, мұражайларға бару, тарихи маңызы бар туристік нысандарға саяхат жасау арқылы, деректерді жинау, оны тиімді пайдалану білім алушылардың тарихты жаңа бағыт тұрғысынан пайымдауға, ғылыми негізде түсінуіне мүмкіндік тудырады.

Зерттеу әдістері

Зерттеуде әдістемелік негізі принциптер: объективтілік пен тарихи анализ, психология-педагогикалық ғылыми әдебиеттерді, интернет материалдарын теориялық талдау, синтездеу т.б. әдістері басшылыққа алынды. Отандық және ресейлік ғалымдардың өлкетану, педагогикалық негізде оқыту жүйесіне қатысты әдістемелік-педагогикалық ғылыми еңбектеріне талдау жасау арқылы, тарихи зерттеу әдістері қолданылды.

Ғылыми әдебиеттерді талдау әдісі: бұл әдіс арқылы мынадай міндеттер шешілді: жоғары оқу орындарында туризм мен өлкетану жұмысының даму тарихын зерттеу, мәселенің зерттелу деңгейін ғылыми әдістемелік тұрғыдан талдау. Ақпаратты зерттеу және қорытындылау әдісі арқылы келесідей негізгі міндеттер шешілді: туризм мен өлкетану қызметінің тиімді түрлерін анықтау, студенттерді археологиялық және тарихи-мәдени маңызы бар туристік орындармен таныстыру негізінде пәнге деген қызығушылығын ояту.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Қазақ жері бірнеше ғасырлық тарихы бар көне мекен, түркі халықтарының мәдени астанасы, сақ, ғұн тайпасынан бастап қанша ұлттың шығу бесігі болған тарихи орталығы екенін ескерсек, еліміздің тарихи-мәдени ескерткіштерге бай болуы да негізгі бір артықшылықтарымыздың бірі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бөлімін іске асыру мақсатында білім беру жүйесінде, оқу-тәрбие ісінде тәжірибе тұрғысынан көңіл бөлуді, соның ішінде «Өлкетану» сияқты пәнді мектептерден жоғары оқу орындарына дейін оқытуды тапсырған болатын [2; 21].

Бүгінде Қазақстан Республикасының білім заңы аясында өлкетану пәні мектепте және мемлекеттік жоғары оқу орындарында тарих факультеттерінде арнайы «Тарихи өлкетану» курсы да оқытылады.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ туризмінің дамуына өлкетану пәнінің қосар үлесі орасан зор екені айқын. Тақырыпқа терендей кіру мақсатында өлкетану терминіне ғылыми анықтама берсек:

Өлкетану — Отан тарихының құрамдас бөлімі ретінде көлемі бойынша шағын белгілі бір аумақтың (аудан, облыс, өлкелер т.б.) тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуын, табиғи жағдайларын зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы, жан-жақты сараланған зерттеу жұмыстарының жиынтығы [3; 14].

Пәнді оқыту әдістемесі де ерекше, өлке тарихын ғана зерттемей, қоғам мен қоршаған тарихи ортаның географиялық, топонимикалық, экологиялық жағымен байланыстыра зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының «Білім және ғылым туралы» заңында «Өлкетану» пәніне ерекше басымдық берілгенін айқын байқауымызға болады. Атап айтсақта заңда:

Мақалада XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамындағы хан билігінің қызмет ету мәселесі зерттелген. Сол кезде Ресей шекаралық әкімшілігі қазақ қоғамына ықпалын күшейту әрекеттерін жасаған, бұл қазақ хандарын сайлау және заңдастыру тәртібін өзгертуге бағытталған саясаттан көрінеді. Мақаланың мақсаты — XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ билеушілерін хандық дәрежеде сайлау және бекіту процесі мен тәртібіне империялық әкімшіліктің ықпал ету әрекеттері жағдайында қазақ хандарын сайлау мәселесін зерттеу. Бұл әрекеттердің қалай жүзеге асырылғанын және олардың қандай нәтижелерге әкелгенін көрсету маңызды міндет болып табылады. Тағы бір міндет — мұрағат материалдары негізінде қазақ хандарын сайлау мен бекіту рәсімін және орыс билігінің ықпалымен пайда болған жаңалықтарды көрсету. Мақалада РИИСМ, ЕАРММ, РМӨТМ-дан алынған құжаттар, сондай-ақ жарияланған материалдар пайдаланылған. XVIII ғасырдың орта шенінен бастап орыс патшасы хандық дәрежесінде бекіткен, тұңғыш қазақ билеушісі болған Нұралының қазақ ханы болып сайлануына орынборлық әкімшіліктен ықпал ету әрекеттері жасалған. Алайда, бұл жаңашылдықты енгізу ұзаққа созылған, бұл ең алдымен сұлтанның, содан кейін Абылай ханның ұстанымымен байланысты болды. Ресей империясының қазақтың билеуші хандарын бекіту процесіне айқын әсер етуіне қарамастан, XVIII ғасыр бойы және тіпті кейінірек қазақтар хандарды сайлау және жариялау рәсіміне байланысты көптеген элементтерді сақтап қалды.

Кілт сөздер: қазақ хандығы, Ресей империясы, Орынбор әкімшілігі, XVIII ғ. хан билігі, сайлау, растау, ант беру, Нұралы хан, Абылай хан.

N.S. Lapin

The election and approval of Kazakh khans in the context of strengthening the position of the Russian Empire in the second half of the XVIII century

The article studies the problem of functioning of the khan's power in the Kazakh society in the second half of the XVIII century. At this time, the Russian border administration attempted to strengthen its influence on

Kazakh society, which was manifested in a policy aimed at transforming the procedure of electing and legitimizing Kazakh khans. The purpose of the article is to study the problem of election of Kazakh khans in the conditions of attempts of the Imperial administration to influence the process and procedure of election and approval of Kazakh rulers in the Khan's dignity in the second half of the XVIII century. An important task is to show how these attempts were implemented and what results they led to. Another task is to show the procedure of election and approval of Kazakh khans and the innovations that appeared under the influence of the Russian authorities based on archival materials. The article uses materials from the Archive of Foreign Policy of the Russian Empire, Russian State Military Historical Archive, Russian State Archive of Ancient Acts, as well as published documents and materials. Since the middle of the XVIII century, the Orenburg administration made attempts to influence the election of Nurali Khan of the Small Horde, who became the first Kazakh ruler to be confirmed in the dignity of Khan by the Russian monarch. In the Middle Horde, the introduction of this innovation was delayed, which was primarily due to the position and real capabilities of the Sultan, and then Ablai Khan. Having established a noticeable control over the Kazakh clans of the Middle Horde while still a Sultan, he continued to strengthen his influence among the Kazakhs, which drew the attention of the Russian administration to him. In the late 1750s, he offered the title of Khan, with the condition of approval in this title in St. Petersburg, but this attempt was unsuccessful. The next attempt was made in the 1770s, when Ablai, who had been already elected Khan by the Kazakhs, asked to approve St. Petersburg in this dignity. Despite the obvious influence of the Russian Empire on the process of approval of Kazakh rulers by the khans, throughout the XVIII and even later, the Kazakhs retained many elements related to the procedure of election and proclamation of khans.

Keywords: Kazakh khanates, Russian Empire, Orenburg administration, khan power in XVIII century, election, confirmation, oath, Nurali khan, Ablai khan.

References

- 1 AVPRI [Archive of Foreign Policy of the Russian Empire]. — F. 122. — Op. 1. 1749. — D. 8. — L. 1–8 [in Russian].
- 2 AVPRI [Archive of Foreign Policy of the Russian Empire]. — F. 122. — Op. 3. 1781–1784. — D. 2. — L. 35–39 об. [in Russian].
- 3 RGADA [Russian State Archive of Ancient Acts]. — F. 5. — Op. dop. — D. 41. — L. 54–54 об. [in Russian].
- 4 RGVIA [Russian State Military Historical Archive]. — F. 846. — Op. 16. — D. 18537. — L. 1–8 об. [in Russian].
- 5 (1830). *Polnoe sobranie zakonov Rossiiskoi imperii* [Complete Collection of Laws of the Russian Empire]. Vol. XXIII. Saint Petersburg [in Russian].
- 6 Kireev, F.N., Aleinikova, A.K., Semeniuk, G.I., & Shoinbaev, T.Zh. (1961). *Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVI–XVIII vekakh: sbornik dokumentov i materialov* [Kazakh-Russian Relations in the XVI–XVIII Centuries: Collection of Documents and Materials]. Alma-Ata: Akademii nauk KazSSR [in Russian].
- 7 Kireev, F.N., Basin, V.Ya., Shoinbaev, T.Zh., Zhunisbaev, K.Zh., & Musaeva, V.S. (1964). *Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVIII–XIX vekakh (1771–1867 gody): sbornik dokumentov i materialov* [Kazakh-Russian Relations in the XVIII–XIX Centuries (1771–1867): Collection of Documents and Materials]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 8 (1969). *Materialy po istorii Kazakhskikh khanstv XV–XVIII vekov (izvlecheniia iz persidskikh i tiurkskikh sochinenii)* [Materials on the History of the Kazakh Khanates of the 15th–18th Centuries (Excerpts from Persian and Turkic Works)]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 9 Erofeeva, I.V., & Zhanaev, B.T. (2007). *Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdakh po yuzhnym kazakhskim stepiam. XVIII–XIX veka* [Travel diaries and service notes on trips to the southern Kazakh steppes. XVIII–XIX centuries]. Almaty [in Russian].
- 10 Sultanov, T.I. (2001). *Podniatie na beloi koshme. Potomki Chingiz-khana* [Raised on a white felt mat. Descendants of Genghis Khan]. Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 11 Kasymbaev, Zh. (2001). *Gosudarstvennye deiateli kazakhskikh khanstv v XVIII — pervoi chetverti XIX vv.: Khan Zhantore (1759–1809)* [Statesmen of the Kazakh khanates in the 18th century and the first quarter of the 19th century: Khan Zhantore (1759–1809)]. Almaty: Bilim [in Russian].
- 12 Taimasov, S.U. (2008). *Khan Abulhair i drugie chingizidy v bashkirskom natsionalnom dvizhenii nachala XVIII veka* [Abulhair Khan and other Chingizids in the Bashkir national movement of the early 18th century]. *Qazaqstan muragattary — Kazakhstan archives*, Vol. 1 (5), 119–129 [in Russian].
- 13 Bykov, A.Yu. (2006). *Khanskaia vlast u kazakhov: zvanie i/ili dolzhnost* [Khan power among the Kazakhs: title and / or position]. *Etnograficheskoe obozrenie — Ethnographic Review*, Vol. 3, 127–148 [in Russian].
- 14 Bikenov, A.Kh., & Zhakin, M.S. (2003). *Printsipy peredachi khanskoi vlasti v traditsionnom kazakhskom obshchestve (po materialam XVIII veka)* [Principles of the Transfer of Khan Power in Traditional Kazakh Society (Based on 18th Century Materials)]. *Stepnoi krai Evrazii: mezhdunarodnyi Evraziiskii forum (III nauchnaia konferentsiia) — Eurasian Steppe Region: International Eurasian Forum (III Scientific Conference)*. Omsk: Omskii gosudarstvennoi universitet, 78, 79 [in Russian].
- 15 Erofeeva, I.V. (2007). *Khan Abulhair: polkovodets, pravitel, politik* [Abulhair Khan: commander, ruler, politician]. Almaty: Daik-Press [in Russian].

- 16 Basin, V.Ya. (1971). Rossiia i kazakhskie khanstva v XVI–XVIII vv.: Kazakhstan v sisteme vneshnei politiki rossiiskoi imperii [Russia and the Kazakh Khanates in the 16th–18th Centuries: Kazakhstan in the Foreign Policy System of the Russian Empire]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 17 Sukhikh, O.E. (2005). Kak «chuzhie» stanoviatsia «svoimi», ili Leksika vklucheniia Kazakhskoi stepi v imperskoe prostranstvo Rossii [How “Strangers” Become “Our Own”, or the Vocabulary of the Inclusion of the Kazakh Steppe in the Imperial Space of Russia]. *Vestnik Yevrazii — Eurasia Bulletin*, 3, 5–29 [in Russian].
- 18 Trepavlov, V.V. (2015). «Drevnee obyknovenie» i tsarskaia investitura. Vosshestvie na tron vassalnykh pravitelei v Rossii XVII–nachala XX v. [“Ancient custom” and tsarist investiture. The ascension to the throne of vassal rulers in Russia in the 17th and early 20th centuries]. *Vostok. Afro-aziatskie obshchestva: istoriia i sovremennost — East. African-Asian Societies: History and Modernity*, 4, 5–16 [in Russian].
- 19 Trepavlov, V.V. (2018). Simvoly i ritualy v etnicheskoi politike Rossii XVI–XIX vv. [Symbols and rituals in the ethnic politics of Russia in the 16th–19th centuries]. Saint Petersburg: «Izdatelstvo Olega Abyshko» [in Russian].
- 20 Kundakbaeva, Zh. B. (2019). Organizatsiia imperskogo prostranstva v kochevoi srede: kazakhi i volzhskie kalmyki v orbite vnimaniia Rossii v XVIII veke [Organization of imperial space in a nomadic environment: Kazakhs and Volga Kalmyks in the orbit of Russian attention in the 18th century]. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].
- 21 Vasilev, D.V. (2020). Rozhdenie imperii. Yugo-vostok Rossii: XVIII–pervaia polovina XIX v. [The Birth of the Empire. South-East of Russia: 18th — first half of the 19th century]. Saint Petersburg: Dmitrii Bulanin [in Russian].
- 22 Tepkeev, V.T. (2019). «Vsemilostiveishe zhaluem tebia, poddannogo Nashego, i uchrezhdaem Khanom Kalmytskim». Tseremoniia obnavleniia Donduk-Ombo v khanskoe dostoinstvo v 1737 g. [“We most graciously grant you, our subject, and establish you as the Khan of Kalmyk”. The ceremony of announcing Donduk-Ombo as Khan in 1737]. *Oriental Studies*, 4, 627–633 [in Russian].
- 23 Suleimenov, R.B. (1988). Iz istorii Kazakhstana XVIII veka (o vneshnei i vnutrennei politike Ablai) [From the history of Kazakhstan in the 18th century (on Ablai’s external and internal policies)]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 24 Shalgimbekov, A.B. (2014). Kolonialnaia diplomatiia Rossii i kazakhskii pravitel Ablai khan [Russian Colonial Diplomacy and the Kazakh Ruler Ablai Khan]. *Istoricheskaiia i sotsialno-obrazovatelnaia mysl — Historical and Socio-Educational Thought*, 3 (25), 103–105 [in Russian].
- 25 Levshin, A.I. (1832). Opisanie kirgiz-kaisakskikh ili, kirgiz-kazachikh ord i stepei. Chast vtoraiia. Istoricheskie izvestiia [Description of the Kirghiz-Kaisak or, Kirghiz-Cossack hordes and steppes. Part two. Historical Notes]. Saint Petersburg: V tipografii Karla Kraiia [in Russian].
- 26 Taimasov, S.U. (2009). Perevodchik orenburgskoi gubernskoi kantseliarii Petr Chuchalov [Pyotr Chuchalov, Interpreter of the Orenburg Provincial Chancellery]. *Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of Chelyabinsk State University*, 32 (170), 148–151 [in Russian].
- 27 Viatkin, M.P. (1941). Ocherki istorii Kazakhskoi SSR s drevneishikh vremen do 1870 g. [Essays on the history of the Kazakh SSR from ancient times to 1870]. Leningrad: OGIZ. Gospolitizdat [in Russian].
- 28 Levshin, A.I. (1832). Opisanie kirgiz-kazachikh, ili kirgiz-kaisakskikh ord i stepei. Chast tretia. Etnograficheskie izvestiia [Description of the Kirghiz Cossacks, or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes. Part Three. Ethnographic news]. Saint Petersburg: Tipografii Karla Kraiia [in Russian].
- 29 Veliaminov-Zernov, V.V. (1864). Issledovanie o kasimovskikh tsariakh i tsarevichakh [A Study of the Tsars and Tsareviches of Kasimov]. Saint Petersburg: Tipografii Imperatorskoi Akademii nauk [in Russian].
- 30 Beliakov, A.V. (2019). Uraz-Mukhammed ibn Ondan i Isinei Karamyshev syn Musaitov. Opyt sovmestnoi biografii [Uraz-Muhammad ibn Ondan and Isinei Karamyshev son of Musaits. Experience of joint biography]. Almaty: ABDI Company JSC [in Russian].
- 31 Vasileva, N.E. (2019). Izvestiia gubernatora Orenburgskoi gubernii G.S. Volkonskogo ob inauguratsii kazakhskogo khana mladshhego Zhuza Zhantore. Novye materialy [News of the Governor of the Orenburg Province G.C. Volkonsky on the inauguration of the Kazakh Khan of the Younger Zhuz Zhantore. New Materials]. *Elektronnyi nauchno-obrazovatelnyi zhurnal «Istoriia» — Electronic scientific and educational journal “History”*, Vol. 10, Iss. 1 (75). Retrieved from <https://history.jes.su/s207987840002551-5-1/> [in Russian].
- 32 Kenesarin, A. (1992). Sultany Kenesary i Syzdyk [Kenesary and Syzdyk Sultans]. Alma-Ata: Zhalyn [in Russian].

И.Б. Медешева^{1*}, Ж.Е. Нұрбаев^{2*}, А.Ж. Мырзахметова³, Б.А. Әлімжанов⁴

¹М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ университеті, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан

³Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

⁴Әбу Райхан Беруни атындағы Шығыстану институты, Өзбекстан

(E-mail: i_medesheva@kazguu.kz, zhaslannurbayev@gmail.com, amyrakhmetova@gmail.com)

Қазақстанның қалалық кеңістігі: қалыптасу және даму ерекшеліктері мен факторлары

Мақалада отандық урбандалудың тарихтағы маңызды мәселелері мен кезеңі — жаңа уақытта Қазақстанда қалалық кеңістіктің қалыптасуы мен дамуы қарастырылған. Қала елді мекеннің жаңа формасының көрінісі ретінде, тұрғындарды қоныстандырудың жаңа кеңістіктік ұйымдастырылуы, оның сандық және сапалық құрамының өзгеруін айқындайды. Қалада адамдар өмір сүріп қана қоймай, әр түрлі қызметтермен айналысады, сондай-ақ, әлеуметтік, саяси, экономикалық негізде қоғамның жаңа құрылымын жасайды, олардың арасындағы терең айырмашылықтар мен қарама-қайшылықтарды, қарым-қатынастың жаңа түрін қалыптастырады. Бұл жаңа қатынастар қала ішіндегі қоныстану жүйесінде көрініс табады, әртүрлі әлеуметтік айырмашылықтар мен жеке адамдар мен қоғамдастықтар арасындағы қарама-қайшылықтарды, сондай-ақ олардың біртұтас қалалық кеңістік шеңберіндегі бірлестігін көрсететін қала мен тұтастай қоғамның жаңа нысанын жасайды. Қала жағдайындағы тұрғын үй, мешіт не шіркеу, мектеп, базар, кәсіпорын адам өндірісіне қажетті қызметтің кеңістігін білдіреді. Зерттеу Қазақстанның қалалық ландшафтын зерделеуге және оның өңірлік ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ қаралып отырған кезеңдегі елдің қалалық кеңістігінің өзгеруі мен трансформациясына әсер еткен факторларды айқындауға бағытталған.

Кілт сөздер: қазақстандық қалалар, қала тарихы, қалалық кеңістік, мәдени ландшафт, қала елтаңбасы, қала халқы, урбанизация үдерісі, сәулет стильдері, қалалық инфрақұрылым.

Kipicne

«Қазақстанда төңкеріске дейін қандай да бір сәулет және құрылыс өнері ескерткішінің болу мүмкіндігі мүлдем жоққа шығарылды және ғалымдар монументальды мәдениет ескерткіштері болу болжамынсыз, таза далалық көшпелі тұрмыс орын алғанына сенімді болды» [1: 5]. Бірақ Қазақстанда көне қалалардың қиранды орындары, ирригациялық жүйелер орны, көне көмбелер көшпелі, егінші, қалалық мәдениеттің қатар дамығанын дәлелдейді. Қазақстан территориясындағы қалалардың тарихы ерте сақ заманынан бастап, ортағасырлық қалалар тарихымен жалғасып жатты. Табиғи және климаттық жағдайына орай қалалық кеңістіктің қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақстанның қала кеңістігінің өзіндік ерекшелігі, қайталанбайтын және өте қызықты өңірлік сипаттамалары бар. Қазақстанның оңтүстік қалалары ежелден бері дәстүрлі түрде сауда-әкімшілік, қолөнер, мәдени өзара байланыстар орталықтары болды. Елдің солтүстік қалалары кейінірек ресейдің отаршылдық пен капиталдың енуімен осындай орталықтарға айналды.

Мақаланың мақсаты Қазақстанның қалалық ландшафтын зерттеу және оның өңірлік ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ елдің қалалық кеңістігін жаңа уақытта өзгертуге және трансформациялауға әсер еткен факторларды анықтау болып табылады.

Зерттеу әдістері

Қалалар тарихын, оның кеңістігін зерттеудің әдеттегі тарихи еңбектерден өзіндік ерекшелігі, ең алдымен қала құрылысының жоспары, баспаналар мен кәсіпорындар салу мен олардың дамуы, көлік коммуникациясы, абаттандыру сияқты мәселелерді зерттеуді қажет етуінде. Біздің ойымызша, XIX және XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қалалар тарихын зерделеуде Л. Берг ғылыми айналымға енгізген мәдени ландшафт [2: 471] әдісін қолдану орынды деген пікірдеміз. Өйткені, адамның өмір сүру қызметі ландшафт арқылы, адамдардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру

жөніндегі әрекеттерімен анықталады. Ал қажеттіліктердің барлық дерлік биологиялық, әлеуметтік қанағаттандырылуы, ландшафтың табиғи емес, жасанды жүйені құратын мәдени ландшафт талабына бейімделген өмір сүру жағдайымен байланысты жүреді. Бұл тұрғыдан алғанда қаланың негізделуімен ландшафтың табиғи және мәдени әлеуеті қалыптасып, ландшафтық процестер кеңістік пен уақыт деңгейінде өзгеріске түседі.

Өзгерістер өз кезегінде өркениеттің қажеттіліктеріне бейімделуі немесе экологиялық проблемалардың туындауына соқтыруы мүмкін. Яғни, қала адамның тіршілік қызмет аренасы ретінде, мәдени дамуға үлкен әсер ете алады. Әрі ландшафт қала құрылысына қажетті жолдар, тұрғын үй, ғимараттар, өзге де құрылыстар салудағы кеңістік ресурсы және ауа, су, топырақ сынды табиғи ресурс көзі болып табылады. Кірпішке арналған саз, цементке арналған құм, металл, ағаш, мұнай, газ, басқа кен және металл емес материалдар мен энергия қала құрылысы жүйелерін құру үшін ландшафттан алынады. Сондай-ақ, ландшафт — өндірістік, инфрақұрылымдық объектілердің материалдық негізі. Оның аумақтық үлгісі қала тарихының, қала құрылысы композициясының ерекшелігін бере алады. Нақтылы бір табиғи және климат жағдайларында құрылып, дамыған қала кеңістігінің қандай болса да, оның тек өзіне ғана тән өзгешелігі, соған қарай тиісінше келбеті болады, сондықтан да қазақстандық қалалар кеңістігінің қалыптасу барысын зерделеуде салыстырмалы анализ жиі қолданысқа түсті.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Қазақстанның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қалалардың қалыптасуы мен дамуы капиталистік қатынастардың енуімен тығыз байланыста жүріп жатты. Бұрын қолөнер-сауда және саяси-діни орталықтары болып келген оңтүстіктегі көне қалалар қайта даму айналымына қосылса, батыс, шығыс, орталық және солтүстік аудандарындағы бекініс болып бекігендері қалаға айналып, жаңа қалаларды түзе бастады.

Бұл кезеңдегі қалалар туралы мәліметтер қалалардың және оларға қарасты облыстардың гербтары бекіту заң жинақтарында, аз санды кеңестік кезеңге дейінгі очерктік еңбектерде, шолуларда, мемуарлық естеліктерде кездеседі, әрі қалалардың статусы, географиялық орналасуы, тұрғындары, саудасы, тасымалдың керуеннен бөлек су жолы мен темір жолдары жөнінде кейбір статистикалық мәліметтер берумен шектеледі. Сондықтан олар деректер беретін еңбектер ретінде қарастырылады.

Қазақстан қалалары туралы алғашқы еңбектер XX ғасырдың 30-шы жылдарында анықтамалар түрінде жарық көріп [3], 1950-жылдардан қолға алына басталды. Әрбір қаланың бекініс ретінде негізделуі, біртіндеп экономикалық-әлеуметтік қатынастардың дамуы, тұрғындарының саны, ұлттық және әлеуметтік құрамы, абаттандырылуы, мәдениет пен білім ошақтары т.б. белгілі — бір құрылымдық және хронологиялық жүйе бойынша баяндала бастады. Мұрағаттық құжаттар және жарияланған еңбектердегі статистикалық мәліметтер мен деректер пайдаланылып, ғылыми түрде айналымға енді. Атап алғанда, А.А. Горячева өзінің бұл кезеңдегі еңбектерінде Верныйда капиталистік қатынастардың дамуының баяу жүруінің басты себептерінің бірі ретінде теміржол байланысының жоқтығын атаған [4].

Географ Г.Е. Москалевтің еңбектерінде сауда капиталының Орал қаласындағы өнеркәсіпке енуі және оның қала халқының әлеуметтік-кәсіптік құрамына ықпалы туралы мәселе көтерді [5]. Сауда капиталының өнеркәсіптік капиталға айналуы тұрғысынан алғанда бұл айқындауды қажет ететін мәселе. Өйткені қазақстандық зерттеушілердің көпшілігі капитал сауда-өсімқорлық дәрежеде қалды, өнеркәсіптікке өте алмады деп есептейді.

К.М. Туманшин Орал мен Петропавлда, Орынбор–Ташкент бағытында темір жолдың салынуы бұл аймақтардағы капиталистік қатынастардың таралуына және жалпы экономикалық дамудың өзгерістерге ұшырауына тиімді ықпал еткенін жазды [6]. 1960–80 жылдарда қалалар тарихын зерттеуде Верный, Орал, Риддер, Жамбыл, Семей мен Шығыс Қазақстан қалаларының, Шымкенттің, Ақмоланың қалыптасуы мен дамуы, шаруашылығы, саудасы, мәдени өмірі т.б туралы мәселелерге назар аударыла бастады.

Ж. Қасымбаев Батыс Сібір мен оған іргелес Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарындағы қалалар тарихын зерттеушілер назар аударма бермейтін Ертіс өзені пароходы байланысының рөліне тоқталды [7]. Қалаларды ретроспективалық қана емес, перспективалық тұрғыдан да зерттеу қажет деп санасақ, автордың Қазақстандағы су жолдарының, соның ішінде Ертіс пароходының тарихын арнайы зерттеуді қажеттігі мәселесі әлі өзекті болып қалып отыр. Сондай-ақ, Ж. Қасымбаев

қазақстандық тарихнамада сирек, тіпті XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихқа тән зерттеулерде мүлде арнайы сөз етілмеген автомобиль компаниялары туралы мәселені көтереді [8]. Ол 1914 жылы Зайсанда Шығыс Қазақстанда бірінші автомобиль компаниясының құрылғандығын, оның мақсаты жүк және жолаушы таситын автомобиль қозғалысын дұрыс пайдалану, құрлықтағы қатынас пен тасымалдың басты түрі негізінен атқа тіркеу арқылы болып отырған кезеңде оның үлкен маңызы болғанын көрсеткен.

XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басындағы қазақстандық қалалардың ішінен тарихы біршама жақсы зерттелгендерінің қатарына Алматы, Орал, Семей, Ақмола, Петропавл, Тараз қалаларын жатқызуға болады. Дегенмен, еліміздің шығыс, батыс, орталық және солтүстік бөліктеріндегі XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қалалар тарихының біршама жақсы зерттелгенімен, оңтүстік қалаларды тереңірек зерттеу қажеттілігі өзекті. Біз зерттеп отырған кезеңдегі қалалар тарихы туралы зерттеулердің ішінде деректік негізі, жүйелі жазылуы мен маңызды тұжырымдары бойынша Э.И. Герасимованың [9], Х. Мухаметовтің [10], Ж.Қ. Қасымбаевтың [11], Г.А. Алпыспаеваның [12] еңбектерін ерекше атауымыз қажет.

Жалпы қалалар тарихына арналған еңбектердегі басты кемшілік методологиялық ұстанымдардан туындаған деп ойлаймыз. Осы мәселе қазақстандық қалалар тарихының бір сарынды, бір қаланың тарихын баяндаудың, құрылымының, кейде мазмұндық бағытының екіншілерімен ұқсастығын көрсетеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қала тарихы туралы жазылған Г.А. Алпыспаеваның [13], З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманованың [14], Е.А.Жалмағамбетовтің [15] және М.А. Терентьевтің [16] еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Басқа да қалалар тарихын осы тұрғыда қайта пайымдау, жазылмағандарын жаңа тарихи көзқарас бағытында зерттеу қажет екендігі айқындалады деп санаймыз.

Еліміздегі қалалардың бекініс ретінде салынуы және кейін қала статусын алуы бойынша Н.В. Турчаниновтың «Города Азиатской России» мақаласынан кездестіреміз [17: 347].

Кесте 1

Қазақстан қалалары (қаланың құрылу және мәртебесін алу кезеңдері) [17; 347]

Елді мекен атауы	Салынған жылы	Қала атануы	Елді мекен атауы	Салынған жылы	Қала атануы	Елді мекен атауы	Салынған жылы	Қала атануы
XVII			XIX			XIX		
Уральск	1613–22	1775	Кокчетав	1824	1895	Красноводск	1716	1869
Гурьев	1615–20	1865	Каркаралинск	1824	1896	Копал	1847	1854
XVIII			Кокпекты	1827	1854	Перовск	1853*	1853*
			Акмолинск	1830	1862	Казалинск	1853*	1854*
Омск	1716	1804	Тургай	1845	1868	Верный	1854*	1870
Семипалатинск	1718	1782	Иргиз	1845	1868	Лепсинск	1855*	1883
Усть-каменогорск	1719	1868	Атбасар	1846	1891	Жаркент	1882*	1882*
Павлодар	1720	1861	Зайсан	1868	1871	Чимкент	1864*	1864*
Илек	1731	-	Актюбинск	1869	1878	Аулие-ата	1864*	1864*
Петропавловск	1752	1807	Кустанай	1879	1880	Туркестан	1864*	1864*
Лбищенск	соңы	1900	Темир	1879	1897	Ташкент	1865*	1865*

Урбандалу, болмаса қала түзілу процесін қоғамның аумақтық ұйымдастырылуының белгілі бір тарихи кезеңінің көрінісі деп қабылдауға болады. Оның XIX ғасыр және XX ғасырдың басындағы көрінісі, Қазақстанның осы кезеңдегі Ресейдің капиталистік қатынастары негізіндегі экономикалық ықпалына белсенді түрде тартылуымен, экономикалық және әлеуметтік өмірдің шоғырлануына әкелетін өндіріс пен қоныстандырудың орын алуы. Дәл осы кезеңдегі қалалық кеңістікте өнеркәсіптің жаңа формалары — зауыттар мен фабрикалар қалыптасты.

1878 жылғы 5 маусымдағы № 58684 заңға сәйкес қырық алты губерния мен облыс, оның ішінде: Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Торғай, Орал облыстарының елтаңбалары бекітілді [18: 7]. Бірінші суретте сол кездегі бекітілген елтаңбалар берілген [19; 57, 62–66], (сурет 1).



Сурет 1. Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Торғай және Орал облыстарының елтаңбалары

Қала тұрғындардың жаңа қызмет түрлерін ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар жаңа типтегі адам — қала тұрғынын жасап шығарады. Қала өз тұрғынына өндірістік қызметтің бұрын таныс емес түрлерін игеру — еңбек операцияларын бөлу, мамандану талаптарын қояды. Олардың арасындағы байланыс тауар-ақша қатынастары негізінде жүзеге асады. Адам қалалық ортада әрі өндіруші, әрі тұтынушы ретінде көптеген рольдерге түседі.

Кесте 2


Қала халқының саны [17; 351–353]

Облыс және қала атаулары	1897 ж. (санақ бойынша)			1911 жылға қарай		
	ер	әйел	барлығы	ер	әйел	барлығы
1	2	3	4	5	6	7
Орал облысы						
Уральск (обл. орт)	19.024	17.442	36.466	23.270	22.294	45.564
Гурьев	4.819	4.503	9.322	5.324	5.117	10.441
Илек	3.484	3.670	7.154	4.636	4.815	9.451
Лбищенек	-	-	-	2.393	2.421	4.814
Темир	358	258	616	1.157	1.069	2.226

1	2	3	4	5	6	7
Калмыков	967	957	1.924	-	-	-
<i>Барлығы</i>	28.652	26.830	55.482	36.780	35.716	72.496
Торғай облысы						
Кустанай	7.106	7.169	14.275	13.040	12.180	25.220
Актобе	1.514	1.303	2.817	5.628	5.088	10.716
Торғай	531	365	896	911	746	1.657
Ырғыз	928	614	1.542	744	578	1.322
<i>Барлығы</i>	10.079	9.451	19.530	20.323	18.592	38.915
Ақмола облысы						
Омск (обл.орт.)	20.084	17.292	37.376	66.895	60.970	127.865
Петропавл	10.095	9.593	19.688	21.504	21.744	43.248
Ақмола	5.075	4.613	9.688	6.964	6.878	13.812
Кокшетау	2.576	2.386	4.962	2.426	2.348	4.774
Атбасар	1.553	1.485	3.038	1.521	1.452	2.973
<i>Барлығы</i>	39.383	35.369	74.752	99.310	93.392	192.702
Семей облысы						
Семей (обл.орт.)	14.119	12.127	26.246	16.923	17.440	34.363
Оскемен	4.552	4.169	8.721	6.700	6.464	13.164
Павлодар	4.173	3.565	7.738	5.438	4.111	9.549
Зайсан	2.810	1.592	4.402	3.167	1.975	5.142
Каркаралы	2.477	1.974	4.451	1.347	1.248	2.595
Кокпекты	1.492	1.438	2.930	912	767	1.679
<i>Барлығы</i>	29.623	24.865	54.488	34.487	32.005	66.492
Сырдария облысы						
Ташкент (обл.орт.)	88.214	67.459	155.673	128.242	106.047	234.289
Түркістан	6.037	5.216	11.253	10.657	9.048	19.705
Аулиеата	6.940	4.782	11.722	10.605	8.702	19.307
Шымкент	6.185	5.009	11.194	8.519	7.192	15.711
Казалы	4.303	3.282	7.585	8.493	7.386	15.879
Перовск	3.122	1.936	5.058	6.612	5.144	11.756
Петро-Александровск	2.458	653	3.111	1.538	1.082	2.620
<i>Барлығы</i>	117.259	88.337	205.596	174.666	144.601	319.267
Жетісу облысы						
Верный (обл.орт.)	12.344	10.400	22.744	18.768	16.690	35.458
Жаркент	9.342	6.752	16.094	14.096	11.244	25.340
Пишпек	3.826	2.789	6.615	7.880	6.413	14.293
Пржевальск	4.677	3.431	8.108	7.996	5.804	13.800
Лепси	1.693	1.537	3.230	4.643	3.578	8.401
Копал	3.409	2.774	6.183	1.982	1.118	3.100
<i>Барлығы</i>	35.291	27.683	62.974	55.365	45.027	100.392


1909 жылғы 21 сәуірдегі № 51751 заңға сәйкес қалалардың, атап айтсақ, Сырдария облысына қарасты: Ташкент, Әулиеата, Шымкент, Перовск, Казалинск, Петро-Александровск, Түркістан қалаларының елтаңбалары бекіген [20; 271], (сурет 2).

Бұдан мына заңды құбылысты байқауға болады — қалалар мен облыстардың елтаңбалары осы елді мекендерде немесе аймақтарда өндірістің негізгі бағыттарын, халықтың негізгі қызметін, географиялық, табиғи-климаттық жағдайларға тән белгілерді, тіпті осы жерлердің тұрғындарының конфессиялық байланысын көрсетеді. Сондай-ақ, суреттерде империялық әсер мен империялық атрибутикасының болуы айқын көрінеді.



Сурет 2. Ташкент, Перовск, Қазалы, Петро-Александровск, Түркістан қалаларының елтаңбалары

Қалалық процестердің даму заңдылықтары, оны жабық жүйе ретінде, тек қаланың өзін ғана емес, сонымен қатар оның жалпы бүкіл қоғамның даму процестеріне әсер етуші жүйе ретіндегі әрекетін сипаттайды. Бұл жүйе өз кезегінде жаңа қажеттіліктерді талап етеді, адам оларды қанағаттандырудың мүмкіндіктерін іздей отырып, жаңа өнімдерді, сонымен бірге жаңа байланыс, коммуникация жолдарын да іздеп табады. Сауда, өндірістің дамуы көлік тасымалының керуен жолымен қатар, су жолы және темір жолына қосылуды туындатты. Темір жол да, су жолы да тек тауар ғана емес, адам тасымалы, шаруалардың қоныстануымен байланысты жүрді (сурет 3).



Сурет 3. Ресей империясындағы темір жол карталары [21–22]

Қалаларға теміржолдың тартылуы, кеме жолдарының түсуі сауда-экономикалық қатынастарда елеулі рөл атқарды, оның салыстырмалы түрде тезірек дамуына ықпал етті [23].

Біз зерттеп отырған кезеңдегі қалалар әлеуетін олардың өндірістік-сауда орталығы болуымен қатар, әр қаланың белгілі бір еңбек бөлінісіне түскенін қала елтаңбаларынан байқаймыз. Орал қаласы балық, астық; Гурьев қаласы балық, уылдырық; Семей қаласы астық; Петропавл қаласы астық пен май; Қостанай қаласы астық; Павлодар қаласы тұз, көмір; Ақмола қаласы май; барлық қалалар мал және мал өнімдерін айналымға түсірді. Мысалы, Орал қаласы өндірістік-сауда орталығы ретінде Орал-Покров темір жол бағытын салғанда өсті. Орал қаласы қазақ даласынан Ресейдің еуропалық бөлігіне тауар таситын жол болды. Орал қаласындағы ең ірі өндірістің бірі — бидай ұнтақтайтын және ағаш кесумен айналысатын Орал сауда-өндірістік қоғамы болды. 1903 жылы Орал қаласында 6 сабын жасайтын завод, 8 бумен және 5 аттың көмегімен жұмыс істейтін диірмен, екі табиғи минерал суын шығаратын мекеме, 1 сыра жасайтын, 1 шарап жасайтын заводтар, 12 қыш шеберханасы, 12 кірпіш заводы және 45 ұстахана болды [24; 313]. Орал ежелден сауда капиталының шығысқа қарай жылжуында маңызды роль атқарды. Орта Азиядан шығып Қоңыраттан, Хиуадан, Бұхардан тауарлар жеткізетін керуен жолдарының бірі дәл осы Орал жерінде аяқталды. Мұнымен қатар мұнда Орал облысы мен оның айналасындағы аудандардың ауылшаруашылық және балық өнімдері шоғырланды [9; 12]. Астық саудасының дамуына теміржолдың салынуы және Орал қаласының қазақ даласындағы астықты бөлігінің ортасында орналасуы ықпал етті және қалаға Ресейдің өзінен төрт бағытта — Самара, Бузлук, Орынбор және Чижин сауда жолдарының бағыттары келіп жатты. Гурьев (бүгінгі Атырау) қаласы балық пен уылдырықтарды көп көлемде шығарды. «Балық пен оның өнімдерін кемелер арқылы Астраханға, одан ары қарай патша сарайы мен Ресейдің орталық губернияларының базарларына, ал уылдырықтар көп көлемде шетелдерге жіберіліп отырылды» [10; 18].

«Семей Қытайдан, Жетісудан, сондай-ақ Орта Азия мен Моңғолиядан сауда керуендерінің өтіп отыратын керуен сауда орталығына айналды» [8; 78]. Өнеркәсіппен салыстырғанда Семейдегі сауданың гүлденуі оның тиімді географиялық орналасуынан болды. Шығыс Қазақстанның экономикалық өрлеуінде, Өскемен, Аягөз, Зайсан, Семей, Павлодардың Батыс Сібірмен сауда байланысының нығаюында Ертіс су жолы ерекше орын алды. «Кереку мен Семей қалаларындағы өңдеу өнеркәсібінің жетекші салаларының бірі ұн тартатын диірмендер болды» [8; 10].

«Петропавл қаласы шетелдік капиталдың Қазақстанға енуінің тірек орындарының бірі болды, мұнда ағылшын және американдық фирмалардың өкілдері пайда болды және Батыс-Сібір мен Орал темір жолдарының басқа да бекеттері сияқты тауарларды сыртқа шығару мен сырттан тасу жөніндегі орыс-герман-нидерланды, орыс-бельгия-француз, орыс-австрия-венгр теміржол одақтарына қосылды. Соның нәтижесінде мал шаруашылығы өнімдері Америкаға, Бельгияға, Парижге, Венаға және Берлинге жіберіліп отырды. Ал ортаазиялық сауда ХІХ ғасырдың 60-жылдарының соңында Ертістегі су жолының дамуы, әсіресе 1880–1888 жылдары Закаспий теміржолының салынуынан бастап қысқара бастады» [6; 32].

XX ғасырдың басындағы қала саудасында мал шаруашылығы өнімдерімен қатар, егін шаруашылығы, яғни астық пен май жөнелту кеңінен жүрді. «Әсіресе, майды экспорттауда Петропавл қаласы Қазақстан ғана емес, Сібір көлемінде де ірі орталықтың бірі болды, оны негізінен Петербург, Мәскеу, Рига, Одесса, Владивосток қалаларына, Батыс Еуропа мемлекеттерінің ішінде Англияға, кейде Германия мен Данияға жөнелтіп отырды. Петропавл қаласындағы сауданың дамуы Ресейдің орталық аудандарының тарапынан қазақстандық мал мен оның өнімдеріне сұраныстың өсуімен байланысты жүрді» [6; 51]. XX ғасырдың екінші онжылдығының басында жәрмеңкелер тұрақты саудаға орын берді. Өлкедегі ең ірі тұрақты сауда орталығының бірі Петропавлда болды. «Сауда айналымының көлемі бойынша бірінші орында қоймалар, одан кейін дүкендер, дүңгіршектер мен кеңселер алды, жалпы қаланың саудалық өмірінде фирмалардың, сауда үйлерінің, серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың, соның ішінде шетелдік фирмалардың рөлі үлкен болды. Шетелдіктердің арасынан американдық, ағылшындық және неміс фирмалары қалада сауда қызметін кең түрде дамытты. Американдық және батыс еуропалық капиталистер дала саудасының тиімділігін түсініп қазақ жеріне енуін күшейтті» [6].

«Қостанай жәрмеңкелерінде мал мен оның өнімдері Ресей губернияларына ғана емес, Германия, Австрия-Венгрия сияқты елдерге де көптеп жеткізіліп отырды. Мал мен мал өнімдерінен кейінгі орында астық саудасы тұрды. Бұл сала Қостанайда тек XX ғасырдың басында Челябинск—Троицк—Қостанай темір жол тармағының салынуымен ерекше дамуға ие болды. Өнеркәсіп орындарының жетекші түрі жел, су, жылқы және бу двигателдері арқылы жұмыс істейтін диірмендер болды [11; 10].

«Ақмола қаласында 1913 жылы 9 кірпіш зауыты, 4 қыш құмыра шеберханасы, 2 механикалық диірмен, 21 ұстахана, 2 тері өңдеу, 2 ішек тазарту, сондай-ақ май шыжғыратын, жүн жуатын — барлығы 208 жұмысшысы бар 40 кәсіпорын болды» [12; 55]. Қала транзиттік және жергілікті сауданың дамуында маңызды орын алды. Ақмолада кеден болмағандықтан және гильдиялық салық төленбегендіктен Петропавл мен Омбыға қарағанда тауарды сату мен сатып алу тиімдірек болды, өйткені, сауда жолының қысқаруы капиталдың айналымын тездетіп, пайданы көбейтті. Ал, көшпенділермен тікелей, делдалдарсыз сауда жүргізу, яғни сауданың кең көлем алуына мүмкіндік берді. Ташкенттегі жәрмеңкенің ашылуы Ақмоланың Ресейдің ортаазиялық мемлекеттермен транзиттік саудасындағы басты орталықтардың бірі ретіндегі жағдайын нығайта түсті. Мұнда керуендер жабдықталып, солтүстіктегі Петропавлға арбамен, оңтүстіктегі Ташкент, Бұқара, Қокан, Түркістан және басқа да қалаларға түйемен жөнелтіліп отырды. Ақмола мен оның оязы керуендер үшін басты көлік дайындап беретін орынға айналды. Сол үшін тұрғындары арнайы түйелер өсіріп, тасымал кәсібімен айналысты [12].

Шетелдік капиталдың жергілікті халықты езуі Верныйда ағылшын–француз және американдық капитал басым болып отырған Орыс-Азиялық және Сібірлік банктердің бөлімшелерінің ашылуымен күшейе түсті. Ол банктер мұнда ең алдымен ауылшаруашылық шикізаттарын, негізінен мал өнімдерін шығарумен айналысты. Жетісудағы жүн мен теріні дайындаумен француз фирмалары, ішек дайындаумен неміс фирмалары айналысты. Қалада Мәскеу, Петербург, Томск қалаларының ірі сауда фирмаларының өкілдері жұмыс жасады [25].

Төңкеріске дейін Верныйдағы барлық кәсіпорындарда 365 адам қызмет етті. Қаладағы спирт-арақ зауытында 10 адам, сыра қайнату зауытында 40 адам, екі диірменде 35 адам жұмыс істеді. Қаладағы басты кәсіпорын 1875 жылы негізделген Гавриловтың және 1900 жылы іске қосылған Кадкиннің темекі фабрикалары болды. Олар кейін кеңейтіліп, қайта жабдықталды, бірақ қолөнер өндірісінің орындары болып қалды. 1913 жылы олар 79,3 млн. тал папирос дайындады. Темекі бұйымдары негізінен Жетісу облысының және шағын бөлігі Сібір қалалары мен Ресейдің еуропалық бөлігіне өткізілді [25: 19] деп көрсетеді қала тарихына еңбегін арнаған С.Жүсіпбеков. Бұл жерде бір айта кететін жайт, Оңтүстік Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі тарихын зерттеген, Т. Төлебаевтың еңбегінде 1892 жылы Верныйда 3 темекі фабрикасы, осы фабриканың үшіншісінің ағайынды Романенковтарға тиеселі болғандығы және XX ғасырдың басында папирос түтікшесін жасайтын да «Ф. Пестов пен А. Родионов» достастығына тән кәсіпорынның өмір сүргендігін нақты мұрағаттық деректер бойынша жан-жақты баяндалған [26: 33]. Оның үстіне Т.Ә. Төлебаевтың кітабында Верныйдағы алғашқы темекі фабрикасын ашқан И.В. Кузнецов деген көпес екендігі, 1872 жылы онда 1 шебер, 10 жұмысшы жұмыс істеп, 1175 рубльдік 76 пуд темекі өндіргені көрсетілген. Ол сондай-ақ, темекі бұйымдарының С. Жүсіпбеков көрсеткен аймақтарымен қатар, Қытай жеріне де, дәлірек айтқанда, Құлжаға, Шәуешекке де шығарылып отырғанын көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бастапқы кезінде Қазақстан экономикасының біршама көтерілуіне құрылыс ісінің едәуір дамуы сай келеді. Қазақстандағы капиталистік қарым-қатынастардың даму процесі қалалардың өсуімен, қоныстардың жаңа типтері — өнеркәсіп орындарының қасындағы жұмысшы поселкаларының кейін қала болып кеткен сауда-қолөнершілер қыстақтарының көптеген қоныс аударушылар деревняларымен, жаңа ауылдардың пайда болуымен қатар жүрді.

Қазақстан территориясының жаратылыс-климат жағдайының бірыңғай болмауы құрылысқа жұмсалатын материалдардың, конструкциялардың және тұрғын үйлер мен басқа құрылыстар салуда пайдаланылатын жобалау тәсілдерінің әртүрлі болуына себепші болды. Құрылыс ісінің көп ғасырлық тәжірибесі бар Қазақстанның оңтүстік аудандарында негізгі құрылыс материалы шөгінді сұр балшық болды. Бұл балшықты соқпа қабырғаларды тұрғызуда, сазбалшық немесе шикі кірпіш құюда қолданды. Шикі кірпіштерді күн көзіне кептірді. Одан басқа бұл балшықтан күйдірген кірпіш, көзе, сырлы жұқа қыштар жасалды. «Соқпа қабырғалар мен шикі кірпіштен тұрғызған қабырғаларды жауын-шашынның әсерінен сақтау үшін сыртын балшықпен сылау керек болды. Күйдірілген кірпіштен қаланған қабырғалар көбінесе сыланбады, өйткені бұл материал өзінен-өзі жергілікті климаттың әсеріне төзімді, жақсы төтеп беретін еді» [27; 151]. Конструкцияның аса көп тараған түрі мұнда күмбездеп жабу болды. Аумағы жағынан шағын болып келетін құрылыстар, мәселен, діни үйлер, әртүрлі күмбез қалыбында жабылып келді.

Оңтүстікке қарағанда құрылыс ісі ағаштан, тастан, шикі кірпіштен және шымнан салынған солтүстік және солтүстік шығыс аудандарда білік салу конструкциялары барлық жерде қолданылды.

Батыс Қазақстан құрылыс тасына бай келеді, мұнда сұрғылт, сарғыш және қызғылт сары реңі бар әкті қабыршақ тастардың көптеген кен орындары болды. Қабыршақ тастар салмағы жағынан жеңіл, қарапайым арамен кесуге ыңғайлы және көркемдеп оюдың әртүрлі әдістерімен өндеуге көнді. Көптеген ғасырлар бойы жергілікті халық тұрғын үйден бастап үлкен құрылыстарға дейінгі үйлердің барлық түрін осы тастан салып келді. «Тастан үй қалаудың техникасы жоғары дәрежеде болды. Үйдің қабырғасын қалау ірі блоктардың екі қатарласып салынған жүйелері арқылы жүргізілді. Бұлардың аралығы ұсатылған тастармен толтырылып, оған балшық ерітіндісі құйылды. Мұндай әдісті қолдану тек үй тұрғызудың процестерін тездетіп қана қоймай, оның үстіне құрылыс материалдарын едәуір үнемдеді. Қабырғалардың сыртқы бетіндегі тас блоктар қадағалы түрде өңделіп, бір-біріне жақсы кіріктірілді, сөйтіп жіктері сәл ғана көрініп тұратын болды. Өңделіп қаланған тас блоктардың көлемі 20–дан 45 сантиметрге дейінгі биіктікте қырланатын болды, ал оның ұзындығы 30–дан 80 сантиметрге жетті» [27; 159]. Төбесі жадағай, әдетте қабырғалары саманнан қаланатын тұрғын үйдің жергілікті түрлерімен қатар қиынды ағаштардан жасалған орыс қоныс аударушыларының үйлерін, украиндардың сылақ үйлерін және өзбектердің қышлақ үйлерін кездестіруге болады.

Қазақстанның қысы суық және ұзаққа созылатын батыс және солтүстік батыс аудандарында барлық элементтерін тұтас етіп орналастырумен көзге түсетін тұрғын үй құрылыстары болды. Шаруашылық үйлері мен мал қоралар, азық-түлік пен құрал-саймандар сақтауға арналған қоймалар үлкен бір құрылыс жүйесіне бірігіп, тұрғын үйге тікелей жалғасып жатты. Көптеген жағдайларда тұрғын үйге кіретін есік мал қорасының ауласы арқылы келетін болған. Климаты ыстық және құрғақ болып келетін Қазақстанның оңтүстік аудандарында тұрғын үй, әдетте шаруашылық жайларынан жеке салынды. Мұнда ашық аула, оның ішінде тұрғын үйден қашықтығы әртүрлі шаруашылық жайлары орналасты. Құрылыс соқпа саман қабырғалармен қоршалды. Мұның үстіне тұрғын үйлердің құрамында жаз уақыттарында қосымша пайдаланатын айван салынды.

Қазақстанның климатына қарай әр аймаққа тән болып келетін тұрғын үйдің екі тәсілі бүкіл территорияда кеңінен тарады. Көп тараған үй құрылыстарының бірі қоржын үй деп аталатын түрлері кездеседі. Оның орталығында әдетте ас үйі болды, екі жағында екі тұрғын үй болды. Бұлардың біреуінде үй іші адамдары тұрды, екінші жағы қонақтарға арналды. Пештің жылу тартатын көлемі үлкен және түтін жолының ұзын болуы арқасында жылуды ұзақ сақтады. Тұрғын үй әдетте оң жақта болды. Оңтүстік аудандарда ас үйдің орнына айван салынды.

Қазақ үйлерінің тұрпатына солтүстік аудандарда ерекше түр беретін ұзын және биік пеш үйді жылыту және ас дайындау үшін ғана емес, үйді ас үйден бөліп тұру қызметін атқарды. Қазақ үйлерінің екінші бір айрықша ерекшеліктері тұрғын бөлмелердің бүкіл қабырға бойына салынған аласа сәкілердің болуы [27]. Едендері ылай салынған жер болды. Терезелерінің көлемі шағын. Осыған қарай жарықтың таралу жолдарын ұлғайта түсу үшін терезенің ішкі жағындағы қабырғалары едәуір кең ойылды. Бұл үйлердің көпшілігінің төбесі жайпақ келетін және төмендегідей конструктивтік элементтерден тұрды, кептірілген қамыс жабылды. Содан кейін жылу сақтайтын материалдар пішен немесе ірі сабандар төселді. Жылу ұстайтын материалдардың үсті сабан туралған балшықпен екі қабат сыланатын болған. «Мұндай типті үйлер жергілікті құрылыс материалдарының болуына, үй иесінің экономикалық мүмкіндіктеріне қарай күйдірілген кірпіштен, шикі кірпіштен қаланатын, ағаштан салынатын, сол сияқты саз балшықты қалың етіп сала отырып, жалпақ тастан да, кейде шымнан да қаланатын» [27: 71]. Қазақтардың көптеген тұрғын үйлері сыртынан қарағанда барынша қарапайымдылығымен, тіпті дөрекілігімен көзге түсетіндігіне қарамастан, олардың жеке элементтерін өндеп жасауда барынша мұқият бапталып істелген элементтері жиі кездесетін болған.

Қала түзілу барысында табиғи кеңістіктен қала ішіндегі жасанды кеңістікке енетін ғимараттың бірі арнайы жабдықталған үй–жайлар мешіт, шіркеу, ғибадатханалар болды. Қалалық жағдайлардың қарама-қайшылықты сипаты, қаланың бір уақытта діни төзімділікке және діни төзбеушілікке ықпал ететіндігінде көрінеді. Қалада қоғамның діни өміріндегі өзгерісі жүреді. Дін ғибадатханалар, тек діни және моральдық-нормативтік функцияларды ғана орындамайды. Ғибадатхана заңды орган рөлін атқарады, ол азаматтық хал актілеріне заңдылық береді, адамдардың азаматтығын, әлеуметтік және құқықтық кеңістіктегі бірлігін, олардың ортақ құқықтары мен міндеттерін белгілейді, адамның әлеуметтік жағдайына және оның әлеуметтік салмағына әсер етеді.

Қазақстанға ислам дінінің енуімен байланысты мешіт, медресе және мектеп сияқты үйлердің жаңа типтері пайда болды. Қазақстанның оңтүстік аудандарында ислам діні VIII—X ғасырларда, қалған аудандарында XIII—XIV ғасырларда орнығып тарады. Қазақтардың арасында ислам діни ықпалының одан әрі күшейе түсуі, Оңтүстік Қазақстанда Орта Азияның діни орталықтары арқылы

және солтүстік және батыс бөліктерінде Волга татарларының діни орталықтары тарапынан тарап келді. Бұл жағдай өзіне тән архитектурасы бар географиялық екі ауданда тұрғызылған мешіттер мен медресе үйлерінің архитектуралық түрінде өз ізін қалдырды. Оңтүстік аудандарда мешіттер мен медреселердің ғимараттары жалпы ортаазиялық кескінде болды, ал солтүстік және батыс аудандарындағы мешіттер татарлардікіне ұқсады. Мешіттер мен шіркеулер әр қалада салынды.

Қала жағдайында тұрғын үй, мешіт не шіркеу, мектеп, базар, кәсіпорын адам өндірісіне қажетті кеңістікті білдіреді. Бұлардың жоспарын ұйымдастыруда Россияның қала салу тәжірибесі, сондай-ақ көптеген ғасырлар бойында жасалған жергілікті азиялық дәстүрлер де кеңінен қолданылды. Түзу және кең көшелері, арық жүйелері, көк жасыл ағаштары және басқа сыртқы көркемдік элементтері бар қалалар мен басқа да тұрақ қоныстардың жоспары жергілікті дәстүр мен Россияның қала салу мәдениетін орынды ұштастыру болып табылды [27].

Мұнымен бірге жеке меншік иелерінің мүдде үстемдігін көрсететін, әлеуметтік және ұлттық құрамы әртүрлі қоныстарды бейнелейтін қала және қала маңындағы басқа қоныс орындарының құрылысы архитектуралық жағынан біркелкі болмады және негізінен алғанда көпшілігі еңбекші жұртшылыққа жататын бір қабатты саман және ағаш үйлер болып келді. Құрылыстың осындай алақұла жыпырлаған ұсақ-түйектерінің арасында қаланың қарама-қарсы шетіндегі бос алаңдарда шіркеудің қоңырау үйлері мен мешіттің минареттары биік көрінетін еді. Бұл осы кездегі архитектураның өркендеуіндегі екінші бір прогрестік құбылыс — қала типті мектептер, әкімшілік үйлері, сауда конторлары, магазиндер, сословиелік клубтар, фабрикалар мен заводтар, темір жол вокзалдары және сол сияқты үйлердің жаңа типтері пайда болуымен байланысты болды. Үйлердің осы көрсетілген типтерінің негізгі тұрғызушылары, орыс, қазақ және татар ауқаттылары болды. Бұл үйлердің архитектуралық жоба-жоспары сұраныс жасаушылардың тілегі мен талабына сай, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы орыс архитектурасының әртүрлі ағымына еліктеді. Мысалы, әскери губернаторларының үйлері көбінесе орыс классицизмінің сарынын қолдана отырып салынды. Кейбір мектеп және темір жол вокзалдарының үйлері шығыс стилінде салынды, «модерн» стилінің тәсілдері мен формалары онша көп тарамдады [28].

Егер Қазақстанның отарлық жағдайының арқасында қала құрылысында (әсіресе батыс және солтүстік қалаларда) ол кезде орыс архитектурасының әртүрлі стильдерінің тәсілдері мен формалары басым болып келсе, ал далалық аудандардың құрылыс ісі өткендегі дәуірдің дәстүрлі тәсілдері мен жолдарын пайдалану негізінде жүргізілді. Осы дәуірде ормансыз аудандарда діни үйлерді — мазарлар мен мешіттерді салу ісін жаңадан қолға алумен байланысты Оңтүстік және Орталық Қазақстанда күйдірілген және шикі кірпіштен, ал Батыс Қазақстанда табиғи тастардан жасалған арқа-күмбез конструкциялары техникасы жандана бастады. Алайда құрылыс ісінің жеке меншікті болуының салдарынан бұл кездегі үйлер шағын көлемді болды. Кейбір жағдайларда үйлер фундаментсіз салынды. Шаршы үйден күмбезді үйге көшу үйдің бұрыштарына сатылап салынған біліктердің дөрекі тәсілі арқылы істелді. Ал олардың үстіне қаланған қатарлардың бірте-бірте жалғасатын күмбездері келіп тірелетін еді.

Мұнымен бірге әсіресе, Орталық Қазақстанда үйлерді көркемдеп қаптау үшін терракот және сырлы тақташалар өндіру және оларды қолдану ісі өркендей бастады. Ал тасқа оқ салу және қабырғаларға шимай салу техникасы Батыс Қазақстанда ерекше өркендеп кеңінен қолданылды. Батыс Қазақстанның құрылыс практикасының орынды жағы қабырғаны қалағанда оны екі қатар етіп олардың арасын құрылыс материалының қалдықтарымен толтыру болды. Бұл тәсіл үй тұрғызу процесін тездетіп қана қоймай, оның үстіне құрылыс материалдарын жұмсауда едәуір үнем жасады. Бұдан басқа XIX ғасырдың аяғына таман және XX ғасырдың басына таяу кездегі ескерткіштердің архитектурасында аумақты цоколь салу, жарты циркульді және оқ арқаларды, сына қиындарын пайдалану, кері өкше тәрізді қайырма имек классикалық ордерлер пішіндерін қолдану, өнеркәсіп бояуларын пайдалану байқалады. Бұл жағдай олардың сыртқы тұлғасына, құрылыстың бұрынғы монументальді үйлердің көркемдік бейнесіне ұқсайтын жаңа түрлер берді.

Сол кездің өзінде-ақ Қазақстанда тұңғыш рет қала құрылысында темір және шойын сияқты жаңа материалдар қолданыла басталды. Бұлардан біліктер, арқалықтар, балкон қанаттары және сатылар жасалды және Қазақстандағы құрылыс өнерінің тәсілдері мен жолдарын сөзсіз байыта түсті. Бұл көрсетілген тәсілдер мен формалар ең алдымен ерте заманнан келе жатқан тұрақты құрылыс дәстүрі бар және үйді күйдірілген жәй кірпіштен, соқпа балшықтан салатын Оңтүстік және Орталық Қазақстан архитектурасының ескерткіштеріне тән болды. Батыс Қазақстан (Маңғыстау, Үстірт, Ембі өзенінің аңғары) архитектуралық ескерткіштерінде біраз басқаша ерекшеліктер бар. Егер Оңтүстік

Қазақстанда жарты конус тәрізді күмбездер басым болса, ал Батыс Қазақстанда бұлардың формасы әдетте дулыға тәрізді болды.

Осында біз баяндаған Қазақстан архитектурасының XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі қысқаша сипаттамасы өндіргіш күштерінің біраз дамуымен және қазақ халқының құрылыс өнері мәдениетінің өсуімен қатар, осы қаралып отырған дәуірде болған тарихи және мәдениеттегі өзгерістерді көрсететін құрылыс ісі де көзге көрінерліктей дамығанын көрсетеді.

«Қалалар капитализмнің кеңейе дамуы кезеңінде қалалардың көшпелілермен жан-жақты қатынастарының нығаюында байланыстырушы звено болды» [8].

«Әртүрлі себептермен қалаларға қоныс тепкен қазақтардың саны XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап көбейе берді. Олар көбінесе қалалардағы кәсіпорындардан жұмыс іздеді, сөйтіп жұмысшылар қатарын толтырып отырды. Мұнымен қатар бұл кезде қала тұрғындарының саны егіншіліктен қол үзген, өзінің жұмыс күшін сатумен күн көретін қазақ жатақтарының есебінен де көбейіп отырды» [9]. Қала тұрғындарының бір бөлігі саудамен байланысты болды, сондықтан олардың біршама көпшілік бөлігін көпестер құрды. Бұл сауданың маңызды фактор болғандығын айқындайды.

Капиталистік қатынастар талабы, Ресейдің орталық аудандарындағы кәсіпорындарға шикізат қажет етті. Бұл біріншіден. Екіншіден, азды-көпті қаржысы бар көпестер баюдың жаңа көздерін іздестіріп, кәсіпорындар аша отырып, жеңіл жолмен, тез баюға ұмтылды. Өйткені, олар қазақ даласында арзан жұмыс күші, бай, әрі арзан шикізат көздері бар екенін жақсы сезінді. Міне, ең басты себептер осылар еді. Содан соң барып олар, көпестер, тиімді кәсіпорын ашуға болатын орын іздестірді. Оны тапқаннан кейін барып, үкімет орындарына өтініш жасады. Ондай өтініштер, өндірістің көлеміне, пайдалылығына қарай әртүрлі орындарда қарастырылды, содан соң барып, кәсіпорынды ашуға рұқсат берілетін болды. Бұл туралы Т.Ә. Төлебаев өзінің өңдеу өнеркәсібі тарихына арналған зерттеу еңбегінде сантонин өндірісі мысалында кең түрде дәлелдеген еді [29].

«Қаладағы өнеркәсіптің пайда болуына, көптеген жағдайлар әсер етті, соның ішінде батыстық капиталистік қатынастардың одан әрі дамуы, қазақ жеріндегі мал шаруашылығы мен егіншіліктің натуралдықтан тауарлы өндіріске айнала бастауы» ықпалды болды [29].

Қорытынды

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанға Ресей капиталы белсенді түрде ене бастады, оның негізгі саласы пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу болды, олардың байлығы аймақтың жер қойнауымен, сондай-ақ ауылшаруашылық шикізатын өңдеу өнеркәсібі мен саудасымен ерекшеленді. Ресейлік капитал үшін қолайлы жағдайлар болды: бай жер қойнауы, жергілікті тұрғындардан ештеңе үшін жалға алынған немесе сатып алынған арзан жерлер, арзан шикізат, арзан, артық жұмыс күші. Қалалар метрополия орталығына немесе шетелге тауарлар мен пайдалы қазбаларды өткізу орталықтары ретінде әрекет етті.

XIX ғасырдың соңына қарай қазақстандық қалаларда ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу бойынша қолөнер, мануфактуралық және фабрикалық типтегі кәсіпорындар жұмыс істеді. Олар Ақмола, Семей, Петропавл, Орал, Орынборда қасапханалар, былғары, сабын қайнататын зауыттар, май диірмендері, ұн тартатын зауыттар болды. Шымкент пен Түркістанда мақта тазалау зауыттары жұмыс істеді. Верныйда темекі өнеркәсібінің екі кәсіпорны болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында көлік және пошта байланысы дамыды, бұл қалалардың өсуі мен дамуының маңызды себебі болды. 1880 жылдардан бастап Ертіс, Балқаш, Іле арқылы тұрақты кеме қатынасын бастау әрекеттері жасалды. Орынбор-Ташкент және басқа да темір жолдар салынды. Транссібір магистралі маңызды рөл атқарды. XIX ғасырдың соңына қарай темір жолдар, су көлігі және почта-телеграф байланысы Қазақстанды Ресей, Сібір, Алтай, Орталық Азиямен байланыстырды.

Ресейдің Мемлекеттік банкінің Орал, Петропавл, Семей, Верный қалаларында өз бөлімшелері болған. Сонымен қатар Қазақстанда Сібір сауда банкінің 7 филиалы жұмыс істеген, екінші орында 5 бөлімшесі бар Ресейлік сауда-өнеркәсіп банкі болды.

Капиталистік қатынастар қалалық сауданың дамуына айтарлықтай әсер етті. Қала отырықшы және көшпелі халықтың орталығы және байланыс орны болды. Сауданың негізгі нысаны мал болды. Сонымен қатар, Қазақстаннан астық пен ұн шығарыла бастады. Нан саудасының ірі орталықтары Орал, Орынбор, Семей болды, онда нан Қостанай, Ақтөбе, Орал, Торғай уездерінен әкелінді. XIX

ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда жәрмеңкелік сауда кеңінен таралды. Жәрмеңкелік саудада уездік қалалар маңызды рөл атқарды.

Осылайша, қазақстандық қалалық кеңістікті қалыптастыруға және дамытуға капиталистік қатынастардың енуі, өнеркәсіптің, көліктің қалыптасуы және сауданың дамуы сияқты факторлар елеулі рөл атқарды. Көптеген қалалар сауда, басқалары өнеркәсіптік, кейбіреулері әкімшілік орталықтар ретінде қызмет етті. Барлық осы себептер мен факторлар қалалық сәулет өнеріне, қала құрылысын жоспарлауына, сонымен қатар қалалық ортаға әсер етті.

«Қазақстанның қалалық кеңістігі: қалыптасу және даму ерекшеліктері мен факторлары» мақаласы № АР08857378 гранттық жобасы аясында орындалған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана / А.Х. Маргулан. — Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1950. — 122 с.
- 2 Берг Л.С. Климат и жизнь / Л.С. Берг. — М.: Госиздат, 1922. — 196 с.
- 3 Горький А.М. Доклад на I Всесоюзном съезде советских писателей / А.М. Горький. — М., 1934. — 13 с.
- 4 Горячева А.А. Город Верный в конце XIX века // А.А. Горячева // *Вопросы истории Казахстана. Ученые Записки Казах. гос. ун-та.* — 1962. — Т. 53, Вып.9. — С. 150–186.
- 5 Москалев Г.Е. Хозяйственный облик дореволюционного Яицка-Уральска / Г.Е. Москалев. — Уральск, 1956. — 48 с.
- 6 Туманшин К.М. Основание и развитие Петропавловска и его уезда во второй половине XVIII–первой половине XIX вв. // *Ученые записки Кустанай. гос.пед. ин-та.* — 1961. — Т. VI. — С. 37–49.
- 7 Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718–1917 гг.) / Ж.К. Касымбаев. — Алматы: Изд-во «Өлке», 1998. — 276 с.
- 8 Касымбаев Ж.К. Промышленность и транспорт в городах Восточного Казахстана (нач. XX в.) / Ж.К. Касымбаев. // *Известия АН КазССР. Сер. ОН.* — № 3. — Алма-Ата, 1986. — С. 41–49.
- 9 Герасимова Э.И. История города Уральска в дореволюционный период (1613–1917 гг.) / Э.И. Герасимова. — Алма-Ата, 1965. — 30 с.
- 10 Мухаметов Х. Дворцовые рыбные промыслы на Яике / Х. Мухаметов. // *Вестн. АН КазССР.* — Алма-Ата, 1972. — № 7. — С. 32–34.
- 11 Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861–1917 гг. (социально-экономический аспект) / Ж.К. Касымбаев. — Алматы, 1990. — 184 с.
- 12 Алпыспаева Г.А. Астана в новое и новейшее время / Г.А. Алпыспаева. — Астана, 2008. — 276 с.
- 13 Алпыспаева Г.А. Культурное пространство Акмолы, Целинограда, Астаны: история становления и развития / Г.А. Алпыспаева, Ш.Н. Саяхимова, Р.О. Туксайтова. — Астана, 2016. — 206 с.
- 14 Сактаганова З.Г. Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945–1953 гг. / З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова. — Караганда, 2010. — 251 с.
- 15 Жалмагамбетов Е.А. Қызылорда қаласының астаналық кезеңіндегі күнделікті өмірі (1925–1929 жж) / Е.А. Жалмагамбетов. — Алматы: 2014. — 160 б.
- 16 Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. — Т.1. / М.А. Терентьев. — СПб., 1906. — 510 с.
- 17 Турчанинов Н.В. Города Азиатской России / Н.В. Турчанинов // *Азиатская Россия.* — 1914. — Т.1. — С. 285–361.
- 18 Гербы городов, губерний, областей и посадов Российской империи, внесенные в Полное собрание законов с 1649 по 1900 год / Сост. П.П. фон-Винклер / П.П. фон-Винклер. — СПб., 1899. — 576 с.
- 19 Полное собрание законов Российской империи. — Собрание второе. — Т. LIII. — 1878. — От № 58674–59182. — СПб., 1880. — Л. 57, 62–66.
- 20 Полное собрание законов Российской империи. — Собрание третье. — Т. XXIX. — 1909. — От № 31330–32882 и доп. — СПб., 1912. — Л. 5–12.
- 21 История железнодорожного транспорта России. — Т. 1.— 1836–1917. — СПб., 1994. — 336 с.
- 22 Сибирь и Великая Сибирская железная дорога / М-во фин. Деп. торговли и мануфактур. — 2-е изд., испр. и доп. — СПб.: Типография И.А. Ефрона, 1896. — 2. — VIII. — 283 с.
- 23 Исингарин Н. История железных дорог Казахстана, 1904–2011 / Н. Исингарин. — Алматы, 2011. — 768 с.
- 24 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей / под ред. П.П. Семенова. — Т.18. Киргизский край. — СПб.: Издание А.Ф. Девриена, 1903. — 479 с.
- 25 Духин Я.К. Очерк экономического развития Кустаная в последней четверти XIX в.—начале XX в. / Я.К. Духин // *Проблемы истории русско-казахских взаимосвязей в XVIII–начале XX веков.* — Алма-Ата, 1980. — С. 76–79.

26 Дубицкий А. Где течет Ишим. Из истории Целинограда и целинного края / А. Дубицкий. — Алма-Ата: Казахстан, 1965. — 326 с.

27 Марғұлан Ә. Қазақстан архитектурасы / Ә. Марғұлан, Т. Бәсенов, М. Мендіғұлов. — Алматы: 1959. — 210 б.

28 Чекаева Р.У. Региональные особенности архитектуры Северного Казахстана / Р.У. Чекаева, В.В. Ревтова. — Астана: ТОО «Мастер По», 2017. — 87 с.

29 Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капитализм: өткені мен бүгіні (тарихнамалық аспект) / Т.Ә. Төлебаев. — Алматы: Қазак университеті, 2014. — 250 б.

И.Б. Медешева, Ж.Е. Нурбаев, А.Ж. Мырзахметова, Б.А. Алимжанов

Городское пространство Казахстана: особенности и факторы формирования и развития

В статье рассмотрены важные вопросы и период в отечественной урбан-истории — формирование и развитие городского пространства в Казахстане в новое время. Город как отражение новой формы поселения определяет новую пространственную организацию расселения населения, изменение его количественного и качественного состава. В городе люди не только живут, но и занимаются различными видами деятельности, создают новую структуру общества на социальной, политической, экономической основе, формируют глубокие различия и противоречия между ними, новый тип отношений. Эти новые отношения находят отражение в системе внутригородского расселения, создают новую форму города и общества, в целом, отражающую различные социальные различия и противоречия между индивидами и общностями, а также их объединение в рамках единого городского пространства. В городских условиях жилье, мечеть или церковь, школа, рынок, предприятие представляют собой упорядоченное пространство производства человека. Исследование направлено на изучение городского ландшафта Казахстана и выявление его региональных особенностей, а также определение тех факторов, которые влияли на изменение и трансформацию городского пространства страны в рассматриваемый период.

Ключевые слова: казахстанские города, история города, городское пространство, культурный ландшафт, герб города, население города, процесс урбанизации, архитектурные стили, городская инфраструктура.

I.B. Medesheva, Zh.E. Nurbayev, A.Zh. Myrzakhmetova, B.A. Alimdzhanov

Urban space of Kazakhstan: features and factors of formation and development

The article deals with important issues and a period of the domestic urban history — the formation and development of urban space in Kazakhstan in Modern times. The city as a reflection of a new form of settlement defines a new spatial organization of the settlement of the population, a change in its quantitative and qualitative composition. People not only live in the city, but also engage in various types of activities, as well as create a new structure of society on a social, political, economic basis, form deep differences and contradictions between them, new types of relationships. These new relations are reflected in the system of intra-urban settlement, creating a new form of the city and society as a whole, reflecting various social differences and contradictions between individuals and communities, as well as their unification within a single urban space. In urban conditions, housing, a mosque or a church, a school, a market, an enterprise represent an orderly space of human production. The research aims to study the urban landscape of Kazakhstan and identify its regional features, as well as determining those factors that influenced the change and transformation of the country's urban space during the period under review.

Keywords: Kazakhstan cities, city history, urban space, cultural landscape, city emblem, city population, urbanization process, architectural styles, urban infrastructure.

References

- 1 Margulan, A.Kh. (1950). Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazakhstana [From the history of cities and the construction art of ancient Kazakhstan]. Alma-Ata: Izdatel'stvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 2 Berg, L.S. (1922). Klimat i zhizn [Climate and life]. Moscow: Gosizdat [in Russian].
- 3 Gorkii, A.M. (1934). Doklad na I Vsesoiuznom s'ezde sovetskikh pisatelei [Report at the I All-Union Congress of Soviet Writers]. Moscow [in Russian].

- 4 Goryacheva, A.A. (1962). Gorod Vernyi v kontse XIX veka [The city of Verny at the end of the XIX century]. *Voprosy istorii Kazakhstana. Uchenye Zapiski Kazakhskogo gosudarstvennogo universiteta* — *Questions of the history of Kazakhstan. Scientific Notes of Kazakh State University*. 53, 9, 150–186 [in Russian].
- 5 Moskalev, G.E. (1956). Khoziaistvennyi oblik dorevoliutsionnogo Yaitska–Uralska [The economic appearance of the pre-revolutionary Yaitsk-Uralsk]. *Uralsk* [in Russian].
- 6 Tumanshin, K.M. (1961). Osnovanie i razvitie Petropavlovskaya i ego uezda vo vtoroi polovine XVIII–pervoi polovine XIX vekov [The foundation and development of Petropavlovsk and its county in the second half of the XVIII — first half of the XIX centuries] *Uchenye zapiski Kustanaiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta* – *Scientific Notes of the Kostanay State Pedagogical Institute*, VI [in Russian].
- 7 Kasymbaev, Zh.K. (1998). Istoriia goroda Semipalatinska (1718–1917 gg.) [The history of the city of Semipalatinsk (1718–1917)]. *Almaty: Izdatelstvo «Olke»* [in Russian].
- 8 Kasymbaev, Zh.K. (1986). Promyshlennost i transport v gorodakh Vostochnogo Kazakhstana (nachalo XX veka) [Industry and transport in the cities of East Kazakhstan (beginning of the XX century)]. *Izvestiia Akademii nauk Kazakhskoi SSR. Seriya obshchestvennykh nauk* — *Izvestia of the Academy of Sciences of the KazSSR. Social Science Series*, 3, 41–49 [in Russian].
- 9 Gerasimova, E.I. (1965). Istoriia goroda Uralska v dorevoliutsionnyi period (1613–1917 gg.) [The history of the city of Uralsk in the pre-revolutionary period (1613–1917)]. *Alma-Ata* [in Russian].
- 10 Mukhametov, Kh. (1972). Dvortsovye rybnye promysly na Yaike [Palace fisheries on Yaik]. *Vestnik Akademii nauk Kazakhskoi SSR* — *Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*, 7, 32–34 [in Russian].
- 11 Kasymbaev, Zh.K. (1990). Goroda Vostochnogo Kazakhstana v 1861–1917 gg. (sotsialno-ekonomicheskii aspekt) [Cities of East Kazakhstan in 1861–1917 (socio-economic aspect)]. *Almaty* [in Russian].
- 12 Alpyspaeva, G.A. (2008). Astana v novoe i noveishee vremia [Astana in the new and the newest time]. *Astana* [in Russian].
- 13 Alpyspaeva, G.A., Sayakhimova, Sh.N., & Tuksaitova, R.O. (2016). Kulturnoe prostranstvo Akmoly, Tselinograda, Astany: istoriia stanovleniia i razvitiia [Cultural space of Akmola, Tselinograd, Astana: the history of formation and development]. *Astana* [in Russian].
- 14 Saktaganova, Z.G., & Abdrakhmanova, K.K. (2010). Povsednevnaia zhizn gorodov Tsentralnogo Kazakhstana v 1945–1953 gg. [Daily life of the cities of Central Kazakhstan in 1945–1953]. *Karaganda* [in Russian].
- 15 Zhalmagambetov, E.A. (2014). Qyzylorda qalasinyn astanalыq kezendeги kundelikti omiri (1925–1929 zhzh.) [Daily life of the city of Kyzylorda in the capital period (1925–1929)]. *Almaty* [in Kazakh].
- 16 Terentev, M.A. (1906). Istoriia zavoevaniia Srednei Azii [History of the development of Central Asia], 1. *Saint Petersburg* [in Russian].
- 17 Turchaninov, N.V. (1914). Goroda Aziatskoi Rossii [City of Asian Russia]. *Aziatskaia Rossiia – Asian Russia*, 1. *Saint Petersburg* [in Russian].
- 18 fon-Vinkler, P.P. (Ed.). (1899). Gerby gorodov, gubernii, oblastnoi i posadov Rossiiskoi imperii, vnesennye v polnoe sobranie zakonov s 1649 po 1900 god [Coats of arms of cities, provinces, regional and townships of the Russian Empire, included in the complete collection of laws from 1649 to 1900]. *Saint Petersburg* [in Russian].
- 19 (1880). Polnoe sobranie zakonov Rossiiskoi imperii [The Complete Collection of laws of the Russian Empire]. The second meeting. Vol. LIII. 1878. No. 58674–59182. *Saint Petersburg*, 57, 62–66 [in Russian].
- 20 (1912). Polnoe sobranie zakonov Rossiiskoi imperii [The Complete Collection of laws of the Russian Empire]. The third meeting. XXIX, 1909, No. 31330–32882 and additions. *Saint Petersburg*, 5–12 [in Russian].
- 21 (1994). Istoriia zheleznodorozhnogo transporta Rossii [History of railway transport in Russia], 1. 1836–1917. *Saint Petersburg* [in Russian].
- 22 (1896). Sibir i Velikaia Sibirskaia zheleznaia doroga [Siberia and the Great Siberian Railway]. 2-nd ed., rev. and additional, *Saint Petersburg: Tipografiia I.A. Efrona* [in Russian].
- 23 Isingarın, N. (2011). Istoriia zheleznykh dorog Kazakhstana, 1904–2011 [History of railways of Kazakhstan, 1904–2011]. *Almaty* [in Russian].
- 24 Semenov, P.P. (Ed.). (1903). Rossiia. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva. Nastolnaia i dorozhnaia kniga dlia russkikh liudei [A complete geographical description of our fatherland. A desktop and expensive book for Russian people], 18. *Kirgizskii krai – Kyrgyz region*. *Saint Petersburg: Izdanie A.F. Devriena* [in Russian].
- 25 Dukhin, Ya.K. (1980). Ocherk ekonomicheskogo razvitiia Kustanaia v poslednei chetverti XIX v. — nachale XX v. [An essay on the economic development of Kostanay in the last quarter of the XIX century — early XX century] *Problemy istorii russko-kazakhskikh vzaimosviazei v XIX–nachale XX vekov* — *Problems of the history of Russian-Kazakh relations in the XVIII-early XX centuries*, 76–79, *Almaty* [in Russian].
- 26 Dubitskii, A. (1965). Gde techet Ishim. Iz istorii Tselinograda i tselinnogo kraia [Where Ishim flows. From the history of Tselinograd and the virgin land]. *Almaty: Kazakhstan* [in Russian].
- 27 Margulan, A., Basenov, T., & Mendigulov, M. (1959). Qazaqstan arhitekturasы [Architecture of Kazakhstan]. *Almaty* [in Kazakh].
- 28 Chekaeva, R.U., & Revtova, V.V. (2017). Regionalnye osobennosti arkhitektury Severnogo Kazakhstana [Regional features of the architecture of Northern Kazakhstan]. *Astana: TOO «Master Po»* [in Russian].
- 29 Tolebayev, T.A. (2014). Qazaqstandagy kapitalizm: otkeni men bugini (tarikhnamalyq aspekt). *Almaty: Qazaq universiteti* [in Kazakh].

М.Ы. Ыбырайхан*, З.Г. Сактаганова

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: marat_19.93@inbox.ru; zauresh63@mail.ru)*

Орталық Қазақстандағы 1964–1985 жж. ауылдық күнделікті өмірде тамақтану мен азық-түлік сақтау мәселелеріндегі ескі ұстаным мен жаңашылдықтың арақатынасы

Мақалада тамақтанудың символдық мағынасының анықтамалары, оның негізгі сипаттамалары, әлеуметтік ортадағы тамақтану деген көзқарасқа әсер қарастырылған. Сонымен қатар мақала ғылыми айналымға алғаш енгізілген мұрағаттық құжаттар мен интервью материалдарының негізінде құрылған. Зерттеу барысында салыстырмалы және микротарихи әдістер негізінде күнделікті өмірдегі тамақтану мен азық-түлікті сақтау мәселелері анықталған. Қазақстанның орталық өңірі шаруашылықтарының табиғи ортасының ерекшелігі, шаруашылық және тұрмыстық жағдайлары сипатталған, ұлттық және өңірлік ерекшеліктер негізінде тамақ өнімдерін дайындау және сақтау технологиясының ерекшелігі көрсетілген. Техникалық жаңалықтарды енгізу және/немесе олардың болмауы жағдайында ауыл тұрғындарының күнделікті өмірінде тамақтанудағы өзгерістер нақтыланды. Уақыт пен кеңістіктегі ұлттық құрамның өзгеруі тұрмыстық және экономикалық жағдайға әсер етеді. Авторлар мақала құрылымында Орталық Қазақстан халқының санаттарын бөліп көрсеткен және тамақ өнімдерінің көздері, тұтынылуы мен қайта өңделуі мәселелерін жүйелі түрде зерттеген. Нәтижесінде Орталық Қазақстандағы ауылдық күнделікті өмірдің түрлі аспектілері бойынша қазақ халқының ғасырлар бойы сақталған дәстүрлері мен технологияларын, ұлттық өзіндік ерекшелігін сақтау және өзгерту проблемалары анықталды. Қорытындылай келе, ауыл тұрғындарының жаппай тапшылық жағдайында өмір сүру стратегиялары кеңестік тоқырау кезеңіндегі өмір шындығындағы дәстүрлерді сақтауға негізделген деген тұжырым жасалды.

Кілт сөздер: күнделікті өмір, Орталық Қазақстан, тамақтану, тұтыну, азық-түлік, сақтау, дәстүр, өзгеріс, ұлттық ерекшелік, интервью, категория.

Kipicne

Тарих адамзат өміріндегі ұлы оқиғалардан құралады. Бүгінгі күннің тарихшыларын ауқымды оқиғалар астарындағы қатардағы қоғам мүшелерінің материалдық және рухани өмірі, өзіне және қоршаған ортаға көзқарасы мен қатынасы қызықтырады. Аталған мазмұндағы зерттеулер күнделікті өмір тарихы аясында жүргізілуде және өзектілігін ғылыми ортада дәлелдеп келеді. Күнделікті өмір тарихының аясын кеңістік пен уақыт құрайды. Зерттеуде уақыт аралығы ретінде 1964–1985 жж., кеңістік ретінде Орталық Қазақстандағы ауылдық аймақтар қарастырылған.

Негізгі объект Орталық Қазақстанның ауылдық аймақтарының тұрғындары, ал пән күнделікті өмірдегі тамақтану ерекшеліктері мен өзгерістерді, мақсат кеңістік пен уақыт аралығындағы объекті мен арақатынасын анықтау болып табылады. Ауылдық аймақтағы күнделікті өмірде кейіннен қалыптасқан түсініктердің жұқа қатпарының астарында ежелден келе жатқан дәстүрлердің жалпылама сұлбасы көрінеді. Бұл дәстүрлер мәдени мәнге ие және адамзаттың ертеден келе жатқан қоршаған ортамен байланысының сырларын ұғынуға жетелейді.

Жалпы тамақтану мәселесінің өзектілігі келесі мәселелерге әсерімен анықталады:

- 1) адамның физиологиялық дамуы мен денсаулық жағдайына;
- 2) демографиялық өсімге.

Ауылдық күнделікті өмірдегі тамақтану мәселелері адам өмірінің физиологиялық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық аспектілері бойынша жағдайларды анықтауға септесетіндігімен өзекті:

1) қоғамдағы дәстүр сабақтастығы және күнделікті өмірдегі ішкі себептерден орын алған өзгерістерді;

- 2) кеңестік кезеңдегі сыртқы әсерлер әкелген өзгерістерді.

Француз әлеуметтанушысы Клод Фишлер айтқандай, «қазіргі тамақтанушы не жеп жатқанын өзі білмейді». Адамзатты әрдайым экологиялық таза өнім тұтыну және дұрыс тамақтану жүйесі мәселелері толғандыра бермек.

Тамақтану адамзаттың күнделікті өмірінің көптеген салаларымен астасып жатқандықтан тарихшылардың еңбектерінен бөлек зерттеулерге, медицина саласы бойынша құнды ізденістерге тоқталғанды жөн көрдік. Әлемдік нутрициология, тамақтану ғылымындағы ең алғашқы көрнекті ғалым ретінде тегі грек рим дәрігері Гален, ал бүгінгі әлемдік тамақтану ғылымының негізін салушы бельгиялық анатом Андреас Везалий болып есептеледі. Қазақ ұлттық тамақтануында зерттеуші ретіндегі ерте замандардағы нақты бір тұлғаларды атап көрсетпесек те, көптеген ақпараттар мен тұжырымдар халық медицинасында, дәстүрінде, халық ауыз әдебиетінде молынан кездеседі. Бүгінгі күнде елімізде тамақтану мәселелерімен кең көлемде айналысатын басты мекеме Қазақ тамақтану академиясы. Аталған ұйым жұмысының шеңберінде үздіксіз жүргізілетін көптеген зерттеулер әртүрлі жарияланым ретінде академия сайтында көрсетілген [1]. Академияның президенті, медицина ғылымдарының докторы Т.Ш. Шармановтың бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдары мен сұхбаттарын есепке алмағанда, жалпы тамақтану, қазақ ұлттық тамақдарының ерекшеліктері мен денсаулыққа пайдасы, еліміздегі тамақтану проблемалары туралы зерттеулері қазақ тамақтану ғылымының құнды еңбектері [2–5]. Медицинадан бөлек тамақ және тамақтану мәселелері жайлы ақпараттар мен идеялар әлемдік және отандық философия, БАҚ, әдебиет, бейнелеу өнері, театр, кино және т.б. салаларда кездеседі.

Күнделікті өмір аясындағы тамақтану, оның ішінде ауылдық аймақтардағы тамақтану мәселелері тарихнамасын келесі топтарға бөліп қарастырамыз: 1) шетелдік, сонымен қатар ресейлік; 2) кеңестік, сонымен қатар Қазақ КСР кезеңіндегі еңбектер; 3) Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі еңбектер.

Шетелдік тарихнамадағы тамақтану бойынша ең көлемді еңбек ретінде А. Легран д'Осидың толық аяқталмаған «Француздардың жеке өмірі» атты көп томдық еңбегінің 1783 ж. жарық көріп үлгерген «Тамақтану тарихы» атты 3 томдығын атап өтуге болады [6]. Батыс Еуропа тарихнамасында Ф. Бродель, Э. Ле Руа Ладюри, Ф. Арьес пен Ж. Дюби және т.б. авторлардың күнделікті өмір аспектілері зерттелген іргелі еңбектерінде тамақтану, ауылдық аймақтағы тамақтану мәселелері қарастырылады [7–9]. Шетелдік тарихнаманың бір бөлшегі ретіндегі 1991 ж. бергі ресейлік тарихнамада тақырыпқа қатысты монографиялар мен диссертациялық жұмыстардың бірқатары кездеседі. Мазмұны мен көлемі жағынан ауқымды монографиялар ретінде С.Д. Багдасарян, В.Б. Безгин, В.А. Бердинских еңбектері, Л.А. Берсанова, Ю.Н. Ефремова, Э.В. Мигранова, К.А. Гулин және А.А. Гриньконың тақырып бойынша ауылдық аймақтар және ұлттық ерекшеліктер мәселелерін қарастырған диссертациялары бар [10–17]. Кеңестік тарихнамада ауылдық күнделікті өмір, оның ішінде тамақтану мәселелері негізінен этнографиялық зерттеулерде қарастырылды. Кеңес халықтарының этнографиясы тақырыбындағы ең ірі зерттеулердің бірі С.А. Токаревтің еңбегі және т.б. тақырыптық мақала жинақтары [18–19]. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанда тамақтану мәселелері Х. Арғынбаевтың зерттеулері мен Т. Муканова диссертациясында қамтылған [20–21]. Тәуелсіз Қазақстандағы Отандық тарихнамада бұл мәселеге өз зерттеулерінде арнайы көңіл бөліп жүрген зерттеушілер З.Г. Сактаганова мен К.К. Абдрахманова [22–23]. З.Г. Сактаганованың күнделікті өмір тарихының әртүрлі аспектілері бойынша жүргізген зерттеулері халықаралық деңгейдегі басылымдарда үздіксіз жариялануда [24–27].

Методология және материалдар

Мақаланың методологиялық негізіне тарихилық және жүйелілік принципі алынып, уақыт бойындағы Орталық Қазақстан ауылдық аймақтары кеңістігіндегі тамақтанудағы тұрақтылық пен өзгерістер біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Жалпы ғылыми әдістер арасынан индукция және дедукция таңдалды. Жеке мысалдар арқылы жалпыға ортақ жағдайларды индукция әдісімен анықтап, жалпыға ортақ үрдістерді дедукция әдісімен талдау арқылы күнделікті өмірдегі индивид, жеке отбасылық, микроорта ерекшеліктеріне байланысты себеп-салдарларды анықтаймыз.

Мақалада микротарих тәсілін қолдану макроақиғалардың күнделікті өмір жағдайларына және жүріс-тұрыс қағидаттарына әсерін анықтауға, тарихи-салыстырмалы әдіс жиналған ауызша интервьюлерді талдап, Орталық Қазақстандағы ұлт өкілдерінің, аудандардың арасындағы тамақтану мәселесіне байланысты ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетуге септігін тигізді. Зерттеуде интервью материалдары тарихи антропологияның толыққанды және қанық сипаттау әдісі арқылы қолданылды. Мақалада тақырыпқа қатысты өз заманына сай кемшін тұстарды атап өтеміз, бірақ басты назар кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді анықтауда ғана болмайды. Біздің назарымыз ұлттық ерекшеліктер мен қоршаған табиғи орта жағдайларына байланысты әрекет пен белгілі бір әлеуметтік

ортадағы дәстүрдің уақыт пен кеңістіктегі сақталуына, өзгерісіне және олардың күнделікті өмірдегі қолданысына өзіндік баға беруге бағытталмақ. Респонденттерден алынған интервью материалдары мен мақалада қолданылатын әдістер арқылы тек күнделікті өмірдегі тағам түрлері, тамақтану мен азық-түлік сақтау ғана емес, тамақтанудағы символикалық мән-мағына, адамдар арасындағы қарым-қатынас, байланыс, ұлттық ерекшеліктер мәселелері қамтылады.

Мақала жазу барысында сапалық методологияға басымдық беріле отырып, сандық методология да қолданылды. Сапалық методология интервью материалдарына, ал сандық методология архивтік құжаттарға қатысты пайдаланылды.

Сонымен қатар мақалада негізінен 2021–2022 жж. ақпан айлары аралығында Орталық Қазақстанның барлық аудандары бойынша ауызша интервью әдісімен жиналған материалдар пайдаланылды. Интервью берген респонденттер саны ер мен әйел қатынасы тең 108 адамды, әртүрлі ұлт және мамандық өкілдерін, 1930–1960 жж. аралығында дүниеге келгендерді құрайды. Ауызша интервью материалдарын жинау әдістемесінде Т.К. Щеглова еңбектері негізге алынып, тереңдетілген интервью әдісі қолданылды [28–29]. Мақалаға дереккөз ретінде жиналған интервью материалдарын ғылыми мақсатта пайдалану, респондент ойын жинақы әрі түсінікті түрде жеткізу қажеттілігі негізгі ойды сақтай отырып респондент сөзіне стилистикалық өзгерістер енгізуді талап етті. Респонденттер жауабының мазмұны және олардың мақалада ғылым қажеттілігіне қолданылуы жеке адамдардың теріс жақтарын көрсетуге бағытталмаған.

Сондай-ақ, мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасы Президенті архивіндегі 708 қор (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті), Қарағанды облыстық мемлекеттік архивіндегі 18 қор (Облыстық атқару комитеті), 1224 қор (Облыстық халықтық бақылау комитеті) материалдары пайдаланылды.

Талқылау және нәтижелер

Орталық Қазақстан ұғымы 1932 ж. бері бір ғана Қарағанды облысын білдіреді, бүгінгі күнде 9 ауданды құрайды, тек 1973–1997 ж. аралығында Жезқазған облысы Қарағанды облысынан бөлініп шыққан. Орталық Қазақстан аудандарының көкжиек тұстары бойынша орналасуына тоқталсақ:

1. Қарағанды облысы. Солтүстік-батыс — Нұра, солтүстік — Осакаров, Молодежный, солтүстік-шығыс — Ульянов, шығыс — Егіндібұлақ, Қарқаралы, Талды, орталық — Тельман, Мичурин (соңғы екеуі солтүстікке қарай, жалпы 9 аудан);

2. Жезқазған облысы. Оңтүстік-шығыс — Ақтоғай, Приозерный, оңтүстік — Шет, Ағадыр, Жаңаарқа, Жезді, оңтүстік-батыс — Ұлытау (7 аудан).

Статистикалық деректерден Жезқазған және Қарағанды облыстарының ауылдық аймақтарындағы ұлттық құрам бойынша 1979 ж. санақ мәліметтеріне жүгіндік. Себебі 1964–1985 жж. аралығында 1970, 1979 жылдары санақ жүргізілсе, 1979 жылғы екі облыстағы әкімшілік реформаларға байланысты аудан саны көп болғандықтан, аймақтың этникалық сипатын толыққанды анықтауға мүмкіндік туады.

Халық саны: 1. Қарағанды облысы — 1,25 миллион; 2. Жезқазған облысы — 450 мыңға жуық.

Ауыл халқының саны: 1. Қарағанды облысы — 260 мыңға жуық; 2. Жезқазған облысы — 176 мың.

Жезқазған облысының ауылдық аймақтарындағы жалпы халықтың құрамында қазақтар саны 70 % астам және жекелеген аудандар бойынша 55–95 % аралығындағы басымдықты, Қарағанды облысында 40 % жуық көрсеткішті құрайды. Бірақ, Қарағанды облысында басқа ұлт өкілдеріне қарағанда қазақтардың саны басым Егіндібұлақ (90 %), Қарқаралы (75 %), Талды (77 %) аудандарын, қазақтар аз Мичурин (11 %), Молодежный (17 %), Осакаров (9 %), Тельман (21 %), қазақтардың саны басқа ұлт өкілдерімен шамалас Нұра (48 %), Ульянов (41 %) аудандарын бөліп көрсетуге болады [30: 96]. Нұра және Ульянов аудандары қазақтарының саны өзге ұлт өкілдерінен аса кем болмаса да, қазақтардың және басқа ұлт өкілдерінің де орыс тілді болғанын атап өту керек.

Аудандардың шаруашылық мамандануы табиғат және жер жағдайымен сәйкес келеді. Егін және бау-бақшаны көп көлемде өсіруге топырақ құнарлылығы, ылғал мөлшері, су көздерінің қолжетімділігі мүмкіндік беретін солтүстікке қарай орналасқан: Нұра, Осакаров, Молодежный, Тельман, Мичурин, Ульянов аудандары. Бұл аудандарда қолдан жем-шөп беруге қажетті егістік көлемі жеткілікті болғандықтан мал шаруашылығы негізінен сүтті бағытта және құс, шошқа ұстау жүргізіледі. Жезқазған облысының барлық аудандары, Қарағанды облысының Қарқаралы, Егіндібұлақ, Талды аудандары негізінен етті мал шаруашылығын жүргізді, оның ішінде алдымен қой,

одан кейін сиыр мен жылқы малын, сонымен қатар жер жағдайына қарай егістік өсірді. Орталық Қазақстан бойынша оңтүстікке қарай кез келген егістік түрі мен бау-бақша көлемі біртіндеп азая түсіп, біржола жоғалатын, тек мал шаруашылығымен айналысатын аудандардың барлығы Жезқазған облысына тиесілі [31: 136]. Орталық Қазақстандағы ауыл шаруашылығының мамандануына және жалпы қамтамасыз етуге ірі өндірістік орталық Қарағанды және серіктес қалаларға жақын орналасқан шаруашылықтардан азық-түлік белдеуін құру әсер етті. Көкөністі-сүтті бағыттағы және құс өсіру жүргізілген бұл шаруашылықтар келесі аудандарға тиесілі болды: Осакаров, Тельман, Мичурин, Ульянов, Жаңаарқа [32]. 1964–1985 жж. ауылдық аймақ тұрғындарының жеке қосалқы шаруашылығының бағыты табиғат пен жер жағдайларына тәуелді және ауыл шаруашылық мамандануымен сәйкес келді, сүт, ет, көкөніс, жұмыртқа өнімдерін алуға мүмкіндік берді.

Аталған сипаттамаларға сәйкес ұлттық құрамы, табиғат пен жер жағдайы және шаруашылық мамандануы бойынша Орталық Қазақстан аумағын, сәйкесінше интервью материалдары алынған респонденттерді келесі категорияларға бөлдік:

1 категория. Қазақтардың саны басым, негізінен етті, одан кейін сүтті мал шаруашылығы бағытында: бірінші кезекте қой, одан кейін сиыр мен жылқы ұстайтын және егін өсіретін аудандар: Қарқаралы, Талды, Егіндібұлақ, Шет, Ағадыр, Ақтоғай, Приозерный, Жезді, Ұлытау;

2 категория. Қазақтар саны басым, негізінен етті, одан кейін сүтті мал шаруашылығы бағытында: қой, сиыр, жылқыны бірдей ұстайтын, егін өсіретін, бау-бақша және құс өсіру шаруашылығы да дамыған аудан: Жаңаарқа;

3 категория. Қазақтар саны өзге ұлттармен деңгейлес, негізінен егін шаруашылығына басымдық берген, етті-сүтті мал шаруашылығы дамыған, сонымен қатар бау-бақша өсіріліп, шошқа ұсталған аудан: Нұра;

4 категория. Қазақтар саны өзге ұлттармен деңгейлес, мал шаруашылығы, егін мен бау-бақша өсіру жүргізілген, басқа аудандарға қарағанда құс өсіру шаруашылығы жоғары дамыған, шошқа ұсталған аудан: Ульянов;

5 категория. Қазақтар саны өзге ұлт өкілдерінен аз, егін шаруашылығына басымдық берген, одан кейін мал шаруашылығы, негізінен сүтті-етті бағытта сиыр өсіру дамыған, бау-бақша өсіру мен шошқа ұстау да қатар жүргізілген аудандар: Осакаров, Молодежный, Мичурин;

6 категория. Қазақтар саны өзге ұлт өкілдерінен аз, егін шаруашылығы, бау-бақша өсіру, мал шаруашылығы, негізінен сүтті-етті бағытта сиыр өсіру дамыған, құс пен шошқа ұстау жүргізілген аудан: Тельман.

Мақалада Орталық Қазақстандағы ауылдық аймақ тұрғындары тұтынған, сусын түрлерінен басқа негізгі азық-түлік және соған сәйкес тағам түрлерін тұтыну мен сақтау мәселелері жоғарыда аталған категориялар бойынша жіктеліп, қарастырылады:

1. Ет: қой, сиыр, жылқы, құс, шошқа; 2. Сүт: сиыр сүті және өнімдері, қымыз.

Балық, көкөніс өнімдері тақырып бойынша жаппай қолданыстағы негізгі азық-түлік түрлері болмағандықтан мақалада қарастырылмады.

Ет адамзаттың басым көпшілігі тұтынатын негізгі тағам түрі. Етті тұтыну ерекшеліктері физиологиялық, экологиялық, мәдени, әлеуметтік мәнге ие. 1964–1985 жж. ет өнімі мен тағамдары мәселесін қарастыруда келесі басты жүйелік ұстанымға жүгінеміз: етке қол жеткізу көздері; етті тұтыну; етті сақтау.

Ауылдық аймақтардағы басқа да азық-түлік түрі секілді ет негізінен жеке қосалқы шаруашылық есебінен алынды, дүкендерде сатылған емес. Бірақ, жеке шаруашылығында малы жоқ совхоз жұмыскерлері мен қызметкерлерінің мемлекеттік шаруашылықтан ет сатып алуға мүмкіндігі болды. Қазақстан КП ОК, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі және кәсіподағының 1961 ж. 31 қазандағы № 750 қаулысына сәйкес совхоздың қоғамдық тамақтануына, сонымен қатар қызметкерлері мен жұмыскерлеріне белгіленген шектеу көлемінде жоспарлы бағамен ет беруге рұқсат беріліп, сатылатын ет көлемі жергілікті жерде анықталған [33]. Бұл мүмкіндік КСРО барлық аумағында 1991 ж. дейін пайдаланылып, етке арналған малды, құсты сою үшін жалған құжат жасау, пайдаланатын ет салмағын дұрыс көрсетпеу, жеке малы бар адамдардың да қоғамдық мал егін пайдалануы секілді және т.б. көптеген заңсыздықтарға жол берілді. 1969–70 жж. тек Қазақ, Қырғыз, Тәжік КСР және Ставрополь өлкесінің совхоздары мен колхоздарында 170 мың бас мал есептен жасырылып қалған. Дағыстан АКСР Горьков совхозы мен Киров колхозында шалғай жайылымдағы 2500 бас қой жалған актілермен жарамсыз деп көрсетіліп, жеке тұлғаларға заңсыз сатылған [34]. 1972 ж. Қарағанды облысы бойынша совхоздардан анықталған жетіспеушіліктер, ысырап пен

жымқырудан келген жалпы 470 мың сом шығынның 418 мыңын, яғни жалпы 676 фактінің 89 % мемлекеттік шаруашылықтан заңсыз жолдармен тірідей және сойылған күйде етке мал алу құрады [35]. Ауылдық аймақтардағы мемлекеттік шаруашылықтан алынған ет түрі де, жеке қосалқы шаруашылықтан алынған ет өнімі секілді жергілікті табиғат жағдайына сәйкес ауыл шаруашылығы мамандануының түріне байланысты болды.

Кеңестік уақытта ұлттық асханаларға тән тамақ түрлері, оның ішінде ет тағамдарында күрделі өзгеріс орын алмады, жекелеген ұлтта толықтай жаңа тағам түрлері пайда болмады, тек ортақ кеңестіктегі ұлттар ішінара бір-бірімен тағам рецепттері мен тамақтану рационы бойынша ұстанымдармен алмасты. Тамақтануға тоңазытқыш секілді техникалық құрал 1964–1985 жж. аралығында біртіндеп әсер еткенімен, қалыптасқан дәстүрлер мен ұстанымдар сақталып, тек ішінара өзгеріске түсті. Дәстүрлі ет сақтау технологияларының сақталуына ауылдық аймақтағы электр энергиясы, кеңестік өнеркәсіп пен сауда мәселелеріне байланысты тоңазытқыштың жаппай қолданысқа енбеуі әсер етті.

Қазақ халқында ұсақ немесе ірі мал сойылса етті тұтыну және сақтау үшін міндетті түрде мүшелеп бұзу ерте замандардан бүгінгі күнге дейін үздіксіз сақталған. Бұл дағды етті тиімді көлемде бөлуге және пайдалануға мүмкіндік береді. Ең бастысы сойылған малдың әрбір мүшесі өзіне ғана тән символикалық-тұрыптық мәнге ие [36: 105]. Мүшелеп бұзу қазақтардың пісірілген етті қонаққа немесе сыйлы адамға ұсыну дәстүріне, жалпы күнделікті және ерекше жағдайларда тамақтануындағы «табақ тарту» ұстанымдарымен тікелей байланысты. Табақ тарту — қонаққа арнайы мүшелер салынған тиесілі табағын ұсыну, бір табаққа жас мөлшері, әлеуметтік мәртебесі деңгейлес адамдарға арнап ет салу ескеріледі [37: 312]. Бұл қазақтардағы жалпы тамақтанушы адамдар: үй иесі мен қонақтар арасындағы қарым-қатынас мәселесін, көшпелі қоғамдағы көптеген символдық белгілерді әр қырынан көрсететін дәстүрлі әрекет. Үйіне келген әр адамға ұсынған табағы арқылы өзінің қарсы тарапқа қатынасын, белгілі бір мәселенің шешілу түйінін аңғартудың ғасырлар бойы сақталған дағдысы уақыт бойында негізгі өзегін жоғалтпай, заманына сай ішінара ғана өзгерістерге түскен [38].

Көшпелі қоғамның келген қонағына ұсынатын ең сыйлы асы қымыз бен ет болса, бұл рацион 1964–1985 жж. кеңестік қоғамда да сақталды. Кеңестік уақытта лайықты мүшелерімен ұсынылған ет бұрынғы символдарынан арылмай, заманына сай жаңа мәнге ие болып, қарым-қатынас орнату, мәселелерді шешуде маңызды роль атқарды. Ең бастысы қарсы тарапқа көлемі, құнарлылығы, маңыздылығы бойынша лайықты ет ұсыну белгілі бір мәселелерге қатысты институционалдық құрылымдардың шешіміне ықпал ететін құралдардың бірі ретінде күнделікті өмірде көрініс берді. Зерттеу барысында күнделікті өмірдегі тамақтанудың қарым-қатынас мәселелеріне (адами, туыстық, ресми және т.б.) ықпалы туралы жауап берген респонденттер жала жабушы немесе өздері де теріс әрекеттер қатысушысы емес, тек кеңестік замандағы «үнсіз көпшіліктің» бірі ғана екендігін ескеруіміз керек [39]. Ақшалай парасыз, мол дастарқанның әсерімен мәселелерді шешу кеңестік кезеңде әртүрлі деңгейдегі адамдар қарым-қатынасының негізгі атрибуты болды [40]. Лайықты ет ұсыну арқылы мәселені шешу 1–2 категорияларда таза дәстүрлі формада кездесе, 3–4 категорияларда ішінара дәстүрлі және заманауи, 5–6 категорияларда негізінен заманауи формаларда көрініс бергені байқалады. 1–2 категорияда ең көп, 3–4 категорияда біршама таралған еңбеккерлердің тобы — шопандар, өздерінің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуде ұсынылатын лайықты ет пен жайнаған дастарқан мәселесін пайдалана білді [41–42]. Ауылдық аймақ тұрғындарының жеке шаруашылығындағы малды санау барысында, санаққа шыққан тұлғаларды арнайы тамақтандырып, шынайы мәліметті бұрмалауға талпынысы, кеңестік шаруашылық жүйесіндегі шектеулерге қарсы жеке меншікті қорғау әрекеті болды [43]. Негізінен өз мүддесі, біз қарастырып отырған респондент жағдайында өз ауылының мүддесі үшін басшылармен тығыз қарым-қатынас орнатып, қажетті мәселелерді жылдам, кедергісіз шешу мақсатында ұсынылатын лайықты етті үйде ғана емес, арнайы табиғат аясында да беру лауазымды тұлғаның көңілін біржола жібітіп, сеніміне кіру әрекеті еді [44]. Егер маңызды, лауазымды тұлға лайықты асқа қарсылық білдірсе немесе уақыт тығыздығы шынайы кедергі келтірсе, сый-құрмет көрсету белгісі ретінде қойды көлігіне тірідей немесе сойылған күйде салып берген [45]. Әртүрлі деңгейдегі жиналыстарға, есеп тапсыруға және т.б. шаруалармен барғанда, жыл мезгіліне қарай сойылатын малдың лайықты мүшелерінен, шағын көлемде арнайы ет апару, мекемелердің кабинеттеріне еркін кіруге мүмкіндік беретін «өткізу билетіне» айналғандай [46–47]. 5–6 категорияларда үй жағдайындағы лайықты табақ ұсыну арнайы орында тамақтандыру секілді заманауи формаларға ауысты. Кеңестік дефицит жағдайында қажетті тауарға қол жеткізу үшін ресторанда тамақтандыру, мәселенің шешілуіне ықпал етудің бір көрінісі ғана [48]. Ресторанда

тамақтандыру арқылы лауазымды тұлғалармен жақсы қарым-қатынас орнату, артта қалған, шығынды шаруашылықтардың «пысықай» (нахрапистый) басшыларына қажетті шешімдерге қол жеткізуге мүмкіндік берді [49]. Кеңестік уақытта лайықты ас ұсыну дәстүр сипатын сақтай отырып, аяусыз мемлекеттік жүйенің шенгелінде ұжымдастыру уақытынан бері қалыптасқан, қатаң «өмір шындығындағы» қажетті дағдылардың біріне айналды [50: 376]. Орталық Қазақстан тұрғындары ғана емес, жалпы кеңестік кезеңдегі кеңістіктің басым көпшілігінде байқалатын бұл дағдылардың жүйелі сипатқа ие болуының себептері:

1) Жергілікті басшылар қызметтегі өзіне тәуелді және тәуелсіз себептермен жіберілген кемшіліктерді жоғары лауазымды тұлғалар алдында ақтап алып, репрессивті үкімет жазасынан құтылып, өмірі мен лауазымын сақтау үшін жасаған әрекеттерінің бірі;

2) Қатардағы ауыл тұрғындары жеке қажеттіліктерін өтеу үшін мызғымас мемлекеттік жүйе қойған шектеулерге қарсы қолданған айла-әдістің бір түрі. Нәтижесінде кеңестік уақыттағы күнделікті өмірде тамақтануға енген осындай мән-мағыналық өзгерістер ұлт өкілдерін таңдамады.

Ет — жылдам бұзылатын азық-түліктің бір түрі ретінде тұтынылуы тікелей сақтауға байланысты өнім. Сақтау мәселесі алдымен ұлттық ерекшеліктер, маусымдық тамақтану қажеттілігі мен ауыл шаруашылығы мамандануының түрін басшылыққа алып, табиғи орта мен тұрғын үй жағдайы, сонымен қатар қолданылатын құралдарды ескеріп, категориялардағы ет өнімі түрлерінің таралуы бойынша қарастырылды. Жыл мезгілдерінің ауысуына байланысты сойылатын мал түрі өзгеріп отырды: ұсақ мал негізінен жазда және қажеттілікке орай жыл бойы, қыста ірі мал, құс негізінен күзде. Қыста ет сақтау оңай болса, жазда ет сақтау маңызды мәселеге айналды және әртүрлі жолдармен шешілді. Ет сақтау технологиясына келесі факторлар әсер етті:

- табиғи орта мен тұрғын үй жағдайы (киіз үй, жертөлесі бар үй, қосымша құрылыстардың болуы, құдық, тобылғы бұтасы және т.б.);

- қолданылатын құралдар (тұз, үлкен металл қазан, бөшке немесе ағаш жәшік және т.б.).

Интервью материалдарына сүйенсек етті сақтаудың ертеден келе жатқан тәсілдері түбегейлі өзгерістерге ұшырамай, категориялар бойынша өзгешеліктер ұлттық құрам мен сойылатын мал түріне байланысты болып келеді.

Жаз мезгіліндегі ет сақтаудың ертеден келе жатқан технологиясында тұздау, арнайы орында сақтау, кептіру, ыстау және т.б. шарттар орындалуы тиіс. Категориялар бойынша осы шарттардың орындала отырып, еттің сақталуын жіктеп қарастырсақ:

1. Тұздау. Барлық категорияларда және ет түрлерінде қолданылды.

2. Арнайы орында сақтау. Барлық категорияларда үй маңындағы қараңғы, салқын қосымша құрылыс ішінде, 3–6 категорияларда жертөледе, 1-ші категорияда құдықта сақтау кездеседі [51–53].

3. Кептіру. Кешкі салқынды жайып кептіру негізінен 1–4 категорияларда, етті даладағы пеш ішіне қойып, жел вентиляциясымен кептіру 1–2-ші категорияда ішінара кездеседі [54–56].

4. Ыстау. Негізінен Қарқаралы, Талды, Егіндібұлақ аудандарында, ішінара тобылғы бұтасына қол жетімділікке қарай 1–4 категорияларда іске асырылған [57].

1–2-ші категория бойынша жаппай, 3–4-ші категория бойынша ішінара, ет сақтаудың қазақтардағы ертеден келе жатқан технологияларын пайдалану мен қой, жылқы және сиыр етін көп тұтыну байқалады. Жоғарыдағы жіктеуден бөлек ерекше жағдайларға тоқталсақ.

Негізінен жазда сойылған ұсақ мал етін сақтау туралы 3-ші категория респонденті басқа аудандардан кездеспеген ерекше тәсілмен бөлісті: «Жазда ет сақтау үшін үлкен қазанға су қайнатады. Қайнап жатқан суға бір уыс тұз салып, етті суға бір малып алады. Қараңғы түскенде кешкі салқынмен кептірген соң, етті шыбын бүлдірмейді» [58].

Ет сақтау бойынша Орталық Қазақстанда тек Ұлытау ауданында кездесетін, ерте уақыттардан бүгінге дейін өзгеріссіз жеткен, ұсақ малдың етін терісін сыпырмай үйітіп тұтынатын ерекшелік кездесті. Бұл тәсіл барша қазақтың қойдың басын үйітіп сыйлы қонағына ұсыну дәстүріне ұқсас. Ұлытаулық респондент: «Көбіне терісі жұқа болған соң семіз қойды үйітетін... Қойдың ішек-қарнын түсіріп алған соң, терісін алмайды, қой етін бөлшектемей, қарнын қайтадан тігіп, тұтас күйінде үйітеді. Үйітілген етті жақсылап жуу керек, сонда етке күйген құйқа дәмі шықпайды» [59]. Бұл әдістің ет сақтауда қиындықтар көп болған ерте уақыттардан, тіпті алғашқы аңшылар тұрмысынан бері келе жатқаны байқалады. Себебі, үйітілген тері еттің сыртында қатты қабат ретінде болып, еттің бүлінбеуіне көмектеседі.

Қысқы мезгілде негізінен ірі мал сойылды және етті ұзақ уақыт бұзбай сақтауға мүмкіндік болды, сонымен қатар ет мүшелеп бұзылып, тұз жағып сақталды. Интервью материалдары арасынан

3-ші категория респондентінің айтқандары ерекше: «Қыста сойылған соғымның етін әжем үлкен тайқазанға «бүріп тастайтын» дейді. «Бүру» дегені... Сойылған малдың барлық етін тіліп арасын ашып, тұздаған соң, жартысын іліп қояды. Басқа жартысын тайқазанға біртіндеп салып, арасына қар тастап отырды. Қазандағы қармен қатқан етті тек көктем шыққанда ғана алып жайып қоятын. Ол нағыз сүр ет болып тұрды» [58]. Ұқсас әдіс тек 1-ші категорияда жолықты (Талды ауданы): «Үй шаруасында бізге үлгі болған ауылдас апайымыздың үйінен соғымның етін жазда балғын күйінде жеуге болатын. Қыста үлкен бөшкеге қар салдыратын, етті үстінен салып, қайтадан үстінен қар тастап, су құйып қатыратын. Етті осылай қабаттап салып, біртіндеп қатырды. Қатқан етті беткі қабатынан біртіндеп алып жеп отырды. Астындағы ет қатып жата беретін» [44]. Бұл әдіс етті көктемге дейін ғана емес, жаз ортасына дейін де сақтауға мүмкіндік берді. Қыстан қалған сүр етті ұн арасына салып сақтау 1–2 категорияда жаппай, 3–4 категорияда ішінара кездесті.

Құс еті көптеген халықтарға ортақ ет өнімі болып табылады. Интервью материалдарына сүйенсек, құс етін пайдалану барлық категорияларда, бірақ әртүрлі деңгейде кездеседі:

1. Барлық категориялар аумағында тұтынылу себептері:

– Орталық Қазақстанда құс етін тұтынуға ұлттық ерекшеліктері қарама-қайшы келетін ұлт өкілдері жоқ, етінің көлемі сақтауға қолайлы;

– Етінің құнарлылығын арттыруға басты ықпал етуші — бидай, кеңестік кезеңдегі Орталық Қазақстандағы мемлекеттік шаруашылықтардың басым көпшілігінде өсірілді және кеңестік шаруашылық жүйесіндегі жеке қосалқы шаруашылықта құс, қоян, ара саны шектелмеді [60: 168].

2. Тұтыну деңгейі бойынша әртүрлілігінің сипаты:

– Құс өсірудегі басты қажеттілік — бидай, отырықшы шаруашылық өнімі болғандықтан, құс өсіру мен етін тұтыну дағдысы негізінен отырықшы мәдениет мұрагерлеріне тән болды;

– 1–2 категориялар аумағында оңтүстіктегі шөлді аймақтарға қарай етін көлемінің азаюы себепті, құс өсіруге қажетті жем, сәйкесінше өсірілетін құс және тұтынылатын етінің көлемі азая түседі;

– 1–3-ші және 5-ші категорияда құс негізінен жеке шаруашылықта өсіріліп, етін тұтыну жаз аяғы мен күз мезгіліне тән маусымдық сипатқа ие болды;

– 4-ші және 6-шы категория аумағында құс шаруашылықтары көптеп орналасты, құс еті жергілікті дүкендерде арзан бағамен жыл бойы сатылды, сондықтан жеке шаруашылықта өсірілуінің деңгейі жаппай жоғары болмады.

Орталық Қазақстан бойынша ірі құс шаруашылықтары ең көп орналасқан 4-ші категория респонденті: «Тауық, үйрек балапандарын өсіру үшін фабрикадан сатып алуға болатын еді. Құс еті дүкенде арзан болғандықтан халық алған жоқ. Көбіне 1 сом 32 тиынға тауық еті сатылды. Құс шаруашылығындағы жалақы да жоғары, сондықтан өсіргенше сатып алу тиімді болып саналды» [61]. Ауыл шаруашылығы жұмыскерлері құс еті мен жұмыртқаға, сонымен қатар жеке шаруашылығына қажетті жемге ірі шаруашылық ішінде жүріп, еш ақы төлемей-ақ қол жеткізетін мүмкіндікке ие болды: «Кішкентай үйректерді, тауық балапандарын, кейде үлкен құстарды ұрлап кететін. Сол үшін түрмеге отырғандар да болды. Ерінбейтін, көлігі бар адамдар қаппен жем алып, жеке шаруашылығын табысты жүргізді. Былайша айтқанда, «үлкен жалақың болғанша, кіші қоймаң болсын» [52]. Кеңестік шаруашылық жүйесінде жеке тұтынуға қажетті өніммен қатар, қажетті жем-шөпті мемлекеттік меншіктен жеке шаруашылыққа әртүрлі жолдармен алу ауылдық күнделікті өмірдің қалыпты жағдайына айналған еді [62: 334].

Орыс халқының ет тұтыну мен сақтауындағы ерекшеліктер негізінен шошқа, ірі қара, құс еттерін, қосымша түрде қой-ешкі етін тұтынуында. Өзінің ұлттық ерекшелігіне сәйкес кейбір орыс ұлты өкілдері қой етін, басым көпшілігі жылқы етін тұтынбағаны байқалады. Шошқа негізінен 3–6 категориялар аумағында өсірілді және етін тұтыну мен сақтауда категория аралық айырмашылықтар байқалмайды. Негізінен қысқы уақытқа сойылған етті сақтаудың басты жолы — тұз жағу болды. Тұз жағылған, кейде басқа да дәмдеуіштер қосылып сақталған еттің өзі әртүрлі жолдармен тұтынылатын жеке тағам түрі «сало» болып табылады. Ет бастапқыда ағаш жәшіктерге салынды және жертөледе, үй жанындағы қосымша құрылыстарда сақталды. Уақыт өте банка мен эмальды ыдыстарға салу тарала бастады [63].

Жазда сойылған шошқа немесе ірі қара еті бүгінгі күні де қолданылатын «бұқтырылған ет» технологиясы бойынша сақталған. Етті банкамен қатар шелекте «бұқтырудың» тәсілдері де қолданылған [49, 52].

Қой етін пайдалану 5–6 категорияларда ішінара кездеседі. Респондент қой етін пайдалану туралы: «Жазда негізінен құс пен қой сойды. Етін жетпісден тұздап сақтады. Жазда сойылған қойдың құйрық майынан жасалған борщ сүйікті тағамымыз еді» [49]. Қой 5–6 категория аумағында жүнінен пима жасау үшін негізінен жеке шаруашылықта өсірілді.

Қазақтардан өзге ұлт өкілдері арасында қазақ асханасының тағамдарын пайдаланғандар да болды. Өзге ұлт өкілдерін қазақ тағамдарын тұтыну дағдысын меңгеру бойынша негізінен екі топқа бөлуге болады:

1 топ. 1–2 категория аумағына 1950 жж. дейін түрлі тарихи себептермен келген өзге ұлт өкілдері және олардың ұрпақтары. Бұл топтағылар негізінен өздері тұрған жерде қазақтардың саны басым болғандықтан және сол уақыттағы тамақтанудың төмен деңгейі жағдайында қолда бар жергілікті өнімдерді тұтынған соң, қазақ тағамына толық үйреніп, тілін де меңгергендер. Интервью материалдарына сүйенсек, бұл топтағылар қазақ ұлттық тағамдарын өздері дайындайтын деңгейге 1980 жж. жеткені байқалады. 2-ші категорияда ішінара Қарағандының азық-түлік белдеуіне жақын орналасқан ауылдарда қазақтар саны аз болғандықтан, өзге ұлт өкілдері өз тамақтану дәстүрлерін неғұрлым берік ұстанды [56, 64].

2 топ. 3–6 категория тұрғындарында қазақ тағамын тұтыну деңгейі аса жоғары болмағаны және қазақ тілін меңгере қоймағаны байқалады. Бұл топтағылардың 1960–1980 жж. еуропалық ұлт өкілдері басым ортада саны аз қазақтармен бала кезінен араласып өскен жас толқыны ғана, қазақтың ұлттық тағамдарын күнделікті өмірде тұтынды. Олар өсе келе қазақтармен некеге тұрып, қызмет бабында немесе т.б. себептермен араласып кетті. 5-ші категория респондентінің бірі бұл жайлы: «Ата-анам қой мен жылқы етін жемеді, мен сүйсініп жедім. Қазақтар мені әрдайым қонаққа шақыратын. Бала кезімнен араласып, дәмін татқан соң тамақтарын жатырқамадым» [65].

Ет тұтыну мен сақтау мәселелерінде берілген кеңістік пен уақытта келесі үрдістер байқалады:

1. Ет жеке шаруашылық қана емес, мемлекет есебінен де тұтынылды.
2. Ет тұтыну мен сақтауда ертедегі дәстүрлер сақталып, ішінара жаңа мәнге ие болды және тұрмыс өзгерісіне байланысты жаңашылдықтар көрініс берді.
3. Ет сақтау бойынша кездесетін айырмашылықтар ұлттық ерекшелік, табиғи орта, шаруашылық мамандануы, тұрмыстық жағдайлар, қолданылатын құралдарға байланысты. Құс еті барлық ұлттарда тұтынылғаны байқалады.
4. Ет тұтыну мен сақтауда өзге ұлт өкілдері қазақтардың дәстүрі мен ұстанымдарын біртіндеп өз бойына сіңірді.

Б. Атшабаров жетекшілік еткен экспедицияның зерттеулерінің 12 томдық талдауы мен деректері әлі күнге дейін аса құнды, ол өзінің өзектілігін жойған жоқ. Кеңестік дәуірде «өте құпия» деген белгімен сақталған ғылыми есептер тәуелсіз Қазақстанның зерттеушілерін қызықтыруда. Ол болашақтың еншісінде...

Академик Б. Аташабаровтың бойындағы ғылыми дарындылығының негізі оның білімділігімен қатар, көрегенділігінде, кең көлемде ойлай білуінде жатыр. Б. Атшабаровтың өзінің ұстазы деп есептейтін академик Төрегелді Шармановтың айтқан мына пікірі ерекше назар аудартады: «... Бір ғана ғылымдық тұжырымдамасын — қорғасынның салдарынан уыттануды жою жолдарын қарастырсақ, бұл орайдағы денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізген тиімді шаралардың халық денсаулығына тигізген әсері зор және ғылымға кеткен бар шығынды өтеп қана қоймай, кез келген ғалым үшін мақтан болары сөзсіз. Мұндай еңбектерінің саны мол еді...

... Институттың қабырғасында әлемде бірінші болып Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен бірлесіп алғашқы медициналық-санитарлық көмек бойынша жұмыс істеген орталық ашылды, тағам гигиенасы бөлімінің Мәскеу тамақтану институтының бөлімшесіне айналып, кейіннен Тәжікстанда, Түркіменстанда, Қырғызстанда бөлімшелері бар, ірі Орталық Азия Тағамтану институты болып құрылуы ең әуелі Бахия Атшабаровтың арқасында жүзеге асты...» [10]. Сонымен бірге Т. Шарманов ұстазы туралы ойын былай деп сабақтайды: «... оның қайсар ғалым екендігін айтып өту қажет. Кезінде көп таралған аурулардың әлеуметтік себеп-негізінің ресми болжамына келгенде кеңес үкіметі жалтарып бақты, туберкулездің өзінің тамырын ашу билік алдында кикілжің туғызып, зерттеушіге секем алғызатын. Бірақ бұл Атшабаровқа тән емес, ол ащы шындықты жайып салып, айтатынын белбеделден тіксінбестен айтты... Өзінің осы биік деңгейін ол әрдайым дәлелдеумен келді. Мысалы, бас сүйек ішілік қысым туралы соңғы тұжырымдамасы Сәтбаев атындағы сыйлықпен марапатталды...» [10].

Б. Атшабаровқа байланысты тағы бір штрихты айта кетейік. Ол 1961 жылы жоғарыда аталған 1957–1959 жылдарғы ғылыми экспедицияның жұмысы бойынша ұйымдастырылған Мәскеуде өткен қорытынды конференциядан кейінгі оқиға. Бұл туралы Б. Атшабаров былай деп жазады: «... После окончания конференции мы вернулись в Алма-Ату, и я был на приеме у Каныша Имантаевича. Доложили ему о результатах проведенной конференции, об имевшихся разногласиях между нами и ВПК, а также о некоторых новостях последних этапов наших исследований. Каныш Имантаевич, выслушав нас, высказал следующее свое мнение: «Вы своими исследованиями достигли многого. Установили наличие радиоактивного загрязнения территории вокруг Семипалатинского полигона, приблизительно наметили его опасные границы, выявили наличие вредного влияния на здоровье людей. Результаты ваших исследований известны советско-партийным органам республики и Союза. Военным признать свои ошибки и промахи — смерти подобно, ибо они за «безопасно» проведенные испытания атомного оружия получили ордена, звания Героя и привилегии.

Вы должны быть довольны тем, что на некоторое время испытание атомных устройств было приостановлено. В этом считайте есть определенная заслуга проведенных вами исследований, так что ваши исследования достигли определенной цели и по всей вероятности результаты их будут учитываться в дальнейших государственных мероприятиях в этом направлении. Ваши недруги, говорил он, все годы от меня добивались, чтобы я запретил проведение ваших исследований. но этого нельзя было делать, ибо запрет, т.е. остановка исследований, не был как в интересах народа, так и выяснении истины...» [11: 168–169]. Бұл академик Қ. Сәтбаевтың пайымдауы, Б. Атшабаров

басқарған ғылыми экспедиция жұмысына берілген әділ баға. Сол уақытта Қ. Сәтбаевтан артық ешкім әділ баға бере алмағаны хақ.

Ғұлама ғалымдарға тән ерекше қасиеттерімен өмір сүрген Б. Атшабаровтың тағы бір бейнесін ашқымыз келеді. Оны біз Б. Атшабаровтың 90 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі арқылы көрсетуді дұрыс деп есептедік: «...Әр адамның өмір сүру жолында өзіндік арман болады ғой. Менің де көкейімде талай арман болған. Олардың көбі орындалды, шүкір. Бір әттеген-айы, соның ішінде біреуі орындалмай келеді. Ол қазақ халқының, әсіресе, ауыл тұрғындарының денсаулығы, өмір сүру жағдайы түзеліп, жоғары дәрежеге жетуі еді. Ғылыми зерттеулер қазақтың денсаулығының нашарлығы тамақтану кемшілігімен байланысты екенін анықтады, әсіресе, С витаминін пайдаланудың аздығы. Яғни, ауыл тұрғындарын жаңа әлеуметтік тұрмысқа көшіру қажет. Ол дегенім әрбір қазақ қысы-жазы көкөніс, жеміс-жидекті мол пайдалануды әдетке айналдырып, нормаға сай тамақтануы керек. Ендігі арман-мақсат — халықтың денсаулығын дұрыстап, жоғары сатыға көтеру. Және салауатты өмір салтын ұстануға халық та ынталы болып, бұл бағытта үкіметтің тиянақты саясаты болса екен деймін» [4: 192].

Яғни, оның арманының өзі жеке басының немесе отбасының мүддесі емес, қазақ халқының, оның ішінде ауыл тұрғындарының өмір сүру және әлеуметтік жағдайын ойлауының өзі ғалымның ұлылығын көрсетеді, сонымен қатар өзіне тән азаматтық қасиетімен дараланып тұрғандығын айқындайды. Осы тұсты Б. Атшабаровтың тағы бір ерекшелігімен толықтырғанды дұрыс деп есептейміз. Ол ғалымның сонау 1958 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған «Тазалық — денсаулықтың кепілі» атты мақаласы туралы. Бұл мақаланың негізгі мазмұны ғалымның жоғарыда айтқан сөздерімен мәндес. Яғни, ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайының төмендігі, әлеуметтік-тұрмысының өте нашар болуы мәселесін көтерген. Нәтижесінде «Мәдениет және тұрмыс» журналы пайда болды. Бұл басылым кенестік дәуірде әрбір қазақ отбасының үйінен табылатын. Сол кезден бастап 30 жылдан артық уақыт бойы ғалым Б. Атшабаров аталған журналдың редакциялық алқа мүшесі болды және журналдың денсаулық сақтау, Қазақстандағы медицинаның мәселелері мен сұрақтарына жауап берді. Міне, ғалымның өмір бойы ұстанған ұстанымы — қазақ халқының денсаулығын сақтау мәселесі еді. Ол осы ұстанымына адал болды және оны армандарының бірі етті.

Қорытынды

Қазақтың ірі тарихи тұлғасы Қаныш Сәтбаев және Александр Порфирьевич Полосухин тәрізді аса көрнекті ғалымдармен бірге жұмыс істеп, үлкен тәжірибе жинақтаған Бахия Атшабаров үлкен ғалым болып қалыптасты. Ғалымның 1957–1960 жылдары жетекшілік еткен ғылыми экспедициясы барысында ядролық сынақтардың Семей өңіріндегі тұрғындардың өміріне тигізетін әсерін ғылыми тұрғыдан анықталды. Оның сынақтарды тоқтату туралы айтқандары, азаматтық позициясы ұрпақтардың есінде мәңгіге сақталады. Б. Атшабаровтың «Қайнар синдромы» деп тұжырымдаған патология әлемдік медицина әдебиетіне аурудың жаңа түрі ретінде енгізілуі, оның дүние жүзіне танымал ғалым, тұлға екендігін көрсетеді.

Б. Атшабаровтың терең білімі, еңбекқорлығы, ұстаздық тәжірибесі, әріптестері мен шәкірттеріне деген қамқорлығы ескерусіз қалған жоқ. Оның медицина ғылымына сіңірген еңбегін мәңгі есте сақтау мақсатында 2009 жылы С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде академик Б.А. Атшабаров атындағы Іргелі және қолданбалы медицина ғылыми-зерттеу институты ашылды. Бұл ғалымның отандық медицина саласында атқарған ұзақ жылдарғы еңбегіне көрсетілген құрмет еді. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасында айтылған «... Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деген жолдар жерлесіміз тұлға-ғалым Бахия Атшабарұлы тәрізді тұлғаларды танып, білуге арналғандықтан, алдағы уақытта оның есімін ұлықтауды оның туған өлкесі Қарағанды облысында жүргізген дұрыс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.А. Эпицентр мира / Н.А. Назарбаев. — Астана: Елорда, 2001. — 294 с.
- 2 Сарсеке М. Семипалатинская трагедия. Документально-историческое повествование / М. Сарсеке. — Астана: Фолиант, 2016. — 952 с.
- 3 Досжан С. Қасірет пен тағдыр: роман / С. Досжан. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. — 360 б.

- 4 Атшабаров Б. Өнегелі өмір / Б. Атшабаров. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — 395 б.
- 5 Печерских В.Е. Азаттығы асқақ ғалым. Ученый. Гражданин. Патриот: сб. док. и материалов о враче, ученом, организаторе здравоохранения Казахстана Бахие Атчабаровиче Атчабарове / В.Е. Печерских, А.К. Еркенова. — Алматы: Print_express, 2019. — 534 с.
- 6 «Қасірет пен тағдыр» — елдің шері мен қайғысы — жазушы Сәуле Досжан [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <https://aikyn.kz/68486/as-ret-pen-ta-dyr-eld-she-men-ay-yu>.
- 7 Атчабаров Б.А. Заблуждения, ложь и истина по вопросу оценки влияния на здоровье людей испытания атомного оружия на Семипалатинском ядерном полигоне / Б.А. Атчабаров. — Алматы, 2002. — 200 с.
- 8 Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі / Н.Ә. Назарбаев. — Алматы: Атамұра, 2003. — 256 б.
- 9 Дабыл: 1957-1960 жылдары Семей полигоны маңайына тұңғыш ғылыми экспедиция ұйымдастырған ғалым Б. Атшабаровпен сұхбат. Әңгімелескен Қ. Аманжол. // Егемен Қазақстан. — 2009. — 8 қыркүйек. — Б. 4.
- 10 Шарманов Т. Ақиқат жанкештісі / Т. Шарманов // Егемен Қазақстан. — 2018. — 14 маусым.
- 11 Атчабаров Б. Воспоминания о Каныше Имантаевиче Сатпаеве. — Вып. 187/ Б. Атчабаров / В кн.: Өнегелі өмір / под ред. Г.М. Мутанова. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — 395 с.

Г.М. Смагулова, Л.К. Шотбакова, Б.Т. Тулеуова, Н.А. Бейсенбекова

Неизвестные страницы биографии Бахии Атшабарова

В статье рассмотрены жизнь и деятельность всемирно известного ученого, доктора медицинских наук, академика Национальной академии наук Республики Казахстан Бахии Атчабаровича Атчабарова, оставившего значительный след в истории независимого Казахстана и внесшего огромный вклад в его развитие. Авторы обращают внимание на неизвестные и неизученные страницы из биографии знаменитого специалиста в области медицины Б.А. Атчабарова, который одним из первых в 1957–1960 гг. исследовал страшные последствия Семипалатинского ядерного полигона для народа Казахстана, продемонстрировав свою гражданскую позицию, патриотизм. Изучение личности Бахии Атчабарова как выдающегося ученого, организатора, патриота опирается на использование общенаучных и специальных методологических принципов. Объективный анализ различных оценок последствий ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне в советский период, личных документов Б. Атчабарова и других очевидцев позволил раскрыть многогранность личности Б.А. Атчабарова.

Ключевые слова: Бахия Атчабаров, ученый, личность, Семипалатинский ядерный полигон, последствия ядерных испытаний, «Кайнарский синдром».

G.M. Smagulova, L.K. Shotbakova, B.T. Tuleuova, N.A. Beisenbekova

Unknown pages of Bahia Atshabarov's biography

The article deals with the life and work of the world-famous scientist, Doctor of medical sciences, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Bahia Atshabarovich Atshabarov, who left a significant mark in the history of independent Kazakhstan and made a great contribution to its development. The authors pay attention to the unknown and unstudied pages from the biography of the famous specialist in the field of medicine B.A. Atshabarov, who was one of the first in 1957–1960 to investigate the terrible consequences of the Semipalatinsk nuclear test site for the people of Kazakhstan, demonstrating his civic position and patriotism. The study of the personality of Bahia Atshabarov as an outstanding scientist, organizer, and patriot relies on the use of general scientific and special methodological principles. An objective analysis of various assessments of the consequences of nuclear tests at the Semipalatinsk test site during the Soviet period, personal documents of B.A. Atshabarov and other eyewitnesses allowed us to reveal the multifaceted personality of B.A. Atshabarov.

Keywords: Bahia Atshabarov, scientist, personality, Semipalatinsk nuclear test site, consequences of nuclear tests, “Kainar syndrome”.

References

- 1 Nazarbayev, N.A. (2001). Epitsentr mira [Epicenter of the world]. Astana: Elorda [in Russian].
- 2 Sarseke, M. (2016). Semipalatinskaia tragediia. Dokumentalno-istoricheskoe povestvovanie [Semipalatinsk tragedy. Documentary-historical narration]. Astana: Foliant [in Russian].
- 3 Doszhan, S. (2019). Qasiret pen tagdyr: roman [Tragedy and destiny: a novel]. Nur-Sultan: Foliant [in Kazakh].
- 4 Atshabarov, B. (2019). Onegeli omir [Moral life]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].

5 Pecherskikh, V.E., & Erkenova, A.K. (2019). Azattygy asqaq galym. Uchenyi. Grazhdanin. Patriot: sbornik dokumentov i materialov o vrache, uchenom, organizatore zdravookhraneniia Kazakhstana Bakhii Atchabaroviche Atchabarove [He is a great scientist. Scientist. Citizen. Patriot. Collection of documents and materials about the doctor, scientist, organizer of health care of Kazakhstan Bahia Atshabarovich Atshabarov]. Almaty: Print_express [in Kazakh, in Russian].

6 “Aiqyn” aqparat (2020). «Qasiret pen tagdyr» — eldin sheri men qaigysy — zhazushy Saule Doszhan [“Tragedy and destiny” — the tragedy of the country – the writer Saule Doszhan]. Retrieved from <https://aikyn.kz/68486/as-ret-pen-ta-dyr-eld-she-men-ay-ysy> [in Kazakh].

7 Atchabarov, B.A. (2002). Zabluzhdeniia, lozh i istina po voprosu otsenki vliianiia na zdorove liudei ispytaniia atomnogo oruzhiia na Semipalatinskom yadernom poligone [Misconceptions, lies, and truth on the question of assessing the impact on the health of people testing nuclear weapons at the Semipalatinsk nuclear test site]. Almaty [in Russian].

8 Nazarbayev, N.A. Beibitshilik kindigi [The center of peace]. Almaty: Atamura [in Kazakh].

9 (2009). Dabyl: 1957–1960 zhyldary Semei poligony manaiyna tungysh gylymi ekspeditsiia uymdastyrgan galym B. Atshabarovpen sukhbat. Angimelesken Q. Amanzhol [Alarm: Interview with B. Atshabarov, a scientist who organized the first scientific expedition to the Semipalatinsk test site in 1957–1960. Interviewed by Q. Amanzhol]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan, September 8, 4* [in Kazakh].

10 Sharmanov, T. (2018). Aqiqat zhankeshtisi [Desperate for the truth]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan, May 14* [in Kazakh].

11 Atchabarov, B. (2019). Vospominaniia o Kanyshe Imantaeviche Satpaeve [Memoirs of Kanysh Imantaevich Satpayev]. V knige «Onegeli omir» / G.M. Mutanov (Ed.). Almaty: Qazaq universiteti, 187 [in Russian].

Д.С. Смағұлов*, Б.Е. Көмеков

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: dauren2985@mail.ru; bkumek@mail.ru)*

Академик В. В. Бартольдтің ғылыми мұрасындағы кейбір тарихи географиялық мәселелер

Мақалада тарихи география ғылымы саласының маңыздылығы Орта Азия тарихи географиясының негізін қалаушы академик В.В. Бартольдтің еңбектерінің негізінде көрсетілген. Авторлар ғалымның тарихи географиялық еңбектеріне талдау жасама бұрын, тарихи географияның ерекшелігіне, оған әр саланың ғылым өкілдері берген анықтамаларына және бүгінгі күндегі ғылымдағы орнына талдау жасаған. Сонымен қатар, тарихи географияны зерттеудің әдіс-тәсілдері мен дерек көздеріне тоқталған. Сондай-ақ зерттеу жұмысының негізінде шығыстанушы-ғалым, академик В.В. Бартольдтің ғылыми мұрасындағы тарихи географиялық мәселелердің өзектілігі ашып көрсетілген. Оның ішінде ортағасырлық кезеңдегі Әмудария өзенінің Каспий теңізіне құюы, Түркістан аймағындағы суару жүйесінің дамуы және оған әсер еткен қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас сипатталған. Мақалада В.В. Бартольдтің түрлі тарихи жазба деректердің негізіндегі пайымдаулары қарастырылып, оның кейінгі уақыттардағы археологиялық жаңаша зерттеулермен толықтырылғандығы және ғалымның пайымдауларының дәлелденгендігі айтылған. Осылайша, авторлар мақалада тарихи географиялық зерттеулердің қазіргі ғылымдағы орнының маңызды екендігін көрсеткен.

Кілт сөздер: Орта Азия, тарихи география, Әмудария, Каспий теңізі, Үзбой, Сарықамыс, жазба деректер, Түркістан, суару жүйесі.

Кіріспе

Владимир Владимирович Бартольд — көрнекті шығыстанушы, академик. Ғалымның араб, парсы, түрік тілдерін, мұсылман әлемі мен халықтарының тарихы мен мәдениетін білуі шығыстану саласында көптеген іргелі зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік берді. Зерттеушінің көп жылғы еңбектерінің негізінде Орта Азияның тарихи географиясы қалыптасты. Ғалым ортағасырлық тарихшылардың, саяхатшылар мен географтардың деректерін тауып, оларды зерттеп, өз еңбектерінде қолданды. Бұл туралы зерттеуші-ғалымдар Б.Е. Көмеков пен Т.И. Сұлтанов «В.В. Бартольдтің еңбектерінің ішінен Қазақстан тарихы бойынша арнайы очерк таппасақ та, оның жұмыстарының жалпы қорында қазақ халқының, Қазақстанның тарихы және тарихнамасынан сыр шертететін мәліметтер аз емес. В. В. Бартольд отандық және әлемдік шығыстануда алғашқы болып тарихты түпдеректердің негізінде жазды» [1: 18] — деп атап көрсеткен. Шығыстанушының тарихи географиялық еңбектері ежелгі және ортағасырлық тарихпен, географиямен, топонимиямен шұғылданатын зерттеушілер үшін әлі де болса құндылығын жоймады. Осы мақалада академик В.В. Бартольдтің ғылыми мұраларындағы Орта Азия, Иран және Қазақстан тарихи географиясына қатысты зерттеулері және олардың қазіргі уақыттағы өзектілігі қозғалмақ. Ғалымның тарихи географиялық еңбектеріне тоқталмас бұрын, бірінші кезекте шығыстанушының тарихи зерттеу жұмыстарында үлкен орын алған тарихи география пәні туралы айтып өткенді жөн санап отырмыз.

Әдістер мен материалдар

Мақалада материал ретінде академик В.В. Бартольдтің әртүрлі ортағасырлық мұсылман тарихи деректері негізінде жазылған зерттеулері, сондай-ақ кеңестік және қазіргі кезеңдегі тарихи-географиялық зерттеулер пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихилық пен объективтілік, талдау мен синтездің әртүрлі әдістерін біріктіруге мүмкіндік беретін жүйелі көзқарас құрайды. Жұмыста ғылыми зерттеудің сипаттамалық, тарихи, салыстырмалы географиялық, статистикалық, диахрондық және басқа да әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тарихи география — тарих пен география ғылымдарының шекарасында қалыптасқан аралас ғылым. Оның тарих толқынындағы өткен кезеңдердің физикалық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени географиясын зерттейді деген көзқарас кең тараған.

Тарих және география ғылымдарының, сонымен қатар тарихи географиямен шұғылданатын түрлі мектеп өкілдерінің ғалымдары тарихи география пәніне әртүрлі анықтамалар береді. Физикалық географтар арасында тарихи географияға адам және адамзат қоғамы пайда болған кезден басталатын антропогендегі (төрттік кезең) табиғи ортаның өзгерістерін зерттейтін ғылым ретінде қарайтын көзқарас басым. Мұндай түсінік бойынша тарихи география палеогеографияның бір бөлігі ғана болып табылады. Ал оның зерттеу шеңберіне Жер табиғатының соңғы, «тарихи» даму кезеңі енеді. Аталған зерттеу бағытының негізінде ерекше субпән — ландшафтылардың тарихи географиясы атты пән қалыптасқан [2; 3]. Қазіргі таңда «ландшафтылардың тарихи географиясы» түсінігімен қатар «тарихи ландшафттану» деген ұғым да кең қолданылады. Ал, тарих ғылымында тарихи география көбінесе тарихи үрдістің кеңістіктік жағын зерттеуші пән ретінде немесе белгілі бір елдің, территорияның өткен кездердегі нақты географиясын зерттейді деп түсіндіріледі [4].

География және тарих ғылымдары өкілдерінің тарихи география пәніне деген көзқарастары мен олардың оған берген анықтамаларына тоқталдық. Егер де екі ғылым өкілдерінің көзқарастарын бір арнаға тоғыстыратын болсақ, тарихи география — адамзат баласы пайда болған кезден бергі географиялық ортаның адамға, адамның географиялық ортаға әсерін зерттейтін жараталыстану мен гуманитарлық ғылымдарына ортақ, екі ғылым саласын түйістерген пән деп атауға болады. Себебі, тарихи география пәні әр түрлі пәндердің аясында қолданылады. Мысалы, география, картография, топонимика, геосаясат, экономика, тарихи демография, тарихи статистика, тарихи топография, әскери өнер тарихы, қала құрылысы тарихы және т.б.

Тарихи география туралы орыс ғалымы В.К. Яцунский өзінің «Историческая география» еңбегінде: «Соңғы кездері кеңестік ғылымда бұл түсініктің аясында жалпы мойындалған түсінік қалыптасып келе жатқан сыңайлы. Біздің тарихшылар мен географтар тарихи география мен география тарихын жақсы ажырата біледі. География тарихы, немесе көбіне оны географиялық білімдер тарихы деп атайды, географиялық ашулар мен саяхаттар тарихын, сонымен қатар географиялық ойлар тарихы мен тіпті бұрынғы адамдардың географиялық түсініктерін зерттейді. Ал тарихи география пәнінің мәні басқаша. Тарихи география бұрынғы адамдардың географиялық түсініктерін, ойларын зерттемейді, нақты түрде тарихи дәуірлердің географиясын зерттейді».

Осылайша, қазіргі география мен тарихи географияның зерттеу объектісі бір, бірақ екеуінің арасында кішкене ғана айырмашылық бар: қазіргі география бұл объектіні қазіргі жағдайда зерттесе, ал тарихи география болса оның тарихи кезеңдердегі өзгерістерін зерттейді» [5: 3] — деп жақсы атап көрсеткен.

Тарихи географияның методологиялық зерттеулері батысеуропалық, орыс және қазіргі тарихи географияда қалыптасқан, жалпыгеографиялық және жалпытарихи әдістер синтезіндегі теориялық жұмыстарға сүйенеді. Тарихи географиялық зерттеулерде жүйелі, тарихи-уақыт кесіндісі (срез), тарихи жергілікті, жалпыгеографиялық, центрографиктік және топонимикалық және т.б. негізгі зерттеу әдістері қолданылады [6: 25]. Әлеуметтік және гуманитарлық тарихи-географиялық пәндерде (халықтардың тарихи географиясы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси география) дәстүрлі түрде «уақыттық кесінді» арқылы зерттеуге ерекше мән беріледі. Мұнда белгілі бір кезеңді сипаттайтын қоғамның географиялық ерекшеліктері зерттеледі. Сонымен қатар, қазіргі географиялық нысандардың тарихын, қалыптасқан халық, шаруашылық, мәдениет географиясының тарихи тамырын зерттеуді және түрлі иерархиялық деңгейлердің әлеуметтік-кеңістіктік құрылымдарының эволюциясын зерттеуді де тарихи географияға жатқызады [4].

Тарихи географиялық зерттеулердің деректеріне түрлі акт материалдары, жылнамалар, экономикалық географиялық сипаттаулар, тексерістердің материалдары, саяхатшылардың жазбалары, географиялық сөздіктер, іс-қағаздар мен статистикалық материалдар, карталар мен пландар, археологиялық ескерткіштер мен тұрмыстық заттар, фауна мен флораның сақталған бөлшектері, топонимика мен жаратылыстану ғылымдарының мәліметтері жатады [7: 392].

Сонымен қатар, тарихи географияны екі ғылымның түйісуінен пайда болуына орай отандық ғылыми ортада көмекші тарихи пән ретінде қарастырады.

Мұндай анықтама көбінесе өткеннің географиясын қайта қалпына келтіру үшін негізгі дерек ретінде қолданылған антикалық және ортағасырлық мәтіндерді талдау мен зерттеу тәжірибесімен тығыз байланысты болған алғашқы кездердегі тарихи географияның қалыптасу және даму тарихымен негізделеді. Одан кейін тарихи географияға көмекші тарихи пән дәрежесінің бекітілуі жаңа дәуірдегі саяси және әкімшілік шекара, ішкі отарлау тарихы және т.б. секілді сұрақтарға айрықша көңіл бөлген ұлттық тарихтың жетекші орынға шығуымен байланысты. Пәннің даму тарихының түрлі

кезеңдерінде мазмұны мен міндеттерінде көптеген өзгерістер болып өтті. Бұл өзгерістер жақын ғылымдардың өкілдерін тиімді сұхбат жасай отырып жемісті зерттеу жасауға әкелді. Мәселен, ХХ ғасырдың 40–50 жылдарындағы КСРО ғалымдарының еңбектерін атай аламыз. Дегенмен, отандық тарихшылардың арасында тарихи география әлі де болса, көмекші тарихи пән ретінде қабылданып келеді. Қазіргі таңда тарихи географияны оқытуда да, тіпті академиялық ғылымда да, оның тарих ғылымының көмекші пәні ретінде қалып отырғандығы көрініс беруде [8: 22].

Тарихи географияға көмекші тарихи пән ретіндегі көзқарас болғанымен оның гуманитарлық ғылымдар аясындағы орны ерекше екендігі көптеген зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінен байқалады. Бұл пәнге айрықша көңіл бөлген және көптеген ғылыми жұмыстарын арнаған ғалым ретінде академик В. В. Бартольдті атай аламыз. Шығыстанушы өзінің еңбектері арқылы Орта Азия, Қазақстан және Иран аймақтарының тарихи географиясының негізін қалады. Ғалым өмір сүрген кезеңдегі ресейлік ғылымда тарихи география салыстырмалы түрде жаңа пән болды және бұл пән ғалымды қызықтырды. Осы қызығушылықтың арқасында В. В. Бартольд «Ежелгі заманнан ХVII ғасырға дейінгі Арал теңізі мен Әмударияның төменгі бойы туралы деректер» (1902), «Иранның тарихи географиялық шолуы» (1903), «Түркістанды суландыру тарихына» (1915) және «Ислам энциклопедиясына» арналған көптеген мақалаларын дайындады. Араб, парсы, грек және қытай тарихи жазба деректеріндегі географиялық мәліметтердің дәлдігіне көз жеткізу үшін шығыстанушы тарихи географиялық әдістерді көптеген археологиялық мақаларында қолданды. Ол деректердің қатарына әдеби шығармалар, тарихи шежірелер, географтар мен саяхатшылардың, сауда көпестерінің жазбалары, шарифат жарлықтары, шаруашылық бойынша жарлықтар, вақфтық құжаттар және т. б. жатты. Орта Азияның тарихи географиясына қатысты ғалымның еңбектері мен мақалалары шығармалар жинағының «Тарихи география бойынша еңбектер» атты III томында (1965) [9] жинақталған. Мұнда ғалымның Орта Азияның тарихи географиясына арналған негізгі монографиялары, мақалалары, пікірлері мен жазбалары кірген. Жалпы алғанда бұл жинақта қарастырылып отырған аймақ пен оған жапсарлас территориялардағы табиғат пен қоғам арасындағы ғасырлар бойғы өзара байланыс туралы кешенді тұрғыдағы зерттеулер қамтылады. География, тарих, топонимика, ономастика, лингвистика, антропология, археология, этнография және т. б. ғылымдарды түйістерген бұл жинақ Орта Азияның тарихи географиясы бойынша іргелі жұмыс болып табылады.

В. В. Бартольдтің Арал теңізі мен Әмударияның төменгі бойы туралы еңбегі 1902 жылы Ташкент қаласында жарыққа шықты. Аталған еңбек ресейлік және шетелдік ғылыми ортада қызығушылық туғызып, 1910 жылы Лейден қаласында неміс тіліне аударылды. Ғалым нақты тарихи деректерді қолдана отырып ғасырлар бойғы өркениеттердің, мәдени аймақтар мен қалалардың, мемлекеттер мен империялардың гүлденуі мен құлдырауының, тайпалар мен халықтардың қозғалысының аймақтың табиғи — климаттық жағдаймен байланысын оқырмандарына көрсете алды. Ол тіпті, нақты деректер арқылы ортағасырлардың бір кезеңінде Әмудария өзенінің Сарықамыс көлі арқылы Үзбойдың көне арнасымен Каспий теңізіне құйғандығы жөніндегі фактіні сенімді түрде айтты. Осындай жаңалығы арқылы ғалым мұндай болуы мүмкін емес деген көзқараста болған геологтар мен географтардың, сонымен қатар атақты голландық шығыстанушы Михаэл Ян де Гуенің пікірлерін жоққа шығарды. Өзен мен оның салалары құмға сіңіп, одан қайта пайда болып, бағыттарын жиі ауыстырып отырған. Оған адамдардың суару жүйелерін жасауы немесе жауларын жеңу үшін су қоймаларын бұзуы секілді әрекеттері әсер етуі мүмкін. Мұның барлығы тарихи деректердің көмегі арқылы аталған еңбекте көрсетілген.

Академик В. В. Бартольд Әмудария Каспий теңізіне ХIII—ХVI ғасырлар аралығында құйған деп есептеген. Ғалымның бұл ойына өткен ғасырдың 50-ші жылдары Хорезм экспедициясы аясында Үзбой мен Сарықамыс аймақтарына жүргізілген археологиялық және географиялық зерттеулер өзгерістер енгізді. Каспий теңізіне құйған Әмудария суының В.В. Бартольд ойлағандай молынан және ұзақ уақыт құймағандығы анықталды. Өзен теңізге ХIV ғасырдың соңғы бірнеше онжылдығынан ХV ғасырдың басына дейін құйған екен. Жалпы алғанда сол кезде қолданылған соңғы ғылыми әдістер мен құралдар арқылы ғылыми факті дәлелденген [10: 23–25, 29–31]. Осылайша, ғалымның тарихи жазба деректерді талдау негізіндегі пайымдаулары уақыт сынағына төтеп берді. Зерттеуші жаратылыстану ғылымдары секілді тарих ғылымының да географияны зерттеуде мықты құрал бола алатындығын дәлелдеді. Оған дәлел Әмудария мәселесіндегі оның геологтармен, географтармен болған ғылыми дауы еді. Ол жөнінде В.В. Бартольд «...Нақты ғылым деп аталатын ғылымдардың мінсіз әдістеріне қарағанда, жиі күмәнға алынатын тарихи зерттеу әдістері арқылы ғылыми таным біршама алға жылжи алады. Оған Окс мәселесін мысал ретінде

келтіре аламыз десек, артық айтқандық болмас» [11: 20], – деген екен. Енді бірде ғалым өзінің «тарихшы ретіндегі бірінші мақсатым — Әмударияның қайда құйғандығын білу емес, Әмударияның Каспий теңізіне құйған кезеңдегі Әмудария туралы және осы өлкеде болған оқиғалар туралы мәліметтерді көптеп жинау болды, себебі, сол кезеңдегі авторлардың еңбектерінен жергілікті жерде болып жатқан оқиғалар туралы дәл деректі табу қиын еді, ал Каспий теңізінің қайда құйғандығын жазудың олар үшін еш маңызы болған жоқ», – деп [12; 69], ғалым тарихшы үшін Әмударияның әр кезеңдердегі ағу бағытын білу сол кезеңдердегі шаруашылықты, әсіресе егінді суару жүйесінің тарихын білуге үлкен мүмкіндік беретіндігін жазған.

Жалпы алғанда Әмудария өзенінің Еуразия континентінде алатын орны ерекше болған. Бұл туралы А.Е. Снесарев: «Әмудария — қытайлар мен түріктерді, гректер мен арабтарды тең дәрежеде таңқалдырған «адамзаттың өзені» және үш мың жылдан астам уақыт бойы үзілместен пұран санскриптерінің, александрлық тарихшылар мен араб географтарының шығармашылығында көрсетілген, бір жағынан тарихи тұрғыда өте қызықты географиялық нысан. Ең болмағанда кезінде Әмударияның Каспий теңізіне құйғандығы мәселесін алсақ, егер оған құйса, қай уақыттан бастап ол Арал теңізіне бағытын ауыстырған, немесе, оның бастауы туралы мәселесін қарастырсақ та жеткілікті» [13], – деп аталған өзеннің тарихтағы орнын өте жақсы көрсетеді.

Сонымен қатар, ғалым «Ежелгі заманнан XVII ғасырға дейінгі Арал теңізі мен Әмударияның төменгі бойы туралы деректер» атты еңбегінде араб географы әл-Истахридің [14: 42], иран тарихшысы әрі географы Хамдаллах Казвинидің [14: 52–53] деректерінде, ресейлік шығыстанушы, академик Б. А. Дорнның [14: 71] жұмыстарында Арал теңізінің ортасында су иірімінің бар екендігі және сол иірім арқылы Арал мен Каспий теңіздерінің суларының жерастымен байланысатындығы туралы мәліметтер келтірілген. Әл-Истахридің жазба деректерінде Хорезм (*Арал — Д.С.*) теңізі туралы «...Оның суы тұзды; көлден өзен ағып шықпайды; оған Джейхун (*Әмудария — Д.С.*), Шаш (*Сырдария — Д.С.*) және басқа да бірнеше өзендер келіп құяды; дегенмен оның суының мөлшері не көбеймей, не тұщыланбай, сол бір деңгейде тұра береді. Жерастында бұл көлдің суын Хазар (Каспий) көлі суымен байланыстыратын өлкедің болуы немесе болмауы бір Құдайға аян» [14: 42] — деп жазылған. Арал теңізінің ортасында кемелерге қауіп төндіретін су иірімінің бар екендігі жөнінде орыс ғалымы А. И. Левшин де өзінің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-сайсақ далаларының сипаттамасы» атты еңбегінде айтып өтеді. Бірақ ғалым ол туралы жергілікті жердегі қырғыз-қайсақтардан (*қазақтар — Д.С.*) естігенін айтады [15: 51]. Аталған деректер өте қызықты әрі тылсым сырға толы. Зерттеушілер Арал мен Каспий теңіздері суларының жерасты арқылы байланысатындығы туралы мәліметтерді өз еңбектерінде айтып өткенімен, оның нақты ғылыми тұрғыда дәлдігіне куәлік ете алмайды. Зерттеушілердің бірі өзінен бұрынғы зерттеушілердің еңбектерін қолданса, енді бірі ел арасындағы аңыз деректерге сүйенген. Дегенмен қазіргі уақыттағы география және геология саласы мамандарының пікірлеріне сүйенсек, аталған зерттеушілердің деректерінің шындыққа жанасатындығын да байқауымызға болады. Мәселен, ресейлік геологиялық және минералогиялық ғылымдар кандидаты, зерттеуші-ғалым Б.Н. Голубов өзінің «Анамальный подъем уровня Каспийского моря и катастрофическое обмеление Аральского моря как результат дренирования Арала под плато Устюрт и в Каспий вследствие техногенных возмущений недр» атты мақаласында [16] апатты жағдайға ұшыраған Арал теңізі суының тартылуы мәселесін қарастырады. Ғалым мақалада Арал теңізі суының тартылуын 1960 жылдардың басынан бастап өте тез жылдамдықпен су түбіндегі клапан іске қосылып, су иірімі арқылы ағып кеткендей болды деп сипаттайды. Осы уақыттан бастап ғалымдар Арал теңізі суы тартылғанын байқаса, 1978 жылдан бастап Каспий теңізінің су деңгейінің көтерілгендігін тіркеген. Ғалым Еуразия континентіндегі осы екі ағынсыз көл суы мөлшеріндегі мұндай құбылыстың болуына жаңа құбылыстың іске қосылғандығы себепкер болуы мүмкін деп топшылайды. Көптеген уақыт бойы зерттеушілердің тарапынан Арал теңізінің апатына әдеттегідей тек қана оған келіп құятын өзендердің суларының есепсіз қолданылуы және соның салдарынан шөлді аймақтағы климаттың әсерінен су айдынының булануынан болды деп түсіндіріліп келді. Сонымен қатар, Арал мен Каспий көлдерінің жерасты гидросферасы арқылы өзара байланысуы мәселесі мүлдем қарастырылмады.

Б.Н. Голубов аталған мақаласында Әмудария суының жартысына жуығы шаруашылыққа қолданылмаған, Арал теңізіне жақындаған жерде жерастына еніп жоқ болып, көне Үзбой арнасының астымен Каспий теңізіне барып құяды деген қорытындыға келген Н.А. Шило, М.И. Кривошей секілді географ ғалымдардың есімдерін атайды. Ол ғалымдар судың жерастына жұтылуы мен жердің бетіне қайта шығуы фазаларының ауысып отыруын қамтамасыз ететін жер қыртысындағы кернеудің

өзгерістері, Арал мен Каспий теңіздеріндегі су деңгейін реттеп отырған дейді. Бірақ бұл қызықты болжам Арал мен Каспий теңіздерінің жерасты арқылы байланысын дәл көрсете алмайды. Сонымен қатар, теңіз және жер беті, далалық қашықтықтан бақылау мәліметтерімен толыққанды бекітілмеген.

Дегенмен Б.Н. Голубов Арал мен Каспий теңіздері арасындағы жерасты гидросферасы туралы байланысты жоққа шығармайды және Арал теңізі өзінің жерасты бөлігімен қоса бұрыннан бері Каспий теңізінің қорек көздерінің бірі болуы мүмкін дейді. Ғалым сонымен қатар, екі теңіз су деңгейлерінің XX ғ. екінші жартысындағы өзгерісін Үстірт пен Маңғыстау аймағындағы пайдалы қазбаларды, әсіресе мұнай мен газды игеру барысында жерастында жүргізілген ядролық жарылыстардың әсерінен болды деген қорытындыға келеді. Жалпы кейінгі уақыттардағы теңіз және жер беті бақылаулары, қашықтықтан жүргізілетін жерсеріктік геологиялық зерттеулер көлдің тартылуына суару жүйесі мен климаттың құрғақшылыққа ұшырауы әсерінен деген тұжырымнан ғалымдардың бас тартуына әкеліп отырғандығын алға тартады және Арал мен Каспий теңізі мәселесін шешуде негізгі ұсыныстарды атайды. Оның біріншісі биологиялық және палеоантологиялық мәселе, екінші мәселе екі теңіз деңгейіндегі әртүрлі масштабтағы ауытқулардың күрделі спектрлерінің пайда болу себептері мен механизмдеріне, сондай-ақ олардың су мен тұз балансына қатысты және үшіншісі Арал—Каспий аймағының барлық географиялық қабығына антропогендік іс-әрекеттің жиынтық әсерін бағалау.

Аталған мәселені зерттеуші ғалым Б.Н. Голубовтың қорытындысы бойынша, Арал мен Каспий теңіздері арасындағы жерасты байланысы Үстірт үстірті астындағы карст қуыстары арқылы өте алады. Сонымен бірге, жерасты ядролық жарылыстары Арал—Каспий аймағындағы басқа да техногендік іс-әрекеттермен бірге Арал теңізі суының Үстірт үстірінің астымен Каспий теңізіне ағуына; Әмудария мен Сырдария өзендері суының Арал теңізі маңынан жерастына өтуіне; 1969 — 1995 жылдар аралығында екі көлдің су деңгейінің күрт өзгеруіне алып келді.

Б.Н. Голубовтың Арал мен Каспий теңізі мәселелеріне арналған ғылыми мақаласының қорытындылары академик В.В. Бартольдтың еңбектерінде кездескен мәліметтермен жанасады. Шынымен де, Арал теңізінің суының тартылуына тек қана КСРО кезеңіндегі суару жүйесінің есепсіз жүруі мен климаттың әсері ғана болмай, көне кезден келе жатқан екі теңіз суларының жерастымен байланысына мұнай мен газды игеру кезіндегі антропогендік іс-әрекеттер әсер етуі мүмкін. Егер де XX ғ. Арал мен Каспий теңіздері арасындағы пайдалы қазбаларды игеруді бастамас бұрын, В.В. Бартольд келтірген екі көл арасындағы жерасты байланысын зерттеп барып игерсе, мүмкін мұндай апаттық жағдайдың алдын алар ма едік деген ой туындайды.

Академик В.В. Бартольдтің келесі тарихи географиялық еңбегі «Түркістанды суландыру тарихына» атты монографиясы. Оның алғысөзіне зерттеуші: «Орыс жаулаушылары аймақта көп ғасырлық ауылшаруашылық мәдениетіне тап болғандығы белгілі. Ол жасанды суару жүйесіне негізделген еді. Және ол сонысымен археологтар мен шығыстанушылардың, қарапайым адамдардың арасында қызығушылық тудырмай қоймады. Басқа аймақтарға қарағанда бұл өлкенің өткен тарихын зерттеу мен оның болашағына арналған жұмыстардың арасында тығыз байланыстың бар екендігі анық байқалды; суару жұмыстарына сәйкес жобаларды талқылау барысында аймақтың тарихи мәдениетіне қатысты мәселелер бірнеше рет қозғалды; дегенмен Түркістанның тарихы, тарихи ескерткіштері туралы орыс археологтары мен шығыстанушылары еңбектерінің оқырмандар саны өте аз болды және бірен-сараңы болмаса, гидротехника мен физикалық география бойынша мамандарға белгілі болмады. Тіпті география ғылымының көрнекті өкілдерінің тарапынан нақты анықталған тарихи деректерге сәйкес келмейтін пайымдаулар айтылып, шындығында тарих ғылымы арқылы шешімін тапқан мәселелер қайта көтеріліп жатты; кейде гидротехника бойынша еңбектердің авторларының орыс шығыстанушыларына тарихи деректерге немқұрайлы қарайсындар деп айып таққан кездері де болды. Ал шын мәнінде бұл туралы орыс тілінде егжей-тегжейлі зерттеулер бар болатын» [17: 97] — деп жазған.

Осыған байланысты В.В. Бартольд ежелгі және ортағасырлар кезеңіндегі Орта Азиядағы суару мәселесі туралы сол кезеңдегі қолжетімді ақпараттарды талдай отырып іргелі еңбекті дайындады. Бұл еңбектерді қарастырмай қазіргі зерттеушілер де аталған аймақтағы ежелгі және ортағасырлардағы суару жүйесі тарихын, ортаазиялық халықтардың шаруашылық өмірін зерттей алмайды.

Әмудария мен Арал теңізін және Түркістандағы суару жүйесінің мәселелері туралы кешенді зерттеулерге арналған монографиялармен қатар, академик В.В. Бартольдтің «Шығармалар» жинағына «Ислам энциклопедиясынан» физикалық география бойынша 111 мақала енді. Оның ішінде Орта Азияны орыстардың игеруінің өзекті мәселелері бойынша маңызды пікірлер, мақалалар

мен жазбалар бар. Мұның барлығы осы аймақтың табиғаты, рухани мәдениеті, шаруашылығы және тарихына қызығатын жандарға аса маңызды.

В.В. Бартольдтің зерттеулері Орта Азияның біртіндеп шөлге айналу туралы сол кезде кең тараған теорияны жоққа шығарды. Бұл теорияның жақтастары аталған аймақты мыңжылдықтар бойы шөлге айналуға деп мәлімдеді. Көлдердің деңгейінің төмендеуін, өзендердің тартылуын, құнарлы жерлердің азаюын тоқтату мүмкін емес деді. Керуен жолдарының және мәдени аудандардың жойылуы, гүлденген қалалардан тұрғындардың кетуі, халықтар мен тайпалардың жаппай көшуі — мұның барлығы аймақтағы табиғи-климаттық жағдайдың қарқынды құлдырауының нәтижесінде деп айтты. Аймақтың күйреуіне соғыстар мен саяси үрдістер емес, табиғи ортаның тозуы әсер етті делінді. Шөлдену үрдісін тоқтату мүмкін емес, сәйкесінше, ортаазиялық территорияларды Ресейге қосу, оның экономикалық және мәдени дамуына көп қор жұмсауда еш мән жоқ және үмітті ақтамайды деді.

Академик В.В. Бартольд көптеген араб деректеріне сүйене отырып, мұндай пікірлерге негізделген қарсы пікірлер білдірген. Ол Парсы мен Орта Азиядағы өңдеуге жарамды жерлер мен шөлдердің арақатынасы мың жыл бұрын да ХХ ғасырдың басындағыдай болды деген қорытындыға келген.

Шөлдену теориясының қате екендігін В.В. Бартольдтің замандасы, көрнекті Орта Азия зерттеушісі Л.С. Берг те дәлелдеді. Нақты физикалық—географиялық дәлелдердің негізінде ол тарихи кезеңдердегі Түркістан климатының маңызды өзгерістерге ұшырамағандығын растады. Ғалымның айтуы бойынша Түркістанда ұзақ уақытқа созылған су тапшылығы болмаған, кей жерлердегі судың жетіспеушілігі екінші бір жердегі судың артықшылығымен толықтырылып отырған. Осылайша су шаруашылығын табиғат өзі реттеп отырады дейді. Ғылымдардың әртүрлі бағыттарына сүйене отырып, екі академик мәдени территориялардың құлдырауы, керуен жолдары мен қалалардың жойылуы бірінші кезекте өзендердің, оның салаларының ағыстарының өзгеруінен деген қорытындыға келген. Ал олардың өзгеруіне адамдардың суару жүйелері үшін өзен суларын қолдануы, суару каналдары мен бөгендердің жойқын соғыстардың нәтижесінде жойылуы, тұрғын халықтың құлдыққа тұтқындалып әкетілуі мен соғыс кезінде қырылуы әсер етеді.

Жергілікті жойқын соғыстардың және көшпенділердің шапқыншылығының су артерияларына қаншалықты әсер еткендігі Әмудария мысалында анық көрінеді. Моңғол шапқыншығы кезіндегі Хорезмнің суару жүйесінің қиратылуы Әмудария суының бір бөлігінің Сарықамысқа қайта құюына әкелді. Ондағы су деңгейі теңіз деңгейінен 50 м-ге дейін көтерілді. Бірақ судың мұндай деңгейі Үзбойда су ағыны пайда болып, судың Каспий теңізіне құюына жеткіліксіз еді. Бұдан кейін көлдегі су деңгейі біртіндеп төмендей берді. ХІV ғасырдың соңында Темірдің Хорезмді талқандауынан кейін, Әмудария ағысы қайта өзгеріп, Сарықамыстағы су деңгейі тарихи уақыттағы ең жоғары деңгейге — теңіз деңгейінен 53–54 м биіктікке жетті. Су Үзбойға құя бастады [10: 29–31]. Сәйкесінше, су Каспий теңізіне жетуі мүмкін еді. Оған академик В.В. Бартольд сүйенген жазба деректер мәлімет береді.

Ғалым Орта Азияның шөлдену теориясын жоққа шығара отырып, адамның іс әрекетінің бұл үрдістің тез жүруіне әсер ететіндігін аңғармады. Ол бірнеше ұрпақ ауысқанда да байқалмауы мүмкін еді. Әмударияның сол жақ жағалауында адамдардың еш ойсыз арша мен сексеуілдерді шабуы, жылжымалы Қаракұм құмдарының өзеннің жағалауын жабуына әсер еткен. Ал адам аз қоныстанған өзеннің оң жақ жағалауында шөлдің өзенге жақындауын ұстап тұратын жаңағы аталған өсімдіктер көп шабылмаған және Қызылқұмның құмдары бұл жерде аса қозғала қоймаған. Бұл жөнінде академик В.В. Бартольдтің мұрасын зерттеуші О.П. Жалменова 1996 жылы шыққан мақаласында айтып өтеді [18: 60]. Дегенмен, шығыстанушының еңбектеріндегі пайымдаулары соңғы уақыттардағы археологиялық жұмыстардың қорытындыларымен дәлелін тауып отырғандығы белгілі.

Қорытынды

Қорыта айтар болсақ, шығыстанушы-ғалым В.В. Бартольдтің ғылыми мұраларындағы тарихи географиялық мәселелер қазіргі уақытта да өзінің өзектілігін жоймады. Ғалымның зерттеу жұмыстарында еліміздің тарихына және тарихи географиясына қатысты мәліметтер мол. Оның ішіне көне кезеңдердегі өзен ағыстары, көлдердің, қалалардың орналасуы, сауда-керуен жолдарының бағыттары және т.б. кіреді. Мәселен, «Шығармалар» жинағының үшінші томына енген «Әулиеата», «Баласағұн», «Балқаш», «Іле», «Ертіс», «Тараз», «Шымкент», «Шу», т.с.с. мақалаларын атауға болады. Осы мол мұраны тарихи географиялық тұрғыда кешенді түрде саралап зерделеуде еліміздің тарихының жаңа қырлары ашылары анық. Сонымен қатар, В.В. Бартольдтің еңбектері тек қана

өткенге көз жүгірту емес, ол қазіргі уақытқа да бағдарланған. Қоғам мен табиғат қарым-қатынасындағы заңдылықтардың қайталануы мүмкіндігіне сендіреді. Яғни, ғалым еңбектері арқылы қазіргі ғылымдағы тарихи географияның орнының маңызды екендігі анық байқалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кумеков Б. Вклад русских и советских ученых-востоковедов Академии наук в изучение средневековой истории Казахстана / Б. Кумеков, Т. Султанов // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. — 1974. — № 2. — С. 14–23.
- 2 Жекулин В.С. Историческая география ландшафтов / В.С. Жекулин. — Новгород, 1972.
- 3 Жекулин В.С. Историческая география: предмет и методы / В.С. Жекулин. — Л.: Наука, 1982.
- 4 Стрелецкий В.Н. Историческая география и регионалистика: пути и перспективы взаимодействия [Электронный ресурс] / В.Н. Стрелецкий. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/v/istoricheskaya-geografiya-i-regionalistika-puti-i-perspektivy-vzaimodeystviya>.
- 5 Яцунский В.К. Историческая география: История ее возникновения и развития в XIV–VIII вв. / В.К. Яцунский. — М.: Изд-во АН СССР, 1955. — 352 с.
- 6 Сымағұлов Д.С. Тарихи география және оның маңызы / Д.С. Сымағұлов // Қазақ тарихы. — 2014. — № 5 (128).
- 7 Самарина Н.Г. Историческая география в музееведческих исследованиях / Н.Г. Самарина // Историческая география: пространство человека vs человек в пространстве. материалы XXIII Междунар. науч. конф. — М., 2011. — 499 с.
- 8 Коновалова И.Г. Историческая география в исследовательском поле исторической науки / И.Г. Коновалова // Историческая география: пространство человека vs человек в пространстве. Материалы XXIII Международной науч. конф. — М., 2011. — 499 с.
- 9 Бартольд В.В. Работы по исторической географии / В.В. Бартольд. — Т. III. — М.: Наука, 1965. — 713 с.
- 10 Низовья Амударья, Сарыкамыш, Узбой: История формирования и заселения [Электронный ресурс]. / ред. С.П. Толстов и А.С. Кесь. — М.: Изд-во АН СССР, 1960. — Режим доступа: <https://www.twirpx.com/file/1353428/>.
- 11 Предисловие к немецкому изданию // В.В. Бартольд Работы по исторической географии. — М.: Наука, 1965. — Т. III. — 713 с.
- 12 Лунин Б.В. Жизнь и деятельность академика В.В. Бартольда / Б.В. Лунин // В кн.: Средняя Азия в отечественном востоковедении. — Ташкент: ФАН, 1981, — 223 с.
- 13 Снесарев А.Е. Афганистан [Электронный ресурс] / А.Е. Снесарев. — Режим доступа: <http://www.snesarev.ru/trudi/afghanistan.html>.
- 14 Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времен до XVII века // В.В. Бартольд Работы по исторической географии. — Т. III. — М.: Наука, 1965. — 713 с.
- 15 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / А.И. Левшин. — Алматы: Санат, 1996. — 656 с.
- 16 Голубов Б.Н. Аномальный подъем уровня Каспийского моря и катастрофическое обмеление Аральского моря как результат дренирования Арала под плато Устюрт и в Каспий вследствие техногенных возмущений недр [Электронный ресурс] / Б.Н. Голубов. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/v/anomalnyu-podyom-urovnya-kaspiyskogo-morya-i-katastroficheskoe-obmelenie-aralskogo-morya-kak-rezultat-drenirovaniya-arala-pod-plato>
- 17 К истории орошения Туркестана. Предисловие // В.В. Бартольд. Работы по исторической географии. — Т. III. — М.: Наука, 1965. — 713 с.
- 18 Жалменова О. П. Историко-географическая характеристика домонгольского Хорезма в творчестве В.В. Бартольда / О.П. Жалменова // Вестн. Тамбов. ун-та. Сер. Гуманитарные науки. — 1996. — № 1. — С. 58–66.

Д.С. Смағұлов, Б.Е. Кумеков

Некоторые вопросы исторической географии в научном наследии академика В.В. Бартольда

В статье рассмотрена важность научной отрасли исторической географии на основе трудов академика В. В. Бартольда, который является основоположником исторической географии Средней Азии. Прежде чем приступить к рассмотрению историко-географических трудов ученого, автор проанализировал особенности исторической географии и место предмета в современном мире. А также сравнил разные определения предмета, данные представителями исторической и географической науки. Кроме того, основное внимание уделено методам исследования и источникам исторической географии. На основе научного труда автора статьи раскрыта актуальность вопросов исторической географии в научном наследии ученого-востоковеда, академика В. В. Бартольда. Среди них автор описывает впадение реки

Амударья в Каспийское море, развитие ирригационной системы в Туркестане и отношение между обществом и природой, оказавшей влияние на эти объекты в средневековье. Кроме того, рассмотрены рассуждения В. В. Бартольда на основе разных письменных источников и приведены доказательства относительно его ранних суждений археологическими находками позднего времени. Таким образом, автор указывает на важность историко-географического исследования в современной науке.

Ключевые слова: Средняя Азия, историческая география, Амударья, Каспийское море, Узбой, Сарыкамыш, письменные источники, Туркестан, оросительная система.

D.C. Smagulov, B.E. Kumekov

Some questions of historical geography in the scientific heritage of Academician V.B. Barthold

The article considers the importance of the scientific branch of historical geography based on the work of Academician V.B. Barthold, who is the founder of the historical geography of Central Asia. Before proceeding to the consideration of historical and geographical works of the scientist, the authors analyzed the specifics of historical geography and the place of the subject in the modern world. This study compares different definitions of the subject, given by representatives of historical and geographical sciences. Besides, the main attention is paid to the methods of research and sources of historical geography. The authors of the article reveal the relevance of the issues of historical geography in the scientific heritage of the scientist-orientalist, Academician V.B. Barthold. Among them, the author describes the confluence of the Amu Darya River with the Caspian Sea, the development of irrigation systems in Turkestan and the relationship between society and nature, the impact on these objects in the Middle Ages. Also, the article considers the arguments of V.B. Barthold based on various written sources and describes the confirmation of his judgment by archeological finds of later period. Thus, the authors point to the importance of historical and geographical research in modern science.

Keywords: Central Asia, historical geography, Amu Darya, Caspian Sea, Uzboy, Sarykamys, written sources, Turkestan, irrigation system.

References

- 1 Kumekov, B., & Sultanov, T. (1974). Vklad russkikh i sovetskikh uchenykh-vostokovedov Akademii nauk v izuchenie srednevekovoi istorii Kazakhstana [Contribution of Russian and Soviet scholars of the Academy of Sciences in the study of medieval history of Kazakhstan]. *Izvestiia Akademii nauk Kazakhskoi SSR. Seriya obshchestvennykh nauk — Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Series of public sciences*, 2 [in Russian].
- 2 Zhekulin, V.S. (1972). Istoricheskaya geografiya landshaftov [Historical geography of landscapes]. Novgorod [in Russian].
- 3 Zhekulin, V.S. (1982). Istoricheskaya geografiya: predmet i metody [Historical geography: subject and methods]. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 4 Streletskii, V.N. Istoricheskaya geografiya i regionalistika: puti i perspektivy vzaimodeistviia [Historical geography and regionalism: paths and perspectives of interaction]. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/v/istoricheskaya-geografiya-i-regionalistika-puti-i-perspektivy-vzaimodeystviya> [in Russian].
- 5 Yatsunskii, V.K. (1955). Istoricheskaya geografiya: Istoriia ee vozniknoveniia i razvitiia v XIV–XVIII vv. [Historical geography: The history of its origin and development in the XIV–XVIII centuries]. Moscow: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR [in Russian].
Facebook is the most popular platform. This resource is designed for middle-aged people related to business/entrepreneurship. There is a wealthy and adult (in the sense of awareness) audience. Next, Instagram, where it is difficult to determine the audience in general, is too universal network. VK and Twitter are designed for the young and teenage generation, so the audience there is smaller.

In all social networks, there is a duplication of content from the site’s news feed. Mass media have already explained many times how to approach a particular platform, how to adapt content to social networks, how to attract an audience with a special approach. Instagram is an image platform where only a small percentage of the audience actually reads the posts under the photo. Understanding that, the editorial staff publishes photos of stars from festivals and parties. VK allows text content but simplified as much as possible for the fastest perception. Twitter is a “one-sentence” platform at all. One cannot spread the same thing everywhere and think that the audience will be hooked. Now the user of social networks is much smarter and is well-versed in all these details. After seeing the same content twice, the reader will lose interest and unsubscribe, the coverage will drop.

Conclusions

To sum up, we discussed the essence of the journalistic process and figured out one of the most complex communication processes on which the interaction of a journalist and an audience is based.

Starting from the most basic concept of a mass audience, analyzing and comparing the opinions of various authors, we concluded that the audience is one of the most important structural elements of the communicative process, which involves continuous study to meet its interests. It is also significant that knowledge of the specific needs thereof is the key to the successful operation of the organization in the conditions of the modern market. According to English researchers J. Fiske and J. Hartley, mass media satisfy the need to understand the social world, the need to act intelligently and successfully, the need to escape into fantasy from daily problems and stress [9].

A considerable turn in the development of interaction between the media and the audience was the emergence of the Internet, after which feedback, and journalism in general, became much easier. As the Internet has evolved, so the consumer's approach to the product has developed. If earlier it was limited to letters to the editor, now that the Internet is a familiar technology, the feedback goes beyond its traditional boundaries. With the development of the Internet, every self-respecting media has an official website and accounts on social networks. This brings media closer to its audience and makes the feedback process as simplified as possible. Now it is enough for an Internet user to comment on a particular media entry to express his opinion or write a personal message so that the opinion is not public. Thus, the media through regular updates of their pages on the social network can find out the real reaction of their audience about a specific topic /category/article, etc. Many media use the Internet as an opportunity for feedback from the audience, one way or another, making it a participant in the process of collecting and creating information.

The functions of a communicator include informing, teaching, propaganda, education, upbringing, as well as the functions of coordinating the subsystems of society to achieve common goals, the functions of organizing behavior, creating an emotional and psychological tone, and communicative (the function of communication between members of society), cultural, recreational, managerial functions [10].

Subsequently, the role of feedback is important: it is designed to help the media in the elaboration and correction of its strategy.

The mass media, as one of the parts of mass communication, is gradually adapting to new conditions, changing editorial standards and professional requirements, involving Internet users in interaction with themselves, changing the forms of presentation of the material.

The Internet as a new communication medium gives the media a unique opportunity to interact with the audience, but the interactive nature and availability of content creation tools take competition and marketing in the communication environment to a new level. The permissive and interactive nature of the Internet makes it possible to generate a huge amount of content not only for the media, but also for ordinary people, who, due to the lack of clear editorial standards and censorship, form an information agenda for themselves much more quickly.

So, it turns out that the study of various aspects of the preparation of journal publications becomes particularly relevant with the advent of electronic publications. The study of the electronic version of magazines about cinema and the identification of the specifics of their preparation, purpose, readership, structure, as well as genres of publications, seems relevant both theoretically and practically.

Thus, an effective system of domestic magazines about cinema has not developed. Further study is required on the specifics of the presentation and perception of information from such magazines, the interaction of electronic and traditional versions of the magazine, the specifics of reader groups.

References

- 1 Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики / Е.П. Прохоров. — М.: Аспект-Пресс, 2011. — 351 с.
- 2 Аудитория СМИ: понятие, типология, характеристики. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://studme.org/74165/zhurnalistika/auditoriya_ponyatie_tipologiya_harakteristiki
- 3 Корконосенко С.Г. Социология журналистики / С.Г. Корконосенко. — М.: Юрайт, 2013. — 421 с.
- 4 Мандель Б.Р. PR: методы работы со средствами массовой информации / Б.Р. Мандель. — М.: ИНФРА-М, 2017. — 205 с.
- 5 Бахтин М.М. Проблема текста в лингвистике, филологии и других гуманитарных науках / М.М. Бахтин. — М.: Искусство, 1979. — 281 с.

- 6 Назайкин А.Н. Медиапланирование / А.Н. Назайкин. — М.: Эксмо, 2010. — 400 с.
- 7 О нас. THR Russia. Заглавие с экрана [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://thr.ru/about/>.
- 8 Бориснев С.В. Социология коммуникации / С.В. Бориснев. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. — 142 с.
- 9 Fiske J. Reading Television / J. Fiske, J. Hartley. — London: 1978. — 177 p.
- 10 Шариков А.В. Детское телевидение. Взгляд социолога / А.В. Шариков, В.П. Чудинова. — М.: Ком Книга, 2007. — С. 58–85.

А.Т. Мақұлбеков, Ә.М. Маликова, С.К. Рахимжанова

Бұқаралық ақпарат құралдары мен аудиторияның өзара әрекеттесу түрлері

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер әр түрлі теориялық және әдіснамалық көзқарастар тұрғысынан қайта қарастыруды қажет етеді. Қоғам мен әлемдік қоғамдастықтың дамуына бұқаралық коммуникация мен ақпарат құралдарының өзіндік ықпалы айтарлықтай. Қазіргі қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) институтын аудиториясыз елестету мүмкін емес. БАҚ-тың сәтті жұмыс істеуі үшін ақпараттық өзара әрекеттесуді, аудиторияның әлеуметтік сипаттамаларын және оның кері байланысын зерттеу қажет. Осы мәселелерді шешудің негізгі құралы БАҚ пен аудиторияның өзара әрекеттесу теориясы туралы бар ақпараттарды жүйелеуге мүмкіндік береді. Оның ерекшеліктерін бақылау алдағы кәсіби тәжірибе мен бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеуге көмектеседі. Қазіргі таңда осы ұғымдардағы жүйелеу процесі логикалық аяқталған деп айту қиын. Іс жүзінде нормативтік түсіндірулерде бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратты көпшілікке таратушы ретінде біржақты айтылады. Бірақ бұқаралық ақпарат құралын жеке тұлғаны қалыптастыруда бағыт-бағдар ретінде қызмет атқарады деп санауымызға болады.

Кілт сөздер: аудитория, бұқаралық ақпарат құралдары, өзара қарым-қатынас, мәдениет, ақпарат.

А.Т. Мақұлбеков, А.М. Маликова, С.К. Рахимжанова

Виды взаимодействия средств массовой информации и аудитории

Происходящие трансформации в современном обществе требуют переосмысления под углом разных теоретико-методологических подходов. Развитие общества и мирового сообщества невозможно представить без влияния средств массовой коммуникации и информации (СМИ). Институт СМИ в современном обществе невозможно представить без аудитории. Для его успешного функционирования необходимо изучение информационного взаимодействия, социальных характеристик аудитории и ее обратной связи. СМИ, выступая основным инструментом решения данных задач, позволят лучше систематизировать уже имеющиеся знания о теории взаимодействия СМИ и аудитории. Поможет проследить его особенности в предстоящей профессиональной практике и работе в средствах массовой информации. На сегодня процесс систематизации понятий вряд ли можно определить как логически завершенный. В нормативных документах средства массовой информации однозначно толкуют как источник распространения, доведения информации до общественности. Однако мы считаем, что СМИ может выполнять и функцию по формированию личности.

Ключевые слова: аудитория, средства массовой информации, взаимодействие, культура, формирование личности, информационное взаимодействие.

References

- 1 Prokhorov, E.P. (2011). Vvedenie v teoriyu zhurnalistiki [Introduction to the theory of journalism]. Moscow: Aspekt Press [in Russian].
- 2 Auditoriia SMI: poniatie, tipologiya, kharakteristiki [Mass Media Audience: concept, typology, characteristic]. Retrieved from https://studme.org/74165/zhurnalistika/auditoriya_ponyatie_tipologiya_ha [in Russian].
- 3 Korkonosenko, S.G. (2013). Sotsiologiya zhurnalistiki [Sociology of journalism]. Moscow: Yurait [in Russian].
- 4 Mandel, B.R. (2017). PR: metody raboty so sredstvami massovoi informatsii [PR: methods of working with the media]. Moscow: INFRA-M [in Russian].
- 5 Bakhtin, M.M. (1979). Problema teksta v lingvistike, filologii i drugikh gumanitarnykh naukakh [The problem of text in linguistics, philology, and other humanities]. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 6 Nazaikin, A.N. (2010). Mediaplanirovanie [Media planning]. Moscow: Eksmo [in Russian].

- 7 O nas. THR Russia [About Us. THR Russia]. Retrieved from <http://thr.ru/about/> [in Russian].
- 8 Borisnev, S.V. (2003). *Sotsiologiya kommunikatsii* [Sociology of communication]. Moscow: YUNITI-DANA [in Russian].
- 9 Fiske, J., & Hartley, J. (1978). *Reading Television*. London.
- 10 Sharikov, A.V., & Chudinova, V.P. (2007). *Detskoe televidenie. Vzgliad sotsiologa* [Children's TV. Sociologist's view]. Moscow: Kom Kniga [in Russian].

М.Т. Уксукбаева^{1*}, М.У. Исаева²

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: mery-7878@yandex.kz, ²imu.kz@mail.ru)

Философиялық ойлар тарихындағы адам мәселесі

Мақалада Ежелгі, антикалық, батысеуропалық ортағасырлық, Ренессанстық кезең, Жаңа заман, қазіргі заман философияларындағы адам мәселесі зерттелген. Адам мәселесіне қатысты Ежелгі Шығыс философиясында қалыптасқан алғашқы философиялық көзқарастар, тұжырымдар көрсетілген (Ежелгі Үнді, Қытай философиясында). Сонымен қатар ежелгі адамдардың наным-сенімдерінде адам белгілі бір қарастыру объектісі ретінде сипатталған. Антикалық философияда адамды жеке және ерекше философиялық проблема ретінде анықтаудың негізгі батыс еуропалық тәсілдері белгіленген (Протагор, Сократ, Платон, Аристотель). Ортағасырлық философия Қасиетті Жазбаға сүйеніп басты мәселе ретінде адам өмірінің руханилығы мен мағыналығы қарастырылған (Әулие Августин). Қайта Өрлеу философиясының, сонымен бірге қоғамдық өмірдің ерекшелігі антропоцентризмде екендігі белгіленген. Жаңа заман философиясында адамның мәнін рационалды тұрғыдан түсіндірілгені айтылған (Ж.О. Ламетри, П. Гольбах, Д. Дидро, И. Кант). ХІХ ғасырдағы адам философиясындағы бірнеше белгілері сипатталды. Сондай-ақ, орыс философиясының адам мәселесін зерттеудегі ерекшеліктері айтылған (Белинский, Чернышевский, Бердяев, Соловьев). Қазақ философиясындағы адам мәселесі зерттеліп, Әбу Насыр әл-Фараби мен Абайдың көзқарастары суреттелген. ХХ ғасырда адамның философиялық және философиялық-социологиялық мәселелерінің дамуы туралы көрсетілген.

Кілт сөздер: философиялық антропология, теоцентризм ерекшелігі, тотемизм көрінісі, антропоцентризм мәселесі, «физиологиялық» және «прагматикалық» терминдер, фрейдизм, неофрейдизм.

Кіріспе

Адам — әр түрлі және күрделі әлемде болмыстың ерекше формасы. Ол жәй ғана тіршілік етпейді. Ол өзінің бар екенін біледі, өз-өзімен және әлеммен байланысады, өзіне және әлемге қатысты сұрақтар қояды, оларға жауап іздейді. Сондықтан бұл бүкіл адамзат мәдениетінің маңызды қырын құрайды. Адам және оның әлемге қатынасы туралы рефлексия ретінде пайда болатын философия маңызды рөл атқарады. Адам туралы философиялық ойлау әрқашан адам өмірінің терең проблемалық сипатымен байланысты. Замандар мен дәуірлер өзгеруде, өмірдің технологиялық жабдықталуы, жинақталған жетістіктердің жиынтығы, өмірді ұйымдастыру формалары, оның құндылықтары мен нұсқаулары да өсуде. Бірақ адам өмірінің проблемалық жүгі жойылмайды. Әр кезеңде, әр түрлі мәдениеттерде адам мәселесі белгілі бір спецификалық материалда, әр түрлі пропорцияда, әр түрлі екпінмен өзектіленеді. Әр дәуірлер мен мәдениеттердің ойшылдары оларға ой толғап, өз жауаптарын бере отырып, адам және оның өмірі туралы әр түрлі ілімдер жасаған.

Зерттеу әдістері

Философиялық ойлар тарихындағы адам мәселесін зерттеуде авторлар философиялық еңбектердің теориялық талдауына шолу жасады. Бұл әдіс Ежелгі, антикалық, батысеуропалық ортағасырлық, Ренессанстық, Жаңа заман, қазіргі заман философияларында адам мәселесінің сипатын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылымда кеңінен қолданылатын тарихилық пен объективтілік, нақтылық пен логикалық, мәдени-философиялық ғылыми әдістері арқылы философиялық ойлар тарихындағы адам мәселесін зерттеуде тарихи, философиялық, мәдени тұрғыдан бағаланып, жүйелі зерделенді. Қалыптасқан ғылыми дәстүрлерді тарихилық және философиялық тұрғыдан зерделеу арқылы оларға баға берудің маңызды шарты анықталады. Сонымен қатар, аталмыш мәселенің әлемдік және қазақ философиясына шолу арқылы философиялық ойлар тарихындағы адам мәселесін кешенді зерттеу қажеттілігі айқындалды.

*Хат-хабарларға арналған автор. Email: mery-7878@yandex.kz

Мәселені талқылау

XX ғасырдың неміс ойшылы Эрнст Кассирер философияда адам мәселесін қарастырғанда төрт тарихи кезеңді бөліп көрсетті:

- 1) адамды метафизика арқылы зерттеу (антикалық кезең);
- 2) адамды теология арқылы зерттеу (ортағасырлық кезең);
- 3) адамды математика мен механика арқылы зерттеу (Жаңа заман кезеңі);
- 4) адамды биология арқылы зерттеу [1: 36].

Адам туралы алғашқы идеялар философия пайда болғанға дейін — мифологиялық және діни санада пайда болды. Сонымен бірге, ежелгі адамдардың наным-сенімдерінде адам белгілі-бір қарастыру объектісі ретінде оны қоршаған табиғи әлемнен әлі ажыратпайды, тек табиғи объектілердің кіші бөлігі ретінде болып табылады. Бұл тотемизмде айқын көрінеді, яғни ол алғашқы сенімдердің бір түрі болып, тотем деп аталатын культке негізделген бір кездері өте кең таралған және әлі күнге дейін бар діни-әлеуметтік жүйе.

Адам мәселесіне қатысты алғашқы философиялық көзқарастарды ежелгі Шығыс философиясында қалыптасқан тұжырымдар деп санауға болады. Алайда Ежелгі Мысырда философиялық дүниетаным әлі күнге дейін күнделікті білімнен алшақтамағанын, Ежелгі Үндістандағы философия діни дүниетаныммен ұштасқанын, ал Ежелгі Қытайда қоғамдық сананың адамгершілік формасымен ажырамас бөлігі екенін ұмытпаған жөн.

Ежелгі Шығыс философиясының маңызды ерекшелігі — жеке тұлғалық бастамасын «жоюы», оның «көрінбейтіндігі» және жалпыға бағынуы болды. Мұнда универсалды «Мен» жеке «Меннен» басым болады. Егер ежелгі латындар үшін «мен және сен» («ego et tu») өрнегі тән болса, онда Үндістан мен Қытайда олар «біз» деп айтуды жөн көрді, өйткені әрбір «мен» басқа «меннің» жалғасы ретінде қарастырылды [2: 251].

Ежелгі Шығыс дүниетанымы адамды және табиғи процестерді анықтауға және біріктіруге тырысты. Әр адам өзі үшін емес, тек осы бірліктің бөлігі болғандықтан ғана бағаланды. Өмірдің мақсаты мен мәні Ұлылықтың ақиқатымен ұштастырылған ең жоғарғы даналыққа жету болды. «Шаңнан тазартылған айна сияқты жарқырайды, сондықтан дене (болмыс) шынайы (табиғатты) шындықты көріп, біртұтас болады, мақсатқа жетеді және қайғыдан арылады» [1: 38]. Барлық ежелгі Шығыс философиясына тән немесе басқа сипаттағы мәңгілікпен бірігу жеке тұлғалық бастаманы жүзеге асыруда белсенділікті білдірмейді. Мәңгілік және өзгермейтін абсолютке игеруі дәстүрлердің салмақтылығына, оған сөзсіз ұстануына және адамның сыртқы әлемге деген, сонымен қатар табиғат пен әлеуметтілікті құрметтеу және қастерлеуге бағытталуын болжайды. Сонымен бірге адамның ішкі әлемін жетілдіру қажеттілігі ерекше атап көрсетілді. Ежелгі заманда шығыстық өмір салтының негіздерінің бірі — адамның қоғамға, мемлекетке, дәрежесі немесе жасына қарай бейімделу талабы болды.

Антикалық философия адамды жеке және ерекше философиялық проблема ретінде анықтаудың негізгі Батыс Еуропалық тәсілдерін қалыптастырды. Батыс философиясы өзінің бастауын Ежелгі Греция мен Ежелгі Римнен алады. Иондық натурфилософия (б.з.д. VI-V ғ.ғ.) адамның әлемдегі орнын анықтауға алғашқы әрекетін жасады. Кротондық Алкмеон бірінші болып анатомияның негізін қалаған ғалым, философ. Ол адамды басқа жануарлардан айырмашылығы деп, тек өзі ғана түсіне алатындығымен, ал басқалары олар қабылдағанымен, түсінбейтін тіршілік иесі ретінде анықтады.

Протагордың көзқарастары бойынша (б.з.д. V ғ.) адам табиғи түрде жалаңаш, жабыны жоқ, киімсіз және қарусыз болды. Ол өзін тек Прометей отының, Афина берген шебер даналықтың және Зевс берген байсалдылық пен әділеттіліктің арқасында ғана асырай алады. Адамның бұл қасиеттері қажеттілікті (Ксенофан) жеңіп, молшылыққа жетуге (Демокрит) үнемі ұмтылудың арқасында дамиды.

Антикалық философияның тағы бір маңызды ерекшелігі. Дүниеге ақылға қонымды көзқарас қағидасын тұжырымдай отырып, ол адамды тәуелсіз құндылық ретінде ашты және оны белсенділік пен бастамашылыққа құқылы деп таныды. Бұны А.Ф. Лосевтің сөзімен айтсақ, «өзінің ішкі сезімін кеңейтуге, өзінің жеке тұлғасына енуге және объективті дүниежүзілік тәртіптің барлық сұрақтарын өзіне екінші деңгейге қоюға» мүмкіндік берді [3: 13]. Мұны софистер, эпикуршылар, ал бәрінен бұрын Сократ анық көрсетеді.

Сократ адамның Батыс Еуропалық философиясының ғана емес, сонымен қатар этиканың негізін қалаушы болып саналады. Оны бірінші кезекте адамның ішкі әлемі, оның жаны мен ізгіліктері

қызықтырды. Сократ ізгілік — білім болған жағдайда танылады деген тұжырымға келді, сондықтан адам жақсылық пен әділеттіліктің мәнін білуі керек, сонда ол жаман істер жасамайды деген. Сократтық философияда адамның жаны мен ақыл-ойы туралы ілім басты орын алады, ал адамның өзін-өзі тануы ондағы философияның басты мақсаты болып табылады.

Сократтың ұлы шәкірті Платонға осындай керемет идея тиісті — адам тек жан мен тәннің бірлігі ғана емес, адамды адам ететін субстанция — ол адамның жаны, рухы. Адамның жалпы сипаттамасы оның жан сапасына байланысты. Ұлы ойшылдың «жан иерархиясы» бойынша бірінші орында философтың жаны, соңғы орында тианның жаны тұрады екен [1: 37]. Жандардың мұндай таңғажайып орналасуының себебі неде? Өйткені, философтың жаны даналыққа жақын және білімді қабылдаушы. Ал ол адамның оны жануардан ажырататын басты, маңызды белгілері.

Платонның адам туралы яғни «адам қауырсыны жоқ екі аяқты жануар сияқты» анықтамасы мүмкін оған тиісті емес, оған кейінгі қауесеттермен ғана байланысты деген мәлімет де бар екен.

Адамды философиялық түсінудің келесі қадамын Аристотель жасады. Аристотель пікірінше, этика мен саясат адамның практикалық іс-әрекетін және мінез-құлқын зерттейтін «адамдылық туралы философияның» біртұтас кешенін құрайды деген. Адамды философиялық тұрғыдан түсінуде Аристотельдің маңызды жетістігі оның әлеуметтік ерекшеліктерін негіздеуімен байланысты. Ежелгі ойшылдың «Адам — қоғамдық жануар» деген сөз тіркестері танымал. Адам — мемлекетте өмір сүру үшін арналған осындай тірі жан. Ол өз ақылын жақсылыққа да, жамандыққа да бағыттай алады; ол қоғамда өмір сүреді және заңдармен басқарылады.

Батыс Еуропалық орта ғасырлар христиандық дүниетанымның адам өмірінің барлық салаларына, әсіресе діни дүниетанымнан бөлінбейтін рухани өміріне ең күшті әсер етуімен ерекшеленеді. Теоцентризм ортағасырлық философияның негізгі сипаттамалық белгісі болды, ал философия «теологияның қызметшісі» позициясында болды және адамның күнәкар табиғаты туралы идеяны негіздеді.

Ертедегі христиандық теологияның ең ірі өкілдерінің бірі Әулие Августин: «Не тем человек сделался похожим на дьявола, что имеет плоть, которую дьявол не имеет, а тем, что живет сам по себе, то есть по человеку. Ибо дьявол захотел жить сам по себе, когда не устоял во истину... Итак, когда человек живет по человеку, а не по богу, он подобен дьяволу» деп тұжырымдаған [4]. Яғни, осы тұжырымнан келесіні аңғаруға болады. Адам «адам болып» («по человеку») өмір сүруге жол бермеу керек екен. Өйткені бұл оны сөзсіз құртады, сонымен қатар, мұндай әрекет шайтанға бойсыну деген әрекет деп біледі. Адамның ішінде қараңғы түпсіз тұңғық жасырылған, ал әулие адам («духовник») Қасиетті Жазбаға сүйеніп, адасқан жандарға шынайы жолын табуға көмектесуге міндетті.

Қарапайым санада еуропалық қоғамда ортағасырлық кезеңі көбінесе қараңғылық, шаруалардың крепостнойлық тәуелділігі, инквизиция оттары және т.б. секілді сезілді. Белгілі бір дәрежеде бұл шындық. Адамға деген діни және философиялық көзқарас оның әлемдегі мәнін, өмірін, мақсатын бағалаудың едәуір жоғары деңгейін белгілейтіндігін ескермеуге болмайды. Бұл антикалық дүниенің шексіз, түсініксіз, сондықтан жиі қорқынышты ғарышы емес, бұл Құдайды терең моральдық шындықты, шығармашылық пен ізгілікті анықтаушы ретінде түсінілді. Сондықтан ортағасырлық философияда адам мәселесі жаңа тұрғыдан қойылды. Ортағасырлық философия басты мәселе ретінде адам өмірінің руханилығы мен мағыналығын, сондай-ақ оны күнделікті өмірден жоғарылатуды енгізді. Осылайша, Әулие Августин адам үшін шешуші маңыздылықты интеллектке емес, ерікке, теорияға емес, сүйіспеншілікке, білімге емес, сенімге, рационализмге емес, өмірлік үмітке жатқызды.

Қайта Өрлеу философиясының, сонымен бірге қоғамдық өмірдің ерекшелігі антропоцентризм болды. Әдебиет, кескіндеме, мүсін немесе философиялық еңбектер болды ма, әрбір зерттеудің орталығы — адам болды. Философиялық зерттеулердің натуралистік және діни бағыттары өз орнын антропоцентристік мәселелерге босатты.

Жаңа заман философиясы капиталистік қатынастардың дамуы мен ғылымның, әсіресе механика, физика, математика ғылымдарының гүлденуі әсерінен қалыптасты, бұл адамның мәнін рационалды тұрғыдан түсіндіруге жол ашты. Өз кезіндегі жаратылыстану жетістіктерін ескере отырып, Ж.О. Ламетри, П. Гольбах, К.А. Гельвеций, Д. Дидро секілді француз ағартушылары адам мен машина арасындағы ұқсастықты қарастырып, адамды машина — жоғарғы дамыған интеллект деп санады.

Бірақ, мүмкін, адамды философиялық тұрғыдан түсінуге ең қызықты және маңызды үлесті неміс философы И. Кант жасаған. Оның есімі философия тарихындағы алғашқы антропологиялық бағдарламалардың бірін қалыптастырумен байланысты. И. Кант адамды бір уақытта екі әлемге —

табиғи қажеттілік әлеміне және адамгершілік еркіндік әлеміне жататын жаратылыс ретінде түсінуден шықты. Ол антропологияны «физиологиялық» және «прагматикалық» терминдермен ажыратады. Біріншісі табиғат адамды қалай жасайды, екіншісі — адам еркін әрекет ететін жаратылыс ретінде өзінен-өзі не істей алады немесе істеуі керек екенін қарастырады.

Философияның негізгі сұрақтарын келтіре отырып, И. Кант оларды адам деген не? деген сұрақпен аяқтайды. Оның пікірінше, дәл осы сұрақ философияның барлық басқа негізгі сұрақтарын біріктіреді.

XIX ғасырдағы адам философиясында бірнеше белгілерді ажыратуға болады:

1) адамның рухани дүниесін, оның ішкі әлеміне, оның сезімдері мен тәжірибелеріне назар аударуды тереңдету (С. Кьеркегор, В. Дильтей, Ф. Ницше);

2) әлеуметтік өмірге, қоғам мен адам арасындағы қатынасқа тұтас көзқарас қалыптастыру (О. Конт, Г. Спенсер, К. Маркс);

3) XIX ғасырдың ортасынан бастап пайда болған адамзат концепцияларының антиметафизикалық бағыты. Бұл ерекшелікті түсіндіру керек. Яғни, осы уақыттағы көптеген философтардың пікірі бойынша метафизика мен дін — бұл алғашқы іргетастардан шығарылған екінші деңгейлі мәдени құбылыстар, сондықтан дәстүрлі философиялық мәселелер артық болып қалады. XIX ғасырдың ортасында пайда болған адамзат ғылымдары (психология, әлеуметтану, эволюцияның биологиялық теориясы) бұрынғы философиялық бейнені спекулятивті (рационалды), эмпирикалық негіздерден және практикалық құндылықтардан айырды.

XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басындағы орыс философиясының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі — адамға көңіл бөлу, антропоцентризм. Мұнда екі бағыт айқын бөлінеді: материалистік және идеалистік, зайырлы және діни. Материалистік бағыт революциялық демократтық, ең алдымен В.Г. Белинский мен Н.Г. Чернышевскийді, идеалистік бағытта В. Соловьев, Н.А. Бердяевті және басқа да бірқатар ойшылдарды айтуға болады.

Егер қазақ философиясындағы адам мәселесін қарастыратын болсақ, Әбу Насыр әл-Фараби мен Абайдың көзқарастарын белгілеуге болады. Абай адамның ақыл-ойын биіктетіп, надандықты айыптайды. Оның зерттеу нысаны — адам. Абай Құнанбайұлы өзінің шығармаларында бұл әлемдегі адамның пайда болуының мәні неде, адам ағзасы қалай жұмыс істейді, адам мен қоршаған ортаның қандай байланысы бар, адам өзінің өміріне әсер етуі мүмкін бе, Алла тағаланың адам өміріндегі рөлі қандай деген көп сұрақтарды қойған. Осы және басқа сұрақтардың бәрі Абайды алаңдатты, ол әр замандағы ойшылдардың тұжырымдарымен байланыстырып, қазақтың күнделікті өмірінен жауап іздеді. Қазіргі заманның өзінде Абайдың кейбір сұрақтарына жауап таба алуы мүмкін емес сияқты.

Біз өз мүмкіндігімізге сәйкес Абай жасаған «толық адам» ұғымын түсінуге тырысамыз. Ұлы ақын мұрасын мұқият зерттегендердің барлығы оның айтқанын өзінше қабылдайды, яғни әр кім Абайдың сөздерін әр қалай түсінуі мүмкін.

Атап айтқанда, Орта ғасырлардың өзінде-ақ әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында адамгершілік жағынан кемел тұлға, бақыт туралы мәселелер көтерді. Оның пікірінше, адамның өзі, өз қолымен, яғни ізгі, қайырымды істер арқылы бақытқа жетуге болады. Сонымен қатар, әл-Фараби алдыңғы қатарға білімді қояды. Білімсіз мемлекеттер ізгілікке жатпайды деп анықтады, өйткені оларда білімсіз бас (имам) сыбайлас жемқорлықтың себебі бола отырып, қоғамның даму мақсатын өз қалауы бойынша анықтайды. Қаланың бақытты болудың жолы — бірінші басшысына байланысты екендігін ғұлама өз еңбегінде көрсетеді. Әл-Фарабидің ойынша, басшының ең алдымен дені сау, ақыл-есі бүтін, есте сақтау қабілеті мықты болу керек. Сонымен бірге, қаланың басшысы білімге құштар, тілге шешен, шыншыл, ар-намысты, рухы биік болуы тиіс [5: 18].

Абайдың «толық адам» туралы ілімінің негізінде әл-Фарабидің «нағыз, кәміл адам» философиялық тұжырымдамасы жатыр, оны Абай өзінің «Қара сөздерінің» он жетінші сөзінде қозғайды. Сонымен, Абай үшін басты құндылық — бұл адам, жәй ғана адам емес асыл мақсаттарға ұмтылған, рухани кемел, ажырамас тұлға [6: 70].

XX ғасырда адамның философиялық және философиялық-социологиялық мәселелерінің дамуы жаңа қарқындылыққа ие болды және көптеген бағыттарда дамыды: экзистенциализм, фрейдизм, неофрейдизм, философиялық антропология.

Фрейдизм мен неофрейдизм адамзаттың философиялық зерттеулерінің дамуына үлкен әсер етті. Алайда мұнда неофрейдизм — австриялық психиатр З. Фрейдтің қазіргі ізбасарларының қозғалысы деген жиі кездесетін пікірлердің қателігін атап өту керек сияқты [1: 39]. Неофрейдизм — өзін

ортодоксалды фрейдизмнен алшақтатқан философиялық және психологиялық бағыт. Ол АҚШ-та 30-жылдары Фрейдтің «әдепті аудиторияны» дүр сілкіндірген тұжырымдарын жұмсарту әрекеті ретінде қалыптасты. Фрейдизм мен неофрейдизмнің арқасында бұған дейін мүлдем түсініксіз болған көптеген әлеуметтік және жеке өмір құбылыстары ұтымды түсініктеме алды. Жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өміріндегі бейсаналықтың маңызды рөлін анықтай отырып, фрейдизм адамның әлеуметтік өмірінің бейнесін кең ауқымда және көптеген деңгейде ұсынуға мүмкіндік берді.

XX ғасырдың 20-жылдарында Германияда дамып, адамды зерттеумен айналысатын философиялық білімнің ерекше саласы пайда болды. Оны философиялық антропология деп атайды. Оның негізін қалаушы неміс философы Макс Шелер болды, ал оның одан әрі дамуына Г. Плеснер, А. Гелен және басқа да бірқатар зерттеушілер айтарлықтай үлес қосты. Философиялық антропологияның адам туралы арнайы ілім ретінде пайда болуы адамның философиялық білімінің өсуінің өзіндік нәтижесі болды.

1928 жылы М. Шелер былай деп жазды: «Адам дегеніміз не және оның позициясы қандай?» деген сұрақтар мені философиялық санам ояңған кезден бастап иеленді және басқа философиялық сұрақтарға қарағанда маңызды және басты болып көрінді» [7: 131]. Шелер адамның бүкіл болмысымен философиялық танымның кең бағдарламасын жасады. Философиялық антропология, оның пікірінше, адам болмысының әр түрлі аспектілері мен салаларын нақты ғылыми зерттеуді оның интегралды философиялық түсінігімен ұштастыруы керек. Философиялық антропологияның тұжырымдарының негізі Ф. Ницшенің адам биологиялық кемелдік емес, адам іске асырылмаған, биологиялық тұрғыдан ақаулы нәрсе деген жалпы болжамдары болды. Алайда, қазіргі заманғы философиялық антропология — бұл күрделі және қарама-қайшы құбылыс, онда көптеген мектептер бір-бірімен бәсекелесіп, бір-біріне бәсекелес болып келеді және көбіне мұндай қарама-қарсы пікірлерді ұсынады, оларда адамға назар аударудан басқа жалпы нәрсені ажыратуға әбден болады.

Философия тарихындағы ерекше кезең — марксизм философиясының кезеңі. К. Маркс адам мәселесін метафизикалық тұрғыдан зерттеуге қарсы пікір айтқанымен белгілі. Маркстің адам философиясына қосқан үлесін сипаттап берейік: «Марксизмнің әлеуметтік философиясының адамды түсінуге методологиялық әсері кейбір жолдармен христиан ілімінің әсеріне ұқсас. Онда сонымен бірге жаңа бағдарлар, адамды түсінудің көкжиектері және оның Құдаймен байланысы ашылып, шекаралары да бірден белгіленді. Сонымен, марксизмнің әлеуметтік философиясы адамды қоғамдық өмірде түсінудің жаңа көкжиектерін ашып, бұл көкжиектерді олардың шегі» деп жариялады [8: 23].

Адамзаттың философиялық мәселелерін заманауи зерттеу үшін 1988 жылы Ұлыбританияда өткен XVIII Дүниежүзілік философиялық конгресс шешуші маңызға ие болды. Адам табиғаты туралы дәстүрлі идеяларды сыни тұрғыдан талдаудың шұғыл қажеттілігі туралы идея сол жерде айтылды, бірақ адамның мәніне (табиғаты) толық анықтама беру мүмкін емес екендігі бірнеше рет айтылды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы философияның дамуындағы маңызды тенденциялардың бірі — адамға, оның дүниедегі болмысының мәселелеріне және оның ішкі әлеміне деген назардың артуы. Адамды ғылыми танымның күрделі объектісі ретінде зерттеу үшін философиялық ой адамның мәні мен табиғаты, оның болмысының мәні туралы сұрақтарға толық жауап беруге мүмкіндік беретін бірқатар тұжырымдамалар жасады. Ең алдымен адам — жер бетіндегі тірі организмдердің ең жоғарғы деңгейі, қоғамдық-тарихи қызмет пен мәдениеттің субъектісі. Табиғаты бойынша адам белсенді тіршілік иесі. Көбінесе ол өз өмірі мен тағдырын өзі жасайды, ол тарих пен мәдениет әлемінің авторы десек те болады. Адамның белсенділігі, іс-әрекеті өзінің әртүрлі нысандарындағы (еңбек, саясат, білім, т.б.) өзінің тұлға ретіндегі өмір сүру тәсілі, жаңа дүниені жасаушы ретінде анықталады. Оның барысында ол айналадағы дүниені ғана емес, өзінің табиғатын да өзгертеді. Адамның барлық қасиеттері мен қабілеттері нақты тарихи сипатқа ие, ал ол әрекет барысында өзгереді. Қазіргі адамға жоғары білім деңгейі, әлеуметтік белсенділік, прагматизм және эвристикалық, мақсаттылық тән. Қазіргі адам — демократиялық және жалпы адамзаттық құндылықтар мен идеалдарды меңгерген адам. Демек, ол өз тағдырын өз халқының, жалпы қоғамның тағдырынан ажыратпайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бенин В.Л. Учебное пособие по социальной философии / В.Л. Бенин, М.В. Десяткина. — Уфа: БГПУ, 2007. — 86 с.
- 2 Древнеиндийская философия: начальный период / под ред. М. Иткина. — М.: Соцэкгиз, 2002. — 272 с.
- 3 Лосев А.Ф. История античной эстетики: Ранний эллинизм / А.Ф. Лосев. — М.: Фолио, 2009. — 960 с.
- 4 Августин А.О. Граде Божьем. —Кн. 14 [Электронный ресурс]. / А.О. Августин. — Режим доступа: https://azbyka.ru/otechnik/Avrelij_Avgustin/o-grade-bozhem/14_4
- 5 Әбу Насыр әл-Фараби. Жеті томдық жинағы. Т. 1. Қайырымды қала. / Әбу Насыр әл-Фараби; құраст.: Р. Сейсенбаев. — Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019. — 248 б.
- 6 Абай. Қара сөз. Книга слов. Book of words. / Абай; ред. Р. Сейсенбаев. — Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019. — 338 б.
- 7 Шелер М. Положение человека в космосе. Избранные произведения / М. Шелер. — М.: Гнозис, 2004. — 194 с.
- 8 Барулин В.С. Социально-философская антропология. Общие начала социально-философской антропологии / В.С. Барулин. — М.: Онега, 2004. — 256 с.

М.Т. Уксукбаева, М.У. Исаева

Проблема человека в истории философской мысли

В статье рассмотрена проблема человека в философии разных исторических периодов — философии Древнего Мира, Античности, Средневековья, эпохи Ренессанса, философии Нового времени, Современности. Сначала изучены первые философские взгляды на проблему человека, сложившиеся в древневосточной философии (в философии Древней Индии, Древнего Китая). Также человек характеризуется как объект рассмотрения в верованиях древних людей. Определены основные западноевропейские подходы античной философии к выделению человека в качестве отдельной и специальной философской проблемы (Протагор, Сократ, Платон, Аристотель). Подчеркнуто, что западноевропейское Средневековье отмечено сильнейшим воздействием христианского мировидения, на все стороны жизни людей, тем более — на жизнь духовную, которая была неотделима от религиозного мировоззрения (А. Августин). Показано, что философия Нового времени формируется тем, что был открыт путь к рациональному истолкованию человеческой сущности (Ж.О. Ламетри, П. Гольбах, Д. Дидро, И. Кант). Выделяются особенности в философии человека XIX века. Кроме того рассматриваются характерные особенности русской философии второй половины XIX–начала XX вв. (Белинский, Чернышевский, Бердяев, Соловьев). В статье также рассмотрена проблема человека в казахской философии, описаны взгляды Абу Насыра аль-Фараби и Абая. Представлены антропологические проблемы XX века в западноевропейской философии.

Ключевые слова: философская антропология, особенность теоцентризма, представление о тотемизме, проблема антропоцентризма, «физиологические» и «прагматические» термины, фрейдизм, неофрейдизм.

М.Т. Uxukbayeva, M.U. Issayeva

Problem of person in the history of philosophical thought

This article examines the problem of a man in the philosophy of different historical periods — the philosophy of the Ancient World, antiquity, the Middle Ages, the Renaissance, the philosophy of the New Age, modernity. Initially, the first philosophical views on the problem of person developed in ancient Eastern philosophy (in the philosophy of Ancient India and China) are considered. A man as an object of study in the beliefs of ancient people is characterized. The main Western European approaches of ancient philosophy to the allocation of a person as a separate and special philosophical problem (Protagoras, Socrates, Plato, Aristotle) are determined. It is also emphasized that the Western European Middle Ages were marked by the most powerful influence of the Christian worldview on all aspects of people's lives, particularly on the spiritual life, which was inseparable from the religious worldview (A. Augustine). It is shown that the philosophy of the New Age is formed by the fact that the path to the rational interpretation of human essence was opened (J.O. La Mettrie, P. Holbach, D. Diderot, I. Kant). Features in the philosophy of person of the nineteenth century are highlighted. In addition, the peculiarities of Russian philosophy in the second half of the XIX — early XX century and anthropological problems of the 20th century are presented (Belinsky, Chernyshevsky, Berdyaev, Soloviev). Finally, the article also considers the problem of man in Kazakh philosophy and describes viewpoints of Abu Nasr Al-Farabi and Abay. Anthropological problems of the XX century in Western philosophy are presented.

Keywords: philosophical anthropology, peculiarity of theocentricism, idea of totemism, problem of anthropocentrism, “physiological” and “pragmatic” terms, Freudianism, neo-Freudianism.

References

- 1 Benin, V.L., & Desiatkina, M.V. (2007). Uchebnoe posobie po sotsialnoi filosofii [Social Philosophy Study Guide]. Ufa: Bashkir State Pedagogical University [in Russian].
- 2 Itkina, M. (Ed.). (2002). Drevneindiiskaia filosofii: nachalniy period [Ancient Indian Philosophy: The Beginning Period]. Moscow: Sotsekgiz [in Russian].
- 3 Losev, A.F. (2009). Istoriia antichnoi estetiki: Rannii ellinizm [A History of Ancient Aesthetics: Early Hellenism]. Moscow: Folio [in Russian].
- 4 Augustine, A.O Grade Bozhem [On the City of God]. Book 14. Retrieved from https://azbyka.ru/otechnik/Avrelij_Avgustin/o-grade-bozhem/14_4 [in Russian].
- 5 Abu Nasyr Al-Farabi (2019). Zheti tomdyq zhinagy. Tom 1. Qaiyrymdy qala [Seven-volume collection. Volume 1. Good city]. R. Seisenbayev (Ed.). Almaty: Khalyqaralyq Abai kluby [in Kazakh].
- 6 Abay (2019). Qara soz. Kniga slov. Book of words. R. Seisenbayev (Ed.). Almaty: Khalyqaralyq Abai kluby [in Kazakh].
- 7 Sheler, M. (2004). Polozhenie cheloveka v kosmose [The position of man in space]. Izbrannye proizvedeniia. Moscow: Gnozis [in Russian].
- 8 Barulin, V.S. (2004). Sotsialno-filosofskaya antropologiya. Obshchie nachala sotsialno-filosofskoi antropologii [Socio-philosophical anthropology. General principles of socio-philosophical anthropology]. Moscow: Omega [in Russian].

Е.А. Юнисов^{1*}, А.О. Турсынбаева¹, Ш.Б. Сагатова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Алматы менеджмент университеті, Қазақстан

(E-mail: astana14_14@mail.ru; unisoversin@mail.ru; aigul_73kz@mail.ru)

Қазақ мәтіндеріндегі «ұят» ұғымының өрнектелуі

Мақалада қазақ мәтіндеріндегі терең, жан-жақты талдау жасау негізінде ар, ұят, ұждан ұғымдарының мәні ашылған. Ар, ұят және ұждан ұғымдарының бір-бірінен айырмашылығы, Шәкәрім салған ар ілімінің басты мақсаты, Шәкәрімнің үшінші анығы — ұжданның ар түсінігімен байланысы, қазақ мақал-мәтелдеріндегі ар мен ұяттың алатын орны, қазақтың ұлы тұлғаларының осы ұғымды зерделеуі, ар мен ұят ұғымының өткені, қазіргі кезеңі кеңінен сараланып, оның болашағына мән берілген. Ар ұғымының ағылшын тіліндегі аудармасы «conscience», орыс тілінде «совесть», ұят ұғымын ағылшын тілінде «shame», орыс тілінде «стыд» дегенді білдіреді. Ал ұждан ұғымының Шәкәрімдік метаұғым яғни, ар деп берілуі нақты әрі дәл еместігі зерделеніп, қазақ ұғымындағы «ұят» түсінігінің орыс тіліндегі «стыд» емес, «совесть» екені дәлелденген. Қоғамдық мәдениетті ұят ұғымынсыз қалыптастыру мүмкін болмағандықтан, осы ұғымды дұрыс қолдану жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: ұят, ар, ұждан, намыс, ұғым, түсінік, мақал-мәтелдер, ғұлама, таным, сана, мәтін, адам, тіл.

Kipicne

Қазақ баласы үшін ұят ұғымы асыл қасиет болып табылады. Көзге көрініп тұрған зат болмаса да, қоғам мәдениеті үшін бұл ұғым өркениетті, дамыған заманда ауадай қажет. Ұят ұғымы сақталмаған қоғамда мәдениет туралы ой қозғаудың өзі қисынсыз, сондықтан арлы заманда тіршілік ету — адамзаттың негізгі арманы. Жылдар жылжып, заман өзгеріп жатса да, пенде үшін адами құндылықтарды сақтау маңыздылығы басты қажеттілік екені белгілі болып тұр. Қазақ мәдениетінде бала өмірге келгеннен бастап «бала тәрбиесі» басты міндет болады, сол тәрбиенің басты мақсаты адам бойында адами құндылықтарды дұрыс қалыптастырып, адам баласының адам болып қалуын көздейді. Ұят ұғымы жер бетінде адамға ғана қатысты түсінік болғандықтан, әуел бастан құдайдың адам баласына берген асыл сыйы деп қабылданады. Бала тәрбие арқылы өз айналасында нені істеген дұрыс болады, нені істегені бұрыс болатынын біліп өседі. «Ұят болады» деген ұғымның санаға сіңуі адамды адами жолдан тайдырмай, бауырмалдық, қамқорлық, мейірімділік, әділеттілік жолынан адастырмайды. Алайда қоғамда орын алып жатқан ұятсыз әрекеттер көбеймесе, азайып жатпағанын күнделікті ақпарат жүйелерінен де, күнделікті өмірде түрлі әрекеттерден көріп те, естіп те, оқып та жатырмыз. Қоғамдағы мұндай келеңсіз құбылыстар көкірегі ояу, көзі ашық азаматтарды ойландырмай қоймайды. Тек ойланып қана қою аз, олардың түпкі себептерін анықтап, зерттеп, салдарларын жою үшін ұтымды жолдарын ұсыну керек.

Сондықтан осы мақаланың басты мақсаты «ұят» ұғымының қазақ мәдениетіндегі орнын анықтау болып табылады. Қазіргі таңда бүкіл дүние жүзінде технологияны неғұрлым дамыта отырып, сол арқылы адам өмірін, тіршілігін жеңілдету басты міндет болып есептеледі. Дегенмен технология дамып, адамның еңбек ету әрекеттері жеңілденгенімен, қылмыс түрлері жарыса дамып бара жатыр. Сол себепті бүгінгі күні әлемнің психологтері, философтары мен тіл мамандары адами құндылықты білдіретін ұғымдарға аса назар аударып жатыр. Қазіргі қоғамдағы ұят пен ар ұғымдарының қабылдануы мен көрініс табуы тұрғысынан мақалада қозғалатын мәселелер өзекті болып табылады. Ұят ұғымның мақсаты айналаға әділеттілікпен қарау болғандықтан, дәл қазіргі қоғам үшін осы ұғымның маңыздылығы басты бағыт болып табылады.

Қазақ мәтіндерінде «ұят» деген ұғымды ең биік адамдық қасиеттерге жатқызады. Адамның адам екендігін танытатын бірден-бір көрсеткіш — «ұят» ұғымы. «Ұят» арқылы адамның адамдық деңгейінің қандай екенін аңғаруға болады. Сондықтан тал бесіктен жер бесікке дейін әрбір қазақ баласы өз ұяты үшін өмір сүреді, оны қастерлейді, сақтау үшін күреседі. Қазақ тілінде «Өлімнен ұят

* Хат-хабарларға арналған автор. Email: unisoversin@mail.ru

күшті», «Ақылың болса, арыңды сақта, Ар, ұят керек әр уақытта», «Ұятсыз адам иттен де жаман», «Ұяттан кіретін тесік таппадым» сияқты мақал-мәтелдер мен тіркестердің көптігі және қазақтың белгілі ақын-жазушыларының барлығы аталмыш ұғымнан айналып өтпегені «ұят» ұғымының семантикалық құрылымына үңіле отырып, белгілі бір модель құру қажеттігін тудырып отыр.

Зерттеу әдістері

Зерттеуде қазақ тілінде жазылған мақал-мәтелдер, маржан сөздер, нақыл сөздер, сөздіктер, қазақ афоризмдері мен ұлы ғұламалары Анақарыс (Анахарсис), Тонкөк, Тоқсары, Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Төле Әлібекұлы, Сырым Датұлы, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиевтің еңбектеріндегі тұжырымдамалар негізінде герменевтикалық және салыстырмалы әдістер арқылы талдау жасау қолданылады.

Барлық адам «ұят» ұғымын жақсылықты жаманнан ерекшелейтін ұғым ретінде түсінеді, бірақ бұл ұғымды тереңірек қарастыратын болсақ, шынайы табиғаты мен қызметін анықтау қиынырақ болады. Ұяттың табиғаты мен қызметіне тереңірек үңілсек, «туа біткен бе әлде тәрбиенің арқасында қалыптаса ма, егер туа біткен нәрсе болса, онда неге барлық адамдарда болмайды, егер қоршаған ортаның ықпалынан қалыптасады десек, бұл ықпал неге кейбір адамдарға әсер етпейді» деген сұрақтар туындайды. Адами құндылықтар мен нормаларға деген адамның көзқарасы өзгеруі мүмкін немесе бір кезде ұят болып саналатын түсініктер уақыт өте келе қалыпты жағдайға айналуы мүмкін.

Дегенмен, қазақ мәдениеті үшін «ұят» ұғымының орны ерекше десек те, осы ұғымға синоним ретінде жүретін «ар, ұждан, ождан» деген сөздер бар. «Арсыз адам, ұятсыз адам, ұяты жоқ», тіпті екеуін бір сөз қылыпта «ар-ұяттан жұрдай» деген тіркестермен айтылады. «Ар» ұғымының мағынасының тереңірек екені белгілі болғанымен, қаншалықты тереңде, неге ар менен ұят бірге жүреді, екеуі бір ұғым ба, жоқ әлде бөлек нәрсе ме деген сұрақтарға жауаптардың ара-жігі герменевтикалық және салыстырмалы әдіс арқылы ашылады.

Нәтижелер мен оларды талқылау

«Ұят» ұғымының қазақ сөздіктерінде түсіндірілуі

Жалпы ағылшын немесе орыс тіліндегі сөздіктерде ұят ұғымы адамның адами құндылықтарын суреттейтін ұғымдар ретінде көрсетілген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ұят дегеніміз ол адамның ары, намысы, әдеби деп береді де ал, «ар» ұғымын адамға ғана тиесілі асыл қасиет, ол ұят, намыс деп көрсетеді [1: 58]. Бұл анықтаманы зерделесек, ұят дегеніміз — адамның ары, ал «ар» ұғымы — адамның ұяты, демек, ар мен ұят — бір ұғым немесе бір ұғымды білдіретін түсінік деген сөз. Сонымен қатар қазақ тілінде «ар-ұят» деген де тіркес қолданылады. Қос ұғымның қосарланып келуі екеуінің мағынасының бір екенін көрсетеді.

Тағы да осыған ұқсас баламамен Абай тілі сөздігінде «ар» ұғымын адамның адамгершілік қасиеті, оның ұяты және намысы деп айқындайды [2: 51]. Мұқағали сөздігінде «ар» ұғымына адамның адамгершілігіне тән ізгі қасиеті, ождан, ұяты, намысы деп түсіндірсе, «ұят» сөзін адамның ары, намысы, ұжданы деп зерделейді [3: 89, 955]. Бұл сөздіктерді зерттей келе, ар мен ұяттың адамның адамгершілігін анықтайтын өлшем ретінде беріліп, бір ұғымдық синоним ретінде анықталатынына көз жеткізуге болады.

Қазақ Совет Энциклопедиясында «ар, ұят» ұғымын тұлғаның өз бойындағы адамшылық қасиеттеріне ұждан тұрғысынан өз-өзіне баға беруі деп түсіндіреді [4: 394]. Аталған сөздікте ар мен ұятты адамның өз әрекетіне ұждандық тұрғыдан деп көрсетілуі, «ұждан» ұғымының ар мен ұяттың қосындысы екенін аңғаруға болады. Қазақ тілінде адамның ұялуы екі түрлі болады, біріншісі адамның қоршаған ортасына қатысты болса, мысалы өзінің бұрыс әрекеті үшін қоғамнан ұялу, елден ұялу, ағайын-туысқандарынан ұялу, ал екіншісі — адамның өзінен ұялуы немесе адамның құдайдан ұялуы. Адамның қоршаған ортасынан ұялуы — ұят, ал өзінен немесе құдайынан ұялуы — ар деген ұғыммен жүреді. Қазақ тілінде ар ұғымының мағынасының тереңірек екенінің себебі адамның өзі мен құдайы айналаға қарағанда биіктеу болуының себебінде. Егер де біреуге әділетсіздік жасап, ол адам сізді кешірмесе, ондай құбылыспен адам өмір сүре алады, ал егерде сол әділетсіздік үшін өзіңізді кешіре алмасаңыз, өмір сүру оңай нәрсе емес. Бұл дегеніміз адамның сыртқы ұятқа қарағанда, ішкі ұяты күшінің басымырақ екенін, яғни, ар ұғымының түбінің тереңірек екендігін білдіреді.

Ұят ұғымын адамның ішкі және сыртқы ұяты деп екіге бөлуіміздің себебі Шәкәрім энциклопедиясында «ар, ұят, ұждан» ұғымдарын жекелеп зерделеуінде, аталған ұғымдарға бөлек түсінік беріледі. «Ар» ұғымын адамның адами санасы, яғни адамның өзіне қатысты ұялуы, «ұят»

дегеніміз адамның ішкі толқынысының сыртқы көрінісі, ал «ұждан» дегеніміз адамның асыл қасиеттерінің жиынтығы деп көрсетеді [5: 107, 701, 696]. Аталған сөздіктерден шығатыны ар деген сөзді орыс тіліне «совесть», ағылшын тіліне «conscience» және ұят ұғымын «стыд» немесе «shame» деп аудару дұрыс емес, оның себебі қазақ тіліндегі ұяттың мағынасы ағылшын немесе орыс ұятынан тереңірек болуында. Егер ағылшын ұяты қысылу, қымтырылу, маскара болу сияқты адамның психологиялық әрекетін көрсететін болса, қазақ ұятының мағынасы философиялық тереңірек мағынада өрбиді. Қазақтың ұяты адамның көңіл күйімен қатар қоршаған ортасының алдындағы міндеті ретінде суреттеледі. Қазақтың ұяты атадан балаға келе жатқан тәрбиесі, адамдық парызы мен борышын сақтауы болғандықтан, қазақ тіліндегі ұятты орыс тіліне «совесть», ал ағылшын тіліне «conscience» деп аудару әлдеқайда дұрыс болары сөзсіз. Ұждан ұғымы Шәкәрімнің ар ұғымына берген метатүсінік деп оны ар ұғымының синонимі ретінде көрсетілуі де қисынсыз. Шәкәрім өзінің «Үш анық» еңбегінде көрсеткен ұждан ұғымы адамның ішкі ұяты мен сыртқы ұятының қосылуы, яғни ұждан екі ұяттан тұрады: біріншісі — ұят, екіншісі — ар. Шәкәрім тек адамның ішкі ұятының анықтығын көрсеткісі келсе, адамдарға түсінікті сөзбен «ар» деп бере салар еді. Шәкәрімнің ұждан деп көрсетуі ол тек қана адамның ары емес, оның ұяты да екенін білдіреді. Қысқаша айтқанда ар, ұят, ұждан ұғымы орыс және ағылшын тілінде жекелеп көрсетілмейді, бұл ұғымдар бір түсінікпен «совесть» немесе «conscience» болып шығады.

«Ұят» ұғымының қазақ мақал-мәтелдерінде көрсетілуі

Ұят ұғымының ағылшын тіліндегі ұяттан тереңде екенін, «Өлімнен ұят күшті» деген тіркестің өзі «ұят» ұғымының барлығынан жоғары екенін меңзейді. Сондықтан бұл ұғымның ағылшынның «shame», орыстың «стыд» деген ұғымынан мағынасы жоғары екенін тағы да бір дәлелдейді. Төмендегі мақалдардан адамның ұяты сыртқы және ішкі ұяттан тұратынын аңғаруға болады:

«Жігіттің құны жүз жылқы, Ары мың жылқы» (Адамның яғни ішкі ұяты, адамның өзі);

«Ұрымен жақын болсаң, ұятқа қаларсың» (Сыртқы ұяты, досыңның әрекетіне жауапты болу);

«Ұялмаған бұйырмаған астан ішер» (Сыртқы ұят, басқа адамдардың алдында әдептілік сақтауды білмеу);

«Бар барын жейді, ұятсыз арын жейді» (Ішкі ұят, адамда адами сананың болмауы);

«Бермегенді беріп ұялт» (Сыртқы ұят, біреуге адами қасиеттің жоғарылығын білдіру);

«Ұлы сөзде ұяттық жоқ» (Сыртқы ұят, ақиқатты мойындау әдепсіздік емес);

«Ұлдың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге» (Сыртқы ұят, ұлын мен қызыңның әрекетіне жауапты болу);

«Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа» (Сыртқы ұят, жақының үшін міндетті болу);

«Көрмесе — жат, көріспесе — ұят» (Сыртқы ұят, жақындарыңның алдындағы парыз);

«Келгенше, қонақ ұялар, келген соң, үй иесі ұялар» (Сыртқы ұят, қонақ алдында адами міндеті, парыз);

«Қонақ қонса, ет пісір, ет піспесе, бет пісір» (Сыртқы ұят, үйге келген адамды адамша қабылдау міндеті) [6: 42-187].

Көрсетілген мақалдарды зерделейтін болсақ, ар мен ұят ұғымы мағынасының бір екенін, екеуінің адамның адамгершілік қасиетті қамтитынын көрсетеді, тек айырмашылығы — адамның елден ұялуы және адамның өзінен ұялуы. Мақалдарда қазақ мәдениетінде ішкі ұятқа қарағанда сыртқы ұят туралы көбірек айтылатынын байқауға болады. Адамның ары адамның ұятынан тереңде деп айтқанымызбен, іс жүзінде сыртқы ұяттың жоғары екенін көрініп тұр. Адамның ішін ешкім көріп жатқан жоқ, ең бастысы — сыртқа көрсетпеу, яғни сыртқы ұятты сақтау. Бұл қазақ тіліндегі «елге қайтып қараймын, жұрт не ойлайды, елден ұят болады» деген тіркестердің де қазақ мәдениетінде тәрбие арқылы санаға сіңіп, сыртқы ұяттың әрекеті ішкі ұятқа қарағанда басымдау екенін тағы бір айқындайды. Егер де ар ұғымының мағынасы ұят ұғымынан терең болу керек болса, қазақ мәдениетіндегі ішкі ұяттың сыртқы ұяттан төмендеу болуының өз себептері бар.

Біріншіден, жаугершілік заманнан қалыптасқан бірге болу, бірге жену, бірлікте болу деген ұжымдық мәдениет адамның өзі, ішкі қалауы деген түсінікті жойып жіберген. Ең бастысы бастың амандығы болған заманда адамның ішкі қалауының маңыздылығы шынымен де маңызды емес шығар. Көппен бірге болудың арқасында жауды жену санасы адамның сыртқы ұятының басым болып кетуіне жол береді.

Екіншіден, қазақ мәдениеті «жалғыздық» ұғымына қарсы, «жалғыздық тек құдайға жарасады» деп адам баласының жалғыз болмауының өзі адамның міндеті ретінде қабылданады. Мұның астары

адамның өмірге ұрпақ әкелуді мақсат етуі екенін көрсеткенімен, адамның ішкі ұятының сыртқы ұяттан төмендеуі болды.

Үшіншіден, халықтың білімсіздігі еді, білімсіз адамның ішкі танымы өз-өзін тани алмаса керек, сондықтан ішкі танымы жоқ адам сыртқы таныммен өмір сүруге мәжбүр болады. Бұл дегеніміз қазақ мәдениеті алдымен сыртқы ұятпен өмір сүргенін көрсетеді. Сыртқы ұят адамның қоршаған орта алдында адами міндеттерін сақтау болғандықтан, тек осы бағытта өмір сүру адам баласының жеке қалауы деген ұғымды жойып, ардың іс жүзінде ұяттан төмен тұруына алып келді.

«Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы» деген мақалдың өзінде адамның ішкі ұятын көрсететін сияқты болғанымен, түптеп келгенде жігіттің айналасына істеген ісі арқылы сыртқы ұятын көрсетіп тұр. Егер де осы мақалда жігіттің құнын оның арынан бөлмей, «Жігіттің құны — баға жетпес қазына» деп, жігіттің өзінің жеке-дара тұлға екенін айқындап, жігіттің өз қалауының жоғары екені көрсететін болсақ, қазақ мәдениетіндегі қоғамдық қалау отандық тілек мәдениетінде көрініс бермей, эгоизмдік бағытта кетер еді. Бұл жігіттің қоғамдық міндетінің жоғары екені көрсетіп тұр.

«Ұрымен жақын болсаң, ұятқа қаларсың» деген мақал жаман адамнан бойынды аулақ ұстау, егер бойынды аулақ ұстамасаң, сенің өзің де сондайсың, сыртқы ұятты сақтамайсың деген болар еді. Егер дәл осы мақалды ағылшын мәдениетіне ауыстырсақ, бұл мақалды қабылдас еді, себебі ағылшын мәдениетінде «сен басқа адамсың және сен досыңның әрекеті үшін ұятқа қалмайсың».

Қазақ мәдениетінде қонаққа деген құрмет өте жоғары, үйге келген адамды сыйлап, қошеметтеу — мәдениет пен дәстүрдің ең әдемі түрі. Сондықтан болар, қазақ мақалдары «ар, ұят» ұғымын қонақпен көп байланыстырады. «Бермегенді беріп ұялт» мағынасы қолы қатты, сараң, тас адам болмауды, қолыңда артық нәрсе болса, бөлісуге үндеп тұр. Қолда барыңды беру, бермесе де беру — біреуге сарандығын астарлы түрде түсіндіру, сол адамды ізеттік жолына салудың таптырмас жолы. Қатесін түсінген адам екінші рет басқаша әрекет етеді. Беру — ол сенің ізетің, адамгершілігің, көмегің болып есептелсе, ағылшын мәдениеті бұл мақалды біреудің саған қарыз еместігін, оның өзінің нәрсесінің саған беруге міндетті еместігін сол үшін оған ренжудің де, оны ұялтудың да қажет емес екендігін көрсетеді. Адам өзі санасы жетіп, жүрек қалауымен бермесе, одан сол нәрсені талап етіп, беруді үйретудің өзі адамдық іске жатпайды.

Қазақта туған-туысқан жетерлік; адамның көпшіл, бауырмал болуы, ағайын-жекжатпен араласуы — адамгершіліктің сипаты. «Көрмесе — жат, көріспесе — ұят» деп «ұят» арқылы адамға міндеттеме қояды да, сол міндетті орындайды. Мүмкін ол адам жат болуға даяр шығар, бірақ негізгі мақсат адамның өз жағынан бауырмалдығын таныту, ара-қатынасын үзбеу болып табылады. Индивидуалдық мәдениетте мұндай ұятты адамның өзін-өзі қинауы, тіпті, керісінше ұятсыздығына жатқызады. Себебі көңіліңіз қаламай, көріскенше, қаламасаңыз, сол адаммен қарым-қатынасыңызды үзе беріңіз.

«Баланың ұяты — әкеге, қыздың ұяты — шешеге» деген ұғым — қазақ мәдениетінде ұл мен қызды тәрбиелеудегі басты міндет. Бала адами жолдың қандай екенін әке-шешенің тәрбиесі арқылы ұғынады. Әке-шеше өмірден өткенше, баланың әрекеттеріне жауапты болады. Ата-ананың атына кір келтірмей өмір кешу — адамзаттың міндеті. Оларды жерге қаратпай, маскара атаққа жеткізбей өсу — ұл мен қыздың адамдық парызы. Әр ісінді адами тұрғыдан қадағалап, баға беріп отыру — әке мен шешенің міндеті. Алайда бала деген сіздің асыраған итіңіз немесе мысығыңыз емес, бала әке-шешенің қалауымен өмір сүруі қаншалықты дұрыс? Неліктен адамның бар өмірі баланың ісіне араласумен өтуі керек? Баланы бақтың, қақтың, бере алған тәрбиенді бердің, ары қарай сол баланың ісіне ұятты болу дұрыс па?

Адам баласы сыртқы ұятты тәрбиеден алады, ол адамның айналасы үшін қоғам алдындағы парызы болса, ішкі ұят адамның өз қалауы, өз танымы арқылы дамиды, адам өсу барысында өзі көргенін көңіліне тоқиды, санасымен зерделейді, одан кейін ұждандық ұғымда өмір сүруі тиіс. Ұждандық ұғым — адамның ішкі ұяты мен сыртқы ұятының бір-бірімен тепе-теңдігін табуы, Шәкәрім айтқан ұжданның анықтығы, егер адам сыртқы ұятпен өмір сүрсе, адамның жеке «Мен» деген түсінігі жойылып, адам тек қоршаған ортаның қалауымен ғана өмір сүреді. Егер адам тек ішкі ұятпен өмір сүрсе, адамда эгоизмдік қасиет басым болып кетеді, яғни мен қалаймын, мен өзім білемін деген сияқты түсінікпен өмір сүріп, адам баласы қоғаммен санасуды доғарады, сондықтан осы екеуінің ортасын тауып, тепе теңдікте ұстау адам баласының басты мақсаты болып табылады. Бұл ұғым ұждан деп аталады.

Ұяттың ұлы күшін сезінуге адамдық сана арқылы ғана жетесің, мысалы, «ақылың болса арынды сақта, ар-ұят керек әр уақытта» деп, адамға ар-ұяттың қажет екенін, оны түсіну ақылыңа байланысты

екенін білдіреді. Ақымақта ардың болмайтыны түсінікті болғанымен, ақыл арқылы арды сақтау мүмкін бе? Ақылдың да дұрысы және бұрысы болады. Егерде балаға қандай да бір әрекетті істеуді дұрыс деп тәрбиелесе, сол баланың санасы соны істеген дұрыс деп есептейді. Атом бомбасын ойлап тапқан физиктер өз кезеңінің ең ақылды ғалымдары болды, алайда сол ғалымдардың ешқайсысы ардан аттап жатырмыз деп ойлаған жоқ, оның себебі: сол кезде олардың санасында «жауды жеңу» деген міндет тұрды. Қарапайым халықты зар жылатып, арды аттап кеткенін ешқайсысы байқаған жоқ, керісінше, жауды жеңуге ат салысқаны үшін өз арының алдында өздерін биік ұстап, мақтан тұтты. Сондықтан сыртқы ұят тәрбие арқылы бағытталатын болса, ішкі ұят тәрбиеге бағынбайды. Себебі ішкі ұят, ішкі қалау адамның махаббаты арқылы келеді. Бір нәрсені сүюге адам баласын тәрбиелеу мүмкін емес, өйткені махаббат әркімде әрқалай болады, махаббаттың ортақ заңы болмайды.

Ар-ұяттың адам бойында болуының әйел адамға қарағанда, ер адамда болу міндеттілігі де көп мақалдарда кездеседі. Ар мен ұяттың ағылшын мәдениетінде жынысқа қарап бөлінуі кездеспейді, себебі ағылшын мәдениеті адамды жеке тұлға деп қарастырып, тұлғалық мәдениетті бір жақты белгілейді. Ал қазақ мәдениетінде ер адамның орны, ақылы, тәрбиесі әйел адамға қарағанда басымырақ екені байқалады. «Ары жоқ жігіттен ары бар қыз артық», «Арын сатқан ер оңбас», «Арыстанға темір шынжыр ар емес», «Жақсы аттың жалын сақтағанша, жақсы жігіттің арын сақта», «Керуен көркі нарымен, Батыр көркі арымен», «Ары таза жігіттің жаны таза», «Ер жігіттің ұялғаны — өлгені», «Ар-намысы бар жігіттің жолдасы бар жолында, ар-намысы жоқ жігіттің ұяты бар қолында» деген сияқты мақалдарда ар мен ұяттың сақталуы мен қажеттілігі ер адамдарға міндетті екені аңғарылады. Қазақ ұғымында ұл баланың орны әрқашан ерекше, ұл үйдің иесі, тірегі сол ұрпақты жалғастырушы, сондықтан ұл баланың ары қыз баланың ары мен ұятынан маңыздырақ болады. «Қан, жан, тек, ру» сияқты ұғымдардың сақталуы, санаға сіңуі де ішкі ұяттың төмендігін береді.

Қазақ мәдениетінде «абырой, намыс» деген ұғымдарға үлкен мән берілген, намысты бермеу, абыройды сақтау үшін адамдар басын өлімге тіккен. «Ұят бар жерде абырой төгілмейді, абырой бар жерде ар шапаны сөгілмейді» деп ұят пен ардың бірге жүретінін, ұяттың сыртқы құбылыс екендігі, сондықтан оның төгілетінін, ардың ішкі құбылысы екендігі, сондықтан оның сөгілетінін айтқан.

Қазақ тілінде жазылған мәтіндер ар мен ұяттың ұғымынан гөрі арсыздық, ұятсыздықты көп қозғаған. Егер ар мен ұят ақыл арқылы қалыптасады десек, ақымақтықты ар мен ұяттың жоқтығы деп есептейміз. Адам өмірге ақымақ болып немесе ақылды болып келмейді, бірақ ары қарай сол ақылды дамыту әркімнің өз қолында. Ақылы дамыған, саналы адам ары мен ұятын тепе-теңдікте сақтайды. Тек қана ары мен ұяты үйлесім тапқан адам өмірдегі шынайы еркіндікті сезінеді. Шәкәрім салған ар ілімінің мақсаты сыртқы әлемде қоршаған орта үйретеді, алайда ішкі ұятты да үйренуді ұмытпау керек екендігін көздеген.

«Ұят» ұғымын ұлы ғұламалар еңбегінде

Қазақ тіліндегі жазылған ар мен ұят ұғымын Анақарыс (Анахарсис) жазбаларынан бастап саралайтын болсақ, Анақарыс адамдардың топастығына нала болып, «ақымақтардың арасында ақылды болудың өзі ақымақтық» деп көрсетеді. Адамдардың ақымақтығы өз заманындағы адамдардың тек сыртқы ұятпен өмір сүруі деп, қоғамдық міндет қалай болса, солай өмір сүруге тиіссің деген ойды айтады. Анақарыс өз жазбаларында «Еркін адам дегеніміз өз қалауымен, өз заңдарымен өмір сүретін адам» деп ар ұғымының негізгі мағынасын ашып көрсеткен. Бұл жерде ар ұғымының ішкі құбылыс екені анық көрсетіледі. [7: 15-16]. Анақарыстың ағасы тәрбиемен бойына сіңген сыртқы ұятпен өмір сүрген, өмірде не дұрыс деп үйретілді соны дұрыс көрді де, інісінің өз қалағанын істегенін түсіне алмады. Анақарыс болса, шетелге шығып ел көрді, жер көрді, санасы өзгерді де, ішкі әлемінің әмірімен өмір сүре бастады. Алайда сыртты ғана танушы ағасы інісінің ісін сатқындық деп танып, туған інісін аямастан өлтіріп тастады. Ішкі әлемді танымай өмір сүргендер қоғамды белгілі бір міндет деп қарап, басқа жағына үңілуге санасы жетпейді. Қазіргі қоғамдағы терроризмді де осыған жатқызуға болады.

Шығыс Түркі Қағандығының негізін қалаушылардың бірі Тоныкөк «Жеңілістің өзінен де ұяты жаман» деп айтты [7: 18]. Тоныкөктің қалауы мен тілегі жауды жеңіп, түрік тайпасын құру болғандықтан, егер одан жеңілсе, өз арының алдында жер болатынын айтады. Мұндағы «ұят» ұғымы ағылшын тіліндегі қызару, қымсылу түріндегі ұят емес, бұл адамның жеңіліске ұшырағандағы ішкі әлемі. Бұл тағы да ұяттың мағынасының тереңірек екенін айқындайды. Сол кездегі қоғам ішкі әлемді тани алмағандықтан, сыртқы әлеммен өмір сүрді, қысқаша айтқанда адамдардың сол кездегі бар ары

сол болды. Біздің заманға келіп жеткен осындай ұят басқа, көлеңкелі ұятқа айналды, елдің алдында ұят болмас үшін адамдар айлаға, қулыққа бет бұрды. Бұл тағы да қазақ мәдениетінде іс жүзінде ардың ұяттан кейін қалғанын көрсетеді.

Ұяттың ардан жоғары шыққанын біздің заманымызға дейінгі шамамен VII ғасырларда өмір сүрген скифтік әулие Тоқсары тұжырымдарынан көруге болады, ол адамгершілік қасиеттердің ең жоғарғысы ретінде «достық» деген ұғымды суреттеді. «Досыңның арына тигені, өзіңнің арыңа тигені» деп «ар» ұғымының екі адамдық түсінігін берді. Бұл тағы да бауырмалдық тәрбиемен келген жан-жағындағы адамдарға міндеттіліктің ішкі ұяттан сыртқы ұяттың жоғары екенін ұғындырады [7: 17].

Әлемге әйгілі ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби «Адамның жақсы әрекеттер жасауға да, жаман әрекеттер жасауға да туа бітті мүмкіндігі мен қабілет қарымы жетеді» деп арсыз, ұятсыз болып адамның тумайтындығын айтады. Адамның дені сау, ақыл есі дұрыс болып дүниеге келуі, яғни ақылы мен парасатының болуы құдайдың осы адамзатқа берген сыйы болады. Ұлы ойшыл «ақыл-парасат» ұғымына өте көп мән берген, себебі адамның бақытқа жетуі тек ақыл арқылы екендігін дәлелдеген. Әйгілі ойшылдың «Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіне, ізгі әрекеттеріңе байланысты», «мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтады», «тәрбиелеу дегеніміз — адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дамыту» деген тұжырымдарын саралай келгенде, «ар мен ұят» ұғымының мәні адам ақылының әлемдік санаға жетуі деп есептеледі [7: 24]. Ар дегеніміз адам ақылының әлемдік санаға жетуі десек, сол «әлемдік сана» дегеніміз не? Әлемдік сана дегеніміз — сол тәрбиемен берілген ұятты ішкі ұятқа қосып, ұждандық санаға жету.

Бүкіл қазақ мәтіндерінің мақсаты адамның саналық ар мен ұятты оятудан тұрады. Біреудің жаман істерін әшкерелеу, оны оқырманға суреттеп жеткізу оқып отырған пенденің адами санасын арттыруға бағытталады. Атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақ тәрбиесі ұяттан басталып ұятпен аяқталатынының да себебі ұят дегеніңіздің адамның өзі екендігін білдіру болып табылады. Ұятпен бірге ғана адам өз адамдық қасиетін сақтай алады, ұят арқылы ғана адам баласы жер бетін мекен етушілерден ерекшеленеді. Ар мен ұятты білім арқылы дамиды десек, білімі жоқтардың барлығы ұятсыз деп айта аламыз ба немесе білімін шетелде жетілдіріп жүргендер арлы адамдар деп қорытындылау дұрыс па? Мұның жауабы білімсіз адам ұятсыз емес, тек, білімсіз адамға ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін о баста үйретсе, бойына сіндірсе, сол үйретілген дағдыларымен қалыптасып қалады. Адамның сыртқы ұяты есту, көру арқылы келсе, ішкі ұят сана, таным, түйсік арқылы келеді. Білімі тасып кеткендердің барлығын да арлы деп айтуға болмайды, себебі ішкі менімен ғана өмір сүріп, қоғаммен санаспай кетуі мүмкін. Мұндағы адамның басты міндеті — екі ұятты қосып, бір ұғымға айналдыру. Ол ұғым — ұждан.

Қалай десек те, білімнің адам санасының дамуының бірден-бір көзі екені белгілі нәрсе. Қазақ даласында білімнің төмен кезінде ар мен ұятты сақтаудың немесе дамытудың көзі адамның сенімінде болған. Түркістандық ғұлама, әулие Қожа Ахмет Иассауи мәтіндері адамның ішкі ұятты оятудың көзі иманда екеніне сеніп, адамдарды құдайға сенуге шақырды. Осылайша адамның арын дамытуды, ішкі ұятқа үнілуді меңзеді. Ахмет Иассауи ілімі адамның сеніміне үлкен мән беріп, адамның ар мен ұяты дегеніміз адамның адами сенімі дегенге саяды. «Арың сақта, болсаң да малға кедей» деп, қара нан жесең де, адам өзінің жүрегінің таза болу керектігін, «кісі малын қымқырып, ары азғандар оңбайды» деп, арсыздыққа барудың арты жақсылық әкелмейтінін айтады [7: 35-38]. Өкінішке қарай, білімсіз халық құдайды тану жолын да міндеттілікпен ауыстырып, ішкі махаббатпен құдайды сүюді, «солай болуы керек» деген парызбен қабылдап, тағы да сыртқы ұяттың сатысын жоғарылатып жіберді.

Сол кездегі барлық ақын-жыраулар ел сүйгіштіктің, бауырмалдықтың, бірге болудың маңыздылығын дәріптеді. Мысалы, қазақтың белгілі шешені Төле Әлібекұлының «Атадан ұл туса, игі, ата жолын қуса, игі, өзіне келер ұятты өзі біліп тұрса, игі» деген сөздерінен ұят ұғымының «толық міндеттілік, жауапкершілік» екенін аңғаруға болады. Жауапкершілік сезімінің тәрбие барысында үлкен рөл атқарғандығынан, бұл құбылыс біртіндеп, келе-келе шынайылыққа айналып кетті. Бала тағдыры «өзім не қалаймын, өзіме не керек» деген оймен емес, әке-шешенің қалауы не деген түсінікпен өрбіді. Дегенмен ата-ананың өз баласына деген тілегі жаман болмайды, алайда адамның «өзі» деген жеке түсінік бірте-бірте жойыла бастады. Адам өзінің қалағаным деген мақсатпен емес, менің адамдық міндеттемелерім деген санамен өмір кешті. Егер де сол міндеттемелерді орындамаса, өз айналасының алдында ұят болады деген ұғымға қаныққан пенде ардың қалауында жұмысы болмады. Бұл адамзат ардан жұрдай болып кетті деген сөз емес, бұл адамның жекеше «мен» деген ұғымның «біз» деген түсінікке ауысып кеткенін айқындайды.

Жауапкершілік сезімнің сана арқылы қалыптаса келе, бұл құбылыстардың басқаша негативті үрдіс алуы да болды. Жауапкершілікті орындауға міндетті адам баласы тырысу, талпыну арқылы сол бір сыртқы сезімнің алдында өмір сүрудің бейнесін жасады. Сыртқы сезімді мақсат ете отырып, өмір сүрген адам іші басқа, сырты өзге, екі түрлі пендеге айналады. Екі түрлі пенде өз айналасы үшін өзгеше, ал, шын мәнінде, мүлдем басқа адам болуы мүмкін. Сондықтан болар, кей адамдардың адами қылықтарға жатпайтын жағдайларға барғанына өзге түгілі, өз жақындары таң қалысып жатады. Адамға ғана тән қызару, қымсыну, өз қателігіне ұялу сияқты адами асыл сезімдердің өтірік баламалары санада пайда болды. Кейбір ұят саналатын қылықтар білімсіздік пен ақымақтықты көріністеріне ие болды.

Қазақ батыры Сырым Датұлы ұяттың ұлы күші туралы «бір аяқ сусын — екі кісінің құны; су табылмаса, шөлдеген өледі, ұяттан тауып бермеген өледі» деп адам бойындағы ерекше бір күштің бар екенін айтады [7: 79]. Ұят күшінің құдіреті адам баласы үшін өте маңызды, осы бір «ұятқа қалмайын» деген түсінік адамға ерекше жігер береді. Бұл жағдай адам баласы үшін жақсы жағынан да, жаман жағынан да ерекше орын алады, себебі ұятқа қалмас үшін адам биік шындарға жетеді, алайда сол биік шындарды бағындыру үшін ұяттан ада қалуы да мүмкін. Адамның ұяттан ада қалатын жағдайы адамның сыртқы сезіммен өмір сүруінде, яғни ар сияқты ішкі сезіммен санаспауында. Осыдан да болар, қазақ мәтіндерінің басым көпшілігі адам бойындағы «арсыздық» тақырыбында жазылған.

Шыңғысұлы Шоқан адам арының дамымағанына былай деп түсінік береді: «Жабайылығы басым, дамып толыспаған адам өз сезімін өзі билей алмайтын жас бала тәрізді» [7: 107], яғни білімсіз адам өз қалауы, өз жүрегі, өз арманы мен ары дегенді түсінбейді, ол тек айналасы қалай қаласа, солай өмір сүре береді. Шоқанның бұл сөзі білімсіздіктің әсерінен адам тек айналасы қалай өмір сүрсе, тура солай өмір сүріп, адам бір үйретілген ит сияқты болып кететінін аңғартады.

Адам баласының арының оянуы дегеніміз — адамның білімді азық етуі, егер тамақ ішу адамның тән қалауы болса, адамның жанын тойдыру үшін білім керек. Тәннің қалауымен өмір сүре берген адамда жан қалауы сырт қалып қояды. Осыдан болар, қазақ ақын-жазушыларының ішінде қартайған шағында өмірден күліп кетудің орнына, қайғы арқалап, өкінішке толы мәтіндер жазып кеткендері жетерлік. Бұл қазақ мәдениетінің тәні тоқ, жаны аштық мәдениетке жататынын білдіреді. Осындай жаны аш мәдениетке жаны шын ашып күйінген адам қазақ даласында қазақтың асыл да, дана ойшылы Абай Құнанбаев болды. А. Құнанбаев өзінің бірінші қара сөзінде қазақ баласының басындағы өмірге керек міндеттемелерді көрсетеді, яғни олар — ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу, бала бағу. Бұл орта жасқа келген адамның адам баласының атқаруы керек нәрселерді орындамағаны, орындай алмағанын көріп-біліп, санасында саралап отырып, күніренгені еді [8: 3-4]. Қазақ мәдениетінде жаугершілік замандағы ұжымдық пен тұтастықтан кейін «елің, жұртың, бауырың, балаларың үшін» деген ұғым қалыптасқан. Автордың ойы барлық нәрсені бағуы тиіс адам «жан бағу» ұғымында шаруасы болмағанын білдіреді. Жан бағу деген қара басын асырау емес, бұл жердегі жан бағу жан қалауы, яғни ар қалауы еді. Қаншама жыл аш жатқан жан қалауының азық тілегені еді. Ар білім арқылы келеді десек, ал ғылыммен айналысу — білімнің даму шегіне жету. Алайда неге ғылыммен айналысқан ғалым неге ар қалауын тауып, жан бағу жолына түспеді? Неге өкінеді? Абай ар қалауын тапты, жан қалауын түсінді, мүмкін кеш түсінген болар, бірақ ар жолын ұқты. Дегенмен сүріп отырған ортасында «ар қалауы» деген түсінік болған жоқ, ардың не екенін түсінейін деген де адам болған жоқ. Мындаған санаға бір сананың, бір адамның қарсы шығуы өзгелерге сол адамды ала бөтен, жынды адам деп көрсетері анық. Сондықтан ең дұрыс жол ақ қағазға жаза беру болды, күндердің күнінде біреудің ұғатынына сенді.

Қорытынды

Қорытындылай айтқанда, қазақ мәдениетіндегі ар мен ұят — адамның асыл сезімі, адамның өзін қоршаған айналасындағылардың алдындағы міндеті, білім мен тәрбиенің жемісінен пайда болатын адам бойындағы ерекше құбылыс. Ағылшын мәдениетіндегідей, ар мен ұят екі түрлі дүние емес, бұл қос ұғым — адам бойындағы адами қасиеттерге жауап беретін адами сезім. Мұндай адами сезімге қол жеткізудің жолы — білімде, білім арқылы ақыл мен сананың үйлесім табуы. Сонымен бірге ар дегеніміз — адамның ішкі сезімі болса, яғни адамның өзінен ұялуы, ал, ұят дегеніміз — сыртқы сезім, яғни өзгеден ұялу. Бұл дегеніміз қазақ тіліндегі ұят, ар, ұждан деген ұғымдардың орыс тіліне аударғанда «совесть», ағылшын тіліне аударғанда «conscience» деп ұғыммен ғана сәйкес шығатынын білдіреді.

Ұждан ұғымы ардың Шәкәрім берген метаұғымы емес, ұждан дегеніміз ар мен ұяттың немесе сыртқы ұятпен ішкі ұяттың үйлесім табуы екендігіне күмән жоқ. Адамның санасы ұждандыққа жеткенде ғана бабаларымыз аңсаған арлы заманда өмір сүреміз. Шәкәрім ұжданының анықтығы — адам баласын қос әлемнің болуы, біреуі — қоршаған ортасы, екіншісі — өзінің ішкі әлемі, ал адам баласының міндеті қос әлемді тепе-теңдікте ұстау болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Ред. басқарған Т. Жанұзақов. — Алматы: Дайк Пресс, 2008. — 864 б.
- 2 Ысқақов А. Абай тілі сөздігі / А. Ысқақов. — Алматы: Өнер, 2011. — 616 б.
- 3 Қалиев Б.Қ. Қазақ тілінің сөздігі. / Б.Қ. Қалиев, Ж.Қ. Түймебаев. — Алматы: Керемет медиа, 2019. — 1064 б.
- 4 Каратаев М.К. Қазақ Совет Энциклопедиясы / М.К. Каратаев. — Алматы, 1977. — 394 б.
- 5 Сыдықов Е.Б. Шәкәрім энциклопедиясы / Е.Б. Сыдықов. — Семей: «Алаш-таным», 2019. — 864 б.
- 6 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері / Ө. Тұрманжанов. — Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1957. — 237 б.
- 7 Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері / Е. Шаймерденұлы. — Астана: Фолиант, 2017. — 312 б.
- 8 Құнанбаев А. Қара сөздер / А. Құнанбаев. — Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2011. — 184 б.

Е.А. Юнисов, А.О. Турсынбаева, Ш.Б. Сағатова

Концепт «совесть» в казахских текстах

В статье раскрыты значения концептов «честь», «стыд» и «совесть» на основе глубокого, всестороннего анализа казахских текстов. Приведены результаты обширного анализа различий между понятиями чести, стыда и совести; связи с понятием совести как третьего определения в учении Шакарима о совести; определена роль совести и стыда в казахских пословицах и в трудах великих казахстанских личностей, а также дана оценка прошлого, настоящего и будущего концепта «совесть». «Ар» в переводе на английский язык означает «conscience», на русский — «совесть»; «ұят» переводится как «shame» и «стыд», соответственно. Авторы раскрыли факт того, что понятие «уждан» дано как метапонятие Шакарима, т.е. понятие «совесть» исследовано на точность и неточность; доказано, что понятие «уят» в казахском определении есть «совесть», а не «стыд» как в русском или английском языках. Поскольку без понятия «совесть» невозможно формирование общественной культуры, показаны пути наилучшего употребления указанного выше концепта.

Ключевые слова: стыд, совесть, честь, понятие, понимание, пословицы, мудрость, знание, сознание, текст, человек, язык.

Ye.A. Yunissov, A.O. Tursynbayeva, Sh.B. Sagatova

The concept of “conscience” in Kazakh texts

This article considers the meaning of the concepts of Honor, Shame, and Conscience based on a deep, comprehensive analysis of Kazakh texts. An extensive analysis of the difference between the concepts of honor, shame, and conscience is given, the connection with the concept of conscience as the third definition in Shakarim’s teaching on conscience, the role of conscience and shame in Kazakh proverbs and the works of great Kazakhstani personalities are determined, and an assessment of the past, present and future of the concept is given. “Ar” means “conscience” in English and it is “sovest” in Russian, “Uyat” is translated as “shame” and “styd”, respectively. The article deals with the fact that the concept of uzhdan is given as a meta-concept of Shakarim, that is, conscience, examines for accuracy and inaccuracy. It proves that the concept of “uyat” in the Kazakh understanding is “conscience”, and not “shame”, as in Russian or English. Since it is impossible to form a social culture without the concept of conscience, the ways of the best application of this concept are shown.

Keywords: shame, conscience, honor, concept, understanding, proverbs, wisdom, knowledge, consciousness, text, person, language.

References

- 1 Zhanuzakov, T. (Ed.). (2008). Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Daik Press [in Kazakh].
- 2 Ysraqov, A. (2011). Abai tili sozdigi [Dictionary of the Abay language]. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 3 Qaliev, B.Q., & Tuimebaev, Zh.Q. (2019). Qazaq tilinin sozdigi [Dictionary of Kazakh language]. Almaty: Keremet media [in Kazakh].
- 4 Karataev, M.K. (1977). Qazaq Sovet Entsiklopediiasy [Kazakh Soviet Encyclopedia]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Sydyqov, E.B. (2019). Shakarim entsiklopediiasy [Encyclopedia of Shakarim]. Semei: Alash-tanym [in Kazakh].
- 6 Turmanzhanov, O. (1957). Qazaqtyn maqaldary men matelderi [Kazakh proverbs and sayings]. Almaty: Korkem adebiet baspasy [in Kazakh].
- 7 Shaimerdenuly, E. (2017). Qazaq aforizmderi [Kazakh aphorisms]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 8 Qunanbaev, A. (2011). Qara sozder [Words of edification]. Almaty: “Koshpendiler” baspasy [in Kazakh].

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ INFORMATION ABOUT AUTHORS

- Abdrakhmanova, K.K.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Abil, Ye.**— Doctor of History Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Adambek, B.K.** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Department of World History and International Relations, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Adilbayeva, A.S.** — Doctor of History Sciences, Acting Professor, Department of History and Social-Humanitarian Sciences, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.
- Alimdzhanov, B.A.** — Doctoral student, Abu Rayhan Beruni Institute of Oriental Studies, Tashkent, Uzbekistan.
- Alipbayev, A.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of International Relations and World Economy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Assyl, M.B.** — PhD student, Department of Chinese studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Auanasova, A.M.** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of Department of the History of Social and Economic Development of Kazakhstan, Institute of History of the State, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Balaubayeva, B.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of International Relations and World Economy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Balshikeyev, S.B.** — Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Baturin, V.S.** — Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Beisenbekova, N.A.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of Archeology, Ethnology and National History, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Bizhanov, A.S.** — Master of Humanities, Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Bulantayeva, N.** — *Master student*, Department of International Relations and World Economy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Byuzheyeva, B.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of International Relations and World Economy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Dauyen, D.B.** — PhD, Associate Professor, Dean of the Faculty of Oriental Studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.
- Dzhumabekov, D.A.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Department History of Kazakhstan and Assembly of Peoples of Kazakhstan, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Erdenbekova, Zh.S.** – senior lecturer of the Department of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University

-
- Ilyassova, G.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Issayeva, M.U.** — Candidate of Philosophy Sciences, Senior Lecturer of Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Isakhan, G.T.** — Head of the Research Department of the State Archive, State Archive of the City of Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Iskakov, A.Sh.** — Master, Researcher, Ulytau National Historical, Cultural and Natural Reserve-Museum, Kazakhstan.
- Kabyltayeva, S.K.** — PhD, Senior Lecturer of Department of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Kanatuly, M.** — PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.
- Karaseva, N.V.** — Master in Sociology, Senior Lecturer of Department of Political Science and Sociology, University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Karipbayev, B.I.** — Doctor of Philosophical Sciences, Professor of Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Kassenali, A.Ye.** — PhD, Head of the Research Institute “Khalyq Qazynasy”, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Kenispaev, Zh.K.** — Doctor of Philosophical Sciences, Professor of Department of Philosophy, History, Economic Theory and Law, Omsk State Agrarian University named after P.A. Stolypin, Russia.
- Kenzhebekova, Zh.K.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Kentbek S.K.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Department History of Kazakhstan and Assembly of Peoples of Kazakhstan, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Khlebnikov, I.D.** — Senior Lecturer, Department of World History and International Relations, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Kudaibergenova, A.I.** — Doctor of History Sciences, Professor, Chief Research Fellow, Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Almaty, Kazakhstan.
- Kumekov, B.E.** — Doctor of History Sciences, Professor, Academician of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Kushenova, G.I.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of history of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Kuzembayuly, A.** — Doctor of History Sciences, Professor, A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.
- Kozina, V.V.** — Doctor of History Sciences, Professor of Department History of Kazakhstan and Assembly of Peoples of Kazakhstan, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Lapin, N.S.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Head of Department of Eurasianism and Political Studies, Institute of State History, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Makulbekov, A.T.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur — Sultan, Kazakhstan.
- Malikova, A.M.** — PhD, Senior Lecturer of Department of Actor of Drama Theater and Directing, Kazakh National University of Arts, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Mazhitova, Zh.S.** — Doctor of History Sciences, Professor, Department of Humanitarian Disciplines, Astana Medicine University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Medesheva, I.B.** — Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer of Department of General Education Disciplines, M.S. Narikbayev KAZGUU University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Momosheva, N.K.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Faculty of History and Regional Studies, Kyrgyz National University named after J. Balasagyn, Bishkek, Kyrgyzstan.

-
- Mukhamediyeva, A.B.** — Senior Lecturer of Department of Foreign Languages, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.
- Mussabalina, G.T.** — Doctor of History Sciences, Professor of Department Kazakhstan history, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Myrzakhmetova, A.Zh.** — Candidate of Historical Sciences, Assistant Professor of Department of Archeology, Ethnology and National History, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Nurbayev, Zh.E.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Department of Regional Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Orazaev, S.B.** — Master of Humanities, Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Rakimzhanova, S.K.** — PhD, Senior Lecturer of Department of Philosophy, S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Rezvushkina, T.A.** — PhD student, Senior Lecturer of Department of Political Science and Sociology, University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Ryakova, Ye.G.** — Senior Lecturer of Department of History of Kazakhstan and Rukhani Zhangyru, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.
- Sagatova, Sh.B.** — Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Center of languages, Almaty Management University, Kazakhstan.
- Sagikyzy, A.** — Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Chief Scientific Officer of the Center of Philosophy, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of Committee Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.
- Sadykov, T.S.** — Doctor of historical sciences, professor of the Department of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Saktaganova, Z.G.** — Doctor of History Sciences, Professor of Department of Archeology, Ethnology and National History, Director of the Center for Ethnocultural, Historical and Anthropological Research, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Sarkulova, M.S.** — Candidate of Philosophy Sciences, Associate Professor of Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Sarsenbekov, N.Zh.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Savchuk, Ye.V.** — PhD student, Department of History of Kazakhstan and Rukhani Zhangyru, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.
- Shlyupikov, M.V.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Department of World History and International Relations, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Shlyupikova, M.M.** — Master of Ecology and Nature Management, Postgraduate student of the Faculty of Geography, M.V. Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia.
- Shotbakova, L.K.** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of Archeology, Ethnology and National History, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Shukyghanova, A.N.** — PhD, Associate Professor of Department of Professional Regional Studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.
- Sirazetdinova, M.F.** — Candidate of Philosophical Sciences, Leading Specialist, Science and Education Center of Bashkir People History, Institute of History and Public Administration, Bashkir State University, Ufa, Russia.
- Smagulov, D.C.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Smagulov, N.B.** — Master of History, Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan and Assembly of People of Kazakhstan, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Smagulova, G.M.** — Candidate of Historical Sciences, Professor of Department of World History and International Relations, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.

-
- Soloshchenko, P.P.** — Senior Lecturer of Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Tatiyev, Y.Y.** — PhD student, Senior Lecturer of Department of arts and music, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.
- Tumashbay, T.Ye.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Turgenbay, A.A.** — Senior Lecturer, Department of Chinese studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Turlayev, V.A.** — PhD student, Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Tursynbayeva, A.O.** — Candidate of Philosophy Sciences, Professor of Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Tuleuova, B.T.** — Candidate of Historical Sciences, Professor of Department of World History and International Relations, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Uxukbayeva, M.T.** — Master of Philosophy, Senior Lecturer of Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Ybyraikhan M.Y.** — PhD student of Department of Archeology, Ethnology and National History, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Yunissov, Ye.A.** — PhD student, Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Yessen, S.G.** — PhD student, Department of Archeology and Ethnology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Zhakin, S.M.** — PhD student, Faculty of Philosophy and Psychology, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Zhumatay, S.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Zhumanova, A.Z.** — PhD, Associate Professor of Department History of Kazakhstan and Assembly of Peoples of Kazakhstan, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Zhussupova, B.Zh.** — PhD, Senior Lecturer of Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Ziyazetdinov, R.M.** — Doctor of Historical Sciences, Professor of Department of Socio-Economic and Humanitarian Disciplines, Bashkir State Agrarian University, Ufa, Russia.